

З.С.КҮЗЕКОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІ
Жаттығулар

Екінші басылым

Астана - 2019

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Қаз-3
Қ 92

*Астана қаласының әкімдігі
Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы
«Руханият» коммуналдық мемлекеттік мекемесі*

Сарапшылар:

Э. Оразалиева - Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы;

М. Жолшаева - Сүлейман Демирель атындағы университеттің профессоры, филология ғылымдарының докторы;

С. Әлісжан - Назарбаев Университетінің қауымдастырылған профессоры, филология ғылымдарының докторы.

Күзекова Зейнехан Сейітханқызы

Қазақ тілі. Грамматикалық жаттығулар жинағы.

Тілді оқытып, үйретудің базалық, ортаңғы, ортадан жоғары, жоғары деңгейіне арналған оқу құралы. (А2, В1, В2, С1) / Күзекова З.С. – Астана: 2019. – 175 бет.

ISBN 978-601-7820-34-9

Ұсынылып отырған жаттығулар жинағы екі бөлімнен тұрады. Оқу құралының бірінші бөлімінде берілген тапсырмалардың негізгі мақсаты – тілді үйренушілердің қазақ тілі септіктер жүйесі туралы білімін бекіту және сөйлеу әрекетін дамыту.

Оқу құралының екінші бөлімінде практикалық жаттығулар құрылымдық - семантикалық негізде логикалық - грамматикалық ұстанымға құрылып, топтастырыла, жүйелене берілген бірнеше грамматикалық тақырыпты қамтиды.

Жаттығулар жинағын оқушылар, студенттер, магистранттар, сондай-ақ қазақ тілін үйренуге ықыласты көпшіліктің пайдалануына болады.

ӘОЖ 811.512.122
КБЖ 81.2 Қаз-3

© З. Күзекова

АЛҒЫ СӨЗ

Тілді оқытып-үйретудің негізгі кезеңіне арналған грамматикалық жаттығулар жинағы қазақ тілін оқып-үйренушілерге грамматикалық базаны практикалық жағынан меңгертуге арналған.

Ұсынылып отырған оқу құралы екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөліміндегі жаттығулар тілдік білімі базалық деңгейге сәйкес келетіндерге арналған.

Оқу құралының бірінші бөлімінде берілген тапсырмалардың негізгі мақсаты – тілді үйренушілердің қазақ тілі септіктер жүйесі туралы білімін бекіту және сөйлеу әрекетін дамыту. Тапсырма мазмұнында кездесетін әр түрлі географиялық атаулар, ғылым мен өнердің белгілі қайраткерлерінің есімдері, тарихи оқиғалардың аты және тағы басқалары коммуникативтік құзіреттің мәдени компонентінің кейбір аспектілерінің қалыптасуына әкеледі.

Оқу құралына қазақ сөзінде жиі кездесетін коммуникативтік фрагменттерді, типтік коммуникативтік жағдаяттарды таңдау негізінде ұйымдастырылған материалдар енді, бұл сәйкес лексикалық, синтаксистік бірліктерді де таңдауға негіз болды. Осылайша оқу құралы тіл үйренушіге тек қана септіктер жүйесі туралы білімін ғана қалыптастырмайды, сөйлеу үлгілерін қолдануды да үйретеді. *Сұқбаттасу (диалог) грамматикасы* - септіктер жүйесін жүйелілікпен жүргізе отырып, оны пайдалана білу дағдысын қалыптастыру - оқу құралының басты мақсаты. Себебі сұқбаттасуларда септік жалғауларының өзіндік орны бар.

Септік жалғауларының мағынасы да деңгейге сәйкес топтастырылды, өйткені функционалдық тұрғыдан келгенде, септік жалғауларының мағынасы сан қырлы, оны да оқыту кезеңдеріне орай сұрыптаған тиімді. Жаттығулардың негізгі бөлігі сұқбаттасу түрінде берілген. Әрбір сұқбаттасу негізінде коммуникативтік жағдаят бар.

Бұл оқу құралы сұранысқа орай басылымға екінші рет ұсынылып отыр. Мемлекеттік тілді меңгертуге арналған оқу құралдары көптеп жариялануда, алайда, тілді үйрету жаттығуларының орны бөлек. Оқу құралының екінші бөлімінде практикалық жаттығулар құрылымдық-семантикалық негізде логикалық-грамматикалық ұстанымға құрылып, топтастырыла, жүйелене берілген бірнеше тақырыпты: «Субъект – предикаттық қатынастың берілуі», «Кеңістіктік қатынастың берілуі», «Анықтауыштық қатынастың берілуі», «Мезгілдік қатынастың берілуі», «Белгісіздіктің, болымсыздықтың берілуі» және т.б. тақырыптарды қамтиды, грамматика функционалдық аспект негізінде жазылды.

Әрбір бөлім жаттығулардың бірыңғай жүйесін құрайды: бақылауға арналған жаттығулар, пысықтауға арналған жаттығулар, сөйлеудегі дағдыларын дамытатын коммуникативтік жаттығулар, тіл үйренушілердің, оқушылардың тілдік материалды меңгергенін қорытындылауға арналған жаттығулар. Аталған оқу құралында берілген жаттығулар сипаты негізінен жалпы ғылыми көпшілікке арналған, сондай-ақ, елдің әлеуметтік-мәдени жағымен байланысты мәліметтердің де қамтылуы оқу құралы адресатының да кеңейе түсуіне мүмкіндік береді: оқу құралы студенттерге, аспиранттарға, магистранттарға және жаратылыстану бағытындағыларға ғана емес, техникалық жоғары оқу орындарында оқитындарға да, сондай-ақ гуманитарлық профильдегі жоғары оқу орындары да пайдалануына болады. Барлық жаратылыстану факультеттерінде, техникалық оқу орындарында физика, химия, математика, география жүретіндігін ескере отырып, жаттығулар жинағында лексикалық толықтырулардың осы пәндермен де байланыстылығы ескерілді. Грамматикалық құбылыстар қамтамасыз ететін құрылымдар жиынтығы осы салалардың ғылыми стилінде айқын көрінеді. Сонымен қатар, аталған пән материалдарының мазмұны орта білімі барлардың бәріне жетімді екендігі де ескерілді. Осы пәндердің тілдік материалы оқыту құралының бірі ретінде пайдаланылды.

1 – БӨЛІМ

Сұқбаттасу (диалог) грамматикасы Қазақ тіліндегі септіктер жүйесі

Атау септігі

1-тапсырма. *Атау септігін есіңізге түсіріңіз.*

Септіктер	Сұрақтар	Жалғаулары	Тәуелдік жалғаудың I, II жақтарынан кейін	Тәуелдік жалғаудың III жағынан кейін
Атау септігі	кім? не? кімі? несі?		-м, -ң	-і, -сі

2-тапсырма. *Атау септігінің мағыналарына назар аударыңыз!*

Мысалдар:

- белсенді әрекет иесі
- жақ (зат) атауы
- қаратпада тұлға
- квалификативтік белгі иесі.
- факт, оқиға
- заттың бар, жоқ екендігі
- иеліктегі затты білдіреді
- жақ, зат идентификациясы
- дүкеннің аты – «Заңғар»
- қажеттілік мәні
- уақыттық кезеңдегі әрекет
- уақыттық кезең

Дулат теледидар көріп отыр.
Бұл – **Айжан**. Мынау – **кітап**.
Дастан, қайда барасың?
Бақыт – дәрігер. Әпкем дарынды.
Ертең – **сайлау**
Қалада жақсы **театр** бар.
Менің **кітабым** бар.
Менің атым – **Салтанат**.
Маған **білім** керек.
Сабақ сағат 2-де басталады.
Бүгін **жұма**.

3-тапсырма. *Келесі сөздерді көптік жалғауында жазыңыз.*

Станция, делегация, кітап, аудитория, бақ, қала, хат, тапсырма, әпке, аға, орындық, компьютер, мақала, дос, журнал, газет, дәрігер.

4-тапсырма. *Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.*

А: Дастан тарихшы ма?
Б: Иә, ол тарихшы.
А: Олар ше ? Олар кім?
Б: Олар да тарихшылар.

Ол – журналист;
Қанат – экономист;
Жанат – дәрігер;
Бекнұр – заңгер;

Рабиға Рахманбердина – оқытушы;
Болат – философ;
Дәулет – саясаткер.

5-тапсырма. Әр түрлі елдердің тұрғындары қалай аталады, есіңізге түсіріңіз.

Түркия	Ол түрік	Олар түркиялықтар
Канада	Ол канадалық	Олар _____
Испания	Ол _____	Олар _____
Жапония	Ол _____	Олар _____
АҚШ (Америка Құрама Штаты)	Ол америкадық _____	Олар _____
Германия	Ол неміс _____	Олар _____
Куба	Ол кубалық	Олар кубалықтар
Корея	Ол _____	Олар _____
Қытай	Ол қытай _____	Олар _____
Франция	Ол _____	Олар _____
Швеция	Ол _____	Олар _____
Өзбекстан	Ол _____	Олар _____
Ресей	Ол _____	Олар _____
Англия	Ол ағылшын _____	Олар _____

6-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз. Қай елдің тұрғыны қалай аталады?

Испания – испандық

А: Сіз испандықсыз ба?
Б: Иә, мен испандықпын.
А: Сіздің достарыңыз ше?
Б: Олар да испандықтар.

Италия, Англия, Швеция, Нидерланды, Финляндия, Чехия, Польша, Қытай, Куба, Греция, Германия, АҚШ

АҚШ – американдық
Англия – ағылшын

А: Ол американдық па?
Б: Жоқ, ол ағылшын.
Ал оның досы американдық.

Испания – Греция;
Швейцария – Швеция;
Дания – Чехия;
Ресей – Польша;
Германия – Куба;
Австрия – Жапония.

7-тапсырма

а) Ойнайық! Біреуіңіз елді айтасыз, ал басқасы онда кім тұрады, соны айтады.

Мысалы: - Италия. – Италияндықтар.

в) Ойнайық! Мына адамдар кім, айтыңыз (мамандығы, ұлты).

Мысалы: М.Әуезов – қазақ, жазушы.

Ханс Кристиан Андерсен (Дания), Шыңғыс Айтматов (Қырғызстан), ағайынды Гримдер (Германия), София Лорен (Италия), Джон Кеннеди (АҚШ), Қаныш Сәтпаев (Қазақстан), Рымғали Нұрғалиев (Қазақстан), Мұхтар Өтелбаев (Қазақстан), Анна Ахматова (Ресей), Конфуций (Қытай), Габриель Гарсиа Маркес (Колумбия). Бекзат Саттарханов (Қазақстан),

Анықтама үшін берілген сөздер: әртіс (актриса), жазушы, президент, философ, драматург, ғалым, ертегіші, ақын, математик, спортсмен.

8-тапсырма. Сілтеу есімдігінің атау септігіндегі тұлғасын есіңізге түсіріңіз (вспомните формы И.п. указательных местоимений).

Атау септігінде – мына, мынау, ана, мыналар, аналар, сол, солар.

9-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.

А: Мына сурет маған өте ұнайды.

Б: Мынау ма?

А: Жоқ, анау.

Б: А-а... Ол маған да ұнайды.

Ал мынау онша емес.

альбом, кітап, пальто, туфли, сағат,
машина, конфет, сөмке, көйлек.

10-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.

Англия – ағылшын.

Голландия – голландиялық (голланд).

А: Мына студент кім?

Б: Ол ағылшын.

А: Ал анау ше?

Б: Ол – голландиялық.

Студент – Канада – Мексика;
Тәлімгер – Германия – Бельгия;
Студенттер – Греция – Түркия;
Журналист – Ресей – Дания;
Жазушы – Франция – Корея.

11-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.

а)

А: Бұл кім?

Б: Ол дәрігер.

А: Бұл дәрігер осында жұмыс істей ме?

Б: Иә, осында.

жұмыс істеу:

заңгер, инженер, журналист;

оқиды:

студент, аспирант;

тұру:

студент, спортсмен

б)

Мына қала..... қалай аталады?

Мына (бұл) аялдама қалай аталады?

Бұл көшелер қалай аталады?

А: Осы аудан қалай аталады?
Б: Есіл деп аталады.

аялдама – «Университет»;
машина – «Мерседес», «Тойота»;
алаң – «Тәуелсіздік»;
театр – «М.Әуезов» атындағы
стадион – «Қазақстан»
мешіт – «Нұр Астана»

12-тапсырма. Сөйлемдерді модель бойынша аяқтаңыз.

Үлгі: Мына үй үлкен, ал мына үй шағын ғана.

1. Мына фотоаппарат қымбат, ал анау _____ .
2. Мына ыдыс таза, ал анау _____ .
3. Мына ғимарат жаңа, ал анау _____ .
4. Мына жаттығу оңай, ал анау _____ .
5. Мына сөмке ауыр, ал анау _____ .
6. Мына көше кең, ал анау _____ .
7. Мына сүт жылы, ал анау _____ .
8. Мына аудитория кішкентай, ал анау _____ .
9. Мынау менің үлкен ағам, ал анау _____ .
10. Мұнда климат суық, ал анда _____ .
11. Онда жаз салқын, ал мұнда _____ .
12. Қысқы каникул қысқа, ал жазғы каникул _____ .
13. Мұнда гуманитарлық факультеттері, ал анда _____ .

Анықтама үшін сөздер: арзан, лас, ескі, қиын, жеңіл, тар, суық, үлкен, шағын ғана, кіші, ыстық, ұзақ, жаратылыстану.

13-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.

А: Қарашы, қандай әдемі свитер!
Б: Қайсысы?
А: Анау, қызыл түсті.
Б: Иә, жаман емес, бірақ маған көгілдір түсті ұнайды.

пальто – қысқа – ұзын;
раушан – қызыл – ақ;
көйлек – сары – жасыл;
куртка – қоңыр – қара;
шалбар – көк – қара;
плащ – сұр – қоңыр.

14-тапсырма. Сұқбаттасу (диалог) құрыңыз. Достарыңыздан сұраңыз. Оларға қандай музыка ұнайды.

Мысалы: - Саған қандай музыка ұнайды?
- Маған классикалық музыка ұнайды. Саған ше?
- Маған қазіргі музыка ұнайды.

Анықтама үшін сөздер: фильмдер, жазушылар, суретшілер, композиторлар, әншілер, гүлдер, машиналар, қалалар.



Ол поляк. Ол полякша сөйлейді.
Оның ана тілі – поляк тілі.

15-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.

А: Ол немісше сөйлей ме?

Б: Әрине, ол неміс емес пе? Неміс тілі – оның ана тілі.

Ол – немісше, орысша, жапонша;
Сіз – ағылшынша, чехше, кәрісше;
Олар – қытайша, французша.
Сен – испанша, шведше, вьетнамша.

16-тапсырма

а) Сіз кімсіз, ана тіліңіз қандай тіл, айтыңыз.

Мысалы: Мен чехпін. Менің ана тілім – чех тілі.

б) Диалог құрыңыз. Жолдастарыңызға сұрақ қойыңыз.

Мысалы: - Сіз полякша сөйлейсіз бе?

- Жоқ, мен полякша сөйлемеймін, полякша білмеймін. Менің ана тілім – ағылшын тілі. Мен ағылшынмын (я англичанин).

17-тапсырма. Қандай сөздер тек қана жекеше түрде (в форме единственного числа) қолданылады.

Жекеше түрде қолданылатын сөздер: ауа райы; сүт, айран, ет, қант, тұз, май, бауырсақ, нан; қарақат, таңқурай, жүзім, бидай, алма; сәбіз, шалқан, қызылша, капуста, ыдыс, жиһаз, аяқ, қол, шаңғы, құм т.б.

18-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз. Сын есім тұлғасына назар аударыңыз.

А: Нұргүл, міне сүт дүкені. Сен сонда барамын дегенсің.

Б: Иә, маған сары май (сливочное масло) керек. Саған ше?

А: Иә, әрине, маған майсыз ірімшік керек.

Көкөніс базары:
(түсті) капуста, (көк) пияз, (кәріс) сәбізі;
Сауда орталығы:
(спорт) киімі – (жаңа) көзілдірік;
(қара) шалбар – жаздық аяқ киім.
Азық-түлік дүкені:
Ресей ірімшігі – қостанайлық шұжық;
Итальян макароны – қара нан.
Парфюмер дүкені
Француз духи – ашық түсті пудра

19-тапсырма. Жақында мереке. Сіз дүкенге келдіңіз. Сізге не керек, айтыңыз.

20-тапсырма. Есептік сан есімнің атау тұлғасын есіңізге түсіріңіз.

21-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.

а)

А: Мынау қай қабат? Тоғызыншы ма?

Б: Жоқ, сегізінші.

3-2, 6-7, 13-14, 9-10, 12-11, 19-20

б)

А: Мынау қай аудитория? *Жетінші* ме?
Б: Жоқ, бұл *тоғызыншы*. Жетінші оң жақта.
А: Рахмет.

1-3, 2-4, 11-10, 9-8,
917-918, 125-126
830-831

в)

А: Мына автобус вокзалға бара ма?
Б: Жоқ, бармайды. Сізге *бірінші* автобус керек.
А: Рахмет.

автобус – 113, 57, 119, 111, 67, 130, 103.
троллейбус – 49, 4, 34, 28.
трамвай – 39, 14, 26.

г)

А: Университет аялдамасы қашан болады?
Б: Қазір айтамын. Сізге келесі аялдама керек.
А: Рахмет.

2, 5, 3, 4, 7, 6



Маған тоғыз жүз жетпіс бесінші аудитория керек.

22-тапсырма. *Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.*

А: Келген сияқтымыз (кажется, пришли).
Б: Жоқ, бұл емес.
А: Неге?
Б: Мынау *жиырма алтыншы* үй, бізге *жиырма сегізінші* үй керек.

пәтер – 35-37, 117-115, 4-2:
үй – 43-46, 91-81, 19-12

23-тапсырма. *Сіз кімсіз, қайда тұрасыз, әңгімелеңіз. Келесі сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз (оң жақта берілген сөздерді пайдалануыңызға болады).*

1. Сіз кімсіз?
2. Сіздің қалаңыз қалай аталады?
3. Мынау қандай қала?
4. Сіздің қалаңыздағы үйлер қандай?
5. Сіздің қалаңыздағы көшелер қандай?
6. Сіздің көшеңіз қалай аталады?
7. Мынау қандай көше?
8. Үйіңіз қандай?
9. Пәтеріңіз қандай?

(мысалы: қазақ, журналист; «Егемен Қазақстан» газеті, журналист, Университет студенті)

Астана, облыстық қала;
қазіргі, ескі, үлкен, кіші, таза, лас, жасыл, танымал;
үлкен, кішкентай, әдемі, әдемі емес, қазіргі, түзу, тыныш, таза, лас, жасыл;
даңғыл, қиылыс, жағалау, алаң;

кең-тар, тыныш-шулы, таза-лас, түзу-қисық, жасыл, ыңғайлы;
жаңа, қазіргі-ескі, үлкен-кішкентай, биік;
үлкен-кішкентай; жарық, кең, ыңғайлы, бір бөлмелі, екі бөлмелі, үш бөлмелі, бес бөлмелі.

Ілік септігі

Ілік септігінің мағыналарына назар аударыңыз:

(оқытушымен бірге талқылаңыз)

- бір нәрсе тиесілі жақ тұлға	Дастанның машинасы бар.
- зат/жақ анықтамасы	Мынау ағамның үйі
- бүтіннің бөлшегі	Мынау қаланың орталығы
- жыл мезгіліндегі ай және жыл	Романның бірінші тарауы
- әрекет немесе оқиға	Бүгін 2006-шы жылдың 15 наурызы
- анықтауыш	Бұл 1986-ші жылдың 16 желтоқсанында болған. Бұл - қазақ тілінің оқулығы



Мынау университеттің ғимараты.
Біз Ш.Айматовтың әңгімесін оқыдық.

1-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасулар (диалог) құрыңыз.

а)

А: Неге кешіктіңіз?

Б: Мен **аудиторияның** номерін ұмытып қалдым.

номер – үй, пәтер, автобус;
аялдама, станция, көше аты;
мұражай – мекен-жай.

б)

А: Мына кісі кім?

Б: **Факультеттің** деканы ғой, білмейсің бе?

фирма – директор;
теледидар – диктор;
«Егемен Қазақстан» - тілші;
оркестр – дирижер;
мәжіліс – депутат;
директор – хатшы;
министр – орынбасар.

в)

А: Кеше не тыңдадыңыздар?

Б: **Шәмші Қалдаяқовтың** әндерін.

Нұрғиса Тілендиев – күйлер;
Роза Рымбаева – концерт;
Бибігүл Төлегенова – екінші концерт;
Моцарт – опера.

2-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасулар (диалог) құрыңыз.

а)

А: Сен осы **жазушының** бір әңгімелерін оқыдың ба?

Б: Иә, оның бірнеше әңгімелерін оқыдым.

Оқу:
осы автор – роман;
осы журналистер – мақалалар;
осы ақын қыз – өлеңдер;
осы профессор – лекция;
осы әнші – өлең.

б)

А: **Әртістің** фамилиясы есінде ме?

Б: Жоқ. *Айжаннан* сұрашы.

А: Мен одан сұрағанмын. Ол да білмейді.

Атауы:

газеттен – мына мақала;

көрші – осы дүкен;

лаборант – осы мұражай;

хатшы.

Аты:

Назым – осы әнші.

3-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Мына фотоаппаратың жаңа ма?

Б: Жоқ, **менікі** емес.

А: Кімдікі?

Б: Менің **ағамдікі**.

А: Ол тарих факультетінде оқи ма?

Б: Иә, ол тарих **факультетінің студенті**

Сіз – достар – машина;

Ол – көрші – магнитофон;

Ол – әпке – велосипед;

Сен – шеше – сағат.

Мәскеу мемлекеттік университеті;

Консерватория; факультеттер: география,

физика, экономика;

Жаратылыстану-техникалық

Бірінші, екінші, үшінші, төртінші, бесінші,

соңғы

4-тапсырма. Жіктеу есімдігінің ілік септіктегі тұлғасын есіңізге түсіріңіз.

Мен – менің

Сіз – сіздің

Сен – сенің

Сіз – сіздің

Ол – оның

Біз – біздің

Сіздер – сіздердің

Сендер – сендердің

Олар – олардың.

5-тапсырма. Модель бойынша (сұқбаттасу) диалог құрыңыз.

а)

А: **Сенің** келгенің жақсы болды.

Біз сен туралы айтқан едік.

Б: Мен туралы ма? Не болды?

А: Бізге **сенің** кеңесің керек.

Сіз – көмек;

Ол – консультация;

Сен – сурет;

Ол – жаңа адрес;

Сіз – қолыңыз.

Барыс септігі

Барыс септігінің мағыналарына назар аударыңыз:

(оқытушымен бірге талқылаңыз)

- әрекет мекені

- бір қалып-күйді басынан

өткеруші жақ, тұлға

- адресат (тақырыптарда, адресстерде)

- жақ, тарап қозғалыс

Күнде әкеме хабарласамын.

Маған өте көңілді.

Дастанға футбол ұнайды.

Жастарға, жас ақынға

Ертең **ректорға** кіремін.

- мақсаты ретінде
- қозғалыс бағыты
- қозғалыстың аяқталу нүктесі
- әрекет мезгілі, уақыты

Кешке **шешеме** барамын.
Таңертең университетке барамын.
Қалаға барамын.
Театрға дейін қалай баруға болады?
Түске дейін келді.

1-тапсырма. Барыс септігі жалғауларын есіңізге түсіріңіз.

2-тапсырма. Барыс септігін меңгеретін етістікке назар аударыңыз, барыс септікті, сөз тіркесін, жай сөйлем құраңыз. Кестені пайдалануға болады.

а)

телефон соғу (звонить)
(звондау)
сену кімге? неге?

кімге? оқытушы
хатшы
саясаткерлер, газеттер
президент, банктер

б) не?

беру
сәлем айту
кітап беру
сувенир сыйлау
ақша қайтару
хат қалдыру
сыйлық әкелу
ашық хат жіберу
жеделхат салу
велосипед сатып алу
ереже түсіндіру
хат жазу
көрнекті орындарды көрсету
Қазақстан туралы әңгіме айту
кездесу туралы хабарлау
келіссөз туралы есіне салу

кімге? дос
кімге? достар
кімге? аспирант
кімге? қонақ
кімге? кредитор
кімге? көрші
кімге? балалар
кімге? туыстар
кімге? ата-ана
кімге? қыз
кімге? студенттер
кімге? тәте, аға
кімге? туыстар
кімге? студент
кімге? тыңдаушылар
кімге? директор

в)

көмектесу кімге? шеше
кедергі келтіру кімге? аға
тыйым салу кімге? спортсмен
уәде беру кімге? әже

тамақ дайындау
сабақ оқу
темек шегу
кіріп шығу

г)

таңдану неге?
қуанау неге?

Жаңалық
әкемнің келуі

е)
дайындау неге
бару кімге

емтихан
дәрігер

3-тапсырма. *Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.*

а)

А: Алмасқа әкесіне хабарлассын деп айтыңызшы!
Б: Кімге? **Әкесіне ме?**
Жақсы. Айтамын.

Маржан – күйеуі;
Назым – ата-анасы;
Үміт – қызы;
Жеңіс – Айдос Ғалымұлы;
Жанар – баласы

б)

А: Қайда болдың?
Б: Ата-анама сыйлық сатып алдым
А: Сатып алдың ба? Көрсетші.
А: **Шешеме** білезік,
ал әкеме галстук алдым.

Туыстар тәте – ваза;
Аға – шарф;
Ағалар – Нұрлан-кроссовка;
Ерлан – сағат;
Әпкелер: Сәуле – домбыра
Ғалия – моншақ;
Достар: Рахым – фотоальбом;
Раушан – сырға
Әріптес: Аманкүл –духи;
Ақмаржан – сөздік.

4-тапсырма. *Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.*

А: Сен Айгүлге, туған күніне барасың ба?
Б: Жоқ, бара алмаймын.
Мен **ағама** үйде күтемін деп уәде берген едім.

Балжан – кеш - әке;
Сәуле, Айжан – қоныс той;
Данияр – қорғау - әпке;
Илияс – көрме - аға

5-тапсырма. *Жіктеу есімдігінің барыс септігіндегі тұлғасын есіңізге түсіріңіз.*

Жіктеу есімдігінің барыс септігіндегі тұлғасы

Мен – маған
Сен – саған
Сіз – сізге
Ол – оған

Біз – бізге
Сендер – сендерге
Сіздер – сіздерге
Олар - оларға

6-тапсырма. *Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.*

а)

А: Сен ағама телефон соғасың ба?
Б: Жоқ ол өзі **маған** хабарласады.

Ол – шеше;
Ол – ата-ана;
Олар – Жеңіс;
Сіз – Маржан;
Назым - әке;
Сіз - әпкелер.

б)

А: Шеше ме хабарласа алмай отырмын. Телефоны үнемі бос емес. Сен кейінірек хабарласа аласың ба?

Б: Иә. Не айтайын?

А: Оған мені **әжесіне** кетті деп айтыңызшы.

әке – дәрігер;
ата-ана – ата;
директор – заңгер;
Айдос – проректор;
Айман – директор;
Айжан – декан.

в)

А: Кімге хат жазып отырсың?

Б: **Серік Байболұлына.**

А: **Оған** менен сәлем айт.

Жанат, Мақсат;
Айгүл, Назгүл;
Марат, Нұрбол;
Ербол, Ерсайын Серікұлы

г)

А: Шуламашы.

Б: Не болды?

А: Әкем жұмыс істеп отыр, ал сен **оған** кедергі жасап отырсың (мешаешь).

Мен – дайындалу;
балалар – ұйықтау;
ата – телевизор көру;
біз – мақала аудару;
көрші – демалу

д)

А: Сен бүгін **Дастанға** барасың ба?

Б: Иә.

А: Ертең **оған** мені кіріп шығады деп сәлем айт.

Зәуре, Күләш, Раушан, Бақыт, Толқын,
Қарлығаш.

е)

А: Сен кабинетіңдесің бе? Мен **саған** бірер минутқа кіріп шыққым келеді.

Б: Не болды?

А: Жай, мен **саған** қарызымды бергім келеді.

Б: Қандай қарыз?

А: Мен **саған** бес мың теңге қарызбын.

Сіз, ол, олар, көрші, Назым, Жанна.



Кімге не ұнайды? Кімге не ұнады?	
Оларға мына картина ұнайды.	Маған мына кітап ұнады. Саған фильм ұнады ма? Бізге осы ғимарат ұнады. Мына ән сізге ұнады ма?

7-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Сен өзіңнің жұмысыңды Бақытқа көрсеттің бе?

Б: Иә. Оған өте ұнады.

Ол – оқытушы – аударма;
Назым – олар – суреттер;
Дайыровтар – ол – пәтер;
Сіз – редактор – мақала;
Дулат Исабеков – сен – повесть;
Олар – директор – жоба;

б)

А: Саған оның өлеңдері ұнады ма?
Б: Иә. Маған ұнады,
Маған оның жазғандары ұнайды.

Саят – оның суреттері – сурет салуы;
Сіз – менің аудармам – аударуы;
Ата-ана – оның ойыны – ойнауы;
Нұрлытай – оның сөзі – сөйлеуі



Менің хабарлауым

керек
қажет

8-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.

а)

А: Қыдыруға барасың ба?
Б: Жоқ. Менің шешеме көмектесуім керек.

Дастан – ата-ана – жеделхат салу;
Мақпал – атасы – бандерол салу.
Олар – әжесі – ақша апару

б)

А: Сен кетіп барасың ба?
Б: Иә.
А: Менің емханаға, дәрігерге кіруім керек.

Сіз – баспа – редактор – бару;
Ол – консультация – профессор – бару;
Олар – аурухана – әже – бару;
Айжан – стадион – тренер – бару;



Маған осы кітапты сатып алу керек.
Оған осы журналды сатып алу керек.
Оған осы газеттерді сатып алу керек.
Маған осы кітап керек.
Оған осы журнал керек.
Оған осы газеттер керек.

9-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Сен Дастанға кітабын қайтардың ба?
Б: Жоқ. Не болды.
А: Оған керек. Бара алсаң, бүгін оған кіріп шық.
Б: Егер ол болмаса ше?
А: Онда кітапты оның ата-анасына қалдыр.

әпке – ақша – Қарлығаш;
құжат – Лаура – көрші;
мақала – Бекболат – аға;
журнал – Марат – Жанат;



Мынау мәтін қиын
Маған оны аудару қиын болды.
Маған оны аудару қиын болады.

Маған оны аудару қиын.

10-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Мына мәтін оңай ма?
Б: Иә, маған оны аудару оңай болды.

қызық роман – олар – оқу;
қиын ереже – ол – түсіну;
мұңлы оқиға – біз – әңгімелеу;
қызық емес фильм – біз – көру.

б)

А: Иә, концерт қызық болды ма?

Б: Жоқ, маған қызық емес.

кездесу, оңай тапсырма, күлдіргі анекдот,
ыстық күн.



Оған жұмыс істеуге бола ма?
Оған әлі жұмыс істеуге болмайды.

11-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Халіңіз қалай?

Б: Рахмет. Жақсы боп қалдым.

А: Сізге қыдыруға бола ма?

Б: Жоқ әлі болмайды.

Ол – жүру;

Олар – тұру;

Сен – темекі шегу;

Сіз – жаттығуға бару;

Болат Райысұлы – теннис ойнау.



Неге/кімге қалай қарайсың?
- Мына идеяға / осы жазушыға қалай қарайсың?
- Маған ұнайды.

12-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз (диалог).

а)

А: Мына адамға қалай қарайсың?

Б: Мен оған сенемін.

ақпарат, уәде, әйел, болжам, сөз, журна-
лист, адамдар, хабарлама

б)

А: Мына саясаткерге қалай қарайсыз?

Б: Бұл саясаткерге сенбеймін.

газет, банк, кандидат, телеканал, мәлімет.

13-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Сағатың жаңа ма, ескің қайда?

Б: Мен оны **өзімнің әкеме** бердім, өзіме
осы сағатты алдым.

Ол – машина –аға;

Сіз – компьютер – бала;

Ол – фотоаппарат – қыз;

Сен – велосипед – әпке;

Саят – бейнекамера – ата-ана;

Көрші –теледидар –ата.



Менің **әпкеме** мына көзілдірік жарасады.
Менің **ағама** мына костюм жарасады.

14-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Сізге осы костюм жарасады.

Б: Шын ба? Рахмет!

Сенің ағаң – осы түс;

Сіздің қызыңыз – осы шаш (прическа);

Сен – осы сырға;

Сіз – осы көйлек;

Сенің досың – осы свитер;

Сенің балаң – осы куртка.

15-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Мен сенің Алмастан хат алғаныңды естідім. Оның халі қалай?

Б: Жақсы. Айтпақшы, ол **саған** және біздің топтың *бәріне* сәлем айтып жатыр.

Сіз – сіздің әріптестеріңіз;

Сен – сенің отбасың;

Сен – біздің компания;

Сен – сендердің достарың;

Сен – сенің көршілерің;

Сіз – біздің факультет;

Сен – біздің оқытушы.

16-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Маған Айжан керек. Ол өзінде ме?

Б: Оған кедергі жасамау керек.

Ол *соңғы емтиханға* дайындалып жатыр.

Айгүл – күрделі сынақ;

Болат ағай – маңызды кездесу;

Жанат және Мұрат – спорт жарысы;

Назым – ертеңгі сөйлеуге;

Дастан – бақылау жұмысы;

Дәурен – халықаралық конференция.



Университетке қалай баруға болады?

17-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Жаңа циркке қалай баруға болады?

Б: Ол алыс емес. Сізге автобуспен баруға тура келеді.

Бәйтерек;

Сол жағалау;

Қалалық балалар кітапханасы;

Мұражай;

К.Байсейтова атындағы опера театры

18-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Сіз мына хатты апарып бере аласыз ба?

Б: Кімге?

А: Айдана Нұрланқызына.

Сүлейменова Элеонора Дүйсенқызы

Смағұлова Гүлдархан Нұрғазықызы

Сәуле Бисентайқызы

Момынова Бағдан Қатайқызы

Әбдірәсілов Ербол Құралбайұлы

19-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Меніңше, ол сағат беске үлгермейді.
Б: Мүмкін емес. Ол Айжанға уәде берген.

Ол – 2-дос;
Қарлығаш – 3 –тәте;
Олар – 7 – әке;
Ержан Асылбекұлы – 6 – біз;
Мамаевтар – 12 – сіз.



$$2+2 = 4$$

Екіге екіні қосса, төрт болады

20-тапсырма. Есепті шығарыңыз.

$$15+25 = \underline{\hspace{2cm}}$$

$$7+8 = \underline{\hspace{2cm}}$$

$$166+151 = \underline{\hspace{2cm}}$$

$$25+25 = \underline{\hspace{2cm}}$$

$$35 +75 \underline{\hspace{2cm}}$$

$$38+38 \underline{\hspace{2cm}}$$

$$36+43 \underline{\hspace{2cm}}$$

$$97+81 \underline{\hspace{2cm}}$$

Ол өзінің *бір* досына хабарласты.
өзінің *бірнеше* досына хабарласты.
өзінің *көптеген* досына хабарласты.
өзінің *барлық* досына хабарласты.
өзінің *біраз* досына хабарласты.

21-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Сен өзіңнің барлық туысқандарыңа хат жазып отырсың ба?
Б: Жоқ, бәріне емес, біразына.

шетелдік әріптестер – тек қана бірнешеуі;
астаналық таныстар – бәрі дерлік;
немере әпкелеріне – тек біреуі;
университеттік достар – көбісі;
мектептес достар – тек кейбіреуі.

б)

А: Сен барлық қазақстандық саясаткерлерге сенім білдіресің бе?
Б: Жоқ. Бәріне емес, тек екі-үшеуіне.

белгілі журналистер – тек 3 немесе 4;
Қазақстан газеттері –тек 1 немесе 2;
коммерциялық банк – тек бірнешеуі;
осы кандидаттар – тек 1;
Қазақстан телеканалдары – тек кейбіреуі.



**Неге, кімге, таңдану, қайран қалу,
Мен оның талантына қайран қаламын.**

22 -тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Ол саған ұнай ма?
Б: Иә, мен оның талантына таңданамын.

шыдамдылық, батылдық, қабілет,
еңбекқорлық, энергия.

23-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Мына автобус сіздің **үйіңізге дейін** бара ма?
Б: Иә, ол тура **үйдің алдына** тоқтайды.

біздің факультет;
орталық парк;
бірінші қалалық аурухана;
орталық базар;
теміржол вокзалы.



Қайда барасың?
Дүкенге барамын.
Ол кітапханаға барды.
Біз экскурсияға барамыз.

24-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Назым үйде ме?
Б: Жоқ, ол **дүкенге** кетті.

Артем – жұмыс;
Айжан – базар;
Салтанат – іс сапар;
Сабыр – емхана;
Ата-ана – саябақ;
Мұрат – демалыс.

б)

А: Сені кетеді дейді ғой?
Б: Иә, **Италияға** ұшамын.
А: **Демалуға** ма?
Б: Жоқ, **семинарға**.

Польша – конференция;
Франция – кинофестиваль;
Кипр – іс сапар;
Қытай – келіссөз;
Испания – тағылымдама;
Жапония – көрме;
Нидерланды – симпозиум.

в)

А: Сен **үйге** келе жатсың ба?
Б: Жоқ, **дүкенге**. Маған *сүт пен қаймақ* алу керек.

пошта – бандероль жіберу;
телеграф – жеделхат салу;
кітапхана – кітап өткізу;
базар – картоп, помидор сатып алу;
консулдық – виза алу;
деканат – анкета толтыру;
банк – ақша айырбастау.

г)

А: Кешке не істейсің?
Б: **Театрға** барамын.
А: Не көресің?
Б: «Айман – Шолпан» спектакілін көремін.

Тыңдау:
консерватория – Роза Рымбаева – концерт;
театр – Біржан – Сара – опера;
филармония – Н.Тілендиев – күйлер;
Көру:
театр – Аққу балеті;
кино – Шәкен Айманов фильмі.

д)

А: Кеше сен неге сабақта болмадың?
Б: **Театрға** бардым.
А: Театрға ма?
Б: Иә, «Қарагөз» спектакілін көрдім.

лекция – мұражай – көрме – «Өнер әлемі»;
семинар – стадион – хоккей;
консультация – кино – премьерә.

е)

А: Лекцияға барасың ба?

Б: Жоқ, аэропортқа барамын.

А: Немене, кетесің бе?

Б: Жоқ, қарындасымды күтіп аламын.

семинар – вокзал – аға – шығарып салу;
театр – аэропорт – шығарып салу – құрбы;
көрме – вокзал – Айжан – қарсы алу;
стадион – аэропорт – Дастан – шығарып салу;
дискотека – вокзал – делегация – қарсы алу.



Бүгін сәрсенбі.

Ол сәрсенбіде келеді.
Сәрсенбіге қарай келеді.

25-тапсырма. Модель бойынша диалог құрыңыз.

А: Сен дүйсенбіде, кешке боссың ба?

Б: Жоқ, мен дүйсенбіде **бассейнге** барамын.

сейсенбі – қонақ;
сәрсенбі – концерт;
бейсенбі – баскетбол;
жұма – кітапхана;
сенбі – саяжай;
жексенбі – тау.



Мен театрға
операға
Алматыға
самолетке
жұмаға

билет алдым

а)

А: Мен билет алдым.

Б: Неге?

А: Футболға билет алдым.

Б: Бүгінге ме?

А: Жоқ, ертеңге.

дүйсенбі – опера;
жұма – консерватория;
бейсенбі – бокс;
сәрсенбі – театр;
жексенбі – кино;
сенбі – самолетке.

А: Раушанды көрдің бе? Мен оны іздеп жүрмін.

Б: Меніңше, ол университетке кетті.

Әйгерім – кітапхана;
Самат – семинар;
Болат – лекция;
Артем – бассейн;
Ербол – сабақ;
Таня – базар.

б) (барыс септігі)

А: Ертеңге қандай жоспарларың бар?

Б: Опералық театрға барғымыз келеді.

дүйсенбі – Абай атындағы опералық театр;
сәрсенбі – тарихи мұражай;
жұма – кітап жәрмеңкесі;
кешке – футбол матчсы.

в)

А: Бүгін киноға барғың келе ме? Менде артық билет бар.

Б: Қандай фильмге?

Стадион – футбол матчсы – Артем – футбол;
Опералық театр – «Қыз Жібек» операсы

А: Жаңа француз фильміне.

Б: Рахмет, мен бара алмаймын. Раушанды шақыр. Ол француз кинематографтарын жақсы көреді.

– Сара – қазақ операсы; консерватория – органдық концерт – Лаура – классикалық музыка; кино – жаңа кинокомедия – Қарлығаш – музыкалық комедия.

26-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

Қайда? Нені?

Қою (ставить/поставить что? куда? Мен кесені столға қойдым.

Салу нені? Қайда (класть/положить что куда?). Кітапты **портфельге** салдым.

Ілу нені? қайда? (вешать/повесить что? куда?). Мен суретті қабырғаға ілдім.

Қайда? Не тұр? (Стоять где?) Ваза столда тұр.

Қайда? Не? (лежать где?) Қалам портфельде.

Қайда ілу? (висеть где?). Сурет қабырғаға ілініп тұр.

27-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Мен журналды таба алмадым. Сен оны қайда қойдың?

Б: Шкафта сияқты. **Шкафқа** қойдым.

А: Иә, міне, шкафта.

ірімшік – стол;

газет – терезе;

нан – шкаф;

шұжық – мұздатқыш;

қалам – стол.

б)

А: Мен кефир алып келдім. Қайда қоямын?

Б: Терезенің алдына қой. Терезеде тұра берсін.

гүл – ваза – су;

сүт – мұздатқыш;

чемодан – еден – бұрыш;

лампа – стол.

28-тапсырма. а) Сіз дүкеннен келдіңіз. Не алдыңыз, қайда қойдыңыз, қайда ілдіңіз, әңгімелеңіз. б) сіз бөлмедегі жиһазды басқаша қойғыңыз келді. Қайда не тұр, не ілулі тұр, қайда нені қойғыңыз келеді, ілгіңіз келеді, әңгімелеңіз.

!

- Мына студенттің аты кім?

- Оның аты Дастан.

29-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.

а)

А: Сіз мына кісіні білесіз бе?

Б: Біз кездескенбіз, бірақ оның аты кім, есімде жоқ.

әйел, қыздар, студенттер, бала, оқытушы.

б)

А: Мына спектакль есінде ме?

Б: Әрине! Оны **ұмытуға** бола ма!

мелодия, мереке, адам, сапар, адамдар, қыз, актер, концерт, әнші, матч

30-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Сенің қаламыңды бір минутқа алуға бола ма?
Б: Әрине.

сөздік, дәптер, сағат, журнал, газет, көзілдірік

б)

А: Мына актерді білесіз бе?
Б: Иә, мен оның спектаклыне (выступления) жиі барамын.

режиссер – фильмдер;
дирижер – концерттер;
суретші – көрмелер;
оқытушы – консультация;
лектор – лекция.

в)

А: Сіздің қызыңыздың аты кім?
Б: Оның аты Назым.

әке – Сейілхан;
балалар – Ерсайын, Дана;
шеше – Ұлбосын;
оқытушы – Дәурен Батырұлы;
директор – Айдос Тұрсынбайұлы.

31-тапсырма. Сұқбаттасу құрыңыз. Жолдастарыңыздың ата-анасының, басқа туыстарының, оқытушыларының, достарының аты кім, сұраңыз.

32-тапсырма. Сұқбаттасу құрыңыз. Жолдастарыңызға кім нені жақсы көреді, сұрақ қойыңыз (музыка, бейнелеу өнері, кинематограф, жазушы, композитор, әншілер, суретшілер, опера, театр және т.б.).



Қайда түсу (поступать/поступить куда)
Ол Л.Н.Гумилев атындағы **Еуразия ұлттық университетіне, филология факультетіне** түсті.

33-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Жаңалықты естідің бе? Сәуле педагогикалық институтқа түсіпті.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті: философия, тарих, география.

Б: Солай ма? Қай факультетке?
А: **Математикаға.** Ол ылғи математиканы оқығысы келіп еді ғой (ведь он всегда хотел изучать математику).

Қаржы академиясы: заң, құқық, экономика. Политехникалық институт: математика, химия.



автобусқа
троллейбусқа
поезға

отыру

- Университетке бару үшін қандай автобусқа отыру керек?
- Бірінші автобусқа немесе тоғызыншы троллейбусқа отырыңыз.

34-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Алло! Мен Тимирязев көшесіндемін. Ары қарай қалай барамын, ұмытып қалдым.

Б: Аялдаманы көріп тұрсың ба? **Кез-келген автобусқа** отырасың, *екінші* аялдамадан түсесің.

А: Кешіккеніме, кешіріңіз, мен аздап адастым.

Б: Мен бәрін жақсы түсіндіріп едім ғой.

А: Иә. Мен *бірінші автобустың орнына жүз біріншіге* отырдым.

вокзал – троллейбус – 12 – үшінші;
Гагарин көшесі – автобус – 59 – төртінші;
«Республика» алаңы – троллейбус 6 – бесінші.

Сауран көшесі – 115 автобус – сегізінші.

Травмай – 26 -39 (травмай);

Автобус 57-67 (автобус);

Троллейбус – 49-4 (троллейбус);

Автобус 103-130 (автобус);

Автобус – 147-172 (автобус);

Травмай 11-17 (травмай)



Қайда көшу?

Ол жаңа үйге көшті.

Ол екінші курсқа көшті.

Ол басқа факультетке ауысты.

35-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Оның **жаңа пәтерге** көшкені шын ба?

Б: Иә, енді ол оңтүстік батыста тұрады.

басқа қала – көшу – тұру – Көкшетау;

басқа факультет – ауысу – оқу – географиялық факультет.

басқа аудан – көшу – тұру – Абай көшесі;

басқа мектеп – ауысу – оқу – математикалық мектеп;

басқа қабат көшу – тұру – үшінші қабат;

басқа топ ауысу – оқу – ағылшын тілі тобы;

басқа ел – көшу – тұру – Түркия.



Нені ауыстыру.

Біз сабақты сәрсенбіге ауыстырдық.

36-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Сен бүгін **лекцияға** барасың ба?

Б: Жоқ, лекцияны **ертеңге** ауыстырды.

сабақ – бейсенбі;

консультация – келесі сейсенбі;

жаттығу – ертең;

келіссөз – қыркүйек;

конференция – келесі апта;

семинар – жұма;

репетиция – ертең.



Нені кию?

Бүгін күн суық, бас киім (шапка) ки.
Ол жаңа көйлегін киді.

37-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Бүгін кешке не киесің?

Б: Әлі шешкен жоқпын. Мүмкін көгілдір көйлегімді киетін шығармын.

театр – сұр костюм;

көгілдір жейде;

экскурсия – джинси, жылы куртка;

Олардың тойы – күлгін түсті көйлек.

38 - тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Қай мейрамханаға барамыз?

Б: Кәріс мейрамханасына кеттік. Маған кәрістердің ащы тағамдары ұнайды.

қытай, жапон, орыс, француз, грек.

39-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз, өз таңдауыңызды жасаңыз.

А: Не аласың?

Б: Сорпа және қуырдақ. Сен ше?

А: Мен салат және пицца аламын.

Б: Сусын ше?

А: Мен шай ішемін.

Б: Компот аламын.

қазақша ет, лағман, манти, сүт көже.

шашлық, тұшпара, құймақ.

қаймақ, тауық, котлет.

кофе, сүт, морс, минералды су.

шырындар: томат, апельсин, шабдалы,

алма.



Менің біріншіге
екіншіге
десертке

сорпа
балық
балмұздақ

алғым келеді

б) «Ресторанда» диалогын оқыңыз.

Қайрат: Дастархан мәзірін қарап шықтың ба? Бірдеңе таңдадың ба?

Назым: Иә, біріншіге балық сорпасын, екіншіге – палау.

Қайрат: Мен сорпа ішпеймін. Ет алсам ба екен, балық алсам ба екен.

Назым: Ет ал. Мұнда оны жақсы пісіреді.

Қайрат: Жарайды. Десертке не аламыз?

Назым: Әрине, балмұздақ.

Қайрат: Не ішеміз?

Назым: Менің алма шырынын ішкім келеді.

Қайрат: Мен су алайын.

Назым: Кофе ше?

Қайрат: Міндетті түрде. Мен кофені жақсы көремін.

Назым: Даяшыны шақырайық, ендеше.

в) Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Кім неге тапсырыс (заказывать) бергісі келеді? Неге?

2. Сіз әдетте қайда түстенесіз, кешкі тамақты қайдан ішесіз?

3. Әдетте сіз таңертеңгілік аста, түскі аста, кешкі аста не жейсіз?
4. Сіз тамақ пісіре аласыз ба? Қандай тамақты жақсы пісіресіз?
5. Сізге қазақ ұлттық тағамдары ұнай ма? Қазақтың қандай ұлттық тағамдарын жеп көрдіңіз? (пробовали)

г) Диалогты жалғастырыңыз, тапсырыс беріңіз.

Даяшы: Қайырлы күн! Қандай **тағамға** (неге) тапсырыс бересіз?

Сіз: Қайырлы күн! ...

40-тапсырма. *Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.*

А: Мен пәтер іздеп жүрмін.

Б: Пәтер сатып алғың келе ме?

А: Жоқ, **жалдауға** іздеп жүрмін.

Б: Қандай пәтер іздеп жүрсің?

А: Шағын, екі бөлмелі.

Б: Қандай ауданнан?

А: Сол жағалаудан.

Б: **Қанша мерзімге?** (на какой срок?)

А: Бір жылға.

Б: Мен бір кісіні білемін. Одан сұрайын.

А: Рахмет.

менің досым, менің достарым, біз бір бөлмені, екі бөлмені үлкен, жарық, қолайлы, кең, арзан

орталық, шығыс, оң жағалау, солтүстік шығыс

жарты жыл, ай, қыс, жаз, күз, көктем

41-тапсырма. *Сұхбаттасуды оқыңыз. Осыған ұқсас сұқбаттасу жазыңыз.*

Нұрбол: Сәлем! Мен сені көптен бері көрген жоқпын. Жаңалық бар ма?

Назгүл: Мені құттықтауыңа болады. Мен **жаңа пәтерге** көштім.

Нұрбол: Не, пәтер сатып алдың ба?

Назгүл: Жоқ-а, жалдап тұрамын. **Қоныс тойға** кел.

Нұрбол: Рахмет. Қашан?

Назгүл: Сенбі, кешке.

Нұрбол: Қуана барамын. Қалай табамын?

Назгүл: Адресімді жазып ал: Сол жағалау «Достық» ауданы, 23-көше, 9-шы үй 84-ші пәтер.

Нұрбол: Жазып алдым. Енді қалай барамын, түсіндір.

Назгүл: Түк те қиындығы жоқ. **115-ші автобусқа** отырасың, соңғы аялдама «Достықтан» түсесің.

42-тапсырма. *а) Диалогты оқыңыз.*

Мырзахан: Айман **жаңа пәтерге** көшіпті, мені **қоныс тойға** шақырды.

Талғат: Сенбіге ме?

Мырзахан: Иә.

Талғат: Мені де шақырған.

Мырзахан: Керемет болды! Бірге барамыз ба?

Талғат: Әрине, не сыйлаймыз, ақылдасайық.

Мырзахан: Мен торт пен шампан алайын.

Талғат: Гүлді де әрине. Ол қандай гүлді жақсы көреді, есінде жоқ па?

Мырзахан: Есімде жоқ. Раушан алайық. Оны бәрі жақсы көреді ғой.

Талғат: Жарайды. **Сыйлыққа** ше? Бұл қоныс тойы ғой.

Мырзахан: Кеше дүкеннен Тефаль шайнектің түрлерін көріп едім.

Талғат: Жақсы, таңдап алайық.

Мырзахан: Келістік.

б) Қонаққа барсаңыз не апарар едіңіз? Қоныс тойға сіз не апарар едіңіз?

43-тапсырма. Берілген сұрақты табыңыз.

1. - _____ ?
- Мен Астанада 3 рет болдым?
2. _____ ?
- Мен екі билет алдым.
3. - _____ ?
- Ол бір хат алды.
4. _____ ?
- Ол төрт бет аударды.
5. _____ ?
- Біз екі жаттығу жасадық.
6. - _____ ?
- Олар Алматыда үш күн болды.
7. - _____ ?
- Ол 5 тіл біледі.
8. - _____ ?
- Ол 5 кітап сатып алды.
9. - _____ ?
- Мен бір мақала оқыдым.
10. - _____ ?
- Қалада театр мен мұражай көп.
11. - _____ ?
- Біздің университетте 12 факультет бар.
12. - _____ ?
- Біздің факультетте 10 кафедра бар.
13. - _____ ?
- Мен аз сөз жаттадым: барлығы 25 сөз.

44-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасулар құрыңыз.

а)

А: Осы қалада театр бар ма?

Б: Иә, мұнда екі тетар бар.

мұражай – 3;
бассейн – бірнеше;
қонақ үй – 6;
стадион – 4;
аэропорт – 2;
парк – бірнеше;
мейрамхана – 12.

б)

А: біздің университетте буфет бар ма?

Б: Иә, үш буфет бар.

кітапхана – бірнеше;
жатақхана – 5;
кинозал – 3;
емхана – 2;
лаборатория – бірнеше;
спорт алаңы – 2.



Бір пакет сүт, айран, шырын, бір қорап конфет, бір литр сүт, бір банкі бал, тосап, 200 грамм ірімшік, бір килограмм алма, 1 кг қант

45-тапсырма. Мекен мен бағыттың берілуін есіңізге түсіріңіз.

қайда?		қайда?		қайдан?	
театрға	→ 0	театрда	0	театрдан	← 0
әпкеме		әпкемде		әпкемнен	
ағама		ағамда		ағамнан	

46-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасулар құрыңыз.

а) жатыс септігі

А: Сенбі күні кешке қайда боласың?

Үйде боласың ба?

Б: Жоқ, мен ағамдікінде (ағамның үйінде) боламын.

әпке, дос, ата-ана, құрбы, Сәуле, Айжан.

б) шығыс септігі

А: Ана кісі қайдан? Ол ағылшын ба?

Б: Иә, ол Англиядан келген.

швед, француз, қытай, кәріс, неміс, американдық

в)

А: Сіз хат алдыңыз ба?

Б: Иә, үйден, ата-анамнан

ауыл – достарым;
әріптес – университет;
құрбы – Англия;
дос – Стамбул;
Астана – сіңлілері



- Астанадан Алматыға дейін қанша километр?
- Меніңше 3000 км.

г)

А: Алматыдан Оралға дейін қанша сағат ұшады? Білесің бе?

Б: Екі жарым сағат.

Берлин – Мәскеу – 2;
Астана – Алматы – 2;
Лондон – Сеул – 10;
Нью-Йорк – Варшава – 8;

47-тапсырма. Ойнайық. Сіз әр түрлі қалаларда тұратын достарыңызды өзіңіздің туған қалаңызға шақырыңыз. Қанша сағат ұшу, жүру керек, қалаға дейін қанша километр, талқылаңыз.



Мен таңертеңнен кешке дейін жұмыс істеймін.
Ол осы жұмысты жұмаға дейін істеуі керек.
Ол концерттен кейін келеді.

48-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Аударманы қашан бітіресің?
Б: Мен оны сәрсенбіге дейін бітіруім керек.
каникул, апта соңы, сессия.

дүйсенбі, сәйсенбі, сәрсенбі, бейсенбі,
жұма, сенбі, жексенбі.

б)

А: Кітапханаға кіріп үлгересің бе?
Б: Лекцияға дейін үлгермеймін. Лекциядан
кейін кіремін.

семинар, спектакль, сабақ, түскі ас, жиналыс



Мен мына мақаланы сөздіксіз аудардым.

49-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Бүгін лифті бұзылып қалды ғой.
Б: Лифтісіз қалай тұрып жатырсыздар?

телефон, компьютер, плита, машина, үтік,
телевизор.



Ол айранның орнына сүт алды.

50-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Сен лекцияда болдың ба?
Б: Мен күнді шатастырып (перепутал) алдым: сейсенбінің орнына (вместо) сәрсенбіде келдім.

сәрсенбі – дүйсенбі;
жұма – бейсенбі;
дүйсенбі – бейсенбі;
жұма – бейсенбі;
сенбі – сәрсенбі.



Бүгін сабақ жоқ.
Кеше сабақ болмады.
Ертең сабақ болмайды.

51-тапсырма. Модель бойынша диалог құрыңыз.

а)

А: Мұнда лифт бар ма?
Б: Бұл үйде лифт жоқ.

мына көше – емхана;
осы аудан – стадион;
осы ғимарат – кітапхана;
осы алаң – кинотеатр.

б)

А: Спектакль қалай өтті?
Б: Өкінішке орай, спектакль болған жоқ.

концерт, жарыс, матч, ойын, пресс-конференция

в)

А: Қайда барасың?
Б: Жаттығуға.
А: Сен білмейсің бе? Бүгін жаттығу болмайды ғой.

жиналыс, сабақ, консультация, емтихан, футбол, көрменің ашылуы

52-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: **Нанға** барып келу керек.
Б: Бізде нан жоқ па еді?
А: Бітіп қалды.
А: Жарайды, қазір барып келейін.

Сүт, қант, май, ірімшік, шырын, шай, картоп.

б)

А: Мақпал қайда?
Б: Ол **киоскіге газет алып келуге** кетті.

Айдос хоккей – билет.
Оқушы – кафедра – оқулық;
Лаура – дәріхана- аспирант;
Шешем – базар – жеміс-жидек;
Әпке – дүкен – азық - түлік.

53-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасулар құрыңыз.

а)

А: Бұл кім?
Б: Болаттың **әпкесі** сияқты.

Маржан – аға;
Айгүл – қыз;
Дархан – бала;
Дәурен – қарындас.

б)

А: Неге **футболға** бармадың?
Б: Билетім жоқ.

Сіз – пресс-конференция – шақыру;
Олар – кеш – уақыт;
Ол – мейрамхана – ақша;
Ләззат – Греция – виза;
Олжас – балет – билет;

54-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасулар құрыңыз.

А: Алло! Үйдесің бе? Қазір келемін.
Б: Қайдан телефон шалып тұрсың?
А: Университеттен.
Б: Жарайды. Университеттен менің **үйіме дейін** 20 минутта келесің. Күтемін.

кітапхана – біздің үй – 15 минут;
орталық – біз – бір сағат;
жұмыс – факультет – 25 мин.
үй – менің жұмысым – 30 мин.
аэропорт – менің офисім – 1 сағат 30 мин.

Табыс септігі

Табыс септігінің мағыналарына назар аударыңыз:

- әрекет объектісі Айжан кітап сатып алды.
- сөз, ой объектісі Отбасым туралы жиі ойлаймын.

1-тапсырма. *Зат есімнің табыс септігіндегі тұлғасын есіңізге түсіріңіз.*

2-тапсырма. *Табыс септігін меңгеріп тұрған етістіктерге назар аударыңыз. Келесі сөздерді табыс септігінде көрсетіңіз. Сөйлемдер құраңыз. Мәтін, журнал, газет, кітап, мақала, сұқпат, роман.*

хат, жаттығу, мақала, хаттар, өтініш, диссертация, өмірбаян;
қазақ тілін
қазақ тілін, ағылшын тілін, физиканы, математиканы, тарихты, философияны, экономиканы, шет тілін;
мәтінді, мақаланы, кітапты, әңгімені, хатты;
түскі асты, таңғы асты, кешкі асты, десертті, салатты, сорпаны;
тезисті, баяндаманы, бағдарламаны, мақаланы;
ережені, грамматиканы;
нан, сүт, шұжық, ірімшік, газет, билет, алма;
хатты, жеделхатты, факсты, бандерольді;
хатты, ақпаратты
жалақыны, стипендияны, зейнетақыны, ақшаны,
ақпаратты, жаңа жобаны
қатені, қателерді;
радионы, магнитофонды, компьютерді, теледидарды, плитаны;
кілтті, ақшаны, кітапты, шарфты, кітапты, билетті;
суретті, қаланы, пәтерді,
картаны, сызбаны, кестені, бағдарламаны, нәтижені;
ақпаратты, мәселені, сұрақты;
қонақты, әріптестерді, достарды;
қонақтарды, құрбыларды, достарды;
радионы, музыканы, әнді, операны, лекцияны;
аты-жөнін, мекен-жайын
достарды
айып пұлды, жалақыны, пәтерақыны, стипендияны.

оқу, жазу.

Оқып-үйрену нені?
оқу
оқу

аудару
дайындау
дайындау

түсіндіру
түзету

алу

жіберу
жоғалту
көбейту
көбейту
талдау
көрсету
қосу

ұмыту

жақсы көру
еске түсіру

талқылау
шақыру
күту, шығарып салу
тыңдау
тыңдау
білу
сағыну
төлеу

3-тапсырма. Модель бойынша диалог құрыңыз.

а)

А: Мақаланы аудардыңыз ба?

Б: Иә. Кеше аудардым.

жұмыс – аяқтау;
кітап – оқып шығу;
есеп – шығару;
жаттығу – жазу;
тапсырма – орындау;
қате – түзету;
экскурсия – таңдау.

б)

А: Не болды?

Б: Мен кілтiмдi ұмытып кеткен сияқтымын.

Жоғалту:
дәптер, билет, хат, қолшатыр, кітап.
Ұмыту:
Ақша, сыйлық, құжат, қолғап.

в)

А: Сен Назымды көрдің бе?

Б: Иә, театрда көрдім.

Нина – кітапхана
стадион – достар
көрші – автобус
ата-ана – вокзал
Игорь, Павел – сабақ
Айжан - мұражай

Жіктеу есімдігі және табыс септігін есіңізге түсіріңіз.

Мен – мені

Сен – сені

Сіз – сізді

Ол – оны

Біз – бізді

Сендер – сендерді

Сіздер – сіздерді

Олар – оларды

4-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасулар құрыңыз.

а)

А: Қайда барасың?

Б: Буфетке.

А: Мен де барамын. **Мені** күт.

кітапхана – біз;
семинар – мен;
бассейн – Илияс;
лекция – Айжан;
көрме – Олжас, Алмас;
дүкен – мен.

б)

А: Асқарды көрдің бе?

Б: Жоқ, **оны** көптен бері көрген жоқпын.

Айжан, Сәуле, Нұрлан, Ерлан, Ерсайын,
Ержан, Виктор, Вася.

в)

А: Айжанды көрдің бе?

Б: Иә. Мен **оны** бүгін таңертең университетте көрдім.

Болат – көше;
Лаура – аялдама;
Қайрат – сабақ;
Костя – бассейн;
Сара мен Айжан – кітапхана;
Петр мен Павел – лекция;

г)

А: Раушанды көрдің бе? Мен оны іздеп жүрмін.

Б: Меніңше, ол университетке кетті.

Әйгерім – кітапхана;
Самат – семинар;
Болат – лекция;
Артем – бассейн;
Ербол – сабақ;
Таня – базар.

5-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасулар құрыңыз.

а)

А: Үйге барасың ба?

Б: Жоқ әлі. Құрбымды күтіп тұрмын.

Әке, оқытушы, достар, әріптес, сіңлі, дос, әпке.

б)

А: Біреуің менің ағамды көрдіңдер ме?

Б: Сен өзіңнің ағаңды іздеп жүрсің бе, мен

біздің оқытушы;
оны жаңа ғана көрдім.
менің қолшатырым;
менің көршім;
менің әкем;
менің көзілдірігім.

6-тапсырма. Модель бойынша диалогтар құрыңыз.

а)

А: Не іздеп жүрсің?

Б: Өзімнің көк дәптерімді қайда қойғаным мүлдем есімде жоқ.

қара – портфель;
жаңа – бейнекамера;
ағылшынша – орысша сөздік;
ескі – сағат;
жаңа – журнал;
кредиттік – карта.

б)

А: Кеше семинарда не болды?

Б: Жаңа мақаланы талқыладық.

Соңғы жаңалықтар, қызық кітап, жаңа повесть, экономикалық реформа, транспорттық мәселе, экологиялық жағдай.

в)

А: Мерекелік концертті кім дайындайды, білмейсің бе?

Б: Меніңше, Ербол Құралбайұлы және оның тобы.

Салтанатты жиналыс – біз; ресми кездесу – сіз; мерекелік бағдарлама – сен; ғылыми конференция – Қуандық Асқарұлы; музыкалық байқау – апалы-сіңлілі Мұсаевалар.

г)

А: Сен әлі осындасың ба? **Біреуді** (кого-нибудь) күтіп тұрсың ба?

Б: Иә, өзімнің кластас достарымды.

Ескі танысымды, біздің жаңа оқытушы, немере әпкем, біздің қытайлық қонақ, менің үлкен ағам, біздің американдық әріптес.

д)

А: Сен «Егемен Қазақстанды» алдың ба?
Б: Иә, мен бұл газетті жақсы көремін.
А: Ал мен ылғи «Ана тілі» газетін аламын.

Газеттер: «Нұр-Астана» - «Жас қазақ», «Айқын» - «Время», «Жас Алаш» - «Қазақ әдебиеті», «Ана тілі» - «Ақ босаға».
Журналдар: «Жұлдыз» - «Жалын», «Тіл және қоғам» - «Мирас».

е)

А: Жанар, телевизорды неге қостың?
Б: Жаңалықтарды тыңдағым келеді.

төртінші канал – жаңа кинокомедия – көру;
магнитофон – классикалық әндер – тыңдау;
үтік – қара плащ – үтіктеу;
кір жуғыш – машина – киімдер – жуу;
компьютер – курс жұмысын басу.

7-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.

А: Сен мына кітапты оқыдың ба?
Б: Ол туралы естідім, бірақ әлі оқыған жоқпын.
А: Міндетті түрде оқы. Өкінбейсің.

әңгіме, роман, повесть, мақала, сұқбат, диссертация, өлең.



- Мына студентті білесіз бе?
- Иә, білемін. Аты Дастан, университетте оқиды.

8-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.

а)

А: Сіз мына кісіні білесіз бе?
Б: Біз кездескенбіз, бірақ оның аты кім, есімде жоқ.

әйел, қыздар, студенттер, бала, оқытушы.

б)

А: Мына спектакль есінде ме?
Б: Әрине! Оны ұмытуға бола ма!

мелодия, мереке, адам, сапар, адамдар, қыз, актер, концерт, әнші, матч

Есіңізге сақтаңыз!

Тәуелдік жалғауынан кейін, 3 - жақта табыс септігі –н тұлғалы болады.

Мысалы:

Менің қызым

Біздің қызымыз

Сенің қызың

Сендердің қыздарың

Сіздің қызыңыз

Сіздердің қыздарыңыз

Оның қызы

Олардың қызы

(Оның қызы+н көрдім)

Олардың қызы+н

9-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу (диалог) құрыңыз.

А: Сен мына кітапты оқыдың ба?
Б: Ол туралы естідім, бірақ әлі оқыған жоқпын.
А: Міндетті түрде оқы. Өкінбейсің.

әңгіме, роман, повесть, мақала, сұқбат, диссертация, өлең.

10-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Ол **кімдерді** шақырды?

Б: Тек қана **өзінің достарын**. Сіз оның достарын білесіз ғой.

А: Мен оның бір досын ғана білемін.

Сен – ағалар;
Ол – әпкелер;
Олар – жолдастары;
Сіз – әріптестер;
Сіз – туыстар;
Ол – көршілер.

б)

А: Сіз **мына профессорды** білесіз бе?

Б: Иә, мен оның **бір лекциясын** тыңдадым.

А: Бір ғана ма (только одну). Ал мен **барлық лекциясын** тыңдадым.

жазушы – кітап – оқу;
журналист – мақала – оқу;
композитор - әндер – тыңдау;
режиссер – фильмдер – көру;
суретші – картина – көру;
актриса – спектакль – көру;
саясаткер – прессконференция – тыңдау.

в)

А: Сен теледидардан **біреуді** білесің бе?

Б: Иә, **бір журналисті** білемін.

А: Біреуін ғана ма? **Мен бірнешеуін** білемін.

Еуразия университеті – профессор;

заң факультеті – оқытушы;
консерватория – скрипкашы;
мына фирма – қызметкер;
осы аурухана – дәрігер;
осы театр – актриса.

11-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Алло! Қайырлы күн! **Шайзатты** бола ма?

Б: Қазір шақырамын.

Раушан, Сәуле, Айжан, Қанат, Шынболат,
Дастан, Мақпал

12-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Сендер қашан **стипендия** аласыңдар?

Б: Келесі сәрсенбіде.

А: Сен тағы да **бәрін** шатастырыпсың (опять все перепутал)

Б: Не болып қалдының?

А: Алма шырының орнына **жүзім шырынын** алыпсың.

Б: Алма шырынын таппадым.

құжаттар – сәрсенбі – дайындау;
сабақ кестесі – дүйсенбі – білу;
Алматы – қайту – сенбі;
іс сапар – келесі апта – кету.
Қара нан – ақ (нан);
Қызыл шарап – ақ (шарап);
Минералды су – лимон фантасы;
Сары май - өсімдік майы;
«Егемен Қазақстан» - «Жас қазақ»;
«Ана тілі» - «Алматы ақшамы»

Кім туралы? Не туралы?

13-тапсырма. Берілген сөздермен жай сөйлем құрыңыз.

Кім туралы, не туралы ойлау.
Кім туралы, не туралы айту
Кім туралы, не туралы әңгімелеу
Кім туралы, не туралы ұмыту
Кім туралы, не туралы армандау
Не туралы хабарлау
Не туралы, кім туралы оқу
Не туралы, кім туралы жазу
Кім туралы, не туралы сұрау
Не туралы білу
Не туралы келісу

Емтихан, оқу, ата-ана
Отбасы, демалыс, мұғалім
Каникул, жұмыс, балалар
Кездесу, жиналыс, қонақтар
Демалыс, саяхат
Концерт, лекция
Семинар, өнер, суретшілер
Табиғат, махаббат, композитор
Сабақ, сабақ кестесі, баға туысқандар
Емтихан, сапар
Кездесу, баға, уақыт



Біз емтихан туралы ұзақ айттық.
Олар саясат туралы дауласты.

14-тапсырма. Модель бойынша диалог құрыңыз.

А: Олар не туралы айтады?
Б: Жұмыс туралы. Бұл олардың жақсы көретін (любимая) тақырыбы.

ауа райы, футбол, балалар, саясат, ауру,
баға, сән, әйелдер, ақша.

15-тапсырма. Қалай ойлайсыз, ер адамдар, әйелдер, әжелер, аталар, ұлдар, қыздар, студенттер, оқытушылар, банкирлер, заңгерлер т.б. не туралы айтуды жақсы көреді.

16-тапсырма. Төменде берілген сөз тіркестерімен сөйлем құраңыз

Мен туралы (обо мне)
Сен туралы (о тебе)
Сіз туралы (о вас)
Ол туралы (о нем, о ней)

Біздер туралы (о нас)
Сендер туралы (о вас)
Сіздер туралы
Олар туралы (о них)

17-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Дәурен қалай?
Б: Білмеймін. Мен көптен бері ол туралы ештеңе естімедім.

Дастан және Олжас.
Ілияс, Петр және Екатерина.
Марина, Игорь және Ғалия.
Евгений, Сәуле, Ербол.

б)

А: Виктор туралы бір жаңалықтар бар ма? Оның жағдайы қалай?
Б: Айту қиын. Сен білесің ғой, ол өзі туралы айтуды жақсы көрмейді.

Ғани, Жанат
Рахия тәте, Гүлназ, Рита, Бекболат.
Үміт, Қарлығаш.

в)

А: Сен мына жоба туралы не ойлайсың?

Б: Қайсы? Мынау туралы ма? Ол туралы мен ештеңе білмеймін

А: Шын ба? Бірақ ол туралы қазір сондай көп айтады.

мақала, фильм, бағдарлама, сұқбат, спектакль, жазушы, фирма, конференция, келіссөз

г)

А: Сен мына *көрме* туралы бірдеңе білесің бе?

Б: Иә, ол туралы газетке жазған.

ұйым, ашылу, апат, қақтығыс, дәрі, болжам, фестиваль.

18 -тапсырма. *Өзі, өзімнің сөзінің қолданысын есіңізге түсіріңіз.*

Дәурен өзінің шешесі туралы ойлайды.

Дәурен өзінің жұмысы туралы әңгімелейді.

1 адам: Дәурен.

Дәурен оның жұмысы туралы әңгімелейді.

2 адам: Дәурен және басқа адам.

Дәурен оның шешесі туралы ойлайды. (3 адам: басқа адам және осы адамның шешесі).

19-тапсырма. *Сөйлемдерді оқыңыз. Ситуацияда қанша адам бар айтыңыз.*

1. Анна өзінің мақаласы туралы әңгімелейді.

2. Виктор өзінің ағасы туралы сұрады.

3. Саяжан өзінің шешесі туралы айтты.

4. Олжас оның әкесі туралы материалды оқыды.

5. Олжас пен Назым өздерінің жоспарлары туралы әңгімелейді.

6. Салтанат өзінің құрбысы туралы сұрады.

Анна оның мақаласы туралы әңгімелейді.

Виктор оның ағасы туралы сұрады.

Саяжан оның шешесі туралы айтты.

Олжас өзінің әкесі туралы материалды оқыды.

Олжас пен Назым олардың жоспарлары туралы әңгімелейді.

Салтанат оның құрбысы туралы сұрады.

20-тапсырма. *Сұрақтарға модель бойынша жауап беріңіз.*

А: Білесіз бе, оның ағасы қайда жұмыс істейді? (ол)

Б: Білмеймін. Ол өзінің ағасы туралы ешқашан айтқан емес.

1. **А:** Оның отбасы қайда тұрады? Білесіз бе? (ол)

Б: _____

2. **А:** Оның шешесі қайда жұмыс істейді? Білесіз бе? (ол)

Б: _____

3. **А:** Оның ағасы қайда оқиды, білесіз бе? (ол)

Б: _____

4. **А:** Оның көршісі кім? Білесіз бе? (ол)

Б: _____

5. **А:** Оның ата-анасы кім? Білесіз бе? (ол)

Б: _____

6. **А:** Олардың саяжайы қандай? Білесіз бе?

Б: Білмеймін. Олар өздерінің саяжайы туралы ештеңе айтқан емес.

1. А: Олардың машинасы қандай? Білесіз бе?
Б: _____
2. А: Олардың жоспары қандай? Білесіз бе?
Б: _____
3. А: Олардың үйі қандай білесіз бе?
Б: _____
4. А: Олардың қандай мәселелері бар? Білесің бе?
Б: _____

21-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Ол өзінің отбасы туралы бірдеңе айтты ма?

Б: Жоқ. Оның отбасы туралы мен ештеңе естімедім.

Ол – досы;
Ол – жұмысы;
Ол – әйелі;
Ол – ағасы;
Ол – көршісі;
Ол – қалыңдығы;
Олар – балалары;
Ол – қызы.



**Бұл мақала не туралы?
Бұл мақалада не туралы сөз болып жатыр?**

22-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасулар құрыңыз.

А: Мынаның өте қызық мақала екенін айтады. Ол не туралы? Білесіз бе?

Б: Бұл мақалада Қазақстан экономикасы туралы ақпараттар бар.

кітап – ұлттық мәселе;
сұқбат – экологиялық жағдай;
фильм – бүгінгі жастар;
диссертация – Қазақстан банктері;
мәтін – Еуразия университеті;
телебағдарлама – парламенттік сайлау.

А: Сенің келгенің жақсы болды. Біз сен туралы айтқан едік.

Б: Мен туралы ма? Не болды?

А: Бізге сенің кеңесің керек.

Сіз – көмек;
Ол – консультация;
Сен – сурет;
Ол – жаңа адрес;
Сіз – қолыңыз.

Жатыс септігі

Жатыс септігінің мағыналарына назар аударыңыз:

- мекенді білдіру
- мезгілді білдіру
- әрекет мезгілі, уақыты
(жалғасымы, қайталанымы)
- мезгіл (сағат, күн, уақыт, апта)

Мен емтиханда болдым.
Ол уақытында келді.
Біз жыл сайын кездесеміз.
Біз жылда кездесеміз
Мен сені апта бойы көрмедім.
Мен сені осы аптада көрмедім.
Сәрсенбіде сабақ болмайды

1-тапсырма. Зат есімнің жатыс септігіндегі тұлғасын есіңізге түсіріңіз.

2-тапсырма. Мына сөздердің қазақша баламасын жазыңыз.

в городе, стране
в квартире, комнате
в университете, институте, школе
в классе, аудитории
в магазине, киоске
в офисе, фирме, компании
в аэропорту
в бассейне
в клубе, театре, консерватории, музее

на улице, площади, родине
на западе, востоке, юге, севере, острове
на этаже, крыше
на факультете, курсе, курсах
на занятии, лекции, семинаре
на почте, рынке
на работе, собрании, совещании, заводе,
фабрике
на вокзале
на стадионе, матче
на встрече, спектакле, балете, опере, кон-
церте, выставке

3-тапсырма. Жатыс септігі жалғаулы сөзден кейінгі етістікке назар аударыңыз. Сөздерді пайдаланып, жай сөйлем жазыңыз.

қайда болу?
қайда тұру?
қайда жұмыс істеу?
қайда оқу?
қайда дайындалу?
қайда демалу?
қайда қыдыру
қайда кездесу
қайда отыру
қайда тұру
қайда жату

жұмыс, семинар, бөлме
орталық, Түркия
Астана, Франция, Алматы, Прага
завод, почта, фирма
университет, мектеп
кітапхана, аудитория
оңтүстік, теңіз, тау
бақ, парк
көше, әуежай, аялдама
орындық, кресло
жаға, бұрыш
диван, еден, жағажай

4-тапсырма. Модель бойынша диалог құрыңыз.

а)

А: Қайырлы кеш! Дастан үйде ме?
Б: Жоқ, ол университетте. Қазір келіп қалады.
А: Рахмет. Мен тағы да кешірек телефон шаламын.

Лена – лекция;
Ілияс – семинар;
Артем – стадион;
Дәурен – театр;
Дәулет – кітапхана;
Миша – гараж;
Лаура – жұмыс.

б)

А: Сіз қайда жұмыс істейсіз?
Б: Ауруханада.
А: Қайда оқыдыңыз?
Б: Институтта, Астанада.

Елшілік – университет – Лондон;
Театр – консерватория – Париж;
Почта – курс – Алматы
Фирма – лицей – Варшава
Мұражай – институт – Прага
Банк – колледж – Астана

в)

А: Мен саған кеше кеш бойы телефон соқтым. Қайда болдың?

Б: Театрда, спектакльде.

А: Иә, қалай екен?

Б: Керемет спектакль.

консерватория – концерт;

театр – опера;

мұражай – көрме;

театр – балет;

университет – лекция.

г)

А: Кафеде кездесейік.

Б: Жоқ, паркте жақсырақ (Нет лучше в парке).

парк – театр;

көпір – жаға, жағажай;

вокзал – аялдама;

аэропорт – метро;

кафе – бақ;

стадион – буфет;

қонақ үй – алаң;

кітапхана – аудитория.

д)

А: Сен білесің бе, Айжан французша сөйлей ме?

Б: Әрине, ол Францияда тұрды және оқыды емес пе!

А: Міне қалай? Мен білмеппін.

Анна – ағылшынша – Англия;

Викторв – испашна – Испания;

Денис – немісше – Германия;

Маржан – қытайша – Қытай;

Антон – жапонша – Жапония;

Дәурен – шведше – Швеция;

Кирилл – полякша – Польша.

Айман – түрікше – Түркия.

е)

А: Жазда қайда демалдыңыз?

Б: Қырымда. Ал, сіз ше?

А: Мен Кипрде демалдым.

Греция – Түркия;

Тунис – Италия;

Испания – Египет;

Сарыағаш – Алакөл;

Сингапур – Филиппин;

теңіз – тау;

оңтүстік – солтүстік.

5-тапсырма. Сұқбаттасу құрыңыз. Жолдастарыңыздан, достарыңыздан олар қайда дүниеге келді, қайда оқыды, олардың ата-анасы, ағасы, әпкесі қайда тұрады, олар қай елдерде, қалаларда болды, қайда демалғысы келеді, осы жылы қайда демалды, сұраңыз.

6-тапсырма. Модель бойынша диалог құрыңыз.

а)

А: Ол енді *банкте* істейді деп айтады. (Говорят, она теперь работает в банке)

Б: Айман ба?

А: Иә.

мектеп

аэропорт

аурухана

мұражай

почта

министрлік

7-тапсырма. Жіктеу есімдігінің жатыс септіктегі тұлғасын есіңізге түсіріңіз.

Мен – менде	Біз – бізде
Сен – сенде	Сендер – сендерде
Сіз – сізде	Сіздер – сіздерде
Ол – онда	Олар – оларда

8-тапсырма. Модель бойынша диалогтар құрастырыңыз.

а)

А: Театр қайда екенін айтасыз ба?

(Вы не скажете где (здесь) театр.

Б: Алыс емес. Осы алаңда.

А: Рахмет.

аурухана – ана көше;

дүкен – анау үй;

дәріхана – анау бұрыш;

кітапхана – сол жақ;

банк – сол үй.

б)

А: Сен осы матчта болдың ба?

Б: Жоқ, болмадым. Бірақ менің досым болған, маған ол туралы әңгімелеген.

қала, ресторан, көрме, спектакль,

мұражай, театр, семинар, жарыс, концерт.

9-тапсырма. Модель бойынша диалогтар құрастырыңыз.

а)

А: Біздің қаламызда метро бар. Сендерде ше?

Б: Бізде жоқ.

пәтер – балкон;

университет – филология факультеті;

үй – лифт;

аудан – парк;

қала – биік үйлер;

көше – мұражай;

аудитория – интерактив тақта.

б)

А: Сен білесің бе, менің жұмысымда қате бар!

Б: Шын ба, өкінішті!

А: Ал сенің жұмысыңда ше?

Б: Менде ме? Жоқ десе болады.

(Почти нет).

Аударма, есеп, тест, бағдарлама, жауап,

диктант, шығарма, эссе.

в)

А: Дәулет Сабырұлы қайда? Білесіз бе?

Б: Ол өзінің кабинетінде боламын деген.

А: Оның кабинетінде болдым. Онда ешкім жоқ.

Ол – бөлме;

Олар – офис;

Айдос – кафедра;

Ол – лаборатория;

Олар – аудитория;

Марат – гараж.

10-тапсырма. Барлық (весь) сөзінің қолданысына назар аударыңыз. Барлық мемлекет; барлығы туралы (обо всем); барлық ел; барлық ел туралы; барлық бала, барлық бала туралы.

11-тапсырма. Модель бойынша диалог құрыңыз.

А: Мынау қандай кітап?
Б: Бұл проспект. Мұнда барлық фирма туралы жазылған.

қала, мұражай, өнеркәсіп, университет, факультет, көрме, бәрі, барлығы.

12-тапсырма. Модель бойынша диалогтар құрыңыз.

а)

А: Мына мақала қай газетте болды?
Б: «Жас Алашта» сияқты.

Сұқпат – «Егемен Қазақстан».
материал – «Ана тілі».
ақпарат – «Астана».
мақала – «Қазақ әдебиеті».
хабар – «Нұр Астана».
хат – «Айқын».
эссе – «Қазақ университеті».

б)

А: Қайда оқисыз?
Б: Университетте. Ал сіз ше?
А: Мен де. Қай факультетте?
Б: Филология факультетінде, сіз ше?
А: Тарихта.
Б: Қай курста?
А: Екінші(де). Сіз ше?
Б: Мен де екінші(де).

Педагогикалық институт: физикалық, химиялық.
Еуразия университеті: заң, философия, әлеуметтану, география, экономика.
Қазақ университеті: биология, геология.
1, 2, 3, 4, 5
7-9, 6-11, 16-10, 21-19, 4-5, 8-12

13-тапсырма. Модель бойынша диалог құрыңыз.

А: Бізге қонаққа келіңіз.
Б: Рахмет. Қайда тұрасыз?
А: Абай даңғылы, 26-шы үй.
Б: Қай автобус барады?
А: 128-ші автобус барады.
Б: Қай аялдама?
А: Бесінші. Мен 12-ші үйде, екіншісі қабатта, 22-ші пәтерде тұрамын.

Фараби даңғылы, 7-үй; 111 – автобус.
3 – аялдама; 10 – қабат, 67 – пәтер.
Сейфуллин даңғылы, 12 – үй, 5-ші троллейбус, 4-ші аялдама.
1 – үй, 5-қабат, 24-пәтер.

14-тапсырма. Диалог құрыңыз. Жолдастарыңыздан сұраңыз: Кім қайда, қандай көшеде, қандай үйде, қандай қабатта, пәтерде тұрады?



Бұл арал оңтүстікте, Тынық мұхитта.
Бұл қала Қазақстанда, Жайықта.

15-тапсырма. Модель бойынша диалог құрыңыз.

а)

А: Ла Скала театры қайда? Есіңізде ме?
Б: Әрине, есімде: Миланда, Италияда.
А: А, иә... Әрине, Миланда. Рахмет.

Балқаш – Орталық Қазақстан;
Байкал – Сібір, Ресей;
Лувр – Париж, Франция;
Бәйтерек – Астана – Қазақстан.

.....
.....

б)

А: Финляндия қайда?

Б: Финляндия ма? Еуропада.

А: Нақты қай жерде?

Б: Солтүстікте. Финляндия Солтүстік Еуропада.

Канада – Америка – солтүстік - *Солтүстік Америка.*

Украина – Еуропа – шығыс - *Шығыс Еуропа;*

Тунис – Африка – солтүстік - *Солтүстік Африка;*

Вьетнам – Азия – оңтүстік-шығыс – *Оңтүстік Шығыс Азия;*

Франция – Еуропа – батыс – *Батыс Еуропа;*

Аргентина – Америка – оңтүстік – *Оңтүстік Америкада;*

Чехия – Еуропа – орталық – *Орталық Еуропада;*

Сирия – Азия – батыс – *Таяу Шығыс.*

!

Бұл арал Тынық мұхитында.

А: Кипр қайда?

Б: Жерорта теңізінде.

Мадагаскар – Үнді мұхиты;

Сахалин – Охот теңізі;

Канар аралдары – Атлант мұхиты;

Жаңа Зеландия – Тынық мұхит;

Корсика – Жерорта теңізі.

г)

А: Байкал қайда?

Б: Ресейде.

А: Қай бөлігінде? Еуропалық бөлігінде ме, Азиялық бөлігінде ме?

Б: Азиялық бөлігінде. Байкал – Шығыс Сібірдегі көл.

Сочи – еуропалық – курорт – Қара теңіз;

Калининград – еуропалық – порт – Балтық теңізі;

Екатеринбург – еуропалық – Жайық;

Ақтау – порт – Батыс Қазақстан.

16-тапсырма. а) Диалог құрыңыз. Бір-біріңізден туған еліңіз, туған қалаңыз туралы сұраңыз (не, қайда орналасқан?)

б) Ойнайық. Біреуі елді, қаланы, теңізді, тауды т.б. атайды; ал басқа біреуі бұл қайда орналасқанын айтады.

Мысалы: Астана

Бұл қала Қазақстанда, орталық бөлігінде.

!

Бұл мақала не туралы?

Бұл мақалада не туралы сөз болып жатыр?

17- тапсырма. Модель бойынша диалогтар құрыңыз.

А: Мынаның өте қызық мақала екенін айтады. Ол не туралы? Білесіз бе?

Б: Бұл мақалада Қазақстан Экономикасы туралы ақпараттар бар.

кітап – ұлттық мәселе;

сұқпат – экологиялық жағдай;

фильм – бүгінгі жастар;

диссертация – Қазақстан банктері;

мәтін – Еуразия университеті;

телебағдарлама – парламенттік сайлау.

!

Олар қай тілде сөйлейді?

Қазақша. Олар қазақша сөйлейді.

18-тапсырма. Модель бойынша диалогтар құрыңыз.

А: Мексикада қай тілде сөйлейді?
Б: Мексикада ма? Испан тілінде.
Онда испанша сөйлейді.

Канада, Бразилия, Бельгия, Чили,
Австралия, Финляндия, Греция, Испания,
Египет, Қазақстан, Алжир, Қытай.

19-тапсырма.

- а) Сұраққа жауап беріңіз.
1. Сіз қай тілдерде сөйлейсіз?
 2. Сіздің достарыңыз қай тілдерде сөйлейді?
 3. Латын Америкасында қай тілдерде сөйлейді?
 4. Швейцарияда қай тілдерде сөйлейді?

б) Ойнайық. Біреуі елді айтады, ал біреуі сол жақта сөйлейтін тілдерді айтады.

Мысалы: - Канада

- Канадада ағылшын және француз тілдерінде сөйлейді.

в) Ойнайық. Біреуі тілді атайды, ал басқасы осы тілде сөйлейтін елді атайды, бұл ел қай-да және онда кімдер тұратынын айтады.

Мысалы: - Португал тілі.

- Португал тілінде Португалияда, Бразилияда, Анголада сөйлейді, Португалия португалдықтар тұрады. Бразилия Оңтүстік Америкада, Бразилияда бразилиялықтар тұрады. Ангола Африкада, оның орталық бөлігінде, Анголада анголалықтар тұрады.



Ол өзінің бір досы туралы, өзінің бірнеше досы туралы, өзінің көптеген достары туралы, өзінің барлық достары туралы айтады

20-тапсырма. Модель бойынша диалогтар құрыңыз.

а)

А: Ол бір шет тілінде сөйлей ме?
Б: Ол екі шет тілінде сөйлейді.

3, 1, 5, 4, бірнеше, барлық славян,
көптеген еуропалық 6, 12.

б)

А: Сіз барлық Алматы театрында болдыңыз ба?
Б: Бәрінде емес, бірақ көбісінде. Ал сіз ше?
А: Мен екеуінде ғана болдым.

еуропа елдері – 7;
көне қалаларда – дүкені – бірнеше;
футбол матчсы – 2;
лингвистикалық семинар – 9;
әдеби мұражай – 2.

в)

А: Есіңде ме, мен саған Астаналық достарым туралы айтып едім ғой.
Б: Кімдер? Дәулетовтар ма.
А: Иә, солар туралы. Олар қазір Алматы облысында тұрады.

Мектептегі достар – Ахметовтар.
Сол жағалау – көше;
Университеттік достар – Жандарбековтер – біздің қабат;
Немере әпкем – Рахмановалар – Орал;
Американдық әріптестер – Бернштейндер – Латын Америкасы.

21-тапсырма. Сізге кім туралы көбірек білу – қызықты болар еді? (тізімнен өзіңіз таңдаңыз, немесе өзіңіздің нұсқаңызды ұсыныңыз).

Мысалы: Белгілі қазақ жазушысы М.Әуезов туралы білу – қызықты болар еді.

Белгілі испан суретшісі Пабло Пикассо; атақты аргентиналық футболист Диего Марадона; ресейлік тамаша балерина Майе Плисецкая; танымал қазақ композиторы Нұрғиса Тілендиев.

22-тапсырма. *Жатыс септігінде мезгіл мәнді сөздердің берілу формасын есіңізге түсіріңіз.*

Мезгіл мәнді құрылымның жатыс септігінде берілуі

апта	ай	жыл	ғасыр
өткен аптада	өткен айда	өткен жылы	өткен ғасырда
осы аптада	осы айда	осы жылы	осы ғасырда
келесі аптада	келесі айда	келесі жылы	келесі ғасырда

! Қай айда?

қыста	көктемде	жазда	күзде
желтоқсанда	наурызда	маусымда	қыркүйекте
қаңтарда	сәуірде	шілдеде	қазанда
ақпанда	мамырда	тамызда	қарашада

! Қай жылы?

Бір мың тоғыз жүз тоқсан сегізінші жылы.

Екі мың үшінші жылы.

Екі мың бесінші жылы.

! Қай ғасырда?

Он тоғызыншы ғасырда. Жиырманшы ғасырда. Жиырма бірінші ғасырда.

23-тапсырма. *Нұсқалардан қажетті бірліктерді таңдап, модель бойынша диалогтар құрыңыз.*

а)

А: Туған күніңіз, жылыңыз қашан? Қыста ма?

Б: Иә, қыста. Ақпанда.

көктемде, жазда, күзде, қыста...
наурыз, маусым, қараша, тамыз, мамыр,
қаңтар.

б)

А: Астанаға қашан келдіңіз? Жазда ма?

Б: Жоқ, күзде, қыркүйекте.

қыста, көктемде, жазда, күзде...
ақпан, қаңтар, наурыз, сәуір, мамыр,
маусым, қазан, желтоқсан.

24-тапсырма. Модель бойынша диалогтар құрыңыз.

а)

А: Астанаға қашан келдіңіз?

Б: Өткен жылы, наурызда.

осы жыл – ақпан;
1998 – мамыр;
1989 – маусым;
өткен жыл – ақпан;
1997 – қараша;
осы ай - өткен апта.

б)

А: Үйге қашан қайттыңыз?

Б: Осы жылы, маусымда.

келесі жылы – сәуірде;
2001 – желтоқсан;
2003 – ақпан;
осы ай – келесі апта;
осы жыл – келесі ай.

в)

А: Сіз осы театрда болдыңыз ба?

Б: Мен онда өткен аптада болдым.

А: Тағы қандай театрларда болдыңыз?

Б: Негізінен бәрінде.

қала – өткен жыл;
ел – өткен ай;
мұражай – өткен апта;
көрме – осы жылы;
лекция – осы апта;
кинотеатр – осы ай.

А: «Жасөспірімдер» театры қайда? Білесің бе?

Б: Кардиологиялық емханаға қарсы жақта, кітапхананың жанында.

Тарихи мұражай – Тимерязев көшесі – ҚазМУ;
Суретшілер үйі – Мәдениет парк: - консерватория;
Музыкалық академия – опера театры – жаңа цирк, ұлттық кітапхана – «Бәйте-рек» мұражайы

25-тапсырма.

а) Диалог құрыңыз, бір-біріңізге сұрақ қойыңыз: кім қайда, қашан туылды?

б) Ойнайық. Диалог құрыңыз. Бір-біріңізге танымал адамдар туралы сұрақ қойыңыздар (тізімнен таңдаңыз немесе өз нұсқаңызды ұсыныңыз).

Мысалы: - Абай туралы не білесіз? – Абай – қазақ ақыны. Ол XIX ғасырда өмір сүрді.

Альберт Эйнштейн – АҚШ – XX ғасыр; Христофор Колумб – Испания – XV ғасыр; Ахмет Байтұрсынов – Қазақстан – XX ғасыр; Михаил Васильевич Ломоносов – Ресей – XVIII ғасыр; Исаак Ньютон – Англия – XVII-XVIII ғасыр; Иоганн Себастьян Бах – Германия – XVIII ғасыр.

26-тапсырма.

а) Өзіңіз туралы айтыңыз. Келесі сұрақтарға жауап беруге тырысыңыз.

1) Қайда дүниеге келдіңіз?

2) Қашан дүниеге келдіңіз?

3) Қайда тұрдыңыз, қазір қайда тұрасыз?

- 4) Қай тілдерде сөйлейсіз? Сіздің отбасыда қай тілде сөйлейді?
- 5) Сіздің елде қай тілдерде сөйлейді?
- 6) Қайда оқыдыңыз?
- 7) Қашан мектепке бардыңыз?
- 8) Университетке қашан түстіңіз? Қашан жұмыс істей бастадыңыз?
- 9) Әдетте, қайда демаласыз?
- 10) Соңғы рет қайда, қашан демалдыңыз?
- 11) Астанада қайда тұрасың?
- 12) Астанаға қашан келдіңіз?
- 13) Астанада қайда оқисыз?
- 14) Үйге қашан қайтасыз?
- 15) Қайда жұмыс істегіңіз келеді?
- 16) Диалог құрыңыз. Бір-біріңізге жоғарыдағыға ұқсас сұрақтар қойыңыз.

27-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Сендер қашан *стипендия* аласыңдар?
Б: Келесі сәрсенбіде.

құжаттар – сәрсенбі – дайындау;
 сабақ кестесі – дүйсенбі – білу;
 Алматы – қайту – сенбі;
 іс сапар – келесі апта – кету.

А: Қашан, қайда кездесеміз?
Б: Сағат жетіде, «Университет» аялдамасында

2 – кафедра;
 3 – соңғы аялдама;
 4 – жастар театры;
 5 – 12 аудитория
 6 – министрліктер үйінің қасы;
 7 – «Бәйтеректің» қасы



Бүгін үшінші наурыз

Бұл үшінші наурызда болған.

28-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Ол қашан келді? Наурызда ма?
Б: Иә. Ол үшінші наурызда келді.

5- қыркүйек;
 15-сәуір; 2-маусым;
 16-ақпан; 30-тамыз;
 12-қазан

б)

А: Ертең Айгүлдің туған күні ғой, ұмытқан жоқсың ба?
Б: Ертең бе? Мүмкін емес! Ол үшінші мартта туған емес пе?
А: Иә, үшінші, бүгін екісі ғой.
Б: Иә, әрине! Есіме салғаныңа рахмет.

Бауыржан – 06.02;
 Ерлан – 25.10;
 Мақпал – 24.09;
 Дастан – 31.03;
 Салтанат – 10.10;
 Айнұр – 31.08;
 Рахия – 24.12;
 Гүлназ – 23.09.

в)	
А: Сіз көптен бері Астанадасыз ба?	01.09 – 30.12;
Б: Оныншы тамыздан бері.	03.10 – 04.01;
А: Әлі ұзақ боласыз ба?	25.05 – 24.07;
Б.Бірінші желтоқсанға дейін.	06.02 – 11.11;
	18.03 – 29.04.



Маңында, қасыңда
Үйдің алдында кішігірім бақ бар.

29-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Кітапхана, қайда? Айтыңызшы?

Б: Әне, ана жерде, сквердің арғы жағында.

А: Иә, көріп тұрмын. Рахмет. Ана бұрыш, киоск, алаң, бульвар, емхана, ағаш (университет, мұражай, мектеп, театр)

30-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

а) Қазақстан мерекелері қашан тойланады?

1. Ата заң күні қашан тойланады?
2. Республика күні қашан тойланады?
3. Тәуелсіздік күні қашан тойланады?
4. Жаңа жыл қашан тойланады?

б) Шетелдік болсаңыз, сіздің елде қандай мерекелер бар, қашан тойланады?

Екінші дүниежүзілік соғыс қашан басталды. (01.09.1939)

в) Ұлы Отан соғысы қашан басталды. (22.06.1941)

Ұлы Отан соғысы қашан аяқталды. (09.05.1945)

Космосқа адам бірінші рет қашан ұшты. (12.04.1961)

в)

1. Сіз қашан туылдыңыз.
2. Сіздің ата-анаңыз қашан туылды?
3. Астанаға қашан келдіңіз?

Шығыс септігі

Шығыс септігінің мағыналарына назар аударыңыз.

- қозғалыстың шығу нүктесі
- байланыс құралы
- жақ, тұлғаның тегі қайдан екендігі, кейде заттың қайдан екендігі
- қозғалыс немесе кеңістіктік қатынас
- дыбыстың, жарықтың, иістің, таралуы және ақпараттың таралу көзі (тақырыптарда)

Мен университеттен келдім.
Мына фильмді теледидардан көрдім.
Сіз оңтүстіктен сияқтысыз.
Иә, Таразданмын. Жақсы.
Мына кітаптар әкемнің кітапханасынан еді.
Кеше келген хат әскери бөлімнен.
Алматыдан Астанаға саяхат.
Жаны нұрдан жаралғандай.
Залдан күлкі естіледі.
Ғарыштан келген ақпарат.
Президент поштасынан.
Сот залынан.

- басталатын әрекет пен құбылыстың мезгілі (тақырыптары)

- фабрикативтік, заттың неден істелгені

Отты жылдардан
Ғасыр қойнауынан.
Балалық шақтан.

Жұқа металдан жасалған.

1-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасулар құрыңыз.

а)

А: Мына мақаланы қайдан алдыңыз?

Б: «Егемен Қазақстаннан»

А: Қай нөмірінен көшіріп алдың?

Б: Бүгінгі.

сұқбат – «Ана тілі» - соңғы;
ақпарат – «Жас қазақ» - кешегі материал -
«Айқын» - жаңа;
мәлімет – «Астана» - жұмыс;
сурет – «Алматы ақшамы»; мерекелік

б)

А: Қайда болдың?

Б: Айдоста. Ол жақында **Батыс**

Еуропадан келді

А: Қалай екен? Риза шығар?

Б: Иә, өте қуанышты

Арман – Канар аралы – демалыс;
Ата-ана – Түркия – турсапар;
Олжас – Батыс Қазақстан – іссапар;
Виктор – Латын Америка – саяхат;
Таныс журналист – Араб
эмираты – осы ел

в)

А: Олар қайда тұрады? Сенің есінде жоқ па?

Б: Меніңше, **Әл-Фараби даңғылынан** алыс емес, бірақ мекен-жайын нақты білмеймін.

Орталық парк, I вокзал, жаңа цирк, Төле би даңғылы, орталық базар, сол жағалау, музыкалық академия.

г)

А: Қашан, қайда кездесеміз?

Б: Сағат жетіде, «Университет» аялдамасында

2 – кафедра;
3 – соңғы аялдама;
4 – жастар театры;
5 – 12 аудитория
6 – министрліктер үйінің қасы;
7 – «Бәйтеректің» қасы

д)

А: Саған сол **жағалаудан** қалай жетуге болады?

Б: «**Балалар әлемінен**» өтесің, поштаньың қасынан түсесің.

Бейбітшілік даңғылы – 12 автобус – «Данияр» қонақ үйі – аяқ киім дүкені;
«Жеңіс» даңғылы – 3-троллейбус – Орталық базар – үлкен мейрамхана;
Ескі алаң – 15-троллейбус – ұлттық кітапхана – мешіт;



Аудару қай тілден (шығыс септігі)

Қай тілге (барыс септігі)

Ол мақаланы қазақ тілінен орыс тіліне аударды

2-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Мен мәтінді **ағылшын тілінен** қазақшаға аударуым керек, ал менің ағылшынша – қазақша сөздігім жоқ.

В: **Көршіңен** алуға болады. Онда бар.

Ол – орыс, француз – Лаура;
Ол – неміс, испан – көршілер;
Біз – ағылшын – итальян – Назым;
Олар – жапон, чех – Пазыл;
Мен – поляк, корей – Жеңіс

!

Екі жаңа	кітап
сөздік	
хат	

3-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Бүгін конференцияда кім сөйледі? (выступал)

Б: Екі ағылшын лингвисті бірнеше – белгілі – экономистер;

3 – американдық саясаткер;
2 – неміс студенті;
4 – шетелдік профессор;
6 – біздің оқытушы

б)

А: Мәтін сонша күрделі емес пе?

Б: Жоға (жоқ - а). Онда үш таныс емес сөз болды.

4 – жаңа – сөз;
7 – аударылмайтын – сөз;
2 – қиын – фраза;
5 – күрделі – сөйлем;
Бірнеше, түсініксіз – термин.

в)

А: Қай қазақ жазушысын **бәрінен** көп оқисыз?

Б: Қазақ жазушыларынан мен Дулат Исабековты **бәрінен** көп оқимын.

Қазақ композиторлары – Ш.Қалдаяқов;
тыңдау
Қазақ ақындары – М.Мақатаев;
Алматы театрлары – «М.Әуезов атындағы драма театры»; бару
Қазақ тағамдары – қуырдақ; жақсы көру
Қазақ ақындар – Мағжан Жұмабай.

!

Токио – әлемдегі үлкен қалалардың бірі.
Ресей – әлемдегі үлкен елдердің бірі.
Балқаш – әлемдегі үлкен көлдердің бірі.

г)

А: М.Әуезов кім, білесің бе?

Б: Әрине, Ол Қазақстанның ұлы жазушыларының бірі.

Альберт Энштейн – біздің – ғасыр – данышпан ғалым;
Уинстон Черчилль – осы ғасыр – талантты саясаткер
Никита Михалков –
Ресей – танымал режиссер
Пеле – XX ғасыр – танымал спортсмен.

4-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Кешіріңіз, Маған Айжан Серікқызының үй телефонын бере аласыз ба?

Гүлжан Исақызы, Бақыт Сейітұлы, Жанболат Құрмашұлы

б)

А: Семинарда не болды?

Б: Біз Әбіш Кекілбайдың шығармашылығы туралы айттық.

әңгіме – Дулат Исабеков;
шығармалар – Франц Кафка;
өлеңдер – М.Мақатаев;
романдар – Достоевский
комедия – Жан Батист Мольверт;
пьеса – Сәкен Жүнісов
поэзия – Күләш Ахметова;
поэмалар – Ілияс Жансүгіров

5-тапсырма. Сұқбаттасу құрыңыз.

Бір-біріңізге жолдастарыңыздың сүйікті жазушы, ақыны, киносы т.б. туралы сұрақтар қойыңыз.

Мысалы: Қазіргі режиссерлердің қай фильмін жақсы көресіз?

- Мен Куросованың, Сатыбалды Нарымбетовтың, Бергманның фильмдерін жақсы көремін.

6-тапсырма. Модель бойынша диалог құрыңыз.

а)

А: Қайырлы күн! Жеңіс үйде ме?

Б: Жоқ. Ол әлі университеттен келген жоқ.

А: Қашан келеді? Ол **сағат сегізден кейін** келемін деген.

Назым – факультет – 2;
Жанар – кітапхана – 3;
Нүргүл – сабақ – 5;
Олжас – дәріс – 4;
Раушан – семинар – 7;
Айдос – концерт – 9;

!

Ол

өзінің бір досынан хат алады.
өзінің бірнеше достарынан хат алады.
өзінің көп досынан хат алады.
өзінің барлық досынан хат алады.

7-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Сен Алматы театрларының бәрінің адресін білесің бе?

Б: Жоқ, бәрін емес, біразын (многих) білемін.

телефондары – сенің әріптестерің – бірнешеу;
аты – сенің көршілерің – тек қана бірнешеу;
белгілі футболистер – фамилиясы – 4 немесе 5;
атауы – алматы көшелері – бірақ көпшілігі;
астаналар – еуропалық мемлекеттер – бәрін дерлік;
туған күн – қазақ жазушылары – тек қана 2 немесе 3

! Одан көптен бері ешқандай хабар жоқ.

8-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Қоңырау болды ма? | сұрақ, хат, қиындық, мәселелер, қателер, ескертулер, газет, журналдар.
Б: Жоқ, ешқандай қоңырау болған жоқ.

9-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)
А: Сіздің қалаңызда қанша адам тұрады?
Б: Нақты білмеймін. Екі миллионға жуық. | ел – 100 млн;
аудан – 3 млн;
үй – 500 адам;
ауыл – 4 мың;
қабат – 30 адам;
қонақ үй – 3000 адам.

б)
А: Сіздерде қызметкерлердің штаты үлкен бе?
Б: Бізде екі жүзден астам адам жұмыс істейді? | көбірек, азырақ,
100, 90, 40, 70, 1000, 450

10-тапсырма. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіз Астанада көптен бері тұрасыз ба?
2. Сіздің қалаңыздан Алматыға дейін самолет неше сағат ұшады?
3. Үйден университетке дейін қанша уақыт жүресіз?
4. Сіздің қалаңызда қанша адам тұрады?
5. Сіздің еліңізде қанша адам тұрады?

12.00 – түс
12.05 – **он екіден** бес минут кетті
12.30 – он екі жарым
12.45 – бірге он бес минут қалды
12.55 – бірге бес минут қалды
13.00 – күндізгі сағат бір

11-тапсырма. Қашан жұмыс істейді, айтыңыз. Модельді пайдаланыңыз.

Дүкен
жұмыс істеу уақыты:
10.00 – 21.00
түскі үзіліссіз

Дүкен таңертеңгі **сегізден**
кешкі сегізге дейін жұмыс істейді.
Түскі үзіліс **екіден** үшке дейін

а)

Дәріхана
Жұмыс уақыты:
10.00 – 21.00
Түскі үзіліссіз

б)

Мұражай
жұмыс істеу уақыты:
11.00 – 18.00
түскі үзіліссіз

Жинақбанк
жұмыс уақыты:
08.00 – 19.00
түскі үзіліс
13.00-14.00

Пошта
жұмыс істеу уақыты:
09.00 -18.30
түскі үзіліс
14.00-15.00

12-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Сенің дүйсенбіде сабағың бар ма?

Б: Иә, **тоғыздан** үшке дейін

А: Ал үштен кейін боссың ба?

Б: Иә, бірақ жетіге дейін

Бейсенбі – 10-4; 8;

Сәрсенбі – 11 -5; 9;

Бейсенбі – 9.30-12; 3;

Жұма – 10.30 -13.30; -4;

Сенбі -11.30 -14.30; 6.30

Ертең -01.00-17.30; 11;

Бүрсі күні -2 -6; 10



(12.10)

Дәріс сағат он екіден он минут кеткенде басталды.

Семинар сағат бір жарымда (13.30) аяқталды.

Сабақ он екіге бес минут қалғанда (11.55) бітті.

А: Біз қашан кездесеміз?

15.15 –те (үштен 15 минут кеткенде)

13.10; 17.40; 18.00; 14.45;

16.30; 8.15; 11.05; 14.35

13-тапсырма. Өзіңіздің сабақ кестеңіз туралы жазыңыз.

Айтыңыз: Қашан сабақта боласыз? Бос уақытыңыз қашан және т.б. айтыңыз.

14-тапсырма. Сұқбаттасуды оқыңыз.

Жеңіс: Ләззат, сәлем! Қазір не істеп жатырсың?

Лаура: Лекция бар.

Жеңіс: Қашан бос боласыз?

Лаура: Әзірге жоқ. Немене?

Жеңіс: Менде театрға екі билет бар. Жаңа спектакльге.

Лаура: Жақсы, барайық.

Жеңіс: Онда ертерек сағат төртте кездесейік.

Лаура: Жақсы, неге ертерек? Спектакльдің басталуы сағат жетіде емес пе?

Жеңіс: Бір жерлерде отырайық, қыдырайық. Сен сабақтан кейін тамақ ішпейсің бе?

Театрдан алыс емес бір жақсы кафе бар.

Лаура: Театрға қарама-қарсы жақта. Кітаптар дүкенінің оң жағында.

Лаура: Жақсы. Қайда, қашан кездесеміз, келісіп алайық.

Жеңіс: Театрдың алдында.

Сағат қаншада келесің?

Лаура: Сағат төрт жарымда.

Жеңіс: Жақсы. Кездескенше.

б) Сіз және сіздің досыңыз кинотеатрға баратын болдыңыз. Қашан, қайда кездесесіңдер, келісіңіздер.



Мен бұл туралы радиодан естідім.
Бұл туралы теледидардан хабарлаған.
Мен осы фильмді теледидардан көрдім.

15-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Мен мына әңгімені газеттен оқығанмын.
Б: Мен де осы әңгімені радиодан тыңдағанмын.

журнал – мақала;
кітап – үзінді;
фильм - теледидар

16-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Бүгін теледидарда бірдеңе бар ма?
Б: Иә, кешке қызық хабар болады.
А: Қай каналдан береді?
Б: «Ел арна», «Қазақстан», «Астана» телеарналарынан.

сұқбат – бірінші (арна) – «Хабар»;
дебат – үшінші (арна) – «Қазақстан»;
концерт – төртінші – «Астана» (канал);
пікір – талас – бесінші – «Ел арна»

17- тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасулар құрыңыз.

А: Алло! Үйдесің бе? Қазір келемін.
Б: Қайдан телефон шалып тұрсың?
А: Университеттен.
Б: Жарайды. Университеттен менің үйіме дейін 20 минутта келесің. Күтемін.

кітапхана – біздің үй – 15 минут;
орталық – біз – бір сағат;
жұмыс – факультет – 25 мин.
үй – менің жұмысым – 30 мин.
аэропорт – менің офисім – 1 сағат 30 мин.

Көмектес септігі

Көмектес септігінің мағыналарына назар аударыңыз.

- транзитивтік

Шөлмен, таумен жүрдік.

- мезгілдік

Самолет ауыл үстімен ұшты.

- инструментив

Әуе жолымен, орманмен, даламен жүрдік.

- медиатив (қимыл-әрекет тәсілі)

Тауық шақырысымен жоға шықты.

Ерте көктеммен бірге келген құс.

Таң шапағымен бірге оянды.

Соңғы гранатамен қалды.

Білім инемен құдық қазғандай.

Бірлескен күшпен жеңдік.

Жергілікті ресурстармен

жұмыс істедік. Айғаймен іс бітпейді.

- қозғалыс құралы

Поезбен, автобуспен жол жүрдік.

1-тапсырма. Көмектес септігі тұлғасын есіңе түсіріңіз.

2-тапсырма. Көмектес септігін меңгеретін етістікке назар аударыңыз, көмектес септікті сөз тіркесімен сөйлем құраңыз. Кестені пайдалануыңызға болады.

а) немен айналысу немен мақталу кіммен	спорт, гимнастика, музыка университет, бала, әпке
б) немен ауыру	тұмау, ангина
в) кіммен танысу кіммен амандасу кіммен қоштасу кіммен кездесу кіммен әңгімелесу, сөйлесу кіммен келісу кіммен кеңесу кіммен дауласу	оқытушы, әріптестер, қыз көрші, достар, топ ата-ана, үй, отбасы құрбы, жолдас туыстар, шеше, хатшы аға, әріптес дәрігер, адвокат, мамандар досым, көршілер
г) немен жазу немен жуу немен жазалау немен кесу	қалам сабын шөтке пышақ



Немен айналысу?
Ол аудармамен айналысады.

3-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Мамандығы бойынша ол кім? Білесің бе?

Б: Меніңше ол бағдарламалаумен айналысады.

демография мәселелері фольклор, тіл тарихы, Шәкәрім шығармашылығы, әдебиет теориясы, микробиология, құрылыс, жарнама

4-тапсырма. Сұқбаттасу құрыңыз.

Жолдастарыңыздан кім немен айналысады, мамандығы бойынша кім сұраңыз.



Айдоспен
Менің Айжанмен кездесуім керек
қызбен

5-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Үйге барасың ба?

Б: Жоқ, Менің әлі оқытушымен сөйлесуім керек.

кітапханашы, декан, әріптес, бухгалтер, хатшы, әріптестер, Айжан Серікқызы



Ол шайды сүтпен ішеді.

6-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Сен шайды қантпен ішесің бе?

Б: Иә, рахмет.

А: Бутерброд жейсің бе?

Б: Иә, ірімшікпен болса.

лимон
сүт
тосап
таңқурай
қаймақ

шұжық
балық
май
уылдырық
паштет
ет

б)

А: Бәліш алыңыз.

Б: Немен екен?

А: Мынау күрішпен, ал анау картоппен.

Б: Мен картоппен піскен бәлішті жейін.
Дәмді екен.

алма – қара өрік;
ет – балық;
капуста – жұмыртқа;
жүзім – қураға;
сәбіз – шие.

в)

А: Екіншіге не жейсің?

Б: Котлет.

А: Немен?

Б: Күрішпен

тұшпара – қаймақ;
пицца – саңырауқұлақ;
ет – макарон;
балық – картоп;
құймақ – уылдырық.

7-тапсырма.

Әдетте сіз таңертеңгілік аста, түскі аста, кешкі аста не жейсіз әңгімелеңіз, жолдастарыңыздан да сұраңыз.



Оның жоспары бизнеспен байланысты
Бұл оның отбасымен байланысты

8-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Ол немен айналысады? Білесіз бе?

Б: Айтқан жоқ. Мен оның жұмысы театрмен байланысты екенін білемін.

генетика
автомобиль
қаржы
ғарыш
мұнай
медицина
жарнама
сауда
құрылыс
авиация

9-тапсырма. Жіктеу есімдігінің көмектес септіктегі тұлғасын есіңізге түсіріңіз.

Мен – менімен

Сен – сенімен

Сіз – сізбен

Ол – онымен

біз – бізбен

сендер – сендермен

сіздер – сіздермен

олар – олармен

10-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Сен қазір боссың ба?

Б: Иә, не болды?

А: Менің сенімен сөйлесуім керек.

Сіз, ол, олар, Сабыр Дайырұлы,
Айман Мұқашқызы, директор

б)

А: Біз киноға барамыз.

Бізбен барасың ба?

Б: Қуана барамын

Мен – футбол;
Ол – асхана;
Ол – көрме;
Олар – стадион;
Қарлығаш - бассейн

в)

А: Сен мына кісіні білесің бе?

Б: Мен онымен таныс емеспін.

Мақсатпен бірге келген сияқты.

әйел – Ілияс;
жас жігіт – Назым;
бала – Сабыр;
қыздар – Мұрат;
жігіт – Нұргүл.

г)

А: Біз сені ертең кешке күтеміз.

Б: Досыммен келсем бола ма?

А: Әрине, біз онымен танысатынымызға қуанамыз.

құрбы, қыз, достар, әпке,
әріптестер, жолдас,
қалыңдық, жігіт

! Ол өзімен бірге ылғи фотоаппаратын алып жүреді.

11-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Сен бізбен бірге барасың ба? Фотоаппаратыңызды ұмытқан жоқсың ба?

Б: Жоқ. Оны мен ылғи өзіммен бірге алып жүремін.

Ол – кинокамера;
Олар – құжаттар;
Ол – паспорт;
Сіз – студенттік билет;
Әке – ақша;
Олжас – телефон.

12-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Сіз осы автормен келісесіз бе?

Б: Иә, мен онымен келісемін.

шешім, қорытынды, пікір, баға, сын, баяндамашы

13-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Сен Дәуренге хабарластың ба?

Б: Хабарластым. Ол жоқ екен. Мен оның шешесімен сөйлестім.

Исатай мырза – хатшы
Назым Аймағанбетқызы – әріптес;
Айжан – шеше;
Мамыров – көмекші;
Дәулетовтар – баласы;
Мен – әйелі;
Ата-ана – көршілер.

б)

А: Сіз мына кісімен таныссыз ба?

Б: Иә, Ол менің ағаммен бірге жұмыс істейді.

оқу:

жігіт – менің қызым;
ағылшын – біздің көрші;
немістер – біздің достар;

жұмыс істеу:

журналист – біздің көрші;
ер кісі – менің ағам.

14-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Мен оны спортпен айналысады деп естіп едім.

Б: Қазір айналыспайды, бір кезде ол жақсы спортсмен болған.

Сен – бокс – жақсы боксер;

Ол – теннис – шебер теннисші;

Сіз – шахматшы;

Ол – жүзу – керемет жүзгіш;

Сіздің әйеліңіз – шаңғы – олимпиадалық чемпион;

15-тапсырма. Сіз спорттың қай түрімен айналысасыз, бұрын қай түрімен айналыстыңыз, бұрын қай түрімен айналыстыңыз, жолдастарыңыз спорттың қай түрімен айналысады, айтыңыз, әңгімелеңіз.

16-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

а)

А: Сізге бір шетелдік телефон соқты (звондады).

Б: Шетелдік дейсің бе? Немене ол қазақша сөйлемей ме?

А: Сөйледі, бірақ сұмдық акцентпен сөйледі.

грамматикалық қате;

үлкен пауза;

фонетикалық қате.

17-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Сенің таныс ағылшындарың бар ма?

Б: Иә, мен бірнеше ағылшын студенттермен таныспын.

француз – 1 француз журналисі;

немістер – 1 неміс бизнесмені;

қытай – 3 қытай оқытушысы;

итальян – 2 итальян ғалымы.

Ол досымен келді.

! Ол ата-анасымен бірге тұрады.

Ол театрда құрбысымен бірге болды.

18-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Демалуға сен кіммен бірге барасың?

Б: Досыммен.

Әділбаевтар – достары;

Олар – балалар;

Ол – күйеуі;

Сабыр – ата-анасы;

Сіз – Таңат Аяпова;

Балжан – құрбысы.

19-тапсырма. Модель бойынша сұқбаттасу құрыңыз.

А: Айжан бұл партияны қалай жеңді екен?

Б: Айжан оны шыдамдылықпен жеңді.

соғыс – табандылық;

ойын – қайсарлық;

матч – ұқыпты ойнау;

2 – БӨЛІМ

1. Субъектілік-предикаттық қатынастың берілуі

*Заттың (құбылыстың) сын-сипаты мен дәреже деңгейін білдіру
(Выражение квалификации и характеристики предмета (явления))*

1-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Байланыстырушы сөздерге назар аударыңыз.

Өмір дегеніміз – материяның өмір сүруінің ең жоғарғы формасы. Ғылым дегеніміз – жүйеленген білім. Көру мен түсіну қуанышы – **Эйнштейннің сөзімен айтсақ**, табиғаттың ең тамаша сыйлығы.

Өзіңіз жалғастырыңыз: оң жақта берілген сөздерден таңдаңыз.

Ел іші -	ат
Халық -	алтын бесік
Ер қанаты -	дана
Аң патшасы -	арыстан
Құс патшасы -	немене
Жақсы деген -	бүркіт
Жаман деген -	

2-жаттығу. Сөйлемдерді, сұрақтарды оқыңыз, жалғастырыңыз.

1. К.Э.Циолковский – космонавтиканың негізін салушы.
2. Әлкей Марғұлан – қазақтың энциклопед ғалымы.
3. Шоқан Уәлиханов – белгілі саяхатшы, танымал еңбектердің авторы.
4. Бауыржан Момышұлы – қазақ халқының батыры.

- К.Э.Циолковский кім?
- Әлкей Марғұлан кім?
- Шоқан Уәлиханов кім?
- Бауыржан Момышұлы кім?

- II. 1. Темір (Fe) дегеніміз – металл
2. Электрондар, нейтрондар, протондар – қарапайым бірліктер.
- 3.....
- 4.....

- Темір дегеніміз не?
- Электрондар, нейтрондар, протондар дегеніміз не?

3-жаттығу. Берілген сөйлемдерге сұрақ қойыңыз.

В.И.Вернадский – жаңа ғылым саласы – биогеохимияның негізін қалаушы. Софья Ковалевская – көрнекті математик, профессор атағын алған әлемдегі тұңғыш әйел. Күн – бізге жақын жұлдыз. Жақсы сөз – жарым ырыс. Заң білімі – заман талабы. Факт – даусыз нәрсе.

4-жаттығу. Сөйлемдерді салыстырыңыз. Предикатқа, субъектіге назар аударыңыз. Сөйлемдерге сұрақ қойыңыз.

Үлгі: Ғылымның негізгі мақсаты – адамзатқа қызмет ету. Ғылымның негізгі мақсаты не?

1. Экологияның негізгі мақсаты – Жердегі өмірді сақтау мүмкіндіктерін зерттеу.
2. Адамзаттың басты міндеттерінің бірі - өмірдің негізін қамтамасыз ететін (обеспечивающие основу жизни) ауаны, суды қажетті тазалықта (необходимой чистоте) сақтау.
3. Ғылымның міндеті – қоғам мен табиғат заңдарын тану.
- 4.
- 5.

5-жаттығу. Берілген ақпаратты үлгіде берілген құрылыммен өзгертіңіз.

Үлгі: Мұхит – минералды шикізат көзі. Мұхит – минералды шикізат көзі болып табылады. «Музыканың ұлы кітабы» - Әбу Насыр әл-Фарабидің музыка ғылымы туралы трактаты. Өткенді зерттеу – бүгінгі мәдениетті байыту құралы. Қазіргі саясаттың ең басты мәселесі – бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтау. Білім берудегі басты мәселе – оны пайдалана білу.

6- жаттығу.

а) Мәтінді оқыңыз. Б) Су дегеніміз не – деген сұраққа жауап беріңіз. Мәтін ақпаратына сүйене отырып, судың маңызы туралы айтыңыз. б) асты сызылған сөйлемдердің қайсысы субъектімен, қайсысы объектімен берілген, анықтаңыз.

Су – жер шарының басты архитекторы. Оның еңбегімен тау жоталары, далалар пайда болған. Су болмаса, жер үсті теп-тегіс болар еді. Су – планетаның үлкен химиялық фабрикасы: ол периодтық жүйенің 78 элементін еріте алады.

Академик С.П.Карпинский. «Су – ең қымбат байлық. Су – минералды шикізат қана емес; өнеркәсіпті, ауыл шаруашылығын дамыту құралы ғана емес; су – тіршілік, су өмір береді», - деп жазды.

(Сөйлеу тақырыбы: «Су - әлемдік маңызы бар мәселе»)

7-жаттығу. Берілген сөйлемдердің мазмұнын байланыстырушы сөздерді (**дегеніміз, болып табылады**) қолдана отырып, жеткізіңіз.

Үлгі: Француз ғалымы Л.Пастер ғылыми жұмыстың ең жақсы бағалаушысы – уақыт, деді. Ғылыми жұмыстың ең жақсы бағалаушысы дегеніміз – уақыт.

Дәлелдеулердің ең жақсысы – тәжірибе, – деді ол. Университеттік білім берудің ерекшелігі – маманды жалпы біліммен дайындау, – деді министр. Математиканың басты пайдасы – оның амалдарын табиғатты түсіндіру үшін пайдалану, – деді оқытушы. Қазақстанның кейбір белгілі ғалымдары – шетел академияларының құрметті мүшесі, – деді ректор баяндамасында.

8-жаттығу. Берілген сөздер мен сөз тіркестерінен **байланыстырушы** сөздерді пайдалана отырып, мазмұнын жеткізіңіз, жаңа ақпарат субъект туралы ма, объект туралы ма?

Атмосфераның маңызды компоненттерінің бірі; озон қабаттары. Барлық таным; моделдеу. Шығармашылық жұмысқа қабілеттілік; адамдардың басты сипаты. Тірі табиғаттың конструкцияларын пайдалану; көптеген жаңалық жобаларының негізі. Кибернетиканың

техникалық базасы; ЭВМ машиналары және әр түрлі есептеу құрылымдары. Әр түрлі процестерді меңгеру ғылымы; ақпарат теориясы. Біздің күн жүйесіндегі ерекше құбылыс; жер. Жердегі өмірдің маңызды компоненттерінің бірі; су. Табиғатты қорғау; ауқымды мәселе. Гелийдің (He) ашылу тарихы; ғылымның жарқын мысалы.

9-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Назар аударыңыз: көрсетеді, білдіреді, болып табылады, қолданылады, пайдаланылады т.б.байланыстырушы етістікпен берілген құрылымды үлгідегідей өзгертіңіз.

Үлгі: Термометр температураны өлшеу құралы ретінде қолданылады. Термометр – температураны өлшеу құралы.

Табиғи газ, тас көмір және мұнай пластмассаны өндіру үшін *шикізат* ретінде қолданылады; Алюминий электр сымдарын (провод) дайындау материалы ретінде қолданылады. Термометр температураны өлшеу құралы ретінде қолданылады. Азот қышқылы (HNO₃) еріткіш ретінде қолданылады. Тәжірибе теорияның дұрыстығының дәлелдемесі ретінде пайдаланылады. Ұлы ғалымдардың жетістігі (Эйнштейн, Ньютон т.б.) адамзаттың жетістігін көрсетеді.

Заттың субъективтік немесе шартты дәреже деңгейінің берілуі (Выражение субъективной или условной квалификации предмета)

10-жаттығу. Берілген сөйлемдерге назар аударыңыз, өзіңіз де сөйлем жазып көріңіз.

1. Ғалым: ескерткішке деген көзқарас – халық мәдениетінің көрсеткіші болып табылады, – деді.
2. Білімділіктің басты факторы – ана тілінде сөйлеу деп түсінемін

Ғалым ескерткіштерге деген көзқарасты халық мәдениетінің көрсеткіші деп санайды.

Мәдениет үшін ең алдымен білім керек деп ойлаймын. Ой да, тілек те, тіл де, бойдағы бар нәрсе әсем де сыпайы болуы тиіс деп ойлаймын.

11-жаттығу. Ақпаратты «саналады, санайды» байланыстырушы етістігімен айтыңыз.

Үлгі: Хеопс пирамидасы - әлемдегі жеті кереметтің бірі. Хеопс пирамидасын әлемдегі жеті кереметтің бірі деп санайды.

Әлкей Марғұлан өз заманының ғұламасы деп санайды.

1. Бұрын географтар Еуропа мен Азияның арасындағы шекараны Орал өзені деп есептеген. Қазір Еуропа мен Азияның арасындағы шекараны Эмба өзені деп санайды.
2. Әлкей Марғұлан - өз заманының ғұламасы.
3. Амазонка - әлемдегі ең суы көп өзен.
4. Көпірлердің саны бойынша Петербург Венециядан кейінгі екінші қала .

12-жаттығу. Берілген ақпаратты «санау, саналу» құрылымды конструкцияны пайдаланып, айтыңыз. Жазыңыз.

Үлгі: Олжас Сүлейменовтің пікірінше, Николай Рерих – Солтүстіктегі жалғыз ақын. Олжас Сүлейменов **Николай Рерихті** Солтүстіктегі жалғыз ақын **деп санайды.**

1. А.Д.Сахаровтың пікірінше, Байкал – Ресейдің символы.

А. Д. Сахаров Байкалды.....

2. Оқытушының пікірінше, Балқаш – Қазақстанның символы.

Оқытушы.....

3. Ғалымның айтуынша, «Алтын адам» - Қазақстанның символы.

Ғалым.....

4. Ғалым Д.С.Лихачевтің пікірінше, адам – табиғаттың ажырамас бөлігі.

Ғалым.....

13-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Сізге таныс қай құрылым осы сөйлемдерде берілген мағынаны жеткізе алады?*

1. Материалдық мәдениет рухани мәдениет дамиды қондырғы (базис) ретінде қаралады.

2. Жеке адамның дамуы адамзат дамуының негізгі факторы ретінде бағаланады.

Мен оны өзімнің жақтасым ретінде қабылдаймын.

Кім	нені	қарайды	не (қаралады)
		талдайды	не (талданады)
		ұйымдастырады	(ұйымдастырылады)
		бағалайды	не (бағаланады)
		анықтайды	не (анықталады)
		қабылдайды	не (қабылданады)
		түсінеді	
		санайды	не (саналады)

14-жаттығу. *Ақпаратты саналу, санау етістіктерін қолдана отырып жеткізіңіз.*

1. Ұлтаралық қақтығыстар елдің ішкі істері ретінде қаралады.

2. Бұл сөзді мен өкпелту деп түсінемін.

3. Сот магнитофондық жазбаларды дәлелдеме ретінде қарамайды.

4. Мына тестілердің мазмұнын тілдік білімді бағалау ретінде қараймын.

5. Қолыңыздағы сөздікті тақырыптық сөздік ретінде бағалаймын.

15-жаттығу. *Сөйленімді жалғастырыңыз. Оң жақта берілген сөздерді пайдаланыңыз.*

1. Бұл хатты мен ... ретінде қабылдадым.

2. Оқымыстылар өткен тарихты оқу ... деп санайды.

3. Оның әрекетін мен ... деп түсіндім.

4.

5.

өзіл

қазіргі мәдениетті байыту құралы

татуласуға тырысу

16-жаттығу. Жиырмасыншы ғасыр аяқталған, біз осы ғасырда болған оқиғалардың маңызын жеке тұлғалардың рөлін бағалай аламыз. Ғасыр оқиғасы деп әркім әр түрлі пікір айтады, сіз не айтар едіңіз? Ғасырдың әр түрлі оқиғалары, адамдары туралы өз пікіріңізді айтыңыз. Ұсынылған варианттарды пайдалануыңызға болады.

1. Ғасыр құрылысы – Панама каналы, Ла-Манш бұғазы астындағы канал.

Панама каналын, Ла-Манш бұғазы астындағы каналды ғасыр құрылысы деп санаймын.

2. Ғасырдағы жаңалықтар – атом бомбасы, компьютер.

3. Ғасыр сыйлығы – Нобель сыйлығы.

4. Ғасыр фирмасы – Сони, Аидас, Мерседес.

5. Ғасыр апаты – «Титаниктің суға батуы», Токиодағы жер сілкіну (1923), Чернобыль апаты.

6. Ғасыр саясаткерлері – Уинстон Черчилль, Шарль де Голль, Михаил Горбачев.

7. Ғасыр кереметтері -

Зат (ұғым) атауының берілуі Выражение наименование предмета (понятия)

17-жаттығу. *Сұрақтарды және жауаптарды оқыңыз.*

Егер терминді біліп, оның анықтамасын білмесек, қандай сұрақ қоямыз? Егер терминнің анықтамасын біліп, термин-сөзді білмесек, қандай сұрақ қоямыз? Термин-сөз қай септікте қолданылады?

1. Жердің *тіршілік бар қабатын қалай атайды?*
- Жердің тіршілік бар қабатын **биосфера** деп атайды.
2. Жердің *тіршілік бар қабаты қалай аталады?*
- Жердің тіршілік бар қабаты биосфера деп аталады.
3. Биосфера дегеніміз не?
- Жердің тіршілік бар қабаты биосфера деп аталады.
Нені биосфера деп атайды?
- Жердің тіршілік бар қабатын биосфера деп атайды.

18-жаттығу. *Берілген сөйлемдерде жауабы бар сұрақтарды ойластырыңыз. (Сформулируйте вопрос, на который содержится ответ в данном предложении)*

1.? – Дәлелдемесіз қабылданатын пайымдау - аксиома деп аталады.
2.? Бірдей мағыналы сөздер синоним деп аталады.
3.? Қоғам мен қоршаған ортаның өзара әрекетінің заңдылықтары экология деп аталады.
4.? Қарама-қарсы мағыналы сөздер антоним деп аталады.

Назар аударыңыз:

Атау, аталу етістігі ғылыми сөзден басқа жеке атауларда (көркем шығарма, мекеме, өнер атауларында) қолданылады.

Режиссер Шәкен Аймановтың ең танымал фильмі қалай аталады? Осы фильм «Алдар Көсе» деп аталады.

Атау берілген сөз атау септігінде «тырнақшада» қолданылады.

19-жаттығу. *Оң жақта берілген сөздерді пайдаланып, сұраққа жауап беріңіз.*

Үлгі: М.Әуезовтың атақты романы қалай аталады?

Алматыдағы ең үлкен кітапхана қалай аталады?

Мына аудан қалай аталады?

Мына қала қалай аталады?

Мына аялдама қалай аталады?

Мына бекет қалай аталады?

Бұл роман (осы) «Абай жолы» деп аталады.
«Ұлттық кітапхана».

«Достық».

«Астана».

« Байтерек»

« Боранды»

20-жаттығу. *Диалогты оқыңыз. Аталады етістігінің қолданылуына назар аударыңыз.*

- Сіздің үйіңіздің қасындағы кинотеатр қалай аталады?
- «Алатау».
- Кеше көрген фильмің қалай аталады?
- «Гаухар тас»
- Сіздің достарыңыз да сізбен бірге киноға бара ма?
- Иә.
- Олардың аты кім?
- Дастан, Виктор.

21-жаттығу. *Аталу, аты сөздерін пайдаланып, сұраққа жауап беріңіздер.*

Сіздің досыңыздың аты кім? Сіз оқыған кітаптар; көрген фильмдер, спектакльдер, опера, балет және сіз барған мұражайлар қалай аталады? Сіз тұратын көше қалай аталады?

Назар аударыңыз!

«1. Одной из частотупорбляемых форм в повседневной речи – глагол **де** - : **Ол не деді? Сен не дедің? Сіз не дедіңіз?**

2. Глагол **де** – по своему значению является синонимом **айт-**, **сөйле-**, и в отличие от них он в речи выполняет самые разные функции.

3. Глагол **де** в казахском языке употребляется для оформления чужой речи: Ол не деді? – Что он сказал? Ол ертең келемін деді. – Он сказал -, что придет завтра. Ол не дейді? – Ол ертең келемін дейді. – Он говорит, что придет завтра.

4. Глагол **де** – принимает личные окончания, окончания причастия, и деепричастия, временных форм глагола, а также может сочетаться со вспомогательными глаголами.» (А. Алдашева., Қазақ тілі., 1997)

22- жаттығу. *Сөйлемдердің предикаттарына назар аударыңыз. Өзіңіз де мысал жазыңыз.*

Бүгінгі ауа райы суық, ылғалды. Зал кең және жарық. Жаз ыстық болды. Ержан кеште өте көңілді болды. Юрий салмақты, ұқыпты. Менің достарым бақытты, олар университетте оқиды. Күн жаңбырлы. Кеш суық, тұманды болды. Менің үлкен әпкем әрқашан көңілді. Менің досым бүгін көңілсіз. Түн жылы. Түн жылы болды.

23-жаттығу.

а) Өзіңіздің бірнеше таныстарыңызға мінездеме жазыңыз, кім қанша жаста, кімнің бойы қандай, кімнің жүзі, көзі қандай конструкциясын пайдаланыңыз.

б) Танысыңыздың қалып күйін, қоршаған ортаның жағдайын сипаттап жазыңыз.

24-жаттығу. *Сөлемдерді оқыңыз. Субъект мен предикаттың қиысуына назар аударыңыз. (обратите внимание на согласование субъекта и предиката).*

Кім сұрақ қояды? Кім барлық тапсырманы орындады? Сені не қызықтырады? Өкінішке орай ешкім сенің өтінішің туралы есіне алмады. Мұнда жақсы ештеңе болмады. Адамды ештеңе қуандырмаса, ештеңе толғандырмаса, ештеңе қорқытпаса, жаман. Маған біреулер телефон шалды ма? Ешкім телефон шалмады.

25-жаттығу. *Сөйлемдердегі субъектіге сұрақ қойыңыз.*

Барлығы үндемеді. Кетуге болады, барлығы жақсы істелінді. Ештеңе жоғалған жоқ, бәрі орнында. Экспедицияға менің бірнеше достарым кетті. Біреу келді. Мүлдем күтпеген нәрсе болды..

26-жаттығу. *Заттың бейтарап немесе жағымды сипатын, ерекшелігін білдіру үшін, жағымсыз сапа, қасиетін білдіру үшін **бар құрылымы** қолданылатынына назар аударыңыз, өзіңіз де мысалдар жазыңыз.*

(Жаттығу тұсындағы жұлдызша тапсырманың күрделі екендігін білдіреді)

- I. Дельфиндердің жоғары жиілікті дыбысты қабылдап, шығаруға қабілеті бар (имеют).
- II. Лабораторияның жаңа аппараттары бірқатар артықшылықтарға ие (имеет ряд преимуществ).

Дельфиндер жоғары жиілікті дыбысты қабылдауға, шығаруға қабілетті.

лабораторияның ескі аппараттарының бірқатар кемшілігі бар (имеет ряд недостатков).

27-жаттығу. Берілген сөздер мен сөз тіркесінен **байланыстырушы бар**, *ие* сөздерін қолдана отырып, сөйлемдер құраңыз. (Составьте предложения из данных слов и словосочетаний, употребляя глаголы-связки *иметь* и *обладать*).

Үлгі: Иондалған ауа; емдеу қасиеті = *Иондалған ауаның емдеу қасиеті бар.*

1.Иондалған ауа; емдеу қасиеті. Металдар; жылу өткізгіштік; атом; күрделі құрылым. Атом; бөліну қабілеті. Кез келген әдіс; өзінің жетістігі және кемшілігі. Молекулалар; әр түрлі өлшем.

28-жаттығу. Мәтінді оқыңыз. *сипатталу, ерекшелену* сияқты байланыстырушы етістіктердің айырмашылықтарына назар аударыңыз; *сипатталу* – заттың немесе заттар тобының қасиетін әлдебір **сапасының** бар екендігін көрсетеді; *ерекшелену* – заттың сапасын, қасиетін сипаттағанда оны өзіне ұқсайтындар қатарынан **бөліп көрсету үшін** қолданылады. (Обратите внимание на различия в значении глаголов *связок характеризоваться (сипатталу), отличаться (ерекшелену)*).

Ауа қабаты яғни Жерді қоршаған атмосфераның екі сферасы бар, тропосфера – атмосфераның төменгі қабаты және стратосфера – оның жоғарғы қабаты. Тропосфера *тығыздығымен, құрамында азоттың (N), оттегінің (O), көмірқышқыл газдың (CO₂) және сулы будың болуымен ерекшеленеді.*

29-жаттығу. Берілген құбылысты (оқиға, зат) *сипатталу, ерекшелену* байланыстырушы етістіктерін қолданып, айтыңыз.

Үлгі: Солтүстік аймақ тұрғындардың **аздығымен**, қатаң климаттық жағдайымен *ерекшеленеді.*

1. Солтүстік аймақ
2. Қара топырақты аймақ
3. Аспан механикасының заңдары
4. Құқықтық мемлекет
5. Белгілі ғалымдар

тұрғындар аз, қатаң климаттық жағдай дәнді дақыл, өсімдік көп нақтылық, үндесу адам еркіндігі, құқығын қорғау, тану еңбекқорлық, жан жақтылық, мақсаттылық

30-жаттығу. 1) Өзіңізге таныс құс, жәндік, аңды естуі, көруі, қабілеті бойынша; 2) өзіңіз білетін металл, газ, тұз, табиғат құбылысын және т.б. көлемі, түсі, формасы, сапасы бойынша сипаттаңыз.

Ие, өзгешелену, ерекшелену, сипатталу байланыстырушы-етістіктерді қолданыңыз.

31-жаттығу. а) Мәтінді оқыңыз. Предикат рөліндегі **сын есімдерге** және осы **сын есімнің септік жалғаулы сөздермен тіркесіне** назар аударыңыз, өзіңіз де мысалдар жазыңыз.

Қазақ ғалымы Мұхтар Өтелбайдың есімі *көпшілікке таныс*. М.Өтелбай жаратылыстану

ғылымдарының ғалымдарына, бәрінен бұрын *математиктерге белгілі*. Оның еңбектері *математиктер үшін өте бағалы*. Орыс ғалымы К.А.Тимирязевтің де есімі *көпке белгілі*. Оның «Өсімдіктер өмірі», «Өсімдік фитологиясы» деген еңбектері биологтар және агрономдар үшін *өте құнды*. Әсіресе, мамандар үшін «Өсімдіктің құрғақшылықпен күресі» деген еңбегі *мамандар үшін өте қызық*. Ғалымның кеңестері бүгінгі *мамандарға да пайдалы*.

32-жаттығу. *Жақша ішіндегі сөздер мен сөз тіркестерін пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіздер.*

1. Қазақстан өзендері неге бай? (әр түрлі тұздар)
2. Шөл аймақ неге кедей? (су, өсімдік)
3. Микроорганизмдер қандай сәулеленуге сезімтал? (радиоактивті сәулелену)
4. Вольфрам (W) қандай температураның әсеріне төзімді? (жоғары температураның әсері)

33-жаттығу. *Предикатқа қатысты сөз тіркестеріне сұрақ қойыңыздар.*

Хлорофильдің жасыл пигменті қанның қызыл пигментіне жақын. Нерв клеткалары – мидың негізгі элементтері – көлемі бойынша әр түрлі, құрылымы бойынша ұқсас. Көктемгі көкөністер әр түрлі витаминге бай. Дельфиннің миы құрылымы бойынша адам миына ұқсас. Бірінші ғарышкердің есімі әлемге белгілі. Осы тәжірибенің нәтижесі практика үшін маңызды. Тік бұрыш 90°-қа тең. Үш бұрыштың биіктігі – оның табанына перпендикуляр.

34-жаттығу. *А) Бай, кедей, қызық, даңқты т.б. сын есімдерді пайдаланып, туған қалаңыз туралы әңгімелеңіздер.*

Б) Өзіңіздің еліңіз туралы келесі жоспар бойынша әңгімелеңіз.

1. Географиялық жағдайы.
2. Климаты.
3. Су ресурстары.
4. Пайдалы қазбалары.
5. Қиындықтары және оны жеңуі.

2. Әрекеттің квалификативтік сипаты

(Квалификативная характеристика действия)

35-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Субъектімен предикат қалай берілген? Байланыстырушы етістік қандай формада?*

1. Мұндай оқушының болуы – жетістік..
2. Оның қасында жүрудің өзі – бақыт.
3. Осындай минуттарда онымен сөйлеудің өзі - отқа май құйғанмен (подливать масло в огонь) бірдей.
4. Мынадай қалада тұру – рахат.

36-жаттығу. *Берілген сөйлемдердің мазмұнын өткен шақта жазыңыз.*

Тамақ үстінде оқу – менің жеңе алмайтын әдетім (болу). Шет елге бару – менің орындалмайтын арманым (болу). Жаңбырдан кейін орманда қыдыру – нағыз демалыс (болу).

37-жаттығу. *Сөйленім мен диалогты толықтырыңыз. (Жоғарыдағы сөйлем материалын пайдаланыңыз)*

1. Әкесі баласына ұрысты. Ол да мен де үндемедік, мұндай сәтте онымен дауласу -
2. Айдос «Әлем елдері» конкурсына қатысты, бірінші орынды жеңіп алды. Ол қатты қуанды, себебі Египетке бару – оның
3. Мен каникул кезінде Жетісуда болдым. Жетісу десе Жетісу, табиғаты көркем, әдемі. Мұндай өлкеде тұру -
- 4.....
- 5.....
- 6.....

38-жаттығу. *1995 жылдың басында газетте берілген сөйленіммен танысыңыз. Автормен ой бөлісіңіз. Бұл неге айтылды екен, болжай аласыз ба?*

Кез-келген соғыс – жеңіспен аяқталса да – жеңілу. Көне қытай оқымыстысы Лао-Цзы жеңген әскерді қаралы үрдіспен қарсы алу керек деп санайды. Жеңіске қуану – адамдардың қырылғанына, өлгеніне қуанумен бірдей.

39-жаттығу. *Берілген сөйлемдерге назар аударыңыз, өзіңіз де мысал жазыңыз.*

1. Бүгін ауа райы суық, ылғалды.
2. Зал кең және жарық.
3. Жаз ыстық
4. Айжан шыдамды
5. Болат көңілді
6. Сәуле сабырлы
7. Жанат сабырлы, салмақты
8. Күн жаңбырлы
9. Кеш суық, тұманды.
10. Түн жылы, қапырық.
11. Орман қараңғы.
12. Купе ыңғайлы.
13. Менің досым көңілсіз.
14. Менің үлкен әпкем әрқашан көңілді.

3. Объектілік қатынастар

Іс-әрекеттің адресат объектіге бағытталғанының берілуі

(Выражение объекта-адресата действия)

40-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Адресат-объектінің барыс септігі арқылы жасалуына назар аударыңыз. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.*

1. **Жазушыға** осы кітаптары әлемдік даңқ әкелді.
2. **Даттық физик Нильс Борға** атом және кванттық механика теориясын ашқаны үшін 1922 жылы Нобельдік сыйлық берілді.
3. Менің көршім **туыстарына, достарына** жиі хат жазады.
4. Оқытушы **студенттерге** жаңа сабақты түсіндірді
5. Нобель сыйлығы мемлекеттік **қайраткерлерге** де беріледі.

41-жаттығу. *Сұрақтарға жауап беріңіз. Бірінші қысқа жауап беріңіз, содан соң толық түрде жауап беріңіз.*

Үлгі: *Сіз Нобель сыйлығының лауреаттары туралы кітапты өзіңізге немесе өзіңіздің досыңызға алдыңыз ба?*

1) Өзіме. 2) Мен Нобель сыйлығының лауреаттары туралы кітапты өзімнің досыма алдым.

1. Сіз керемет отбасы – Кюрилер туралы маған немесе студенттерге әңгімелеп бересіз бе?
2. Сіз ағаңызға немесе әпкеңізге хат жаздыңыз ба?
3. Сіз досыңызға немесе өзіңіздің сіңліңізге телефон шалдыңыз ба?
4. Сіз деканға түсініктеме хат жаздыңыз ба?

42-жаттығу. *Сөйлемдерден адресат-объектіні табыңыз. Сұрақ қойыңыз.*

Бейбітшілік сыйлығынан басқа барлық сыйлықтар тек жеке адамдарға және бір-ақ рет беріледі. Тек ерекше еңбектері үшін М.Склодовская-Кюриге (1903, 1911), Л.Полингке (1954, 1962 екі рет берілді. 1901 жылдан 1973 ж. дейін 311 адамға халықаралық Нобель сыйлығы берілген. 1962 ж. Л.Д.Ландауға халықаралық Нобель сыйлығы берілген.
(Қазақ энциклопедиясынан)

43-жаттығу. *Сұрақтарға жауап беріңіз. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланыңыз.*

Сіз кімге хат жазасыз? (Айжан). Сіз кімге жеделхат салдыңыз? (Асқар). Сіз кімге кеңес бердіңіз? (студент). Сіз кімге сәлем айттыңыз? (Сәуле). Сіз кімдерге лекция оқыдыңыз? (магистранттар).

44-жаттығу. *Сөйлемдерді салыстырыңыз. Ақпарат көзі болған объектінің тұлғасын анықтаңыз. Қай септікте?*

- | | |
|--|---|
| 1. Кешке Айжан шешесінен хат алды. | Айжан шешесінің хатынан көпжаңалықтар туралы білді. |
| 2. Жаңа жылда Дастан достарынан көптеген құттықтау хат алды. | Құттықтау хаттардан Дастан өзінің достары туралы білді. |
| 3. Мақала авторы газет оқырмандарынан көп хат алды. | Автор хаттардан оқырмандар туралы білді. |
| 4. Нобель сыйлығының лауреаттары туралы кітаптан оқыдық. | Біз Нобель сыйлығының лауреаттары туралы энциклопедиялық кітаптан оқыдық. |
| 5. Болған оқиға туралы мен көршіден білдім. | Болған оқиға туралы мен радионың хабарлауынан білдім. |

45-жаттығу. *Сөйлемдерді аяқтаңыз, ақпарат көзі-объектіні табыңыз.*

Студент өзінің диплом жұмысы туралы жақсы пікір алды. (жетекші, оппонент). Салтанат Нобель туралы ақпаратты тапты. (интернет) Ол Тереза шешей туралы оқыды.. (газет). Анна Нобельдік лауреаттар көптеген мақала оқыды. (басылым).

Сан есімді объектінің берілуі

(Выражение объекта, обозначающего количество)

46-жаттығу. *Диалогты оқыңыз. Зат есімнің сан есіммен тіркесіне назар аударыңыз.*

1. – Айжан, сен осы семестрде қанша кітап оқыдың?
– Бес, мүмкін одан көбірек. Иә, одан көбірек. Өткен аптада **екі кітап** оқыдым. Кеше **бір кітап** оқыдым. Сонымен, сегіз кітап оқыдым.
– Ал. Мен **үш-ақ кітап** оқыдым.

2. – Анна, сен Абайдың қанша өлеңін қазақша оқыдың?
– **Үш өлеңін** жатқа білемін, ал **онын** оқыдым.
3. – Сәуле, Нобельдің Нобельдік қорда қанша ақшасы қалды? Білесің бе?
– Қазіргі курс бойынша 62 миллион фунт стерлинг.
4. – Раушан, Халықаралық Нобель сыйлығының лауреатына сыйлық ретінде қанша қаржы беріледі?
– Иә, бір жерден оқығанмын. Нобель қорына түсетін түсімге байланысты.
5. – Ал халықаралық Король Файсал сыйлығының лауреаты қанша қаржы алады?
– 200 мың АҚШ доллары.

47-жаттығу. Мәтінді оқыңыз. Мәтіннен құрамында есептік сан есімді объектілік мағынасы бар конструкцияны табыңыз.

Нобель 350-ден астам жаңалық ашты. Нобель қоры 600-ге жуық адамды марапаттады. Дүние жүзіндегі ең үлкен әуежай АҚШ-та орналасқан. Чикаго әуежайы жылына 56 миллион жолаушы өткізетін көрінеді.
Пеле – 1363 ойында 1281 доп соққан әлемдегі үздік шабуылшы.

Объектілік қатынастың көмектес септігі арқылы берілуі (Выражение – инструмента действия)

48-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Әрекет-құралын білдіретін объектіні табыңыз.

Нобель сыйлығының лауреаттарын Нобельдің бейнесі бар, аты жазылған алтын **медальмен, дипломмен** марапаттайды, мөлшері көрсетілген чек береді. Бірінші партияда Каспаров **қарамен** ойнаған. **Ақпен** ойнаған Карповтың күші артық емес, тіпті кем де. Тіліңмен жүгірме, біліміңмен жүгір. Шаң сорғышпен тазалау жақсы. Ол жаңа суреттерін қаламмен салды.

Тілек, қалау, талап мағыналы сөздердің объектілік қатынаста берілуі (Выражение объекта, обозначающего желаемое)

49-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Тілекті білдіретін объектіге назар аударыңыз.

Достарым менен *көмек, кеңес* сұрады. Дастан менен *бүгінгі газетті* сұрады. Ата-аналар балаларына *бақыт* тілейді. Әлем халықтары *бейбіт* өмірді, *апатсыз, соғыссыз* өмірді қалайды. Ректор студенттерге *табыс* тіледі. Айжан Аннадан *магнитофон* сұрады. Мерекеде бәрі бір-біріне *бақыт, денсаулық* тіледі. Сіздің досыңыз *кімді* іздеп жүр? Контролер *жол билетін* сұрады.

50-жаттығу. Сұхбатты оқыңыз. Ұқсас сұхбат құрыңыз.

- Сәлематсыз ба, Гүлсім Сейілханқызы! Мейрамыңызбен! Біз сізге денсаулық, жақсылық, табыс, бақыт тілейміз.
- Үлкен рахмет, мен де сіздерге денсаулық пен табыстар, қуаныштар тілеймін.

51-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Өтініш, тілек, талапты білдіретін етістікке назар аударыңыз.

Оқытушы студенттерден сабаққа *кешікпеулерін* өтінді. Достарымнан менің *өтінішімді* ұмытпауларын сұрадым. Ата-анам жиі *хат жазып тұруымды* өтінеді. Кітапхана студент-

терге *тіркеуден өтуін* талап етті. Көп адамдар менің досыма *эксперимент нәтижесі туралы* мақала жазуға кеңес берді. Ғылыми кеңестің ұйымдастыру комитеті баяндамашылардан 15 қарашаға дейін *тезистерін тапсыруларын* өтінді. Декан бізден *сабақ жібермеуімізді* талап етті.

Объектілік қатынастағы біреудің сөзі мен ойының берілуі (Выражение объекта, обозначающего содержание речи, мысли)

52-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Объектіні білдіретін сөздерге сұрақ құрыңыз.

Әпкем *ертең суық болатынын, жылы киіну керектігін* айтты. Директор *кітапхананың жазғы каникулда жөндеуге жабылатынын* айтты. Оқытушы *студенттердің курс жұмыстарын уақытында тапсыратынын* білмеді. *Кездесу туралы* айттық па, айтпадық па, есімде жоқ. Біздің топта бүгін *жиналыс болатынын* білеміз.

53-жаттығу. Сөйлемдерді салыстырыңыз, төл сөздің төлеу сөзге айналуына аударыңыз.

Радиодан: «Бүгін ауа-райы күрт өзгереді», – деп хабарлады. Радиодан *бүгін ауа-райының күрт өзгередінін* хабарлады.

Қонақ үйде менен: «Қашан қайтасыз», – деп сұрады. Қонақ үйде менен *қашан қайтатынымды* сұрады.

Ғылыми жетекшім: «Жұмысты қашан бітіресің», – деп сұрады. Ғылыми жетекшім *жұмысымды қашан бітіретінімді* сұрады.

Балам: «Жұмыстан қашан келесің?» – деп сұрады. Балам жұмыстан қашан келетінімді сұрады.

Профессор: «Қай факультетте оқисың?» – деп сұрады.

Профессор *қай факультетте оқитынымды* сұрады.

Қазақ тілінің оқытушысы: «Біз синтаксисті көп оқыдық», – деді. Қазақ тілінің оқытушысы *біздің синтаксисті көп оқығанымызды* айтты.

Факультет деканы: «Бәйге жеңімпазы марапатталады», – дейді. Факультет деканы *бәйге жеңімпазының марапатталатынын* айтты.

54-жаттығу. Мына сөйлемдерді жазыңыз, оқыңыз. Біреудің сөзін, ойын айтыңыз.

1. Маған «Егемен Қазақстан газетінің таным беттері ұнайды», – дейді Раушан.
2. Мен «Шахмат ойлылар ойыны айдарымен берілетін мақалаларды оқимын», – деді Салтанат.
3. «Нобель сыйлығын алған ең жас ғалым – 25 жасар физик Уильям Брэг», – деді оқытушы. Ол бұл сыйлықты 1915 жылы әкесімен бірге алған.
4. «Уақыт адам ойланып - толғанғанда ғана немесе жұмыс істегенде ғана алға жылжиды», – деді Раушан.

Назар аударыңыз!!!

Төл сөзді төлеу сөзге айналдыру құрылымы былайша білдіреді:

◇ Егер төл сөзде етістік ауыспалы осы шақта болса, төлеу сөзде – қашан келесің? қашан *кел+етін+ім+ді* болып өзгереді. Яғни түбір етістік + *-атын, -ітін, -етін* есімше тұлғасы + тәуелдік жалғауы + табыс септігі.

Егер төл сөзде етістік өткен шақта берілсе, төлеу сөзде – қашан келдің? Қашан *кел+ген+ім+ді* болып өзгереді. Яғни түбір етістік + *-ған, -ген, -қан, -кен* тұлғалы есімше + тәуелдік жалғауы+табыс септігі.

Төл сөзде:

Үлгі: Шешем: «жұмыстан қашан келесің?» - деп сұрады.

Төлеу сөзде:

I жақта берілуі	II жақта берілуі	III жақта берілуі
Шешем менің жұмыстан қашан келетінімді сұрады.	Шешем сенің жұмыстан қашан келетініңді сұрады.	Шешем оның жұмыстан қашан келетінін сұрады.

Назар аударыңыз!!!

Егер төл сөзде етістік өткен шақта болса, төлеу сөзде өткен шақ есімшеге тәуелдік жалғауы, табыс септігі жалғанады.

Төлеу сөзде:

Үлгі: Шешем: «Шешем жұмыстан қашан келдің?»- деп сұрады.

I жақта берілуі	II жақта берілуі	III жақта берілуі
Шешем менің жұмыстан қашан келгенімді сұрады.	Шешем сенің жұмыстан қашан келгеніңді сұрады.	Шешем оның жұмыстан қашан келгенін сұрады.

Есіңізге түсіріңіз!

Есімшенің тәуелденуі:

I жақ	II жақ	III жақ
Менің оқыған+ым	Сенің оқыған+ың,	
Сіздің оқыған+ыңыз	Оның оқыған+ы	

Көпше түрі

Біздің оқыған+ымыз	Сендердің оқыған+дар+ың Сіздердің оқыған+дарыңыз	Олардың оқыған+ы
--------------------	---	------------------

Менің жаз+атын+ым
Сенің жаз+атын+ың
Сіздің жаз+атын+ыңыз
Оның жаз+атын+ы
Біздің жаз+атын+ымыз
Сендердің жаз+атын+дарың
Сіздердің жаз+атын+дарыңыз
Олардың жаз+атын+ы

55-жаттығу. Төл сөзді төлеу сөзге айналдырыңыз.

Нобель өсиет хатында: «Барлық қаржысын марапаттау қорына қалдырамын», – деді. Арвин Нобельдің өсиет хатын оқығаннан кейін: «Ақшаның бәрі қор құруға жұмсалады», – деді. Арвин: «Залдағы тыныштықты қара сюртуктегі кісі бұзды», – деді. Ол Нобельдің туысы еді. Нобель өсиет хатында «Табыс жыл сайын ғылымның бес саласына бөлінеді», – деді.

56-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Объектілік қатынастағы сөйлемдерге назар аударыңыз.

Өткен жылға қарағанда, А.Нобель тынымсыз еңбек етті. Соңғы кезде оны бір ғана ой мазалады: «Маңдай термен, бейнетпен (добытое адским трудом) жиған-терген байлығы кімге қалады? Мүмкін осы жиған-тергеніне жеке бақытын құрбан еткен де болар. Бауырларына ма? Туыстарына ма? Кімге қалдырады? Ақшаны еңбекпен табу керек, сонда ғана оның күші мен бағасын білесің. Аспаннан түсе қалған байлықтың қадірін ешуақытта да білмейсің. Еңбекпен тапқан нан тәтті». Көп ойланып, ол қор құру туралы шешімге келді.

Көп ойланудан кейін жазған өсиеті оның жанын жадырата түсті. Өмір дәмін басқаша, жаңаша сезді. Енді оған өлім де қорқынышты емес сияқты. Абзал адамзат оның есімін ғасырдан ғасырға жеткізетініне сенді.

(Нобель, Интернеттен)

4. Анықтауыштық қатынастың берілуі

Заттың мөлшерлік және сапалық сипаты

(Выражение качественной и количественной характеристики предмета)

1. Сын есім анықтауыш қызметінде және предикаттың есім бөлігінде.

57-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Мұндағы асты сызылған сын есімдер қандай қызмет атқарып тұр, анықтаңыз.

1. Көлдің суы таза және мөлдір, суы ғажайып табиғат туристерді өзіне шақырады.

2. Көлдің суы таза және мөлдір болды.

58-жаттығу. Берілген сын есімдермен сөз тіркесін құрастырыңыздар.

Үлгі: *Өзекті: өзекті мәселе, өзекті тақырып, өзекті сұрақ.*

маңызды: ...; мәселе, мұның бәрі; бұл ескертулер.

күрделі: ...; есеп; шешім; қатынас.

түсінікті: ...; сөз; сіздің тілегіңіз...,

қазіргі: ...; көзқарас; пікір...

жұқа: ...; мұз; тақтай.

кішкентай: ...; бала; мүмкіндік..., аяқ киім.

59-жаттығу. Сөйлемдерді сын есімдерді пайдалана отырып, аяқтаңыз.

Үлгі: Астана Әкем Сәуленің мінезі... . Осы ауылдың адамдары Ертістің төменгі ағысы

(еңбекқор, тік, қайырымды, терең, әдемі).

60-жаттығу. Сөйлемдерді салыстырыңыз.

1. Бұл өлке – бай.

2. Табиғат мұнда әдемі.

3. Мына жол қауіпті.

4. Ол баласының дені сау, бақытты болып өсуін қалайды.

5. Өзеннің кеңдігі сондай, арғы жаға көрінбейді.

Бұл өлке минералды ресурстарға бай.

Мұнда бәрі әдемі.

Мұхиттың ластануы қауіпті.

Деніңіздің сау, аман болғаныңызды қалаймын.

Өзен сондай кең, арғы жаға көрінбейді.

61-жаттығу. Сөйлемді аяқтаңыз.

Мына жеміс-жидектер Витаминдер денсаулық үшін Тундра өсімдіктерге Көлге теңіз жануарларының қайдан келгені Оған түсіндіріп әуре болмаңыз. Бәрібір Жағдай ..., бір нәрсе істеу керек.

(пайдалы, түсініксіз, кедей, қиын)

62-жаттығу. Мына сұрақтар бойынша өз пікіріңізді білдіріңіз.

Атом станциясында жұмыс істеу денсаулыққа *қауіпті ме*? Сіздің елдің климаты ауыл шаруашылығына *қолайлы ма*? Тау ауасы денсаулық үшін *пайдалы ма*? Сіздің ел табиғат ресурстарына *бай ма*? Қандай ресурстарға *бай*?

63-жаттығу. Сөйлемдерді оң жақтағы берілген ақпараттарды пайдалана отырып, аяқтаңыз.

Ессентуки қаласы ... танымал.

Жазушы Ш.Айтматов ... танымал.

Академик Ә.Марғұлан ... танымал.

Математик Асқар Жұмаділдаев ... белгілі.

онда минералды сулар бар.

ол көптеген шығармалар авторы.

көптеген тарихи еңбектері бар.

оның бірнеше теориялық еңбектері бар.

64-жаттығу. Өз өлкеңіздегі қызықты жерлер, белгілі адамдар туралы әңгімелеңіз. Сабақтарда берілген құрылымдарды пайдаланыңыз.

65-жаттығу. Сөйлемдерді аяқтаңыз.

1. Біз адам мен табиғатты бөлеміз. Менің көзқарасымша бұл

2. Синтетикалық материалдар

3. Судың мұнаймен ластануы теңіз жануарларына

4. Мына дәрі мүлдем

5. Апат кезінде үш жолаушы қайтыс болды, екеуі

6. Ол сондай ... , көшеге шыққанда оған бәрі қарайды.

(әдемі, қате, аман, қауіпті, әдемі, зиянсыз)

Заттың сын-сипатын түсі бойынша сипаттау

66-жаттығу. Негізгі түстердің атауын жақсы білесіздер. Түстердің спектрдегі бірізділігін де жақсы білесіздер: қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, қою күлгін түс. Спектрге кірмеген де түстерді атаңыз.

Назар аударыңыз: негізгі түсті білдіретін түстер және түстердің тіркесі: а) сарылау, көкшілдеу (қанықтығы әлсіздеу түстер – цвет слабой интенсивности); б) ашық жасыл, ашық көк, қою көк.

67-жаттығу. Мәтінді оқыңыз, сұраққа соңында жауап беріп көріңіз.

Бір компанияда «мұнай қандай түсті» деген сұрақ әңгіме болды. Біреуі айтты: мұнай қара түсті. Басқасы айтты: мұнай, меніңше, ақ түсті. Үшіншісі айтты: мұнай сары, – деп. Төртіншісі де мұнайды сары түсті, - деді. Бесіншісі мұнайды көгілдір түсті деп сендірді. Бәрі де мұнайды мұнай өндірісінде көргенін айтып, сендіруге тырысты.

Мұнай қандай түсті екен?

68-жаттығу. Бір-біріңізге сұрақтар қойыңыз, мысалы, судың түсі, теңіздің түсі, елдің, мемлекеттік туының түсі т.б. нәрсенің түстері.

Заттың сын-сипатын өлшемі бойынша сипаттау
(выражение характеристики предмета по размеру)

69-жаттығу. Өлшемді білдіретін сын есім, зат есімді есіңізге түсіріңіз.

- а) М₂, ватт, вольт бірліктері заттың қандай сипатын өлшейді?
б) әр қатардағы көп нүктенің орнын толтырыңыз.

ұзындық – ұзын = / қысқа
... биік = / ...
... терең = / ...

қалыңдық - ... = / жұқа
қалыңдығы

70-жаттығу. Сын есімді конструкцияны пайдалана отырып, сөйлемнің мазмұнын жазыңыз.

Үлгі: Аралды материктен бөліп тұрған бұғаз аса кең емес.

- Арал материктен өте тар бұғаз арқылы бөлінген.
1. Тундрада бойлары аласа ағаштар өседі.
2. Балаларға арналған спорт кешенінде таяздау бассейндер жасалған.
3. Қала орталығындағы көшелер сонша ұзын емес.

71-жаттығу. Мәтінді оқып, сұрақтарға жауап беріңіз. Мәліметті пайдаланыңыз.

Ла-Манш атындағы туннельдің ұзындығы қанша? Антарктиданың орташа биіктігі қанша? Африкадағы Нил өзенінің ұзындығы қанша? Африкадағы Килиманджаро тауының биіктігі қанша?

(1994 жылдың соңына қарай Ла-Манш бұғазы астындағы туннельмен транспорт жүре бастады. Туннельдің ұзындығы – 50,5 км, оның 37 км. су астында. Антарктиданың орташа биіктігі – 2200 м. Африкадағы ең ұзын Нил өзенінің ұзындығы – 4670 км. Африкадағы Килиманджаро тауының биіктігі – 5895 м. Азиядағы ең биік таудың ұзындығы – 8848 м. Азиядағы ең ұзын өзен Янцзының ұзындығы – 6300 км.)

72-жаттығу. Оң жақта берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: Мынау тас қабырға ма (ақ тас) – Иә, бұл қабырға ақ тастан жасалған.

Мынау залдағылар мәрмәр бағаналар ма?
Бұл күміс сақина ма?
Мынау жібек жейде ме?
Мынау бөлмедегі емен паркет пе?
Мынау үй кірпіштен бе?

ақ мәрмәр
көне күміс
қымбат жібек
Қазақстан емені
қызыл кірпіш

73-жаттығу. Заттың сын-сипатын білдіріп тұрған сөздерге сұрақ қойыңыздар.

Көрмеде алтыннан, күмістен, маржан мен інжуден жасалынған бұйымдар болды. Пластмасса бұйымдары әдемі және бағалы сипаттары да бар. Пластмасса бұйымдары қазір дү-

кендерде өте көп. Өндірісте таза металдардан жасалған құймаларды аз жасайды. Мына мекеменің негізі тот баспайтын құрыштан және қызыл мыстан салынған.

Заттың неге арналғандығы бойынша сын-сипатының берілуі

(Характеристика предмета по его назначению)

74-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Зат неге арналғанын анықтаңыз.

Завод **нақты өлшеу** құралдарын шығарды. Лабораторияға оттегі баллондары керек. Химиялық өнеркәсіп ауыл шаруашылығы зиянкестерімен күресу үшін түрлі заттар шығарады. Сызу жұмыстарын, әдетте, арнайы сызу тақтасында орындайды.

Интерактив тақтасы – **оқытуға арналған** тақта.

75-жаттығу. Өзіңізге таныс құралдардың, инструменттердің неге арналғандығын (о назначении) әңгімелеңіз.

Заттың сын-сипатын оның сыртқы түрі, формасына қарай сипаттау

(Характеристика предмета по внешнему виду, по форме)

76-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Заттың формасын білдіретін сын есімдерді есіңізге сақтап, жазыңыз.

Театрдың алдында *дөңгелек* бассейн бар. Дәлізде *сопақ* айна ілулі тұрды. Тәжірибе үшін картонның *үш бұрышты* бөлігі керек. Натрий хлордың кристалдары әрқашан *куб* формалы. Көне замандағы ғалымдар да Жердің *шар* тәрізді екенін білген. Вулкандар, әдетте, *конус* тәрізді формада болады. Геолог бізге *конус* тәрізді кристалды көрсетті. Геолог бізге *цилиндр* формалы кристалды көрсетті.

Заттың сын-сипатын әлдебір белгісінің бар-жоғына қарай сипаттау

(характеристика предмета по наличию или отсутствию у предмета какого-либо признака)

77-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Заттың бір белгісінің бар-жоғы қандай құрылыммен берілетіне назар аударыңыз.

Озон (O₃) – **жағымды иісі бар** газ. Аммиак (NH₃) - **өткір иісті, түссіз** газ. Күкірт қышқылы (H₂SO₄) – түссіз сұйық. Лимонның **қышқыл дәмі** және **жағымды иісі** бар. Оттегі (O₂) – **түссіз, дәмсіз, иіссіз** газ.

Сапфир – **көгілдір түсті қымбат** тас.

Фтор (F) – **ашық жасыл түсті** газ. Тұз – **ақ түсті кристалды** зат.

Изумруд – **жасыл түсті қымбат** тас.

Алюминий (Al) – **ақ күміс түсті** металл.

Натрий карбонаты (Na₂CO₃) – **ақ түсті ұнтақ**.

78-жаттығу. Берілген сөйлемдердің мазмұнын синонимдік анықтауыш құрылымдарын пайдалана отырып айтыңыз (анықтама материалын пайдаланыңыз).

Үлгі: Хлорлы сутегінің (HCl) өткір иісі бар.

- Хлорлы сутегі өткір иісі газ.

Азот қышқылының өткір иісі бар. Күкіртті сутегіде (H₂S) шіріген жұмыртқаның жағымсыз иісі бар. Теңіз суының ащылау, тұзды дәмі бар. Глюкозаның тәтті дәмі бар.

(анықтама материалы: сұйық, зат, газ)

79-жаттығу. Мәтінді оқыңыз. Берілген мәтінге ұқсас, өзіңізге таныс затты сипаттап, өз мәтіндеріңізді жазыңыз.

Иод – табиғатта сирек кездесетін элемент. Ол қатты кристалл түрінде болады. Аздап металдық жарқылы және өткір иісі бар. Ерімей-ақ буға айнала алады. Су – иіссіз, дәмсіз мөлдір сұйық. Кәдімгі жағдайда +100°-та қайнайды. 0°-та қатады. Су - тірі тіршіліктің құрамды бөлігі.

80-жаттығу. Екі сөйлемнің мазмұнын бір сөйлеммен айтыңыз, жазыңыз.

Үлгі: Темір – металл. Оның күшті магниттік қасиеті бар.

Темір – күшті магниттік қасиеті бар металл.

Мыс (Cu) – металл. Ол жақсы жарқырайды.

Фосген – улы газ. Ол шөп иісті.

Никель (Ni) – металл. Оның өте жоғары механикалық қасиеті бар.

81-жаттығу. Өзіңіз жұмыс істеп жүрген құрал туралы әңгімелеңіз. Осы құралды неге арналғандығын, өлшемін, неден істелінгенін сипаттаңыз. (Охарактеризуйте этот прибор по назначению, размером и материалу).

Назар аударыңыз!!!

Бағыныңқы сөз басыңқы сөздің сапасын немесе қасиетін: заттың немесе адамның әр түрлі қасиетінің бар-жоғымен, адами қабілеті, интеллектуалы немесе басқа мүмкіндіктерінің бары, бір нәрсенің, біреудің өлшем сипаттары, формасы, түсі, дәмі, салмағы, температурасы жағынан нақтылайды.

Заттың немесе адамның сапа, қасиеттерінің бар екендігінің сын-сипаты

82-жаттығу. Берілген сөз тіркестерін пайдаланып, сөйлемді толықтырыңыз, сәйкесін таңдаңыз.

Ол менің қашанда ... досым
Оның ... көзқарасы есіме түсті.

Ол менің ... әңгімелесушім еді.
Айсәуле әрқашан ... еді.
Менің анам ... кісі еді.
Дәурен біздің университеттегі ... спортсмен.
Кешегі оқығаным ... әңгіме болатын.
Рахия менің ... досым.
Мына біз көрген фильм
Фильмнің бірі ұрпақ алдындағы ... парызы туралы
... иісін жақсы көремін
Ол ... адамы
Оқытушы – ... кісі.
Айжан – бота көзді,
... көл.
Биыл ... жаз болды.
Ол – ойлауға, жазуға ... адам.

ақжарқын
қарапайым
мұңлы
күштірек
ақылды
сенімді
момақан
қызығырақ
ең сенімді
ең жақсы
адам
шөп
істің
ұқыпты
аққұба
Балталы, бағаналы
жаңбырсыз
қабілетті

83-жаттығу. Берілген сөз тіркесін пайдаланып, сөйлем жазыңыз.

- а) үлкен үй, кең зал, шағын саяжай, ұзақтау жол, биіктеу тау, керемет ғалым, жақсырақ нұсқасы.
- ә) екі қабатты үй, екі литрлік кастрөл, 20 шаршы метрлік бөлме.
- б) шар тәрізді ыдыс, төрт бұрышты қағаз, тік бұрышты үшбұрыш.
- в) көк шөп, көк аспан, қызыл орамал, ыстық су, ащы бұрыш, суық жер.
- г) сары түсті жапырақ, кең жауырынды жігіт, екі литрлік самаурын, лимон дәмді шай, күміс түстес көйлек.

Адам мінезін, қабілетін, мінез-құлқының өзгешелігін сипаттау
(Описание характера человека, его способностей, особенностей поведения)

84-жаттығу. а) адам мінезіне қатысты сын есімдерді оқыңыз. Таныс емес сөздерді сөздіктен қараңыз. б) Қандай мінезді жағымды, қандай мінезді жағымсыз деп санайсыз?

1. тиянақты, мылжың, дөрекі, сенгіш, қатал, шыншыл, өтірікші, үндемес, көпшіл, тұйық, сараң, батыл, шыдамды, талапшыл, қу, әділ мырза.
2. қонақжай, табанды, қайсар.
3. жеңілтек, екіжүзді, өткір ойлы, еңбекқор.
4. мейірімді, қарапайым.

85-жаттығу. Берілген сын есімге 84-жаттығудан мағынасы жақын сөздерді таңдаңыз.

Батыр, жомарт, әңгімешіл, ашық, «шық бермес Шығайбай».

86-жаттығу. Берілген сын есімге 84-жаттығудан мағынасы қарама-қарсы сын есімдерді таңдаңыз.

Адал, әділетті, қорқақ, салмақты, сыпайы, жомарт.

87-жаттығу. Адам мінезін сипаттайтын сын есімдер бірнеше сөзжасамдық модельмен жасалады. Берілген сын есімдер қатарын толықтырыңыз.

Ұмытшақ, еріншек,
Шыдамды, салмақты,
Сезімтал,.....
өтірікші.....
.....

88-жаттығу. Мәтінді мазмұнына қарай адам мінезін сипаттайтын сын есімдермен толықтырыңыз.

«Көңілді, бақытты болыңыз, ренжімеңіз, өкінбеңіз». Жақсы кеңес, біздің мазасыз күнделікті өмірімізде бұған қалай ілесеміз? Қалай ілеседі (как следовать) - әркім өзі үшін өзі шешеді, ал, міне, осы рецептiнiң астында теориялық база жатыр. Бұл – ғылыми факт. Дәрігер Редфорд Уильямс (АҚШ) ұзақ өмір сүру мәселесімен 20 жыл айналысады. Мәңгі жастық құпиясын таба алған жоқ, алайда, кінәмшіл, ашушаң, өкпелегіш адамдардың көңілді адамдарға қарағанда 50 жасқа жетпеуі бес есе көп екен. Дәрігер Уильямстың зерттеулері бойынша, мұндай себептердің қорытындысы – гипертония мен жүрек ауруы. Сонымен, күліңіздер, көңілді болыңыздар, ақжарқын болыңыздар!

(Газет ақпараттарынан)

89-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз:

Кім мейірімді?
ұқыпты?
сезімтал?

Кім неге қабілетті?
Кімге кім/не қымбат?

Кім кімге/неге немқұрайлы?
Кім әділ?
Кім қатал?
талапшыл?
шыдамды?
Кім тәжірибелі?
Кім сақ? (осторожен)

Кім кіммен сыпайы? (вежлив)
Кім кімге/неге риза?
Кім неге кінәлі?

90-жаттығу. Анықтамаға берілген сөздерді пайдаланып, диалогты толтырыңыз.

- Сіз өз мамандығыңызбен жұмыс істегіңіз келе ме? – Жоқ, қазір таңдауға болмайды, мен ... жұмысқа келісемін. Меніңше, оған математика оңай. Ол ... қабілетті. Оны ашудандырған кезде, ол өте дәрекі болады. – Иә, шын айтасың, мұндай минуттарда ол ... барады. Ол өзінің жоспарларын табандылықпен жүзеге асырып жүр (осуществляет). – Иә, шынымен де, ол өте (кез-келген, нақты ғылымдар, дәрекілік, табанды)

91-жаттығу. Берілген сын есімдерді пайдаланып, таныстарыңыз, достарыңыз туралы жазыңыз.

Способность – қабілеттілік,
Алғыр – хваткий (сильный)
Талантты – талантливый
Сезімтал – чуткий
Өжет – дерзкий
Пысық – шустрый, живой
Шебер – мастер, виртуоз.

Қабілетті – способный
Зерек – одаренный, способный
Шешен – оратор, острослов
Өткір – смелый
Сөзшең – красноречивый
Ұғымды (паз), ұққыш – толковый, понятливый

Қабілеттің жоқтығы – отсутствие способности,
Аңғал – неосмотрительный, неосторожный

Аңқау – наивный
Бейқам – беспечный
Ебедейсіз – неловкий
Мешеу – отсталый
Шорқақ – неумелый

Алаңғасар – рассеянный, невнимательный
Енжар – равнодушный
Икемсіз – неуклюжий
Сылбыр, шабан – медлительный

Ұқыптылық – прилежание/внимательность

Ұқыпты, құнтты – бережливый
Тындырымды – исполнительный
Ынталы – стремительный
Әдепті, сыпайы – деликатный
Сақ – осторожный
Биязы – изышний, тонкий

Мұқият, тап-тұйнақтай – аккуратный
Елгезек – послушный
Зейінді – внимательный
Үлгілі – образцовый
Епті – ловкий
Табанды – стойкий, устойчивый

Білік/тәжірибе – умение/опыт

Тәжірибелі – опытный
Белгілі – известный
Беделді – авторитетный
Белсенді – активный
Көргенді, тәрбиелі – воспитанный
Байқағыш – прозорливый
Ұлы – великий
Кемеңгер – гений

Білікті – знающий
Білімді – образованный
Абыройлы – уважаемый
Мәдениетті – культурный
Қырағы – зоркий
Шыныққан – закаленный
Дана – мудрый

92-жаттығу. *Берілген сын есімдерді пайдалана отырып, таныстарыңызды, достарыңызды басқа адамдарға қарым-қатынасы бойынша сипаттаңыз.*

Басқа адамдарға қарым-қатынасы / отношения к другим людям

Қайырымды, мейірімді – добрый
Талап қойғыш – принципиальный
Қатыгез – жестокий
Паң – надлинный
Жұмсақ – мягкий
Момын – смиренный

Ұстамды – сдержанный
Қатал – строгий
Өзімшіл – высокомерный
Өктем – властный
Жуас – тихий, кроткий

Қарым-қатынас сапасы – качества в общении

Қонақжай – гостепремный
Жомарт – щедрый
Тұйық – замкнутый
Әңгімешіл – разговорчивый

Кеңпейіл – великодушный
Сараң – жадный
Көпшіл – лудимый
Ашық – открытый

Назар аударыңыз!!!

Байланыстырушы болып шықты, болып көріну, көріну, болу, сияқты (казаться – показаться) етістігі сын-белгіні субъективті қабылдау кезінде қолданылады.

91-жаттығу. *Диалогты жалғастырыңыз. (анықтамалық сөздерді пайдаланыңыз).*

1. – Спектакльді көрдіңіз бе?
- Иә, көрдім. Басқаларды қайталау сияқты.
2. – Денсаулығыңыз қалай? Ауырып қалдым деп қорқып едіңіз?
- Бағыма қарай (к счастью) менің қорқынышым бекер болып шықты.
3. – Сен Алматты қолдамайсың ба?
- Жоқ, қолдамаймын, оның қадамдары маған жеңілтектеу болып көрінді. (жеңілтектеу көрінді)
4. -
5. -

92-жаттығу. *Қате болып көрінген алғашқы әсер туралы айтыңыз, алғашында, шындығында құрылымын пайдаланыңыз.*

Үлгі: Алғашында ол тұйық, көп сөйлемейтін сияқты болып көрінді. Бірақ ол, шындығында, ашық және әңгімешіл екен.

Мына сөздерді пайдаланыңыз: жомарт, қорқақ, сараң, салмақты, батыл, шыдамды, ұстамды, шыдамсыз.

Назар аударыңыз!!!

... екен, ... сияқты, ...сияқтымыз (казаться и оказываться) құрылымының қолданылуы. Мысалды оқыңыз: Біз адасқан сияқтымыз (кажется, мы заблудились). Бүгін кітапхана жабық екен (Оказывается библиотека сегодня закрыта).

Сияқтымыз – Сөйлеуші өзінің айтқанына толық сенімді емес. (Кажется обозначает, что говорящей не совсем уверен в правильности того, что он говорит).

... екен құрылымы сөйлеушіге актінің шындығы бұрын белгісіз болғандығын білдіреді (оказывается подчеркивает реальность акта, который ранее был неизвестен говорящему).

... екен құрылымы мекен мәнді құрылымды тіркесте де қолданылады. Мысалы: Мен іздеген кітап шкафтың артында екен. Немесе: Мен іздеген кітап Айжанда екен.

93-жаттығу. Берілген сөйленімдерді растаңыз (Подтвердите данные высказывания).

...екен құрылымын, ...сияқты құрылымын пайдаланыңыз.

Үлгі: Бұлақтағы су суық сияқты.

- Иә, бұлақтағы су өте суық екен.

1. Менің жаңа танысым әңгімешіл сияқты.
2. Есепті шығару қиын сияқты.
3. Жаңа директор тым жас сияқты.

94-жаттығу. Диалогты толықтырыңыз.

Үлгі: - Сен дәптеріңді таптың ба?

- Иә, ол Айнұрда болған екен.

1. – Сен Дастанды көрдің бе? Бүгін сабақта болмаған сияқты. Иә
2. – Сен концертте болдың ба? Жаңа әншілер бар сияқты. – Жоқ,
3. – Сен шаңғы сатып алдың ба? – Жоқ, шаңғы дүкенде жоқ
4. – Маржан Жамбылды қайдан біледі?

Анықтама үшін берілген сөздер:

(Ол ата-анасына кеткен; Олар мектепте бірге оқыған, концертті келесі сенбіге ауыстырған).

Назар аударыңыз!!!

Адамның мінез сипаты басқа біреудің қабылдауымен де берілуі мүмкін (характеристика лица может передаваться через восприятие другого лица).

Мысалы: Мен оны талантты деп ойлаймын. Мен оны іскер деп санаймын.

95-жаттығу. 84-жаттығуда берілген сын есімдерді төменде көрсетілген модель бойынша сын-сипат мағыналы зат есімге айналдырыңыз:

- | | |
|-----------------------|----------|
| 1. ұқыпты – ұқыптылық | 8. |
| 2. дөрекі – дөрекілік | 9. |
| 3. қатал – қаталдық | 10. |
| 4. батыр | 11. |
| 5. қорқақ..... | 12. |
| 6. | 13. |
| 7. | 14. |

96-жаттығу. Журналистердің интервьюде қандай қасиетін көбірек бағалайсыз? Әйелдердің ше? Ерлердің ше? Адамдардың қандай жағымсыз мінездерін кешіретіңіз? Осы сұрақтарға сіз қалай жауап берер едіңіз? (сөйлеу тақырыбы: «Қарапайым деп кімді айтамыз?»).

Заттың меншіктілікке қатысы бойынша сын-сипаты
(Характеристика предмета по принадлежности)

97-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Меншік мағыналы есімдіктердің қолданылуына назар аударыңыз, сұрақ қойыңыз.

Дәурен жақында өзінің мақаласын аяқтап, редакцияға тапсырғанын айтты. Оның мақаласының жақында журналдың бір номеріне шығатыны туралы Дастан айтты. Оқытушы өзінің студенті туралы әңгімелегісі келетінін айтты. Оның бұрынғы оқушысы қазір үлкен ғалым. Ол біздің университетке кездесуге келетінін айтты.

98-жаттығу. Төл сөзді сөйлемдерді төлеу сөзге айналдырып, жазыңыз.

Үлгі: «Маған өзіңнің конспектіңді бер» – деп сұрады Мақпал. – Мақпал өзімнің конспектімді беруімді сұрады.

1. «Сенің фильм туралы пікірің қызық, – деді Айнұр.
2. «Өзіңнің мамандығыңды қалай таңдадың?» – деп сұрадым досымнан.
3. «Өзіңнің жұмысыңды ертең әкел», – деп айтты профессор.
4. «Ертең сенбілік болады», – деп хабарлады Сәуле.
5. «Не істесең де, ықыласпен істе», – деді шешесі.

99-жаттығу. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

Ол шешесінің хатын оқыды. Менің досым Астанада тұрады. Журналистің мақаласын оқып шықтым. Әкемнің үйі қаланың шетінде. Абайдың көп өлеңін жаттап алдым. Үй-ішіндегілердің, достарыңның, әсіресе жауларыңның көп істеріне немқұрайды қара.

Заттың мазмұны бойынша сын-сипаты
(Характеристика предмета по его содержанию)

100-жаттығу. Оң жақта берілген сөйлемдердің мазмұнына сүйене отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: Ғалымдар қандай жұмысқа кірісті?	Сирек кездесетін жануарлардың санын анықтау және олардың экологиясын зерттеу маңызды.
---	---

Ғалымдар сирек кездесетін жануарлардың санын және олардың қоршаған ортасын анықтау жұмыстарына кірісті.

- | | |
|--|--|
| 1. Ғалымдар қандай шаралар қолдануда? | Жануарлардың сирек түрін сақтау қажет (сақтау). |
| 2. Сусыз аудандарда қандай жұмыстар өткізіліп жатыр? | Жерді жасанды суландыру (жасанды суландыру). |
| 3. Пьер және Мария Кюри қандай болжам айтты? | Ғылымда белгісіз радиоактивті элемент бар. |
| 4. Олимпиадаға дайындық комитеті қандай шешім қабылдады? | Олимпиялық монет серияларын шығару туралы шешім. |

101-жаттығу. *Сұрақтарға сүйене отырып, өздеріңіздің оқуларыңыз және демалыстарыңыз туралы айтыңыз.*

Қандай лекциялар тыңдадыңыз? Қандай семинарға қатысасыз? Қандай емтихан мен сынақ тапсырасыздар? Сіздердің университет ғалымдары қандай зерттеулер жүргізеді? Қандай кітаптар оқисыз? Қандай ғылыми жұмысқа қатысасыз? Қандай фильмдерді ұнатасыз? Қандай спорт жарыстарына қатыстыңыз? Қандай конференцияға қатыстыңыз?

102-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Асты сызылған сөйлемдерге сұрақ қойыңыз.*

Академик А.Н.Колмогоровтың математиканың әр түрлі саласындағы еңбектері көпке танымал болды. Университет физиканың әр түрлі саласы бойынша жоғары деңгейдегі мамандар дайындайды. Ғалымдардың термоядролық реакцияны басқару саласындағы еңбектері термоядролық электростанция өндірісін құруды тездетті. Ғалымдардың геронтология саласындағы еңбектері өмірдің биологиялық шегін кеңейтуге мүмкіндік береді.

103-жаттығу. *Мына ғалымдардың қандай ғылым саласында танымал екендігін әңгімелеңіз. Жақша ішіндегі сөздер мен сөз тіркесін пайдаланыңыз.*

К.А.Тимирязев (өсімдіктер физиологиясы), Л.Д.Ландау (теориялық физика), А.Эйнштейн (физика), К.Гаусс (математика), М.Өтелбаев (математика), Ө.А.Жолдасбеков (Қолданбалы математика), Н.Бор (ядролық физика), Р.Нұрғалиев (қазақ әдебиеті), А.Жұмаділдаев (математика).

104-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Анықтауыштарды табыңыздар. Осы сияқты сөйлемдерді жалғастырыңыздар.*

Күміс (Ag) иондарының судағы бактериаларды өлтіру қасиеті бар. Радиоактивті элементтердің көзге көрінбейтін сәулелерді шығару қасиеті бар. Хлорофиллде жарықтың қызыл түсін жұтып қою қасиеті бар.

105-жаттығу. *Берілген сөйлемдердің мазмұнын айтыңыз, анықтауыштарға сұрақ қойыңыз.*

Титан (Ti) өте жоғары температураға шыдайды. Су әр түрлі заттарды еріте алады. Магнит металл заттарды өзіне тартады. Табиғаттағы барлық денелер бір-бірін тартады.

Анықтауыштық қатынастың есімше арқылы берілуі

106-жаттығу. *Есімшелі анықтауыштарға сұрақ қойыңыз.*

Інім оқитын университетке келдім. Бақта бұрын мен білмейтін гүлдер өсіп тұр. Залда кеше мен оқыған романның авторы сөйлеп тұр. Біз оқитын университет қаланың орталығында. Мектеп бітірген күнді ұмытпаймыз. Мені күтіп тұрған машинаға жақындадым. Астанадан келген досым хабарласты. Адам болар баланың кісіменен ісі бар.

107-жаттығу. *Мына етістіктер тобын оқыңыз.*

Әңгімелескен, өскен, оқыған, зерттеген, біріктірген, орындаған, пайдаланған, жазған, ерекшеленген, айналысқан жарияланған, ашқан, ойлап тапқан, экрандаған, армандаған, ойнаған.

108-жаттығу. Мына сөйлемдерден анықтауыштық сөз тіркестерін табыңыз.

1. П.Л.Капица Ағылшын Ғылым Академиясына ең бірінші мүше болған ғалым-физик.
2. Лев Ланду теориялық физиканың барлық саласымен айналысқан жан жақты ғалым болды.
3. 1975 жылы бейбітшілік Нобельдік сыйлық алған А.Сахаров ядролық қаруларға қарсы сөйлейді.
4. Неміс ғалымы Вильгельм Рентген - Нобель сыйлығын алған ең алғашқы ғалымдардың бірі болды.
5. Ядролық қаруларды жасауға қатысқан, Нобель сыйлығының лауреаты болған А.Сахаров, кейін осы қаруға тыйым салу үшін, жою үшін күресті.
6. А.Сахаров КСРО ғылым Академиясына сайланған ең жас ғалым болды.
7. Жеңімпаз аталған ғалым көп сыйлықтар алады.
8. Жеңімпаз салмағы 200 грам болатын таза алтын медаль алады.
9. Нобель сыйлығын алған ең жас ғалым - 25 жасар физик Ульям Бряг.

109-жаттығу. Мына етістіктер тобын оқыңыз.

Әңгімелесетін, армандайтын, қабылдайтын, айналысатын, сөйлейтін, біріктіретін, орындайтын, қатысатын, пайдаланатын, жарияланатын, қажет ететін (нуждающийся).

110-жаттығу. Жоғарыда берілген етістіктермен сөз тіркесін құрыңыз.

Үлгі: армандайтын студент (мечтающий)

111-жаттығу. Мына сөйлемдерге көп нүктенің орнына есімшенің тұлғасын жазыңыз.

- а) Нобель сыйлығын ал ... лауреаттар Стокгольмге және Ослаға отбасымен келеді.
- б) Жерде кездес... барлық элементтердің ішінде оттегі кең таралған болып табылады.
- в) Қазақ ғалымдарының маңызды мәселелерді шеш... ғылыми жаңалықтары халықаралық танымға ие болды.

112-жаттығу. Мәтінді оқыңыз. Мәтіннен анықтауышты сөз тіркесін табыңыз. Мәтінді ауызша әңгімелеңіз.

1950 жылы Тереза шешей Мейірімділік Орденін (Орден милосердия) құрды. Индияда орналасқан бұл орден әлемге белгілі. Орденге кіретін монах әйелдер (монашка) көмек қажет ететін адамдардың бәріне көмектеседі. 4,5 мың монах әйелдерді біріктіретін орденде 568 аурухана мен балалар үйі бар.

113-жаттығу. Берілген сөйлемдердегі анықтауышқа сұрақ қойыңыз. Қандай мағынада қолданылып тұр, түсіндіріп көріңіз.

Бұл балада өзгеде жоқ қабілет бар. Қазақстанда басқа мемлекетте кездеспейтін қазба байлықтар бар. Университетте басқа университетте жоқ мамандық бар. Ол бүгін өткен сабақта оқыған лекциясын қайталады.

Бір заттың, құбылыстың басқамен әр түрлі байланысын көрсететін белгісі бойынша сипаты

(Характеристика предмета (явления, лица) по признаку, указывающему на различные связи одного предмета (явления, лица) с другим)

114-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Анықтауыш сипаттамасына назар аударыңыз.

1. Соңғы кездері қалада кірпіш үйлер көптеп салынды. Ауылдан қалаға қарай тас жолдар салынып жатыр. Әжем күміс білезігін маған сыйлады. Ағаштан салынған үйлер көптеп кездеседі. Қазір пластмассадан жасалынған ыдыстар көп. **(отношение к материалу из которого сделан предмет)**

2. Емтихан алдындағы түнді ұйқысыз өткіздім. Жаңажылдық кеш көңілді өтті. Алғашқы қоңырау мен соңғы қоңырау есімде қалыпты. Жазғы ауа райы ұнайды. **(отношение ко времени)**

3. Өзеннің қасындағы үй маған таныс. Қазіргі кезде қалалық транспортқа көп көңіл бөлінеді. Әпкем дала гүлдерін жақсы көреді. Тау етегіндегі ауылға жақындадым. Алматыдан келген хат бастыққа тапсырылды. Сол жағалаудағы үйлер әдемі. **(отношение к месту, к территории)**

4. Сурет дәптерімді сөреден таптым. Университетте би залы мен оқу залы да бар. **(отношение с оттенком целевого предназначения)**

5. Электрондық үкімет туралы Заң жобасын бірауыздан қолдады. Спорт туралы фильм түсіріліп жатыр. Қазнет туралы ұсыныстарды талқыладық. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету туралы ұсыныстар болды. **(отношения, уточняющие информативное содержание предмета)**

115-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: Қандай заттарды қарапайым дейді? (молекулалары атомның бір түрінен тұрады).

Молекулалары атомның бір түрінен тұратын заттарды қарапайым заттар дейді.

Қандай заттарды күрделі дейді? (молекулалары әр түрлі атом түрінен тұрады). Қандай үш бұрыш тең бүйірлі деп аталады? (үшбұрыштың екі қабырғасы өзара тең болады). Біртекті магниттік өріс дегеніміз не? (өрісі барлық нүктеде бірдей болады).

116-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Анықтауыштарға сұрақ (қандай? Қай?) қойыңыз.

Экспедиция орналасқан аудан Солтүстік Қазақстанда. Самолет ұшатын аэропорт қаладан алыс емес. Белгілі ғалым тұрған үйде мемориалдық мұражай ашылды. Қайта құру кезеңінде орман, тоғайын сақтап қалған аудандар аз емес. Адамның кейде жалғыз қалуды қалайтын сәттері болады. Ән айтқан кезде ол сондай әдемі. Қоштасқан күнді ұмытпаймын.

Заттың сандық, салыстырмалылық, сапалық көрсеткіші бойынша сипаты

117-жаттығу. Жақша ішінде берілген сөздерді пайдалана отырып, сөйлемдерді толықтырыңыз.

1.сұрақтар туралы біз кейінірек сөйлесеміз. (жеке) 2. Жаңа тәжірибе алдыңғысына қарағанда ... нәтиже берді. (нақты) 3. Зауыт жаңа ... құралдарды шығаруға кірісті. (дайындалған) 4. Жұмысшылар құрылысты ... мерзімде аяқтауға тырысты. (қысқа) Ғылым табиғаттың ... құпияларын ашуда. (ғажайып)

118-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерді пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз, сұрақтарды жалғастырыңыз.

Есептің қандай шешімін табуға тырысып жатырсыз? (қарапайым, өзгеше) Жаңа лабораторияда қандай құрал жабдық қойылмақшы? (күрделі) Ғылыми техникалық прогресс дәуірінде адам өмірі қандай болады? (қызық, күрделі, көп қырлы).

119-жаттығу. Берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып, өзіңізге қызығырақ ғылыми мәселелер туралы әңгімелеңіз.

Ғылымның жаңа саласы, қызық мәселелер, күрделірек сұрақ, маңыздылау міндет, ірі ғалым, ең белгілі, танымал, еңбек, ұлы жаңалықтар, құнды нәтижелер, зерттеудің ең қиын жағы.

120-жаттығу. Берілген сөз тіркестерін пайдалана отырып, сөйлемдер құраңыз.

Ерекше қиын, тым маңызды, математикалық тұрғыдан дәл, экономикалық тұрғыдан тиімді, химиялық жағынан инертті, практикалық жағынан мүмкін, абсолютті дәл.

121-жаттығу. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

Үлгі: Лабораторияда қуаттылығы әр түрлі моторлар жұмыс істейді. – Лабораторияда қандай моторлар жұмыс істейді? - *Қуаттылығы әр түрлі моторлар.*

1. *Бірдей диаметрлі* шеңберді сызу қажет. Газды *үлкен көлемді* резервуарда сақтауға болады. Студенттер *үлкен мөлшерлі* кристалдарды қарап жатыр. Тәжірибе үшін *қалыңдығы жұқалау* тақталар керек. Зауыт *үлкен диаметрлі* құбырлар жасайды.

122-жаттығу. Мөлшер мағыналы зат есімдерді есіңізге сақтаңыз, осы сөздерді пайдаланып, сөз тіркесін құрастырыңыз.

Ұзындық, биіктік, тереңдік, сыйымдылық, диаметр, қуаттылық, көлем,қысым, қалыңдық, аумақ.

123-жаттығу. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

Әлемдегі ең үлкен, ең ауыр глобус АҚШ – та, Массачусетс штатындағы университетте жасалынған. Оның диаметрі 9 метр, салмағы 21 тонна. Биіктігі 540 метр Останкино телемұнарасы, радиусы 120 – 13 шақырым аймақты телебағдарламамен қамтамасыз етеді. Әлемдегі ең алғашқы атомдық электростанция 1954 жылы іске қосылды. Оның қуаттылығы 5000 кВт.

5. Анықтауыштық-пысықтауыштық қатынастың берілуі
(Выражение определительно-обстоятельственных отношений)
Іс-әрекетті жүзеге асыру амалының берілуі.
(Выражение способа совершения действия)

124-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Берілген сөйлемдердегі әрекетті жүзеге асыру амалын білдіретін предикативтік конструкцияға назар аударыңыз.

1. Пластмасса бұйымдарын *престеу* жолымен өндіреді.
2. Судың тұздылығын *қарапайым қайнату* жолымен жоюға болады.
3. Ас тұзын (NaCl) теңіз суынан *буландыру көмегімен* дайындайды.

125-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Әрекеттің орындалу амалын білдіретін конструкцияларды табыңыз.

Күн жүйесі планеталарының, Күннің және жұлдыздардың химиялық құрамы спектрлік талдау әдісімен зерттеледі. Кез-келген дененің кеңістіктегі қозғалысы математикалық әдіспен сипатталуы мүмкін. Шектердің тербелісін резонанс әдісімен зерттеуге болады. Математикалық индукция әдісімен теоремаларды дәлелдеуге болады.

126-жаттығу. Әртүрлі әдістердің атауын білдіретін сөз тіркестерін оқыңыздар.

Сіздерге қандай тәсілдер белгілі, айтыңыздар.

Өзіңіздің мамандығыңыз бойынша кейбір сөз тіркестерін қолданыңыздар.

Электрохимиялық әдіс, математикалық модельдеу әдісі, радиолокация әдісі, радиоактивтік талдау әдісі, резонанс әдісі...

127-жаттығу. Сөйлемдерді жақша ішіндегі сөздерді пайдалана отырып, толықтырыңыз.

... жолымен, көмегімен конструкциясын пайдаланыңыз.

Көптеген химиялық реакцияны ... жылдамдатуға болады (катализ, катализатор). Пласт-масса бұйымдарын ... өндіреді (престеу, пресс). Электрлік ауыспалы токтың кернеуін ... төмендетуге немесе жоғарылатуға болады. (трансформатор, трансформация). Ауаны ... жаңалауға болады (вентиляция – вентилятор).

128-жаттығу. Мәтінді оқыңыз. Асты сызылған етістіктерге, оған қатысты конструкцияға назар аударыңыз, көрсетілген конструкцияға сұрақ қойыңыз.

Минералдар мен тау жыныстарының пайда болу уақытын тасқа айналған жануарлар мен өсімдіктердің қалдықтары арқылы анықтауға болады. Қосындылардың химиялық құрамын сәулелену спектрінің көмегімен анықтауға болады.

129-жаттығу. Оң жақта берілген ақпаратқа сүйене отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Жауапта ... арқылы конструкциясын пайдаланыңыз. Осы конструкциядағы зат есім заттың дифференциалдық белгісін атайтынына назар аударыңыз өзіңіз де мысал жазыңыз.

Мысалы: Дененің көлемі қалай анықталады? - Дененің берілген өлшемі арқылы оның көлемі анықталады.

1. Түзу сызықты, қисық сызықты қозғалысты қалай атайды?
2. Дененің көлемі қалай анықталады?
3. Металды қалай білеміз?
4. Күкіртті сутегіні қалай анықтауға болады?
5. Радиоактивті заттарды қалай анықтауға болады?

траекториялық формасы белгілі дененің берілген өлшемі металдардың өзіне тән жарқылы болады. күкіртті сутегінің ерекше иісі болады. радиоактивті заттарға сәулелену тән.

130-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Мұнда қалай деген сұраққа жауап беретін конструкция қандай мағыналы?

Анықтама бюросы арқылы жаңа үйге көшіп кеткен досымның үйін тауып алдым. Менің ата-анам Астанаға іс-сапармен келген жұмыстағы досым арқылы туған күніме сәлемдеме

жіберіпті. Ақпараттық құралдар арқылы халықаралық өмірдегі маңызды оқиғалар туралы білеміз.

131-жаттығу. Жауаптардың барлық мүмкін нұсқасын жазыңыз. Жақшы ішіндегі ақпаратты пайдаланыңыз.

Рудадан металды қалай алады? Руданы балқытады). Таза оттегіні қалай алады? (суды электролиздейді). Реакциялар химиялық теңдеуді қалай көрсетеді? (химиялық формулалар пайдаланылады). Судан ауаны қалай бөледі? (суды қайнатады). Денедегі электрлік зарядты қалай білуге болады (электроскоп қолданылады).

6. Іс-әрекеттің сапалық сипаттамасы

(Выражение качественной характеристики действия)

132-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Асты сызылған сөздердің құрылымына және мағынасына назар аударыңыз, өзіңіз де мысалдар жазыңыз.

Жану процесі жылу мен жарықтың бөлінуіне ұласады. Сутегі мен оттегінің қосындысы судың пайда болуына әкеледі. Натрий (Na) оттегіде жалын түзбей жанады. Газ бен сұйықтықтар жалын шығарып жанады. Арнайы құралдарды пайдаланбай, тек қана болжалды нәтиже алуға болады. Жанған кезде буланбайтын заттар жалын түзіп жанады.

133-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз.

Мен досымның Астана туралы әңгімесін қызыға тыңдадым. Оқытушы жылдам сөйледі, мен оны әрең (с трудом) түсіндім. Жауды табандылықпен жеңдік. Студент әңгімені өз сөзімен айтты. Машина өте үлкен жылдамдықпен жүріп келеді.

134-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз. Сол жақ бағанадағы сөйлемдерді пайдаланыңыз.

1. Дыбыс ауада қандай жылдамдықпен тарайды?
2. Жарық пен электромагниттік толқындар қалай тарайды?
3. Жер үстіндегі денелер тартылыс заңы бойынша қалай құлау керек?
4. Автомобильдерге қала ішінде қандай жылдамдықпен жүруге рұқсат етеді? Қаланың сыртында ше?

Дыбыстың ауада таралу жылдамдығы секундына 340 м.

Жарық пен электромагниттік толқындардың жылдамдығы тең.

Барлық денелердің жылдамдығы бірдей.

Қала ішінде автомобиль жылдамдығы – 60 км дейін, қала сыртында 90 км. дейін.

135-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөздерді толықтырыңыз.

Құрылыс ... жүріп жатыр (жылдамдық). Мына мәтінді ... әңгімелеңіз (өз сөзіңіз). Хирург операцияны ... жасады (үлкен сақтық). Оқушы есепті ... шығарды (қарапайым амал). Аспирант баяндамасын ... жасады (ықылас).

136-жаттығу. Белгілі ғалымдардың сөздерін оқыңыздар. Осы сөздерді анықтауыш-нысықтауыштық қатынасты білдіретін әр түрлі құрылымдарда пайдаланыңыз.

«Ең бастысы, бәрін ынтамен жасаңыздар. Бұл өмірге сән береді».

Л.Д.Ландау (физик-теоретик)

«Нағыз оқушы белгісізді белгілінің көмегімен дамытады, осынысымен мұғаліміне жақындайды».

Иоганн Вольфганг Гете (ақын, ойшыл)

7. Іс-әрекет сыны мен интенсивтілігі дәрежесінің берілуі (Выражение степени признака и интенсивности действия) Жай сөйлем құрылымы

137-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Асты сызылған сөз тіркестерінің қайсысы іс әрекет сипатының **төменгі немесе жоғары дәрежесін** білдіреді, қайсысы әрекеттің **сынын** білдіреді? (Анықтамалық материалдан мағынасына сәйкес сөз тіркестерін таңдаңыз).

Дәлелдеме даусыз анық. Оппоненттің аргументтері өте сенімді. Бұл мүлдем жаңа әдіс. Тұз бен қант суда өте жылдам ериді. Елдің алыс өңірлеріндегі өмір түбірінен өзгерді. Аурудың жағдайы тым қиын. Мына үй барынша жылдам қысқа мерзімде салынды.

Анықтама үшін материалдар: өте, мардымсыз, күшті, жоғары дәрежеде, мүлдем, тым, толықтай, мейлінше, барынша, түпкілікті.

138-жаттығу. Асты сызылған сөздерге мағынасы жақын сөздерді пайдаланып көріңіз.

Хаттың кейбір жолдарын оқып отырып, ол қатты толқыды. Дәурен - өте әділ адам. Бұл өте маңызды ескерту. Ол ылғи қысқа сөйлейді. Сұрақ толық түсінікті. Студент емтиханға жеткілікті дайындалған жоқ, сондықтан нәтижесі жақсы болмады.

139-жаттығу. Әрекеттің сын-сипатын, интенсивтілігін білдіретін сөздерді, сөз тіркесін пайдаланып, диалогты рөлге бөлісіп, оқыңыздар.

- Дәурен, саған мына әңгіме ұнады ма?
 - Соншалықты ұнаған жоқ.
 - Қызықты емес деп ойлайсың ба?
 - Жоқ. Маған әңгіменің басты кейіпкері онша ұнамады. Ол *шынайы* сөйлемейді.
- Дастан, қай фильм туралы әңгімелеп отырсыңдар?
 - «Гауһар тас» туралы.
 - Бұл фильм Кеңес дәуіріндегі қойшылардың өмірін *шынайы* бейнелейді.
 - Иә, осы фильмдегі Салтанаттың бейнесі жақсы сомдалған. Актриса *өте жақсы* ойнаған.
 - Қайыркен бейнесін де актер *барынша* сомдай білген.
 - «Гауһар тас» қазақ фильмдерінің алтын қорына енген.
- Сәуле, философиядан лекция оқитын лектор материалды түсінікті айта ма?
 - Иә, *нақты*, *қарапайым* түсіндіреді. Маған ұнады.

140-жаттығу. 139-жаттығуға ұқсас өздеріңіз диалог құрастырыңыздар.

Іс-әрекет сынының күрделі сөйлемде берілуі

141-жаттығу. Сол жақта берілген сөйлемді оң жақта берілген сөйлеммен салыстырыңыз.

- Боранның *күшті болғаны сондай*, ағаштарды түбірімен қопарды, үйдің шатырларын ұшырды.
- Ғалым өз ойын *анық түсіндіргені сонша*, конференцияға қатысушылар оның теориясының негізгі мәселелерін түсінді.

Ағаштарды түбірімен жұлатындай, шатырларды ұшыратындай, *боран соншалықты қатты* болған жоқ. Ғылымның осы саласымен айналыспайтын адамдар түсінетіндей *анық, нақты* түсіндірген жоқ.

142-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Сөйлемнің екі бөлігін салыстырыңыз өзіңіз де мысалдар жазыңыз.

Біздің шахматистер факультетаралық жарыста орын алатындай, дайындықтары соншалықты жақсы емес. Мына студенттің емтиханды жақсы тапсыратындай, дайындығы жақсы емес, сабақтарды тым көп жіберді. Консерваторияға оқуға түсетіндей, оның қабілеті жеткілікті емес.

143-жаттығу. Оң жақта берілген ақпараттарды пайдалана отырып, айтылған ойды растаңыз. Диалог түрінде орындаңыз.

Үлгі: Қала салу үшін жерасты кеңістігін игеру өте маңызды. – Иә, маңыздылығы сонша, оған ешкім күдіктенбейді.

1. Шетелде, Францияда, АҚШ-та, Жапонияда қала салу үшін жерасты кеңістігін пайдалану шешімі өте қызықты.
2. Қала салу аймақтарының ішінде ең маңыздысы орталық аймақ болып табылады.
3. Жас ғалым өте тыңғылықты жұмыс істеді.

Мамандарының бұларды зерттеуіне тұрады.

Қала салушылар бұған ерекше көңіл бөледі.

Ол қысқа мерзімде жоғары нәтижеге жетті.

144-жаттығу. Берілген сөйлемдердің мазмұнын өзгертіңіз.

Есеп сондай күрделі болды, біз оны әрең шығардық. Лаборатория сондай тар, оған тағы бір құрал-жабдық қою мүмкін емес. Құрал-жабдықтар сондай ескі, онымен жұмыс істеу мүмкін емес. Транспорт қозғалысы сондай көп, көшенің арғы бетіне өту мүмкін емес.

145-жаттығу. Екі жай сөйлемнен күрделі сөйлем құрастырыңыз. Сөйлемнің басты бөлігінде іс-қимылдың интенсивтілік, белгі дәрежесін білдіретін сөздерді пайдаланыңыз.

Үлгі: Байкалдан Амур өзеніне дейінгі кеңістік өте үлкен. Оған бірнеше еуропалық мемлекет сияды. – Байкалдан Амурға дейінгі кеңістіктің үлкендігі сонша, оған бірнеше еуропалық мемлекет сияды.

1. Қазақстан дәрігерлері нақты ғылым өкілдерімен өте белсенді жұмыс істейді. Нәтижесінде биофизикада жаңа бағыт құрудың сәті түсті.

2. Астана орталығында жер тапшылығы өте жоғары. Биік мекемелер салуды қарастыратын шаралар қабылдау қажет.

3. Қазақстанның Солтүстік аудандарында құрылыс салудағы көптеген қиындықтар ауыр емес. Оларды жеңуге болады.

146-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Асты сызылған конструкцияларға назар аударыңыз. Әрекеттің интенсивтілік дәрежесі қалай берілгенін анықтаңыз.

а) Емтиханда студенттердің жақсы жауап бергені сондай, олардың табысына тек қана қуануға болады. Спектакльдің мені қатты толқытқаны соншалық, мен әлі өз әсерімді ұмыта алмай жүрмін. Әннің керемет айтылғаны соншалық, бәріміз қуандық. Сабақтың нәтижелі өткізілгені сондай, студенттер де, оқытушылар да риза болды.

б) Әңгімелегені соншалық, тыңдағаны сондай, қуанғаны сондай, күлгені сондай, уайымдағаны соншалықты сөз тіркестерін сөйлемнің бірінші бөлігінде пайдалана отырып, сөйлем құраңыздар.

147-жаттығу. а) Сөйлемдерді оқыңыз. Асты сызылған конструкцияларға назар аударыңыз. Конструкция қандай құралдармен берілген?

Математикалық модельдеу әдісі өзге әдістерден тиімділігі сонша, көпке танылды. Компьютерлік ойындардың әдеттегі ойындардан тартымдылығы сонша, оны балалар да, үлкендер да ойнайды. Қазіргі уақытта тұрмыстық техниканың жетілгені сонша, автоматтық режимде жұмыс істей алады.

8. Кеңістіктік қатынастың берілуі (выражение пространственных отношений)

148-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Сіз университетте әлде институтта оқисыз ба? Ал сіздің жолдасыңыз ше? Сіздің ініңіз техникумда оқи ма? Әлде училищеде ме? Ал қарындасыңыз ше? Қай курста? Қай класта? Сіздің жолдасыңыз химия факультетінде ме? Әлде физика факультетінде ме? Мына аспирант теориялық физика кафедрасында ма? Әлде қолданбалы физикада ма? Ал оның досы ше? Сіздің танысыңыз бос уақытында демала ма? Немесе компьютер курсында оқи ма? Ал сіз ше?

149-жаттығу. а) Диалогты оқыңыз. б) Диалог материалын пайдалана отырып, төменде берілген сұрақтарға жауап беріңіз.

- Дастан, әдетте сен сәрсенбі күні не істейсің?

- Сағат тоғызда мен қазақ тілін оқимын, ал сағат он бірде матанализден семинар.

- Мүмкін, семинардан кейін асханаға барайық. Түс кезіндегі үзілісте үлгірмеймін бе деп қорқамын, сағат бір жарымда физикадан лекция бар. Түскі үзіліс сағат бірден екіге дейін-ақ.

- Сағат үште бос болатын шығарсың?

- Жоқ, сағат үште химиядан консультация болады. Сәрсенбіде мен үшін жұмыс көп.

Сұрақтар. Дастан сәрсенбіде сағат тоғыздан он бірге дейін қайда болады? Он бірден бір жарымға дейін қайда болады? Факультетте түскі үзіліс бар ма? Дастан неге сәрсенбіде түскі үзіліс кезінде асханаға барып үлгермейді? Дастан сағат үштен беске дейін қайда болады?

150-жаттығу. Сіздің топта оқу күні қалай өтеді? 149-ші жаттығуға сүйеніп әңгімелеңіз.

151-жаттығу. Оң жақта берілген сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.

I
Қазақстанға келгенге дейін қайда оқыдыңыз?

Қазақ тілін қайда оқи бастадыңыз?
Сіздің достарыңыз қайда оқиды?

II
Жазда қайда дем алдыңыз?

Стамбул – мектеп;
Париж – лицей;
Лондон – колледж.
Астана – қазақ тілі курстарында.
Алматы – дайындық курсы.
Астана – институт, университет, Алматы – ауылшаруашылық университеті, Әл-Фараби атындағы университет.
Өз Отаным – Сарыағаш;
Алматы – Алатау;
достар – саяжай;
ата-ана – ауыл;
теңіз.
практика – биостанция;

Сіздің жолдастарыңыз жазда қайда дем алады?
Оқуды бітірген соң, қайда жұмыс істегіңіз келеді?

дала, Ақ теңіз, Алакөл, Балқаш.
университет, фирма, ғылыми-зерттеу институты.

152-жаттығу. Берілген сөздер мен сөз тіркесін пайдаланып, диалог құрыңыздар: *кафедра, биология, химиядан практикум., лингафон кабинеті, қазақ тілі сабағы, географиядан семинар, физикадан (математика, механика) аралық бақылау, кеш, театр, кафе, консерватория, концерт, саяхат.*

153-жаттығу. *Мәтінді оқыңыз. Асты сызылған сөздерге сұрақ қойыңыз. Оған қысқа жауап беріңіз, сұрақтарыңыз бен жауаптарыңызды жазыңыз.*

Қазақстан картасының қасында

Қазақстан Орталық Азияда. Солтүстікте Ресеймен, Шығыста Қытаймен, Оңтүстікте Қырғызстанмен, Өзбекстанмен, Түркменстанмен шектеседі, Батысында Каспий теңізі бар, Қазақстанның жер аумағы – 2 717 300 шаршы км. Астанасы – Астана. Басты қалалары: Алматы, Қарағанды, Шымкент, Семей, Павлодар.

154-жаттығу. Асты сызылған сөздерді төрт құбыланың атымен атаңыз (мысалы оңтүстік, оңтүстік-батыс, оңтүстік-шығыс). (Замените выделенные словосочетания названиями стран света и их частей. Например: юг, юго-запад, юго-восток).

Әлемдегі ірі арал Гренландия Атлант мұхитының солтүстік бөлігінде орналасқан. Колумбия Оңтүстік Американың солтүстік батыс бөлігінде орналасқан. Ертең Қазақстанның шығыс бөлігінде күн ашық болады, Балтық жағалауының солтүстік бөлігінде күн бұлтты болады, мүмкін жауын-шашын болады, ал Белоруссияның оңтүстік бөлігінде жаңбыр жаууы ықтимал.

155-жаттығу. Картаны пайдаланып, континентті атаңыздар. Әрбір континенттен бірнеше мемлекетті атаңыздар. Олар континенттің қай бөлігінде орналасқан, осы мемлекеттің қай бөлігінде олардың астанасы және басқа ірі қалалары, көл, өзен-теңіздері орналасқан?

156-жаттығу. *Мұражай, театр, кітапхана, сарайлар, университеттер қайда орналасқандығы туралы жолдастарыңызға сұрақ қойыңыз.*

157-жаттығу. *Сұрақтарға жауап бере отырып, өзіңіздің мемлекетіңіздің астанасы туралы әңгімелеңіз, орталық, шеті, көше, қиылыс, бульвар, гүлзар, жағалау, алаң, даңғыл сөздерін пайдаланыңыз.*

Парламенттің ғимараты қайда? Ұлттық мұражай қай көшеде? Ұлттық университет қайда? Ең үлкен қонақ үй қайда? Студенттер қалашығы қай жағында? Вокзал, стадион, парктер қайда? Көрме орталықтары, цирк, зоопарк қайда?

158-жаттығу. *Сұрақтарды бір-біріңізге бере отырып, жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, жауап беріңіз.*

Греция қандай жартыаралда орналасқан? (Балқан жартыаралы) Швеция қандай жартыаралда орналасқан? (Скандинавия жартыаралы) Ботаниктер өсімдіктің 700 түрін қайдан тапты? (Камчатка) Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін гитлерлік коалицияға қарсы

мемлекет басшылары У.Черчилл, Ф.Рузвельт және И.Сталиннің кездесуі қайда өтті? (Ялта, Қырым).

159-жаттығу. *Түркия картасына қарап, Түркияның орналасқан жерін сипаттаңыз. Оңтүстігіндегі, солтүстігіндегі, Шығыс, Батысындағы мемлекеттерді, теңіздерді атаңыз.*

160-жаттығу. а) Диалогты оқыңыз. Кеңістіктік конструкциялы сөздерге сұрақ қойыңыз.

- Сіз көп саяхаттайсыз ба?

- Иә, менің көп жол жүруіме тура келді.

- Қандай елдерде болдыңыз?

- Көп елдерде. Индияда, Мексикада, Италияда, Кубада, Моңғолияда, Алжирде және тағы басқа елдерде болдым.

- Ал қандай аралдарда болдыңыз?

- Мальтада, Скандинавия аралдарында болдым.

- Ал шөлейттерде (в пустыня) болдыңыз ба?

- Иә, болуға тура келді. Бір емес бірнеше рет Тоби, Сахара шөлдерінде болдым.

б) Келесі атауларды пайдалана отырып, жоғарыда берілген жаттығуға ұқсас диалог құрыңыз: Цейлон, Австрия, Бельгия, Греция, Кипр, Мадагаскар, Қарақұм, Сахара.

161-жаттығу. *Аралық қашықтықты нақтылайтын конструкцияға назар аударыңыз. Осы құрылымдарға сұрақ қойыңыз, жауап беріңіз.*

Көкшетаудан 12 шақырым (км) жерде демалыс үйі орналасқан. Ауылдан үш шақырым жерде диірмен бар. Ауылдан 15 шақырым жерде, теңіз деңгейінен 3120 метр биіктікте бір көне қаланың орны бар. Қаладан шыға берісте, екі шақырым жерде шағын ауыл орналасқан.

162-жаттығу. *Әрекеттің немесе бір қалып-күйдің мекенін көрсете отырып, сөйлемдерді толықтырыңыз. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланыңыз.*

Эльбрус шыңы ... (теңіз деңгейінен биіктігі 5633 метр). Альпі үңгірлерінің бірінде ... (тереңдігі 117 метр) өсімдіктердің көптеген түрі кездескен. Байкал түбіндегі тастар ... (40 метр тереңдік) көрінеді. Мексикадағы Саргасс теңізі түбіндегі тастар ... (60 метр тереңдік) көрінеді.

163-жаттығу. *Қасы, жаны, маңы, алды, арты т.б. көмекші сөздерімен келген құрылымға назар аударыңыз.*

Министрлік үй Астана қаласы Есілдің сол жағалауында. *Министрліктер үйінің қасында жақсы бақ бар. «Бәйтеректің» маңында адамдар көп жүреді, себебі ол жер өте көрікті. «Отырар» кітапханасының жанында оқу ғимараты бар. Оқу ғимаратының алдында студенттер әңгімелесіп тұр. Ұлттық кітапхананың артында мұрағат үйі бар.*

164-жаттығу. *Алыс емес, жақындау, қатар, қашықтықта сөздерін пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланыңыз.*

ҚазҰУ-дің қалашығы ... (Ботаника бағы). Ботаника бағы ... («Атакент» көрме орталығы). Республикалық физика-математика мектебі ... (ҚазҰУ). Оқушылар үйі ... (ұлттық мұражай). Ұлттық кітапхана ... (университет).

165-жаттығу. Оң жақ қатардағы сөйлемдерді сол жақ қатармен салыстырыңыз. Синонимдік конструкцияларға назар аударыңыз.

Моңғолия Қазақстанның шығыс жағына қарай орналасқан.
Қытай Қазақстанның оңтүстік шығысына қарай орналасқан.
Жапония Қытайдың солтүстік шығысына таман орналасқан.
Украина Қазақстанның солтүстік батысына таманырақ орналасқан.

Моңғолия Қазақстанның шығыс жағында.
Қытай Қазақстанның оңтүстік шығысында.
Жапония Қытайдың солтүстік шығысында.
Украина Қазақстанның солтүстік батысында.

166-жаттығу. Карта бойынша бірнеше мемлекеттің, қаланың, көлдердің төрт құбыла (с учетом стран света и их частей) бойынша орналасуын анықтаңыз.

167-жаттығу. Кеңістіктік конструкцияларына назар аударыңыз. Сұрақтар қойыңыз.

Алматы екінші вокзалының алдында Абылайхан ескерткіші тұр. Бағдаршамның алдына машина тоқтады. Балалармен келе жатқан автобустар коллонасының алдында мемлекеттік автоинспекция машинасы жүріп отырды. Біздің артымызда достарымыз отырды. Самолет бортының сыртында ауаның температурасы - 40°-қа төмендеді. Спортсмен-велосипедшілердің артында санитарлық машина жүріп отырды.

168-жаттығу. Ішінде, сыртында, үстінде көмекші сөздерін пайдалана отырып, сөйлем құраңыздар.

169-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Кеңістіктік конструкцияларға назар аударыңыз. Сұрақтар қойыңыз, жауап беріңіз.

Университеттік стадиондар университет аумағының ішінде орналасқан. Автобус және троллейбус аялдамалары университет аумағының сыртында. Қала аумағының сыртында көптеген шағын ауылдар бар. Қала маңында көптеген саяжайлар бар. Автомобильдің көптігінен қала ішінде жүру қиын.

9. Мезгілдік қатынастың Сағаттық уақыттың берілуі

Сағат қанша болды?
Күндізгі бір, (түнгі) күндізгі сағат төрт (кешкі, таңғы)
16 сағат 3 минут
бестен 3 минут кетті.
Үштен бес минут кетті.
Жеті жарым
Алтыға 15 минут қалды.
Алтыға 3 минут қалды.

Қашан? Қай сағатта?
Күндізгі бірде (түнгі), күндізгі сағат төрте (түнгі, таңғы)
16 сағат 3 минутта
бестен 3 минут кеткенде
үштен бес минут кеткенде
жеті жарымда
алтыға 15 минут қалғанда
алтыға 3 минут қалғанда

Назар аударыңыз!!!

Сөйлеу тілінде сағаттық уақытты айтқанда, әдетте 12-ден жоғары сан есімді қолданбайды. (Мысалы, он үш сағат, он төрт сағат және т.б.). Мұндай уақыт туралы хабарламаны ресми ақпаратта немесе электронды сағаттарда, таблоларда, теледидарда естисіздер). Тәулік бөлігін білдіру үшін: таңертең, кеш, күн, түн сөздері қосылады немесе тәуліктің қай бөлігі айтылып жатқаны түсінікті болса, ол сөздер түсіріліп айтылады.

170-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Қазір сағат қанша? Қазір Атырауда сағат қанша болды? Мәскеуде осы уақытта сағат қанша? Нью-Йоркте ше? Лондонда ше? 10, 15 және 30 минут бұрын сағат қанша болды? 12, 15 және 30 минуттан кейін сағат қанша болады?

171-жаттығу. а) Көрсетілген уақытта кеше сіз не істедіңіз және көршіңізден де не істегенін сұраңыз. Таңертең, күндіз, кешкі, түнгі сөздерін пайдаланыңыз.

08.10	11.20	13.10	15.06
17.45	19.30	22.51	00.22

б) Ал енді ертең осы уақытта не істеуді жоспарладыңыз, әңгімелеңіз. Сіздің көршіңіз де сіздің сұрақтарыңызға жауап берсін.

7.15	10.01	12.00	14.30
16.04	18.48	20.45	02.30

172-жаттығу. Сізге бір оқиға туралы хабарлады. Бұл тәуліктің қай кезеңінде (уақытында) болды немесе болады, нақтылаңыз. Үлгі бойынша шағын диалог құрыңыз.

Үлгі: - Бағдарлама ертең сағат он отызда басталады.

- Таңертең бе, кешке ме?

- Таңертең он жарымда.

1. Аэропорттағы конференция тоғыз жарымда болады.
2. Самолет екіден он бес минут кеткенде ұшып келеді.
3. Олардың баласы кеше төрттен 45 минут кеткенде дүниеге келді.
4. Сізге сағат жеті жарымда біреу звондады.
5. Соңғы поезд сағат 12.22-де кетеді.

173-жаттығу. Қазақстан телеарнасы бағдарламасын оқыңыз, айтыңыз:

- а) «Қазақстан жаңалықтарын» күніне қанша рет береді және қай уақытта?
- б) «Қазақстан телеарнасында» қашан және қай уақытта көркем фильмдер болады?
- в) Бағдарламада сіз үшін ең қызықтысы не? Бұл хабарлар, сіздіңше, қашан, қай уақытта жүргені дұрыс;
- г) Теледидарды сіз жиі көресіз бе?
- д) Теледидарды сіз қай уақытта көресіз, қандай хабарларды көресіз?

23 мамыр, сенбі Қазақстан

6.55 Әнұран, аңдатпа

7.00 Мемлекеттік уақыт қызметі: дәлме-дәл уақыт. Государственная служба времени: сигналы точного времени.

7.00 «Таңшолпан». Таңғы ақпараттық-сауықтыру бағдарлама.

8.00; 9.00 Жаңалықтар

9:45 «Народная экспертиза»

10:00 «Сарай әміршісі». Телехикая. 21-я серия (Корея) (с субтитрмен)

11:00 Жаңалықтар

11:15 Новости

11:35 «Мың бір түн». Телехикая.. 4-я серия. (Түркия, 2006 ж.) (с субтитрмен)

12:40 «Таутұлға»

13:05 «Сегіз қырлы». «Ойын-сауық бағдарлама»

14:00 Жаңалықтар

14:15 Новости

14:35 Документальный цикл «Непридуманные истории»

14:55 «Сіз бен біз». Ток-шоу

15:35 «Дала ханзадасы - Фархат» Мульттоптама. 9-серия (Италия, 2004 ж.)

16:00 «Сарай әміршісі». Телехикая. 22-серия. (Корея) (с субтитрмен)

17:00 Жаңалықтар

17:15 Новости

17:35 «Аялы алақан». Әлеуметтік жоба.

17:50 «Толағай» Отбасылар сайысы

18:40 «Көпшілік консерваториясы»

19:00 «Капитал әліппесі»

19:10 «Новый Казахстан»

19:30 Новости

20:15 Тұсаукесер! «Мың бір түн». Телехикая. 5-я серия (Түркия, 2006 ж.) (с субтитрмен)

21:30 Жаңалықтар

22:15 «Сен сұлу». Ток-шоу

23:00 Жерар Депардьё, Гийом Кане, Инес Састр в триллере «Видок» (Франция, 2001 г.).

Режиссер – Питоф.

0:35 Жаңалықтар

1:15 Новости

1:55 Джеффри Раш, Джуди Дэвис, Тим Дракс «Ағысқа қарсы» драмасында (Австралия, 2003 ж.). Режиссер – Рассел Малкэй

3:35 Аңдатпа, әнұран

174-жаттығу. Мәтінді оқыңыз.

Адамдардың екіге бөлінетіні баяғыдан белгілі. Біріншісі – бүгінгі жұмысты ертеңге жиі қалдыратындар. Екінші топқа – істі ертеңге қалдырмайтындар. Біріншісі – «жапалақтар» ерте тұрып, бірден іске кірісетіндер. Екіншісі «Үкілер», олар таңертең ұзақ ұйықтауды жақсы көреді, алайда күннің екінші жартысында жұмыс істегенді, тіпті түнге дейін жұмыс істегенді артық көреді. «Жапалақтар» - 20-25 пайыз, «Үкілер» - 30-40 пайыз, ал қалғандары «кептерлер» - дейді. Бұлар қатаң ырғаққа бағынбайтын адамдар. Танымал «үкілердің» ішінде – Бальзак, Моцарт, Менделеев бар, ал Лев Толстой және Наполеон «жапалақтар» болатын.

Күндізгі 14-15-тің кезінде «жапалақтар» мен «үкілердің» биоырғақтары қиысады. Бұл туралы іскери адамдардың ескергені жөн. Биоырғақтардың жұмыста немесе үйде жанжалдасып қалуына тікелей қатысы бар. *(газет материалдарынан)*

175-жаттығу. Сіздің топта «үкі» көп пе, жапалақ көп пе? Өзіңіздің тобыңыздағы көршіңізге қандай сұрақ қояр едіңіз? Мына тестіні орындап көріңіз, «үкісіз бе», «жапалақсыз ба», білесіз.

Тест

Өзіңізге қатысты нұсқасын таңдаңыз.

1. Сізге таңертең тұру қиын ба?

- A) иә
- B) кейде
- C) сирек
- D) өте сирек

2. Сіз егер таңдай алсаңыз, ұйықтауға қай уақытты таңдар едіңіз?

- A) түнгі бірден кейін
- B) он екі жарымнан түнгі бірге дейін
- C) кешкі сағат оннан түнгі он екі жарымға дейін
- D) Кешкі сағат онға дейін

3. Таңертеңгі асты қалай ішесіз? (Какой завтрак вы предпочитаете утром?)

- A) тоя(плотный) тамақ ішемін
- B) тым тоя (не очень плотный) ішпеймін
- C) пісірілген жұмыртқа немесе бутерброд
- D) тек қана бір шыны шай немесе кофе

4. Жұмыста немесе үйде қай уақытта сізде ұсақ-түйек қолайсыздықтар болады? (В какое время обычно у вас происходят мелкие неприятности на работе или дома?)

- A) түске дейін
- B) түстен кейін
- C)
- D)

5. Сіз неден оп-оңай бас тартар едіңіз? (От чего бы вы могли с большой легкостью?)

- A) таңертеңгі шайдан немесе кофеден?
- B) кешкі шайдан
- C)
- D)

6. Демалыс немесе каникул кезінде әдеттеріңізді тамақ ішіп отырғанда оп-оңай ауыстыра аласыз ба?

- A) өте оңай
- B) жеңілдеу
- B) қиын
- C) назар аудармаймын

7. Егер сіздің алдыңызда таңертең істейтін маңызды жұмыс тұрса, әдеттегі күн тәртібіңізбен салыстырғанда қанша сағат бұрын ұйықтар едіңіз?

- A) 3 сағатқа жуық
- B) бір сағат немесе екі сағат
- C) бір сағаттан аздау
- D) әдеттегі уақытымда

8. Минутқа тең уақыт арасын қаншалықты нақты бағалай аласыз? Біреуден осы туралы өзіңізді тексеруді сұраңыз. (Насколько точно вы можете оценить промежуток времени, равный минуте?)

- А) минуттан азырақ
- В) минуттан көбірек
- С)
- Д)

Нәтижені өңдеу

Жауап нұсқалары	1	2	3	4	5	6	7	8
А)	3	3	3	1	2	0	3	0
В)	2	2	1	0	0	1	2	2
С)	1	1	2	-	-	2	1	-
Д)	0	0	0	-	-	-	3	0

Егер сіз 0-ден 7 ұпайға дейін жинасаңыз, сіз «жапалақсыз».

Егер сіздің нәтижеңіз 8 ұпайдан 13 ұпайға дейін болса, сіз «кептерсіз».

Егер сіздің ұпайыңыз 14-тен 20 ұпайға дейін болса, сіз «үкісіз».

Датаның берілуі

Дата

Бүгін қаншасы?

Кеше түн қандай еді?

Ертең қаншасы?

Бүгін 20 мамыр.

Кеше 19 мамыр болатын.

Ертең 21 мамыр болады.

2009 жыл, 20 мамыр

Қашан?

Қай күні?

Жиырманшышы мамырда

Он тоғызыншы мамырда

Жиырма бірінші мамырда

2009 жылы 20 мамырда

Күн

Бүгін қай күн?

дүйсенбі

сәрсенбі

жексенбі

туған күн

Тәуелсіздік күні

демалыс күн

Қашан? Қай күні?

дүйсенбіде

сәрсенбіде

жексенбіде

туған күнде

Тәуелсіздік күнінде

демалыс күнінде

кешенің арғы күні

кеше

бүгін

ертең

ертеңнен кейін

Тәуліктегі уақыт

Тәуліктің қай кезі?

таңғы кез

күн

кеш

түн

Қашан?

Тәуліктің қай кезінде?

таңертең

күндіз

кешке

түнде

Апта
Қай апта?
бұл апта
сол апта
өткен апта
оның алдындағы апта
келесі апта

Ай
Қай ай?
сәуір
осы ай
сол ай
өткен ай
алдыңғы ай
келесі ай

Жыл
Қай жыл?
Бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы
жыл
екі мыңыншы жыл
екі мың бесінші жыл
осы жыл (биыл)
сол жыл
өткен жыл (былтыр)
арғы жыл
келесі жыл

Жыл мезгілі, сезон
Жылдың қай мезгілі?
қыс
көктем
жаз
күз

Ғасыр?
Қай ғасыр?
бірінші ғасыр
XIX ғасыр
XX ғасыр

осы ғасыр
сол ғасыр
өткен ғасыр
арғы ғасыр
келесі ғасыр
орта ғасыр

Қашан? Қай аптада?

осы аптада
сол аптада
өткен аптада
оның алдындағы аптада
келесі аптада

Қашан?
Қай айда?
сәуірде
осы айда
сол айда
өткен айда
алдыңғы айда
келесі айда

Қашан?
Қай жылы?
бір мың тоғыз жүз тоқсан тоғызыншы
жылы
екі мыңыншы жылы
екі мың бесінші жылы
осы жылы (биыл)
сол жылы
өткен жылы (былтыр)
арғы жылы
келесі жылы

Қашан?
Жылдың қай мезгілінде?
қыста
көктемде
жазда
күзде

Қашан?
Қай ғасырда?
бірінші ғасырда
XIX ғасырда
XX ғасырда

осы ғасырда
сол ғасырда
өткен ғасырда
арғы ғасырда
келесі ғасырда
орта ғасырда

Уақыт. Кезең Дәуір. Замана

Қай уақыт?

Қай кезең?

Қай дәуір?

Қай заман?

Қашан? Қай кезде?

Қай кезеңде?

Қай дәуірде?

Қай заманда?

Сәт

секунд, минут

Біздің уақыт. жақын арада, жуық ара.

Бір сәтте, осы сәтте

Осы секундта, осы минутта

Біздің уақытымызда, біздің уағымызда,
жақын арада

Соғыс кезі.

Суық соғыс дәуірі

Қайта өрлеу кезі

Мизазой дәуірі

бірінші кезек

Соғыс кезінде

Суық соғыс дәуірінде

Қайта өрлеу кезінде

Мизазой дәуірінде

бірінші кезекте

Назар аударыңыз!!!

Әңгімеде XX ғасыр оқиғасы туралы жылды айтқанда, әңгіме XX ғасыр туралы екені түсінікті болса, соңғы екі цифр айтылады. Мысалы: *Қырық бірінші жылы, он жетінші жылы.*

176-жаттығу. Келесі даталарды оқыңыз. Даталардың араб цифрымен, айлардың рим цифрымен берілетініне назар аударыңыз, яғни бірінші күн жазылады, содан соң ай жазылады.

1/I, 14/II, 15/III, 27/IV, 15/V, 22/VI, 4/VII, 19/VIII, 1/IX, 25/X, 7/XI, 25/XII.

7.01, 23.02, 15.03, 12.04, 15.05, 16.06, 18.07, 31.08, 01.09, 10.10, 12.11, 03.12.

177-жаттығу. Мәтінді оқыңыз. Мәтін соңында берілген жаттығуларды оқыңыз.

Рим және араб цифры

Батыс Еуропа елдерінде көп ғасырлар бойы рим цифрлары – I, V, X, C, D, L, M қолданылып келді. XII ғасырдың соңында, XIII ғасырдың басында арабтар Еуропаны санаудың Индияда біздің эрамызға дейін VI ғасырда қалыптасқан ондық жүйесімен таныстырды. Біз шығу тегі үнділік болса да 1, 2, 3 цифрларын араб цифры деп атаймыз.

XVII ғасырдың соңына дейін ресми қағаздарда тек қана рим цифрларын қолдануға рұқсат етілген. Бәрібір араб цифры жеңіске жетті. Санаудың жаңа жүйесін бірінші еуропалық көпестер, банкирлер, содан кейін ғалымдар, саясаткерлер қабылдады. Көне Русьте әріптік немесе алфавиттік санау болған. Оны XVIII ғасырдың басына дейін пайдаланды. Бірінші – Петр тұсында оны араб цифры ығыстырды.

Егер I – бұл – 1, V = 5, X=10, L-50, C-100, D-500, M-1000 болса, егер цифр басқа цифрдың алдында: IV – (V-I)-4, XL (L-X)-40, CD (D-C) – 400-ді білдірсе, қалай ойлайсыз, мыналар қандай сандар болар еді?

а) CDXLIV

б) DLV

в) MCMXCIX

178-жаттығу. Қазақстандағы мерекелік даталарды атаңыз.

- 22 наурыз –
- 8 наурыз –
- 7 мамыр –
- 1 қыркүйек –
- 31 тамыз –
- 16 желтоқсан –

179-жаттығу.

- а) Аптадағы ең жақсы көретін күніңіз қай күн, неге?
- ә) Аптаның қай күні сіз мүлдем бос емессіз, неге?
- б) Ең сүйікті айыңыз қай ай, неге?
- в) Сіздің еліңізде көктем қашан басталады?
- г) Жақсы көретін жыл мезгіліңіз қай мезгіл, неге?
- д) Сіздің демалысыңыз немесе каникулыңыз қашан?

180-жаттығу. Бұл қай кезде болады, айтыңыз.

Жұлдыздар суда көрінеді. Адамдар егіс жинайды. Аққала соғуға болады. Ақындар айтқан сияқты махаббат айы басталады. Алғашқы қоңырау соғылады. Құстар ұшып келеді. Ағаштар бүршік атады.

181-жаттығу. Айтылған ойға келіспесеңіз, қарсылығыңызды білдіріңіз, оқиға датасын нақтылаңыз. (Возразите, если вы не согласны с утверждением и уточните дату события).

Үлгі: Алматы (бұрынғы атауы Верный) ХІХ ғасырдың соңында салынған.

- Жоқ, меніңше ғасырдың соңында емес, 1861-ші жылы салынған.

1. Радионы ХХ ғасырда ойлап тапқан.
2. Студенттердің қысқы сессиясы ақпанда.
3. Ғарышқа адам бірінші рет өткен ғасырдың елуінші жылдары ұшты.
4. Астана Ақмолаға 2000-шы жылдың басында көшті.

182-жаттығу. Сіз білесіз бе?

А.

1. Халықаралық балаларды қорғау күні қашан?
2. Қазақстанда тәуелсіздік күні қашан?
3. Күлкі күнін қашан тойлайды?
4. Бүкіл әлемдік қоршаған ортаны қорғау күні қашан?

В.

1. Колумб Американы қашан ашты?
2. БҰҰ қашан құрылды?
3. Бірінші автомобиль қашан жасалды?
4. Халықаралық Жер күні қашан?
5. Халықаралық Су күні қашан?

183-жаттығу. Викторина үшін датамен байланысты қызықты сұрақтар ойластырыңыз. Достарыңызға жауап беруге ұсыныңыз.

184-жаттығу. Мына бет Дәурен Әділбаевтың күнделігінен. Оның мамандығы кім деп ойлайсыз? Неге?

Қыркүйек

өткен апта	«Керемет» фирмасымен келіссөздер. «Данияр» қонақ үйінде пресс-конференция.
осы апта	Сақтандыру компаниясы өкілдерімен кездесу. «Атакент» орталығындағы көрме.
келесі апта	Жаңа тауарларды презентациялау. Астанаға іс-сапар.

Іс-әрекеттің ұзақтығының, созылыңқылығының берілуі

(Обозначение продолжительности действия)

Қанша уақыт?

анықтауышсыз минут, сағат күн, түн, кеш, таң	сәйкес анықтауышымен бір сағат бойы күні бойы, түні бойы, кеш бойы, сәскеге дейін (целое утро), күнімен, түнімен
сейсенбі, сәрсенбі апта ай, сәуір қыс, көктем, жаз, күз жыл сағат ай, жыл, ғасыр екі, үш, төрт жыл	бүкіл сейсенбі, бүкіл сәрсенбі апта бойы, бүкіл апта, екінші апта бойы ай бойы, бүкіл апта бойы, бүкіл сәуір бойы қыс бойы, көктем бойы, жаз бойы, күз бойы, бүкіл күз бойы жыл бойы, бүкіл жыл бойы, бірінші жыл, ұзақ жыл төрт сағат бойы бүкіл айлар, ұзақ жылдар бойы, ғасыр бойы соңғы үш жылда, бүкіл жыл бойы, өмір бойы, бүкіл жол бойы, барлық каникул бойы, бүкіл сабақ бойы

185-жаттығу. Мағынасына сәйкес мезгілдік конструкцияны таңдап алып, сөйлемді толықтырыңыз: *соғыс бойы, бір жарым сағат, ұзақ жылдар, түні бойы, жол бойы, күні бойы, бүкіл қыс, қыс бойы, кеш бойы, өмір бойы.*

Спектакль ... болды. ... театрдан үйге дейін үнсіз келдік. ... мен кітапханада отырдым. ... олар бір-бірін жақсы көрді. Ол оның хаттарын майданнан ... күтті. Хат тоқтап қалған соң, олар ... бір-бірі туралы ештеңе білмеді. Ол оны ... сүйіп өтемін деп уәде берген. ... ол жылап отырды.

186-жаттығу. Сөйлемді бағананың оң жағында берілген мезгілдік конструкциямен толықтырыңыз.

... жылы болды	Қыс бойы
... жаңбырлы болды.	өткен күз
... біз тауда өткіздік.	бүкіл өмір
... ... көзді ашып-жұмғандай өте шықты.	бүкіл өмір бойы
... ... өзінің ата-анасын іздеумен өтті.	апта бойы
... фонетикамен айналыстық.	апта бойы
... ... келіссөздер мен хат жазысулар болды.	ай бойы
... ... жаңбыр толастамады.	тұтас ай

187-жаттығу. Сөйлемдерді салыстырыңыз. Олардың мағынасында айырмашылық бар ма? Бар болса, түсіндіріңіз.

Біз күні бойы бақта жұмыс істедік.
Ай бойы жаңбыр болмады.
Ол жыл бойы ауруханада жатты.
Апта бойы ол сіздің жауабыңызды күтті.

Біз күнімен бақта жұмыс істедік.
Айлап жаңбыр болмады.
Ол ауруханада жылдап жатты.
Ол сіздің жауабыңызды апталап күтті.

188-жаттығу. Сөйлемдерді әрекеттің қаншаға созылғанын білдіретін мезгілдік конструкциялы ақпаратпен толықтырыңыз.

Үлгі: Інім тоқсан тоғызыншы жылы университетке түсіп, ...
Тоқсан тоғызыншы жылы інім университетке түсіп, сонда бес жыл бойы оқыды.
Ол кітапты кітапханадан өткен жұмада алған,
Біз жедел жәрдемді телефонмен шақырдық,
Олар бір-бірін жас кездерінен жақсы көрді,
Жаңбыр таңертең басталды,
Мына көбік опера күзде басталған еді,

189-жаттығу. Берілген мезгіл мәнді конструкциямен сөйлемдер құраңыз.

Үлгі: жеті жыл, отыз жыл, екі ай.
Әкем осы заводта жеті жыл жұмыс істеді, атам отыз жыл бойы жұмыс істеді, мен екі-ақ ай жұмыс істедім де, кеттім.

1. екі сағат, күн, он минут;
2. жарты ай, жыл, бір жарым апта;
3. сағаттың ширегі, сабақ, екі минут;
4. бес жыл, жарты өмірі, екі жыл;
5. он жыл, жүз жыл, жарты жыл.

190-жаттығу. Қай әрекетте сіз оның он-ақ минутқа созылғанын, қай әрекетте оның 10 минут бойы созылғанын айтар едіңіз? (всего десять минут, целых десять минут). Жауап мынадай болуы мүмкін:

Операция небары он-ақ минутқа созылды. Қыз 10 минут бойы ес-түссіз жатты.

Небары, бойы сөздерін қоса отырып, сөйлемдерді құрастырыңыз.

Жарты сағат	екі күн	бір жарым апта
Төрт ай	бес жыл	жарты ғасыр

191-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Сіздің поезыңыз қашан келді? Поезд Алматыдан Астанаға дейін қанша уақыт жүреді?
2. Біздің сабағымыз қашан бітеді? Сабақ қанша уақыт болды?
3. Сіз университетке қашан түстіңіз? Университетте оқу үшін қанша уақыт керек?
4. Жаттығудан қашан келдіңіз? Ойын қанша уақытқа созылды?
5. Осында қанша уақыт боласыз? Үйге қашан қайтасыз?

Іс-әрекеттің басталу сәті мен аяқталуының берілуі (Обозначение момента начала и конца действия)

Қай уақыттан бері?
Қай сағаттан бері?
Қай күннен бері?
Күзден
Күндізгі сағат екіден
10 мамырдан
Қыркүйектен
41 жылдан
Бір көргеннен (с первого взгляда)
Көктем келісімен
Көрме ашылысымен
Сағат сайын, күн сайын, ай сайын, жыл сайын

Қай уақытқа дейін?
Қай сағатқа дейін?
Қай күнге дейін?
Көктемге дейін
Кешкі беске дейін
Бесінші маусымға дейін
Маусымға дейін
45 жылға дейін

*Қай уақыттан қай уақытқа дейін? (с какого времени и до какого времени?)
Қай сағаттан қай сағатқа дейін?
Қай күннен қай күнге дейін?
Қай уақыт?*

Таңнан кешке дейін.
Жаздан қысқа дейін
Күндізгі сағат екіден түнгі он екіге дейін
Он екінші шілдеден екінші тамызға дейін
Отыз бесінші жылдан 41-ші жылға дейін.

Сессиядан сессияға дейін.
Таң атқаннан күн батқанға дейін
Таңнан таңға дейін

Назар аударыңыз!!!

Іс-әрекеттің басталу сәті мезгілдік ұғымды білдіретін сөзге шығыс септігі және бері көмекші сөзінің тіркесуімен беріледі. Мысалы: *Мен күзден бері Астанада тұрамын. Мен спортпен өткен жылдан бері айналысамын.*

Бастапқы мезгілдік шекті білдіру конструкциясы мезгіл ұғымды сөз заттанған етістікке көмектес септігінің жалғануымен беріледі. Мысалы: *Көктем келісімен күн жылына бастады. Жаңа жыл басталысымен азық-түлікке бағалар өсті.*

Мезгілдік ұғымды білдіретін сөздер + септеулік сөз конструкциясы әрекеттің біртіндеп өзгеруін білдіреді. *Күн сайын жылы бастады. Жыл сайын елдегі жағдай жақсарып келеді.*

Іс-әрекеттің аяқталуын білдіретін құрылым барыс септігіндегі мезгіл ұғымды сөзге дейін септеулегінің тіркесуімен беріледі. *Біз таңға дейін отырдық. Біз кешке дейін биледік.*

Уақыттық шек мезгіл ұғымды сөздермен берілмейтін конструкцияларда шығыс септікті сөз + барыс септікті сөз қолданылады: *Біз таңнан таңға дейін жұмыс істейміз. Студенттер сессиядан сессияға дейін көңілді өмір сүреді.*

192-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерді дұрыс тұлғасында жазыңыз.

Мектепте сабақ (1 қыркүйек) басталады. Жақсы музыкант болу үшін музыкамен (бала кез) айналысу керек. Концерт (басталған дейін) келдік. Біз университетте (сағат үш дейін)

болдық. Інім компьютерде (таң кеш дейін) отырады. Ұлы Отан соғысы (22 маусым 1941 жыл 9 май 1945 жыл) болды.

193-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Салыстырыңыз. Мезгіл мәнді конструкцияның берілуіне назар аударыңыз.

Хабарландыру

1. Хабарландыруды оқыдың ба? Бірінен бесіне дейін ыстық су болмайды!
2. – Каникул қаншасынан қаншасына дейін?
- 23 қаңтардан 7 ақпанға дейін.

Жөндеуге байланысты № 22 үйде 01.07-05.07 ыстық су болмайды.
Студенттердің қысқы каникулы 23 қаңтардан 7 ақпанға дейін жалғасады.

194-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз, жақша ішіндегі сөздерді пайдаланыңыз.

Кітапхана (9-22) ашық. Түскі үзіліске дүкенді (2-3). Оқу жылы (қыркүйек-маусым) созылады. Дәрігер (10-14) қабылдайды. Театр (1 маусым-31 тамыз) жөндеуге жабылады. Өмір бізді (балалық-кәрілік) үйретеді. Шахмат турнирі (12 сәуір-19 сәуір) болады.

195-жаттығу. Сөйлемдерді әрекеттің басталуы мен аяқталуын көрсете отырып, аяқтаңыз.

Егер де менің мүмкіндіктерім болса (уақыт, қаражат, билік)

- 1) Мен ... саяхаттар едім.
- 2) Мен ... компьютерде отырар едім.
- 3) Мен ... ән тыңдар едім.
- 4) Мен ... бассейнде жүзер едім.
- 5) Мен ... ұйықтар едім.

(таңнан кешке дейін, сағат үштен беске дейін, жыл бойы, кеш бойы, сағат оннан таңғы жетіге дейін)

196-жаттығу. Төменде берілгендерді тіректер ретінде пайдалана отырып, олардың жұмыс істеу уақытын звондап, сұраңыз.

Киімдерді жөндеу Ательесі	Асхана ашық	«Қазақстан баспасөзі» киоскісі
\$ Валюта айырбастау пункті	+ Стоматолог күнде қабылдайды	Аэрофлот кассалар

197-жаттығу. Диалог құрастырыңыз. Мекемелердің жұмыс істеу уақытын анықтаңыз.

Үлгілер: - Алло! Емхана ма? Дәрігер Әлімбаев қашан қабылдайды, айтыңызшы?
- Дүйсенбіде, сәрсенбіде, жұмада. Таңертең сағат тоғыздан сағат бірге дейін.

- Рахмет.
- Алло! Халық банк пе?
- Иә, сізді тыңдап тұрмын.
- Айтыңызшы, сіздерде үзіліс бар ма?
- Иә, екіден үшке дейін.
- Бүгін сағат қаншаға дейін жұмыс істейсіздер?
- Әдеттегідей, сағат сегіз жарымға дейін.

Дәріхана

жұмыс істеу уақыты:
8-20 үзіліс.
Үзіліс 13-14.

Мұражай

дүйсенбіден басқа
күндері ашық жұмыс
істеу уақыты: 10-17.

Химиялық тазалау

9-18 жұмыс істейді.
Демалыс күні –
жексенбі.

Қазақ қол өнері көрмесі

сағат 13-тен-18 дейін,
сейсенбіден басқа күні
күнде ашық.

Театр

Касса дүйсенбі, сәрсенбі, жұма
күндері 12-14 сейсенбі, бейсенбі
14-16 жұмыс істейді.

198-жаттығу. *Адам өмірін жас кезеңіне бөліңіз (мысалы бала кез т.б.) және әрқайсысы қанша уақытқа созылады, айтыңыз. Жастық шақ, орта жас, кемел шақ, қарттық кез.*

199-жаттығу. *Шағын тест. Өзіңізді тексеріңіз! Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.*

1. Кітапхана ... жұмыс істемейді.

- А) бесінші маусымға дейін
- В) бес маусымда
- С) бес маусым
- Д) бесінші маусымға

2. Біз саяжайға ... барамыз.

- А) демалыс күні
- В) демалыс күн
- С) демалыс күнге
- Д) демалу күні

3. ... біз ата-анамызға барамыз.

- А) мереке күн
- В) мереке күні
- С) мереке күнде
- Д) мереке күнге

4. Атам ауылда ... тұрғанды жақсы көреді.

- А) жаз қыс
- В) жаздан қысқа дейін
- С) жазға, қысқа
- Д) жаздан, қыстан

5. Каникул ... басталады.

- А) келесі апта
- В) келесі аптадан
- С) келесі аптамен
- Д) келесі аптаға

6. ... қатты аяз басталды.

- А) қыс келісімен
- В) қыс келісі
- С) қыс келуімен
- Д) қыс келе

7. ... ағаштар бүршік атады.

- А) жуық арада
- В) жуық
- С) жуыққа
- Д) жуық кезде

8. ... суық бола түсті.

- А) күн сайын
- В) күнімен
- С) күнге
- Д) күніне

Әлде-бір іс-әрекеттің басталатынының, бірнеше уақыт өтіп кеткенінің берілуі
(Обозначение времени по прошествии которого произойдет,
закончится или начнется какое-либо действие)

Қашан? Қанша уақыттан кейін.

- Екі сағаттан кейін
- Бірнеше жылдан кейін
- Бір минуттан соң
- Екі сағаттан соң
- Бірнеше жыл өткен соң
- Бірнеше жыл өткеннен кейін
- Екі күннен кейін
- Екі күн өткеннен кейін

Ескерту! Кейін, соң септеуліктерінің қолдануына назар аударыңыз.

Екі күннен кейін біз кішкене көлді тауып алдық. Екі сағаттан кейін қараңғы түсті. Күндізгі сағат төрттен кейін қараңғы түсті.

Соң, кейін септеуліктері оқиғаны, процесті, мекемені білдіретін сөзден кейін де қолданылады: таңғы астан кейін (соң), жұмыстан кейін (соң) демалыстан кейін (соң), сабақтан кейін (соң) әңгімеден кейін, сапардан кейін, концерттен кейін, университеттен кейін, мектептен кейін, операциядан кейін (соң және т.б.).

200-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Мезгілдік конструкцияларды табыңыз.

Бүкіл ай бойы жаңбыр жауды. Тек қана бір айдан кейін күн ашық, жылы бола бастады. Ол өзінің романымен үш жыл бойы жұмыс істеді. Ол өзінің романын үш жылдан кейін аяқтады. Аэропортта ашық (ұшу) ауа райын үш сағат күттік. Тек қана үш сағаттан кейін өзіміздің рейсіміз туралы хабарландыруды естідік. Олар он жыл бірге оқыды. Мектептен кейін олар университетке түсті. Олар интернет арқылы екі жыл хат жазысты. Екі жылдан кейін ғана олар кездесті. Алдағы үш апта аралығында Президент демалыста болады. Екі апта өткен соң, өзінің міндетіне оралады.

201-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз, салыстырыңыз.

1. Дәрігер:
Үш сағат өтісімен дәріні қайтадан ішіңіз.

Шеше:
Дәрігер айтқандай, үш сағаттан соң мына дәріні ішуді ұмытпа.

202-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. **Кейін, соң** септеуліктерінің қолданылуына назар аударыңыз.

1. Мен үйге үш сағаттан соң келемін. Мен үйге күндіз сағат үштен кейін келемін.
2. Біз үйден таңертең шықтық, бірнеше сағаттан соң ауылға келдік. Біз үйден таңертең шықтық, жаман жолмен бірнеше сағат жүргеннен кейін ауылға жеттік.
3. Ол әскерге кетті, екі жыл өткен соң, үйге басқа адам болып оралды. Ол әскерге кетті, әскердегі ауыр қызметтен кейін үйге басқа адам болып оралды.

203-жаттығу. **Кейін, соң** септеуліктерін пайдаланып, сөйлемді толықтырыңыз.

1. ... (апта) жазғы каникул басталады.
2. ... (осы ауыр апта) жақсы демалу керек.
3. Осында ... (екі сағат) кездесейік.
4. Декан бүгін (күндізгі сағат екі) болады.
5. Бүгін ... (сабақ) соң, қалаға экскурсияға барамыз.
6. ... (екі минут) біздің автобус қалаға барады.
7. ... (жұмыс) шешем, әдетте, дүкендерге барады.
8. ... (бірнеше минут жүгіру) біз жаяу жүрдік.
9. ... (бірнеше күн) біздің үйде жиналды.

204-жаттығу. Қалай ойлайсыз? Мына әрекеттердің әрқайсысы қалай аяқталуы мүмкін? Екінші бөлігінің бірнеше нұсқасын ойлаңыз, фразаны аяқтаңыз.

Үлгі: Композитор операны екі жыл жазды... Екі жылдан кейін бұл операны Абай атындағы опера театры қойды. Операмен екі жыл жұмыс істегеннен кейін композитор симфония жазуды бастады.

1. Драматург пьесамен бес жыл жұмыс істеді....
2. Модельер жаңа киімдердің коллекциясын екі жыл жазды.....
3. Мен өзімнің туған қаламда үш жыл болмадым....
4. Студенттер практикада екі ай болды.....

205-жаттығу. *Ойлауды жақсы көретіндер үшін. Сұрақтарға жауап беріңіздер.*

1. Жеті балықшы өзенде балық аулады. Біріншісі көлге күнде, екіншісі – бір күннен соң, үшіншісі екі күннен соң, төртіншісі – 3 күннен соң, бесіншісі – төрт күннен соң, алтыншысы – бес күннен соң, жетіншісі – алты күннен соң келіп тұрды. Бүгін балықшылар бірге жиналды. 7 балықшы қанша күннен кейін көлге тағы да бірге жиналады?

2. Тұрмысқа шыққан апалы-сіңлілі үш қыз өздерінің ата-аналарына барып тұрды. Біріншісі – 2 күннен кейін, екіншісі – 3 күннен кейін, ал үшіншісі – бес күннен кейін. Неше күннен кейін үш қыз ата-анасының үйінде кездеседі?

Іс-әрекеттің нәтижесіне жету үшін қажетті мерзім, уақыттың берілуі
Қанша уақытта?

Үш сағат жиырма минутта

Екі күн ішінде

Үш апта ішінде

Екі жүз жылда

Уақыттың осы кезеңінде

Өткен тоқсанның ішінде

Адамзат тарихында

Жер-жер болғалы

Бір сәтте

Бір сәттің ішінде

Секунд ішінде

Бір минутта

Екі күн ішінде

Бір минутта

Жарты сағатта

206-жаттығу. *Сөйлемдерді салыстырыңыз. Мезгілдік құрылым мағынасына назар аударыңыз.*

1. Студенттер үй жұмысын екі сағатта орындады. Олар үй тапсырмасын екі сағат орындады.

2. Ғалым диссертациясын екі жыл жазды. Ол диссертациясын екі - үш жылда жазып бітірді. (Он написал диссертацию за три года).

3. Ербол мақаланы екі сағат аударды. Ол мақаланы екі сағатта аударды.

4. Әже немересіне свитерді екі апта тоқыды. Ол немересіне свитерді екі аптада тоқып, бітірді.

5. Балалар лагерьде екі апта демалды. Олар екі апта ішінде лагерьде жақсы демалды.

207-жаттығу. *Мына құрылымдардың қолданылуын қалай түсіндіруге болады?*

1. Үш күнде біз барлық мәселені шештік.

2. Өрт басталып, бүкіл үй 10 минутта жанып кетті.

3. Екі күнде доллар 15 пайызға өсіп кетті.

4. Осы жаттағуларды мен екі жыл жаздым.

5. Осы тақырыпты үш жыл жаздым.

208-жаттығу. Шағын тест. Өзіңізді тексеріңіз. Дұрыс нұсқасын таңдай отырып, сөйлемді толықтырыңыз.

1. Ауылға дейін ... жүру керек.

- A) үш сағат
- B) үш сағатта
- C) үш сағат сайын
- D) үш сағат кейін

2. Жаңа спорт сарайын ... салды.

- A) үш жылда
- B) үш жыл сайын
- C) үш жылмен
- D) үш жыл

3. біздің қаламыз өзгерді.

- A) Соңғы он жылда
- B) Соңғы он жыл
- C) Соңғы он жылмен
- D) Соңғы он жылға

4. Мен мұндай тестіні ... орындаймын.

- A) бес минутта
- B) бес минутқа
- C) бес минуттан
- D) бес минутпен

5. Балалар ... ұйықтау керек.

- A) сағат сегізде
- B) сегіз сағатқа
- C) сегіз сағат
- D) сегіз сағаттан

6. Спортсмендер он километрді жүгірді.

- A) жарты сағатта
- B) жарты сағат
- C) жарты сағатқа
- D) жарты сағаттан

209-жаттығу. Мәтінді оқыңыз.

Көне рим календары

Тарихта көне рим календары туралы нақты мәліметтер сақталмаған. Біздің эрамызға дейін VIII ғасырда римдіктер 10 айдан тұратын 304 күн ғана бар календарды пайдаланғаны белгілі. Қалған кезеңді олар айға бөлмеген, тек қана көктемнің келуін күткен. Олардың біріншісі соғыс құдайы Марстың құрметіне аталған март болған. Әрі қарай апрель (латынның arperige – ашу), себебі бұл айда ағаштар бүршік жарған. Үшінші ай – Меркурийдің анасы Майе құдайдың құрметіне аталған – май. Төртінші ай – Юпитердің әйелі Юнон құдайдың құрметіне июнь деп аталған. Келесі айлар санды, санауда реттілікті білдірген, кейбірі осы

мағынасын бүгінгі күнге дейін сақтаған: сентябрь (жетінші), октябрь (сегізінші), ноябрь (тоғызыншы), декабрь (оныншы) көне рим күнтізбесі көптеген реформаларды басынан кешірді.

Біздің эрамызға дейінгі VII ғасырда бұл күнтізбеге екі ай: январь (өткенді және болашақты көре білетін Янус құдайдың құрметіне), февраль (жер асты патшалығының құдайы Фебруустың құрметіне аталған) қосылды. Біздің эрамыздың I ғасырға дейін тағы да реформа жасалды: жыл сайын қосымша ай қосылып отырды. Бұл айдың ұзақтығын рим абыздары белгіледі, тиімсіздеу күнтізбе болды.

Біздің эрамызға дейінгі 46 жылы реформа қарсаңында рим күнтізбесінің хаостық жағдайын өткір ойлы Вольтер былайша сипаттаған: «Рим әскербасылары әрқашан жеңіп отырды, бірақ олар бұның қай күні болғанын ешқашан білген емес», - деді.

Көне рим күнтізбесіне дұрыстау өзгерістер Юлий Цезарьдің басқару кезінде енгізілді: оның жүйесінің негізі – 365 күнге, төрт жыл сайын – 366 тәулікке созылатын күндік жүйе болды. Осылайша Юлиан календарі дүниеге келген.

(И.А.Климишина мақаласынан ықшамдалып алынды)

210-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіздер.

1. Мәтіннен мезгіл мәнді конструкцияларды табыңыз.
2. Мәтінде біздің эрамызға дейінгі VIII ғасыр;
біздің эрамызға дейінгі VII ғасыр;
біздің эрамызға дейінгі I ғасыр;
біздің эрамызға дейінгі 46 жыл
неге байланысты айтылады?
3. Көне рим күнтізбесінде қандай кемшіліктер болды?
4. Сіздің ана тіліңізде айлар қалай аталады?

Іс-әрекет нәтижесі сақталатын мезгілдің берілуі

Қанша уақытқа?

Қанша мезгілге?

Қай уақытқа?

Келу / төрт айға келу

Кету / үш жылға кету

Беру / кітапты екі күнге беру

Алу / журналды бірнеше аптаға алу

Қалдыру / баланы бес минутқа қалдыру

Орналастыру / багажды камераға бір сөткеге орналастыру

Қою / микротолқынды пешке сорпаны үш минутқа қою

Кешігу / жарты сағатқа кешігу

Кідіру / бір күнге кідіру

Жоспарланған әрекет мезгілінің берілуі

Қанша уақытқа? Қай уақытқа?

Белгілеу / (кездесу) сағат екіге

Ауыстыру / басқа күнге, уақытқа ауыстыру

Тапсырыс беру / таксиді сағат кешкі 7-ге шақыру

Броньдеу / номерді ертеңге броньдеу

Сатып алу / бесінші майға билет сатып алу.

211-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз, салыстырыңыз.

1. Шетелдік студенттер біздің университетімізде қазақ тілін бір жыл оқиды. Олар біздің университетке бір жылға келді.
2. Біз кітапханада үш сағат болдық. Біз кітапханаға үш сағатқа бардық.
3. Құрбым маған жарты сағатқа келді. Ол менің қасымда жарты сағат болды.
4. Қысқы каникулымды ауылда өткіздім. Мен ауылда қысқы каникул кезінде болдым.
5. Пирог духовкаға бір сағатқа қойылды. Әжем пирогты духовкаға бір сағатқа қойды, содан соң ұмытып кетті.

212-жаттығу. Қажетті мезгілдік конструкцияны пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ауылда қанша күн болдыңыз. Қанша күнге келдіңіз?
2. Астанада қанша уақыт болдыңыз? Өткен жылы Астанаға қанша уақытқа келдіңіз?
3. Тереза қанша уақыт ашық тұр? Қанша уақытқа ашып едіңіз?
4. Сіз кеше үйде қанша уақыт болмадыңыз? Үйден қанша уақытқа кетіп едіңіз?
5. Қылмыскер түрмеде қанша уақыт отыр? Оны қанша уақытқа отырғызды?

213-жаттығу. Екі сөйлемнен бір сөйлем құрастырыңыз.

Үлгі: Студенттер каникул кезінде Балқашқа барады. Олар онда бір апта болады.

- Каникул кезінде студенттер Балқашқа бір аптаға барады.

1. Апта соңында біздің отбасымыз саяжайға барады. Біз онда демалыс күндері демаламыз.
2. Атам тағы да ауылға барады. Ол онда бір апта болады.
3. Сенің мына бейнефильмді алуыңа болады, екі күн қарауыңа болады.
4. Таңғы ас ішкің келсе, бутербродты микротолқынды пешке қой. Оны тек қана бір минут жылытуға болады.
5. Біздің театр гастрольге Чехияға барады. Олар онда бір ай болады.

214-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Ауылға қанша уақытқа келдіңіз?
2. Пәтерді қанша уақытқа жалдадыңыз?
3. Студенттер тағылымдамаға қанша уақытқа келді? Студенттер сіздің курсыңызға қанша уақытқа келеді?
4. Апаңыз демалыс үйіне қанша уақытқа кетті?
5. Сіздің досыңыз шетелге қанша уақытқа кетті?

215-жаттығу. Мына сөйлемдерді түсіндіріңіз.

Үлгі: Інім бізге үш күнге келді. – Бұл дегеніңіз – інім біздің үйде үш күн болады, деген сөз.

1. Біз демалыс үйіне екі аптаға бардық.
2. Менің әріптесім менен журналды үш күнге алды.
3. Ол баяндаманы бір аптада жазды.
4. Екі апта қатты жұмыс істеген соң, ауылға баруды шештім.
5. Екі аптадан кейін мен үйге келдім.
6. Каникул бір аптадан кейін басталады.
7. Бүкіл апта біз тестке дайындаламыз.

216-жаттығу. Басқаша қалай айтуға болады? Сөйлемдерді мезгілдік конструкцияларды пайдалана отырып, өзгертіңіз.

Үлгі: Мына кітапты жазып шығу үшін, жазушыға үш жыл жұмыс істеу керек болды. – Жазушы мына кітапты үш жылда жазып шықты.

1. Мына танымал әнші өткен жылы екі күнге келген. Содан соң кетіп қалды.
2. Біз эрмижада үш сағат болдық. Әрине, барлық экспозицияны көріп үлгермедік.
3. Кешіріңіз, директор жоқ. Бес минут күтіңіз, қазір келеді.
4. Поезд 19.40-та келуі керек еді, 20.20-да келді.
5. Мына қиын есепті шығару үшін ағама 15-ақ минут керек, ал маған үш сағат керек.
6. Біздің кездесуіміз ертең емес, сенбіде болады.
7. Бізде тест болды. Оны орындау үшін бізге 45 минут керек болды. Біз оны орындадық.
8. Спектакль сағат жетіде басталады, ал біз театрға 7.05-те келдік.

217-жаттығу. Есепті шығарып көріңіз.

Көшемен қыз бала келе жатты. Оған қарама-қарсы кездескен қарт адам: «Қайырлы күн, кішкентай қыз!», - деді. «Қайырлы күн! – бірақ мен кішкентай емеспін», – деді қыз бала. «Сонда қанша жастасыз?» – деді қарт кісі. «Санаңыз: Мен шешемнен екі есе кішімін, ал шешем әкемнен бес жас кіші, бәріміз бірге 100 жастамыз». Сонда қыз қанша жаста болғаны? Есепті шешіп көріңіз.

Егер қыз x жаста болса, шешесі $2x$ жаста, ал әкесі – $2x + 5$ жаста болса, x – ті табыңыз.

218-жаттығу. Шағын тест. Өзіңізді тексеріңіз, дұрыс нұсқасын таңдап, сөйлемді толықтырыңыз.

- | | |
|--|-----------------------|
| А. 1. Ол бұл мақаланы ... аударды | а) екі сағатта |
| 2. Мен мақаланы ... аудардым. | б) екі сағат |
| 3. ... кездесейік. | с) сағат екіде |
| Ә. 1. Достар бір-бірінен... алыстады. | а) бір жыл |
| 2. Олар ... ғана кездесті. | б) бір жылға |
| 3. Олар бір-бірін ... көрмеді. | с) бір жылдан кейін |
| Б. 1. Геологтар экспедицияда ... болды. | а) жарты жыл |
| 2. Олар ... оралды. | б) жарты жылдан кейін |
| 3. Жақында олар тағы да экспедицияға ... барады. | с) жарты жылға |
| С. 1. Балалар ... қыдыруға кетті. | а) үш сағаттан кейін |
| 2. Олар паркте ... қыдырды. | б) үш сағат |
| 3. Олар түстенуге ... келді. | с) сағат үште |
| Д. 1. Ол кітаппен ... жұмыс істеді. | а) бір айдан кейін |
| 2. Каникул ... басталады. | б) бір ай |
| 3. Ертең мен үйге ... кетемін. | с) бір айға |
| Е. 1. Поезд жарты сағатқа ... | а) жеттім |
| 2. Жарты сағатта мен үйге ... | б) кешікті |
| 3. Тоғайда мен жарты сағат ... | с) қыдырдым |
| Ж. 1. Әжем бір аптада ... | а) келді |
| 2. Біз бір апта ... | б) оны күттік |
| 3. Ағам бір аптаға | с) свитер тоқыды |

Оқиғадан бұрынғы, алдында болған мезгілдің берілуі (обозначение временного предшествование)

Қашан?

Қай уақытқа дейін? Неге дейін?

Ненің алдында?

Ненің қарсаңында?

Сапарға дейін

Мектепке дейін

Сапар алдында

Мереке қарсаңында

Таң алдында

Назар аударыңыз: Бұл конструкция бір әрекеттің басқа әрекеттен бұрын болғандығын білдіреді.

219-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Мезгіл мәнді конструкцияны табыңыз.

Астанаға келгенге дейін мен Әл-Фараби атындағы университетте жұмыс істедім. Мектепке дейін үлкен қызым ауылда болды. Операция алдында оның көңіл күйі болмады. Шетелге сапар шегу алдында ол ағылшын тілі курсына барды. Осы кездесуге дейін олар таныс емес еді. Сапар алдында мен түнімен ұйықтамадым. Мектепке дейін-ақ Дастан 1-ші сынып бағдарламасын оқып алды. Емтихан алдында ол уайымдай бастады.

220-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз. Мезгіл мәнді конструкцияны пайдаланыңыз.

Үлгі: Театрға соңғы рет қашан бардыңыз? – Мен театрға сессияға дейін барғанмын. Мен театрға мереке алдында барғанмын.

1. Бір-біріңізбен қашан таныстыңыз?
2. Ауылға қашан барасыз?
3. Мұражайға қашан бардыңыз?
4. Рефератты қашан жазуыңыз керек?
5. Келесі емтихандарың қашан?
6. Қашан демалысқа шығасыз?

221-жаттығу. Сәйкес мезгілдік конструкцияны таңдай отырып, сөйлемді толықтырыңыз.

1. Олар таныс емес болатын.
Ол бір шоқ раушан гүлін сатып алды.
- 2..... мен осы қала туралы ештеңе білмедім.
..... түні бойы ұйықтамадым.
3. Ол уайымдады.
..... ол мүлдем салмақты болды.
4. Олар қызын оқуға үйреткен.
..... олардың қызы бірнеше ертегіні өзі оқып шықты.

осы кездесуге дейін
осы кездесу алдында
сапарға дейін
сапар алдында
емтиханға дейін
емтихан алдында
мектепке барар
алдында
мектепке дейін

222-жаттығу. Жасқа байланысты заңнамадағы кейбір шектеулерді оқыңыз, толықтырыңыз, басқа елдердің заңнамасында қандай шектеулер бар, білсеңіз, айтыңыз.

1. Қазақстанда некеге 18 жастан бастап отырады.
2. Әскерге 18 жастан 27 жасқа дейін шақырылады.

3. 18 жасқа дейін машина жүргізуші құжатын ала алмайсыз.
4. 18 жастан бастап сіз мемлекеттік сайлауға қатыса аласыз.
5. 16 жасқа дейін паспорт ала алмайсыз.

223-жаттығу. *Мезгіл мәнді құрылымға сұрақ қойыңыздар.*

1. Тұрмысқа шыққанға дейін оның фамилиясы басқа болатын.
2. Сайлау алдында ол өзінің кандидатурасын алып тастады.
3. Суық түскенге дейін олар саяжайда тұрды.
4. Ата-анамыз мына үйді біздің тойымыздың алдында алып берді.
5. Олардың баласы ерте, әскерге дейін үйленген.
6. Ол емтихандарын сессияға дейін-ақ тапсырып қойды.

224-жаттығу. *Шағын тест. Өзіңізді тексеріңіз, дұрыс нұсқасын таңдай отырып, сөйлемді толықтырыңыз.*

- | | |
|--|--|
| 1. Осы қонақ үйді ... бітірді. | а) үш айға
в) үш айдан
с) үш ай бұрын |
| 2. Ол ... ұйықтады. | а) сегіз сағатқа
в) сағат сегізге дейін
с) сегіз сағат сайын |
| 3. Ол ... ғана келді. | а) таңертеңге
в) таңға дейін
с) таң алдында |
| 4. Сен кешіктің, қоңырау ... болды. | а) бес минуттан кейін
в) бес минут бұрын
с) бес минутқа |
| 5. Жаңбыр ... қойды. | а) түске
в) түстен кейін
с) түстен |
| 6. Каникул басталады. | а) бір айда
в) бір айдан кейін
с) бір айға |
| 7. Біз бұл мұражай туралы ештеңе білмедік. | а) экскурсияға дейін
в) экскурсияда
с) экскурсиядан кейін |

ОҚЫҢЫЗ, ҚЫЗЫҚ!

Неге апта жеті күннен тұрады? Көне астрономдар Айдың әрбір фазасы жеті сәт-кеге созылатынын байқаған. Сондықтан айды жеті күннен тұратын төрт аптаға бөлген. Басында апта демалыс күні болатын сенбіден басталған. Апта күндері аспан денелерінің атымен: сенбі Сатурнның күні, дүйсенбі Айдың күні, сейсенбі Марс күні, сәрсенбі Меркурийдің күні, бейсенбі Юпитердің күні, жұма Шолпанның күні және жексенбі Күннің күні деп аталған. Осы атаулардың кейбірі бүгінгі күнге дейін еуропа тілдерінде сақталған.

Оқиғалар, іс-қимылдар аралығындағы мезгілдің берілуі (обозначение срока разделяющего действия)

Қашан?
Қанша уақытта? (за сколько времени?)

Неге дейін? (до чего?)
Қоңыраудан бес минут бұрын.
Осы оқиғаға дейін екі жыл бұрын

Қашан?
Қанша уақыт кімнен/неден бұрын?
на сколько (времени) раньше кого/чего?

Маған қарағанда бес минут бұрынырақ.
(на пять минут раньше чем я)
Менен бес минут бұрынырақ.
Бізге қарағанда екі жыл бұрын.

Бізден екі жыл бұрын

Қашан?
Осыдан қанша уақыт бұрын?

Қашан?
Қанша уақыттан кейін? (через сколько времени?)
Неден кейін? (после чего?)
Осы оқиғадан кейін екі жылдан соң

Қашан?
Қанша уақытқа кімнен/неден кейін, кеш
- на сколько (времени) позднее позже
кого\чего?
Маған қарағанда бес минут кейінірек.

Менен бес минут кешірек.
Бізге қарағанда екі жыл кейін (на два года
позже нас)
Бізден екі жыл кейін

Осыдан екі жыл бұрын (два года тому
назад). Осыдан екі жүз жыл бұрын.

Назар аударыңыз!!!

Бір іс-әрекетті екінші іс-әрекеттен бөліп көрсететін конструкцияда өткен шақ есімше + соң + мезгіл мәнді құрылым: Біз поезд жүріп кеткен соң, бес минуттан кейін келдік. Басқаша айтсақ, поезд жүріп кетті, бес минут өтті, біз вокзалға келдік. Бір іс-әрекетті екінші іс-әрекеттен бөліп көрсететін конструкцияның бірі – бұрынырақ, кейінірек сияқты салыстыру мағыналы сөздерімен келген құрылым. Мысалы: Олар бізге қарағанда, мұнда екі күн бұрынырақ/кейінірек келген. Осы конструкция жас ерекшелігін айтқанда да қолданылады. Ағам әпкемнен екі жас үлкенірек (жасырақ, кішірек).

Осыдан + бұрын сияқты мезгілдік конструкция алдында, бұрын болған іс-әрекеттің мезгілін білдіреді, өткендегі мен қазіргі іс-әрекет арасындағы қанша уақыт бар екенін айтады.

Мысалы: Ол осыдан екі жүз жетпіс жыл бұрын дүниеге келген. Біз мұнда екі күн бұрын ғана келгенбіз.

225-жаттығу. Сөйлемнен мезгіл мәнді конструкцияны табыңыз, оларды антониміне ауыстырыңыз.

Үлгі: Жанжал сайлауға дейін бір апта бұрын болды. – Жанжал сайлаудан кейін, бір апта өткен соң болды.

1. Біз вокзалға поезд кеткенге дейін үш минут бұрын келдік.
2. Осы режиссер өзінің бірінші фильмін біздің кездесуімізден кейін, бір жылдан соң түсірді.
3. Олардың отбасы қаладан соғыс аяқталған соң, екі жылдан кейін көшті.

226-жаттығу. Екі сөйлемді бір сөйлемге айналдырыңыз.

Үлгі: Түскі үзіліс аяқталды. Жарты сағаттан кейін концерт басталды. – *Жарты сағаттан кейін түскі үзілістен соң, концерт басталды.*

1. Менің інім мектеп бітірді. Төрт жылдан кейін ол университетке түсті.
2. Ол университетті бітірді. Алты жылдан соң, ол диссертациясын қорғады.
3. Олардың тойы 2008 жылы болды. Бір жылдан кейін олардың ұлы дүниеге келді.

227-жаттығу. Мезгіл мәнді құрылымдарды пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Аэропортта ұшқанға дейін қанша уақыт бұрын тіркеуден өту керек?
2. Вокзалға поезд жүргенге дейін қанша уақыт бұрын келген жақсырақ?
3. Жаңа жылға құттықтау хаттарын достарыңызға қашан жібересіз?
4. Егер қонаққа, мысалы, сағат алтыға шақырса, қаншада келесіз?
5. Хат алсаңыз, қанша уақыттан кейін жауап жазасыз?

228-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

1. Жиырма жыл бұрын қандай жыл еді?
2. Сол кезде әлемде, елде, отбасыңызда қандай маңызды оқиғалар болды?
3. Сол жылды қазіргі жылмен салыстырыңыз. Әлемде, сіздің елде және отбасыңызда қандай өзгерістер болды?
4. Қалай ойлайсыз? Жиырма жылдан кейін әлемде, елде, сіздің отбасыңызда қандай оқиғалар болады?

229-жаттығу. Достарыңыздан, тобыңыздан сұраңыз.

1. Бір айдан кейін кімнің туған күні болады?
2. Кім сізден бұрынырақ тұрады және қанша сағат бұрын тұрады?
3. Демалыс күні сізден кешірек кім тұрады және қанша сағатқа?
4. Кім бүгін сабаққа сізден бұрынырақ келді және қанша уақыт бұрынырақ келді?
5. Кім мектепке сізден бұрынырақ барды және қанша уақыт бұрынырақ барды?
6. Кім сізден бұрынырақ ұйықтайды және қанша уақыт бұрынырақ ұйықтайды?

230-жаттығу. Шағын тест. Өзіңізді тексеріңіз! Дұрыс нұсқасын таңдаңыз.

1. Біз поезға кешіктік, себебі вокзалға ...

- а) поезд кеткеннен кейін келдік.
- б) поезд кеткенге дейін келдік.
- с) поезд кеткенше келдік.

2. Менің әкем

- а) соғыстан кейін екі жылдан соң дүниеге келді.
- б) соғыстан кейін екі жылда дүниеге келді.
- с) соғысқа дейін екі жылда келді.

3. Каникул басталады.

- а) мерекеге дейін бір күннен соң
- б) мерекеден кейін бір күннен соң
- с) мерекеден кейін бір күні

4. Студенттер университетке ... келеді.

- а) лекцияға дейін бес минут бұрын
- в) лекциядан кейін бес минутта
- с) лекциядан бұрын бес минут

5. Біз залға кірдік.

- а) спектакль басталғанға дейін бір минут бұрын
- в) спектакль басталғанға дейін бір минутта
- с) спектакльден бұрынырақ минут

Қайталанатын іс-әрекет мезгілінің берілуі (Обозначение времени повторяющегося действия)

Қашан?

минут сайын (каждую минуту)

сағат сайын (каждый час)

күн сайын

түн сайын

сәрсенбі сайын

апта сайын

ай сайын

тоқсан сайын

жыл сайын

сағаттап, апталап, жылдап - қайталанатын іс-әрекеттің ұзақтығын күшейту мағынасын білдіру үшін де қолданылады. (целыми, долгими часами; целыми неделями; целыми месяцами; целыми годами)

күнде таңертең (по утрам)

күнде кешке (по вечерам)

тақ күндері (по нечетным дням)

апта сайын дүйсенбіде

апта сайын сәрсенбіде

күніне бір рет (раз в день)

аптасына екі рет

жылына бес рет

апталап, айлап, жылдап

231-жаттығу. Мезгіл мәнді құрылымға сұрақ қойыңыз.

Ауылға жарты сағат сайын автобус жүреді. Ол үйден айлап, жылдап хат алыспады. Күнде таңертең балалар сүт ішеді. Жылына екі рет біздің қаламызда мереке болып тұрады. Жаз сайын біз демалыс үйлеріне барамыз. Ұзақ қысқы кештерде олар үнемі шахмат ойнайды. Демалыс сайын отбасымыз түгел жиналамыз. Жылына екі рет біз емтихан тапсырамыз. Мына журнал ай сайын шығады.

232-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

«Әдемі-ай» журналы ай сайын шыға ма? Қазақстанда сайлау төрт жылда бір рет бола ма? Жұма сайын қазақ тілі бола ма? Апта сайын грамматикадан тест бола ма? Қала күні жылда тойлана ма? Сіз электронды поштадан күнде хат аласыз ба?

233-жаттығу. Сабақ кестеңізге қараңыз. Мезгіл мәнді құрылымда пайдалана отырып, қай пән қашан болады, қайсысы күн сайын, қайсысы аптасына бір рет, екі рет айтыңыз. Нені өзгерткіңіз келеді?

234-жаттығу. *Сұрақтарға жауап беріңіз.*

1. Күніне қанша рет тамақ ішесіз?
2. Дене шынықтыру жаттығуларын жасайсыз ба?
3. Жаңа киім алғанды жақсы көресіз бе?
4. Стоматологке жиі барасыз ба?
5. Шашыңызды жиі қырқтырасыз ба?

235-жаттығу. *Шет тілін үйренетіндердің кейбір ойларын оқыңыз. Сіз қалай оқисыз, ойды жалғастырыңыз.*

1. Әдетте, мен бүгінгі жұмысты ертеңге қалдырмаймын.
2. Күн сайын кешке мен ұйықтар алдында жаңа сөздерді қайталаймын.
3. Мен жаңа сөздерді тек қана сабақ алдында қайталаймын.
4. Әрбір жаңа сөзді мен бірнеше рет қолдануға тырысамын.
5. Кішкене сөздігім бар, мен оны әрбір бос минутымда пайдаланамын.
6. Демалыс күндері мен жаңа сөздерді қайталауға уақыт табуға тырысамын.
7. Мен жаңа сөздердің тізімін бір қағазға жазып, ас үйге, бөлмеге, тіпті жуынатын бөлмеге де іліп қоямын. Оларды күнде, сағат сайын, демалғанда жұмыс істегенде көріп отыру үшін, есімде қалдыру үшін.

236-жаттығу. *Сәйкес мезгілдік құрылымды пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.*

- Телевизор көруді ұнатасыз ба? Жиі көресіз бе?
Қандай спорттық бағдарламаны көресіз? Оны телевизордан жиі көресіз бе?
Көркем фильмдерді жиі көресіз бе?
Қай бағдарлама сіз үшін ең сүйікті? Оны сіз жиі көресіз бе?
Жаңалықтарды жиі көрсете ме? Сіз оны үнемі көресіз бе?

Іс-әрекеттің бір мезгілділігінің берілуі (обозначение одновременности действий)

Қашан? Қай уақытта?

- Жұмыс кезінде, жұмыс уақытында, сабақ барысында, оқыту үрдісінде.
Біздің бала кезімізде, үзілісте, каникулда.
Атом ғасырында, компьютер дәуірінде, Абылайхан тұсында.
Жаңбырда, қар көшкінінде, дауылда.
Коммунизм тұсында, капитализм кезінде.
Түскі тамақта, шай ішкенде.
Күн батқанда, таң атқанда.

Назар аударыңыз!!!

Іс-әрекеттің **бір мезгілділігін** білдіру үшін мезгіл үзінділерін білдіретін сөздер, **ауа райы** жағдайын білдіретін, **оқиғаны** білдіретін, **тарихи** кезеңдерді, осы кезеңдерге қатысты **тарихи тұлғаларды** білдіретін сөздер (для обозначения одновременности действий служат предложно – падежные сочетания и конструкции, в которых вместо существительного со значением отрезка времени- таких как минута, час, день, месяц, неделя используется слова обозначающие действия, погодные условия, события, исторические этапы и личности, определяющие эти этапы,) қолданылады:

- 1) операция жасау кезінде, зерттеу барысында, оқу үрдісінде;
- 2) кезеңді білдіретін зат есімдер: үзілісте, түсте, каникулда, он тоғызыншы ғасырда;
- 3) ауа райы мағыналы зат есімдер + жатыс септігі: тұманда, жаңбырда, дауылда және т.б.
- 4) тарихи кезең мағыналы немесе жеке тұлғадағы зат есім + жатыс септігі: Абылайхан тұсында, капитализм кезінде және басқа айналысулар.
- 5) трапеза мағыналы зат есім + жатыс септігі: түскі аста, кешкі аста, шай ішкенде, әңгімелескенде.
- 6) күннің бату, шығуына қатысты сөздер + жатыс септігі: Таң атқанда ол тұрды.

237-жаттығу. Сөйлемді сол кезде болған ақпараттармен толықтырыңыз (сол күні, сол жылы, сол ғасырда).

Үлгі: Мен Астанаға 2006 жылы келдім. – Келген күні мен көптеген таныстарымды кездестірдім.

1. Біз жаңа пәтерге өткен сенбіде көштік.
2. Олардың баласы әскерден өткен жылы келді.
3. Жердің алғашқы ғарышкері Юрий Гагарин ғарышқа 1961 жылы ұшты.

238-жаттығу. Сіздіңше:

- | | |
|-------------|---|
| а) дауылда; | в) жаңбырда; |
| ә) тұманда; | г) ыстықта; |
| б) аязда; | д) көк тайғақта; |
| | ж) күн ашықта не істеуге болады, не істеуге болмайды? |

239-жаттығу. Мына сөздермен сөйлемдер құраңыз:

Кездескенде (при встрече), айырылысқанда, (при расставани) талқылағанда, салыстырғанда, дайындалғанда, орындағанда

240-жаттығу. Сөйлемдерді сәйкес мезгілдік конструкциямен толықтырыңыз.

(таңғы ас кезінде, таң атқанда, жаңбыр, осы сапарда, әңгімемен).

1. ... саяхатшылар жолға шықты.
2. Ол жазда Көкшетауға барды, ол ... өзінің болашақ күйеуімен танысты.
3. Біз жол бойы әдебиет туралы сөйлестік. ... біз үйге келгенімізді байқамай қалдық.

4. ... үйде кітап оқығанды жақсы көремін.
5. ... әкем газеттерді шолып шығатын.

241-жаттығу. *Сұрақтарға жауап беріп көріңіз.*

Егер сізде уақыт машинасы болса, әлемдік тарихтың қай кезеңіне оралғыңыз келеді? Неге? (Если бы у вас была машина времени, в какой период всемирной истории вы хотели бы попасть?) Өткен ғасыр адамдарына көрсету үшін сіз жаңа ғасырдың кандай 5 затын өзіңізбен бірге алып кетер едіңіз?

Уақыт машинасымен сіз болашақтың қай жылына барғыңыз келеді? Болашақтан нені көргіңіз келеді?

242-жаттығу. *Шағын тест. Өзіңізді тексеріңіз. Дұрыс нұсқасын табыңыз.*

1. ... біз театрға барып, билет алып үлгердік.

- а) түскі тамақ
- б) түскі үзілісте
- с) түскі үзіліс

2. Құстар, әсіресе, ... әдемі ән салады (поют).

- а) таң алдында
- б) таңмен бірге
- с) таңмен

3. ... жылы үйде отырған жақсы.

- а) жаңбыр
- б) жаңбырмен
- с) жаңбырда

4. Өкінішке орай, жастар кітапты аз оқи бастады.

- а) интернет ғасырында
- б) интернет ғасыры
- с) интернет ғасырымен

5. Мына мәтінді ... сөздік пайдалану керек.

- а) аудару
- б) аударғанда
- с) аударумен

243-жаттығу. *Мәтінді оқыңыз.*

Сағаттар тарихы

Күн адамдарға алғашқы сағат ретінде қызмет еткен. Күн неғұрлым көтерілген сайын түс мезгіліне жақындады. Ал күн көкжиекке жақындаған сайын кешкі мезгілге жақындады.

Уақытты өлшеудің алғашқы құралы күн сағаты болды. Оны пирамида дәуірінде ойлап тапты. Адамдар заттардың көлеңкесі күндіз өзгеретінін байқаған. Таңертең көлеңкенің ұзын болатынын, түске қарай қысқаратынын, ал кешке қарай тағы да ұзаратынын байқаған. Күндіз көлеңкенің де бағыты өзгеріп отырады. Осы құбылысты күн сағатын жасау үшін пайдаланған.

Ерте кезде Египетте, Грецияда, Қытайда және басқа елдерде күн сағатын кең тұрғыда пайдаланған. Олар негізінен уақытты дәл көрсеткен, алайда бірқатар кемшіліктері болған: оны күн батқанда, түнде, бұлыңғыр ауа райы кезінде пайдалана алмайсыз. Бұған қарамастан оларды Бірінші Петр кезінде де пайдаланған.

Біздің эрамызға дейінгі II мыңжылдықта құм сағатын ойлап тапқан. Олар тәуліктің кезкелген уақытында кезкелген ауа райында жұмыс істей береді. Тіпті біздің кезімізде де құм сағаттар медициналық практикада, химиялық лабораторияда, сабақта қолданыста.

Қолайлырақ сағаттардың бірі – от сағаттар болды. Оны шахтада пайдаланды. От сағаты – белгілі бір уақыт ішінде жанып бітетін майы бар ыдыс. Май жанып біткенде, адамдар жұмысын тоқтатады. Сонымен қатар от сағаты май шам ретінде де пайдаланылды.

Қытайда, Египетте, Грецияда су сағаты танымал болды. Онымен уақытты бір ыдыстан екінші ыдысқа ағу жылдамдығы арқылы білді.

Уақыт өлшеу құралдары техникалық үрдістің даму кезінде жетілді. XI ғасыр соңында, 12 - ғасырдың басында механикалық сағаттар ойлап табылды. Осындай сағаттар XVI ғасырға дейін сағаттық тілі біреу болса да, дәлдігі төмен болса да оларда қазіргі қабырға сағаттарының барлық детальдары негізінен болды.

Одан бері қанша су ақты. (Много воды утекло с тех пор!) Өзіңіздің қол сағатыңызға қараңызшы, адамзат тарихында олардың қандай жолдардан өткенін есіңізге түсіріңіз.

(Л. С. Хренов және И. Я. Голубтың « Время и календарь» кітабынан).

Тапсырмалар:

Мәтіннен мезгіл құрылымды сөйлемдерді табыңыз.

Мәтінде айтылған күн сағатын, құм сағатын, су сағатын, от сағатын салыстырыңыз.

Қандай сағат (механикалық па, электронды ма) тағасыз? Неге?

Жуық мөлшерлі мезгілдің берілуі (обозначение приблизительно времени)

1. Қазақ тілінде мезгілді жуық шамамен сипаттағанда *таман, жуық, қарай* сияқты септеуліктермен беріледі.

2. Сағаттық, күнтізбелік + көптік жалғауы + жатыс септігі құрылымымен беріледі:

Нақты уақыт

Ол жиырма бесінші қыркүйекте келеді.

Мен сағат алтыда келемін.

Мен ауылға автобуспен бір сағат жүремін.

Ол сағат үште кетті.

Ол Астанада екі жыл тұрды.

Қосымша сабақ кешкі сағат алтыдан кейін басталады.

Жуық шамамен, берілген уақыт

Ол қыркүйектің жиырма бестеріне қарай келеді.

Мен сағат *алтыға қарай* келемін.

Мен сағат *алтыларда* келемін.

Маған мына тапсырманы дайындау үшін *жарты сағаттай* уақыт керек.

Ол *үшке таман* үйіне қайтты.

Ол Астанада *екі жылдай* тұрды.

Ол Астанада екі жылға жуық тұрды (Они в Астане жили около двух лет).

Қосымша сабақ кешкі сағат *алтылардан кейін* басталады.

3. Егер контекстен сөткенің қай бөлігі екені түсінікті болса, онда сағат, күн, кеш, түн түсіріліп айтылуы мүмкін: Маған үштерден кейін кел. Поезд беске қарай жүреді.

4. Сағаттық уақыт + жоқ (болған жоқ):

- сағат қанша болды?
- нақты білмеймін, әлі сегіз болған жоқ.
- әлі сағат екі болған жоқ, мен шаршадым.

5. Реттік сан есім + жылдары тіркесі уақытты жуық шамамен білдіреді: *Жиырмамыншы жылдар* – көркем өнер тарихындағы қызықты жылдар. Ол өзінің басты еңбектерін *70-ші жылдары* жазды.

6. Жуық шамамен берілген сағаттық уақыт + *арасында* сөзімен тіркесі: *Маған екі мен үштің арасында* хабарлас.

Фразеологизмдердегі мезгілдік мағынаның берілуі

Қазақ тілінде мезгіл, уақыт ұғымдары көптеген мақал- мәтелдерде де фразеологизмдерде де бар.

Тез, шапшаңдық мағынасындағы мезгілді білдіретін фразеологизмдер: *ә дегенше, әні – міні дегенше, әп сәттің арасында, дем арасында, көзді ашып-жұмғанша, қас қағымда, ойда жоқта, сол бойда;*

Іс - әрекеттің кенеттен болу мезгілінің берілуі:

Аяқ астынан, жоқ жерден, күтпеген жерден, ойламаған жерден;

Мезгілдің ұзақтығының берілуі: *ертеден қара кешке дейін, күн ұзақ, ұзынды күн;*

Тәуліктік уақыттың берілуі: ***кешкі уақыт, ымырт*** – ақ пен қызылдың арасында, *апақ – сапақта, екі кештің арасында, ел орынға отыра, қас қарайғанда, қызыл іңірде, іңір қараңғылығында;*

Қараңғы түн: *ай қараңғысында, жеті қараңғыда;*

Таң ату: *ала таңда, құлқын сәріде, таң алагеуімде, таң ата, таң бозарғанда, таң қылаң бергенде, таң сазарып атқанда, таң сәріде, таң сыз бергенде.*

244-жаттығу. *Жоғарыда берілген фразеологиялық тіркестерді пайдаланып, сөйлем құраңыздар.*

10. Салыстырылудың берілуі. Сапасы бойынша салыстырылу

(выражение сопоставительного значения)

245-жаттығу. *Берілген сөйлемдердің мазмұнын сын есімнің салыстырмалы шырай күрделі формасын пайдалана отырып айтыңдар.*

Үлгі: *Электронды микроскоп оптикалық микроскоптан қолайлы. – Электронды микроскоп оптикалық микроскопқа қарағанда қолайлырақ.*

Мұнай отын ретінде көмірден үнемді және қуатты. Дәрігерлердің пікірінше, белсенді физикалық жаттығулар витаминдер мен дәрігерлерден тиімдірек. Шығыс Қазақстан өзінің табиғи жағдайымен басқа аймақтардан байырақ. Кавказ аудандары ұлттар құрамы бойынша басқа аймақтардан күрделірек.

246-жаттығу. *Предикатта жақша ішінде берілген сын есімнің салыстырмалы шырай формаларын пайдалана отырып, салыстыруды жасаңыз. (Выразите сравнение, употребляя в предикате простую или сложную форму сравнительной степени прилагательных, данных в скобках).*

Марс пен Жердің атмосферасы (тығыз). Марс пен Жердің климаты (қатал, өмір үшін жайлы). Күн мен Жердің диаметрі (үлкен). Планета мен метеорлардың қозғалысы (жоғары).

247-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріп көріңіз. Анықтама материалдарын пайдаланыңыз.

Кинофильмдердің қандай жанрларын артық көресіз? Детективтің комедиядан, мелодрамадан, фантастикалық фильмнен, реалистік фильмнен қандай айырмашылығы бар?

Анықтама материалдары: *детективте - өткір сюжет (интрига); комедияда – көңілді, күлкілі ситуация, мелодрамада – кейіпкерлердің әр қилы тағдыры бар; фантастикалық фильмде – оқиғалар сенімсіз; триллерде – жағдаят пен кейіпкерлер қорқынышты, құпиялы, жұмбақ; реалистік фильмде – мазмұны өмірге жақын.*

248-жаттығу. *Жақша ішіндегі салыстырмалы үстеулерді әр түрлі формасын пайдалана отырып берілген әрекеттерді салыстырыңыз. (Сравните данные действия, употребляя различные формы сравнительной степени наречий, приведенные в скобках).*

Шашу және жинау (*оңай, қиын*) тәжірибе жасау және олардың нәтижесін қорытындылау (*қызық, қиын*). Ауызша емтихан тапсыру және жазбаша бақылау жұмысын жазу (*жақсы, қиын*). Оқыту және оқу (*қызық, пайдалы, қиын, жеңіл*). Демалыс үйінде демалу немесе рюкзакпен саяхаттау (*қызық*).

249-жаттығу. Ертегіні оқыңыз. Негізгі ой қай сөйлемде берілген?

Бірде бүркіт қарғадан сұрайды: Қарға құс, айтшы осы, сен неге мына жарық дүниеде үш жүз жыл жасайсың, ал мен тек қана отыз үш жыл жасаймын?

- Әкем-ау, ол сенің тірі қанды ішуіңмен, ал менің өлілермен тамақтануыма байланысты. Бүркіт ойланды: мен де қарға жегенді жеп көрейін. Жақсы. Екеуі де ұша жөнелді. Өлген атты көріп, үстіне келіп қонды. Қарға шоқи отырып, мақтай бастады. Бүркіт бір шоқыды, екі шоқыды, қанатын бір сермеді де қарғаға айтқаны: жоқ, қарға інім, үш жүз жыл араммен тамақтанғанша, тірі қанға бір рет тойғаным жақсырақ, ары қарай құдайдың бергені болады да!

Бірдейлікті білдіретін құрылымдар

250-жаттығу. *Диалогты оқыңыз. Бірдейлікті білдіретін мағынадағы салыстыру конструкцияларына назар аударыңыз.*

- Бізге бүгін қазақ тілінен қандай тапсырма берді?
- *Кешегі сияқты.*
- Немене, бір нәрсені оқи береміз бе?
- Жаттап алғанша.
- Жаңа мәтін болды ма?
- Жоқ, соның өзін талдадық.
- Ал ертең жаңасы болады, бірақ осындай қиын.

251-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз.

Үлгі: *Ертең қайда жиналамыз? – 1) Сол, бұрынғы жиналып жүрген жер.*

Ертең қай уақытта жиналамыз? Осы жазда қай ауданға практикаға барамыз? Бүгін сен қандай қате жасадың? Сіз жаңа тақырыппен жұмыс істеп жатырсың ба? Бүгін біз жиналыста қандай сұрақты талқылаймыз.

252-жаттығу. а) Бірдейлікті, айырмашылықты, ұқсастықты (*дәл сондай, сол сияқты, сол тәрізді, ұқсайды, айнымайды, өзгеше*) білдіретін конструкцияларды пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Қазіргі үлкен қалалардағы жаңа аудандар бірдей, бір-бірінен айнымайды десе де болады. «Тағдыр тәлкегі немесе жеңіл буыңызбен» лирикалық композицияның сюжеті осыны бейнелейді. Фильм кейіпкері ескі жылды Мәскеуде шығарып салып, жағдайдың ретімен жаңа жылды Санкт-Петербургте Мәскеудегі сияқты дәл сондай үйде, дәл сондай пәтерде қарсы алады. Көше атауы да дәл сондай. Бірақ бұл сол үй емес, сол пәтер емес, сол көше емес. б) Осыған ұқсас жағдаятқа мысал келтіріңіз.

253-жаттығу. а) Әлем картасын пайдалана отырып, өз еліңізді өзіңіз жақсы білетін елмен салыстырыңыз. Әр түрлі салыстыру құралдарын пайдаланыңыз. ә) Әлем картасын пайдалана отырып, Қазақстанды шекаралас елдермен салыстырыңыз. Тапсырманы орындай отырып, салыстырудың әр түрлі құралдарын пайдаланыңыз: 1) елдің территориясын, олардың географиялық жағдайын; 2) қазба байлықтарын және табиғи байлықтарын; 3) өндіріс және ауыл шаруашылығы.

254-жаттығу. *Өзіңіздің көзқарасыңыз бойынша:*

- 1) Қазақстандағы ең жақсы мұражай, театрды;
- 2) Ең көп танымал жазушыны, ғалымды, қоғамдық және саяси қайраткерді;
- 3) Танымалдау сәулет ескерткіштерін атаңыз. Аталған объектілерді сізге белгілі басқа объектілермен салыстырыңыз.

255-жаттығу. *Берілген ақпараттарға сүйене отырып, құбылыстардың арасындағы айырмашылықты айтыңыз.*

Үлгі: Химиялық элементтердің құрамы тұрақты; Ерітінділер өзінің құрамын өзгертуі мүмкін. – 1) Химиялық қосындылардан айырмашылығы ерітінділер өзінің құрамын өзгертуі мүмкін. 2) Химиялық элементтердің ерітінділерден айырмашылығы – оның құрамы тұрақты.

Орманды қалпына келтіруге болады; Басқа табиғи ресурстарды қалпына келтіру мүмкін емес. Ауыл шаруашылығы ауа райына тәуелді; Азық-түліктің микробиологиялық өндірісі табиғатқа тәуелді емес.

Назар аударыңыз!!!

Салыстыру мәнді құрылымдардың көптеген мағыналық реңктері бар:

1. Салыстыру немесе ұқсату – Бүгін де кешегі сияқты суық. Біз ағайындылардай құшақтастық. Түлкідей қу, сауысқандай сақ. Ол сығанша биледі.

2. Болжалды салыстыру – Менің досым менің қасымнан байқамағандай өте шықты.

3. Айырмашылығын білдіре отырып салыстыру – Менің сіңілімнің менен айырмашылығы күн сайын жаттығу жасайды.

4. Қимыл сынын, мөлшерін, салыстыру шырайын салғастыру – Фильм қызық болса, оны соғұрлым көп адам көреді, жаурағанымның сонша, сөз айтуға шамамыз келмеді.

256-жаттығу. *Сөйлемдердегі болжалды салыстырулар мағынасына назар аударыңыз.*

Әлдебір жіп үзілгендей, достардың әңгімесі жараспады. Мен бір басқа тілде сөйлегендей, мені ешкім түсінбеді. Мені бірінші рет көргендей, бәрі маған қарап қалыпты. Бәрі ештеңе болмағандай, тып-тыныш отыр. Иығымнан жүк түскендей, қуанып қалдым. Жақсының сөзі шамдай жарық, айдай ашық. Ол ұшуға жиналғандай, қолын сермеді.

Жақсы ай мен күндей
Түйедей бойың болғанша,
Түймедей ойың болсын.

257-жаттығу. *Мақсат реңкі бар салыстыруларға назар аударыңыз.*

Біз бәрін балалар жақсы демалатындай ұйымдастырдық. Сені сыйлайтындай істерді істе. Достарың риза болатындай ұйымдастыр. Үйді тездетіп бітір, әкем қуанатындай болсын. Дипломыңды жақсы қорға, шешең уайымдамайтындай болсын.

Назар аударыңыз!!!

Салыстыру-салғастыру мәнді сөйлемдер негізгі топты құрайды:

Тілмен көбірек айналысқан сайын, оны оқу соғұрлым қызық бола түсті.

Мәтінді топта **оқығаннан гөрі** өз бетімше оқығанда, оны жақсырақ түсіндім. Ол *жүзуден гөрі* гимнастикамен айналысқанды жақсы көрді. Күні бойы *үйде отырғаннан гөрі* кино немесе театрға барған артығырақ. *Көбірек* дайындалсаң, соғұрлым нәтижеге тез жетесің. *Көбірек* оқыған сайын, мен олардың мәдениетін, адамдарын *көбірек* түсіне бастадым. Сенің ұсынысыңнан *гөрі мына ұсыныс жақсырақ, немесе тағы да басқаша ойластырайық*. Біз ойлағанымыздан *гөрі* әңгіме мүлде басқаша болды.

258-жаттығу. *Айырмашылықты салыстыруға назар аударыңыз!*

Неғұрлым тауға көтерілген сайын, ауа суығырақ бола бастады. Балам неғұрлым үлкейген сайын мен оның болашағына соғұрлым алаңдай түстім. Ештен кеш жақсы. Құлдықта өмір сүргеннен өлген артығырақ.

259-жаттығу. *Мына сөйлемдердің құрылымдарына назар аударыңыз. (Сонша көмекші сөзін сондай көмекші сөзіне алмастырып көріңіз).*

Әкемнің тым кеш келгені сонша, біз ұйықтап қалдық. Аурудың әлсіздігі *сонша*, төсегінен тұра алмады. Аудармашы болып жұмыс істейтіндей, мен әлі қазақ тілін *сонша* жақсы білмеймін. Мәтіннің қиындығы *сонша*, мен оны аударма алмадым. Әкемнің жұмысының көптігі *сонша*, ол менімен әңгімелесуге уақыт таба алмады.

260-жаттығу. *Сөйлемдердегі салыстырылу құрылымы қандай сөздермен берілгенін анықтаңыз.*

Қанша талап етілсе, сонша жұмыс істейміз. Балалар қанша алып кете алса, сонша кітап алды. Қанша керек, сонша зат алыңыз. Қанша еңбектенсең, сонша нәтижесін көресің. **Таудай талап бергенше, бармақтай бақ бер. Мыңның түсін білгенше, бірдің атын біл. Көп ақымақтың ағасы болғанша, бір ақымақтың інісі бол.**

261 (а) - жаттығу. *Берілген сөйлемдерде салыстыру бар ма? Басқаша айтып көріңіз.*

Балалы үй – базар.

Ананың сүті бал, баланың тілі – бал.

Ата – бәйтерек, бала – жапырақ.

Жақсы сөз – жарым ырыс.

Өмір – үлкен мектеп.

Назар аударыңыз!

Ал жалғаулығы арқылы субъект, әрекет, құбылыс, оқиға, әрекетке қатысты пысықтауыштар да салыстырылады.

261 (б) -жаттығу. Қарама – қарсы қойылып, салыстырылған құрылымдарды анықтаңыз.

Достарым сырғанаққа кетті, ал мен үйде қалдым. Мен жазып отырмын, ал досым оқып отыр. Менің досым кітап оқып отыр, ал мен хат жазып отырмын. Мен тез жазамын, ал досым жай оқиды. Кішкентай үйдің екі терезесі қараңғы, ал үшіншісінде жарық болды. Әкем әскери қызметте болды, ал інім мұғалім болғысы келеді. Мейірімді болу оңай, әділ болу қиын.

261 (в) –жаттығу. Ұқсамайтын факт, құбылыс, оқиғалардың салыстыруларына назар аударыңыз.

Солтүстік жарты шарда қыс болса, оңтүстік жарты шарда жаз болады. Бұқаралық ақпараттың электронды құралдары елдегі әлемдегі оқиғаларды әп - сәтте хабарласа, баспа ұйымдары ақпаратты тек ертеңіне хабарлайды. Егер сөздер тілдік жүйенің лексикалық негізін құрайтын болса, онда сөз тіркестері және сөйлемдер синтаксистік негізі болып табылады.

11. Себеп-салдарлық қатынастың берілуі

262-жаттығу. Бағананың оң жағында және сол жағында берілген сөйлемдерді салыстырыңыз. Себеп-салдарлық конструкцияда *нәтижесінде*, *салдарында* сөздерінің қолданылуына назар аударыңыз (нәтиже беретін әрекет себебі және зат сапасынан, қасиетінен немесе әрекеттен туындайтын қорытынды ретіндегі себеп).

Организмдегі әлдебір клетканың бұзылуы *нәтижесінде* тірі организмде ауру пайда болады.

Солтүстіктен суық ауа массасының келуі *нәтижесінде* орталық аймақтарда температура төмендеді.

Реакция нәтижесінде бір заттың ыдырауынан екі немесе бірнеше жаңа зат пайда болады.

Организмдегі әлдебір клетканың бұзылуы *салдарынан* тірі организмде ауру пайда болады.

Солтүстіктен суық ауа массасының келуі *салдарынан* орталық аймақтарда температура төмендеді.

Жоғары химиялық *белсенділіктің салдарынан* оттегі көптеген заттармен бірігеді.

263-жаттығу. Екі жай сөйлемді себеп-салдар конструкциясымен бір сөйлемге айналдырыңыз. (*нәтижесінде*, *сондықтан жалғаулықтарын пайдаланыңыз*)

1. Жер үсті күндіз қызады, түнде салқындайды; Температураның тәуліктік ауытқуы болады. 2. Венера атмосферасының тығыздығы жоғары; Ол күн сәулесінің бір пайызға жуығын ғана өткізе алады. 3. Уран (U) атомдары ыдырайды; Радий (Ra) пайда болады. 4. Инфрақызыл сәулелер бұлт пен тұманнан өте алуға қабілетті; Инфрақызыл сәулелер көмегімен алыстағы заттардың анық суреттерін түсіреді. 5. Қала ауаса шаңмен, түтінмен, машина газдарымен ластанған; Қалада жер үстіне ультракүлгін сәулелер өте аз түседі.

264-жаттығу. Күрделі сөйлемді себеп-салдарлы жай сөйлемге айналдырыңыз.

Үлгі: Жер өз осін айналғандықтан күн мен түнің алмасуы болады.

Жер өз осін айналады, сондықтан күн мен түннің алмасуы болады. Су асты жер сілкінісі болады, сондықтан цунами пайда болады. Айжан көп дайындалды, сондықтан ол емтихан-

ды жақсы тапсырды.

265-жаттығу. *Екі жай сөйлемді себеп-салдарлы күрделі сөйлемге айналдырыңыз. (сондықтан, себебі жалғаулықтарын пайдаланыңыз)*

Үлгі: *Солтүстікте табиғат жағдайы қатал, сондықтан, онда қалалардың өсуінен көптеген мәселелер пайда болады.*

Солтүстікте табиғат жағдайы қатал. Онда қалалардың өсуінен көптеген мәселелер пайда болады. Жерорта теңізі суының тұздылығы мұхитқа қарағанда жоғары. Жерорта теңізі суы қатты буланады. Эксперимент күрделі. Оны дайындау ерекше ұқыптылықты қажет етеді. Бірқатар елдерде автомобильмен тасымалдау құны өсті. Бұл – мұнай өнімдеріне бағаның өсуімен байланысты.

266-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Асты сызылған конструкцияларға сұрақ қойыңыз. Оларға қысқаша жауап беріңіз.*

Жарықтың әсерінен ақ фосфор қызылға айналады. Күн энергиясының әсерінен өсімдікте күрделі химиялық реакциялар болады. Қоғамдық пікірдің арқасында Үкімет өзінің шешімін өзгертті. Металл, ағаш, табиғи тастар судың әсерінен біртіндеп өзінің беріктігін жоғалтады. Салмақтың әсерінен дене өзінің формасын өзгертеді.

267-жаттығу. *Оң жақта берілген ақпараттарды пайдалана отырып, ненің әсерінен, ненің арқасында себеп конструкцияларын және тағы басқаша құрылымды қолдана отырып, сұрақтарға жауап беріңіздер.*

1. Металдар неге (неліктен) бүлінеді?
2. Жердің үстіңгі қабаты неге өзгереді?
3. Өсімдіктердің өсуі неліктен жылдамдайды.
4. Дененің құлау жылдамдығы неліктен кемиді?
5. Өсімдік жапырағы неге сарғаяды?

Металдарға зиянды газдар әсер етеді. Жердің үстіңгі қабатына сыртқы және ішкі күштер әсер етеді. В6 витамині өсімдіктерге әсер етеді. Құлап келе жатқан денеге ауаның қарсылығы (сопротивление) әсер етеді. Радийдің көзге көрінбейтін сәулелері өсімдік жапырақтарына әсер етеді.

268-жаттығу. *Берілген сөйлемдердің мазмұнын бір нәрсенің әсері, бір нәрсенің әрекетінен сияқты себептік конструкцияны пайдаланып айтыңыздар.*

Өзендер мен көлдердегі толқындардың пайда болу себебі – жел. Мұхиттардағы судың сууы мен қайту себептері Ай мен Күннің тартылысынан (притяжение).

269-жаттығу. *Оң жақта және сол жақта берілген сөйлемдерді салыстырыңыз. (арқасында, себепті, себебімен, нәтижесінде, ...бола жалғаулықтарының пайдалануын түсіндіріңіз).*

Жаңбырға бола (из-за) (жаңбыр жауғандықтан) құрылыс бүгін тоқтап тұр. Қажетті материалдың жоқтығына (жоқтығынан) бола, жұмыс орындалмады. Жалқаулығына (жалқаулықтан) бола табысқа жете алмады. Жолдасымызға бола біз театрдан кешіктік.

Жаңбырдың нәтижесінде (благодаря) мол егін алдық. Еңбектің жаңа әдістерін қолдану нәтижесінде өнім шығару ұлғаюда. Еңбекқорлығының арқасында ол жақсы нәтижеге жетті. Жолдасымның арқасында мен ауырған кезде топтан қалмадым.

270-жаттығу. Екі жай сөйлемнің мазмұнын себеп конструкциясын пайдалана отырып, айтыңыз.

Үлгі: Жаңбыр жауды. Үйдің шатырлары су болды. Жаңбыр жауғандықтан үйдің шатырлары су болды.

Қатты жел тұрды. Терезенің әйнектері сыңғырлады. Күн ыстық, жол қиын болды. Жолаушылар шаршады. Аудитория тарылып кетті. Менің басым ауырды. Есікті біреу тоқылдатты. Мен шошып кеттім. Баяндамашы қатты толқыды. Ол басында бірден сөйлеген жоқ. Шешей баласының келгеніне қатты қуанды. Ол жылап қалды.

271-жаттығу. Оң жақта берілген ақпараттарға сүйене отырып, сұрақтарға жауап беріңіздер.

Ағаштар неге шулап, майысты.
Мектептің кішкентай оқушылары неге сабаққа бармады?
Бақтағы жас жеміс ағаштары неге үсіп кетті?
Құрылыс материалдарын жеткізу үшін неге кешікті?
Неге өзендегі су деңгейі көтерілді?

Қатты жел болды.
Қатты аяз болды.
Қатты аяз болды.
Бірнеше күн нөсер жауын болды.

272-жаттығу. Себеп конструкциясын қолдана отырып, сөйлемді жақша ішіндегі сөздерді пайдалана отырып, толықтырыңыздар.

Өсімдіктер ... (ылғалдың жетіспеуі) қурады. - Өсімдіктер ... (бақшашының ұқыпсыздығы) қурады. Баланың тамағы ... (суық су) ауырды. Көп адам ... (әр түрлі жұқпалы ауру) өледі. Көп адам ... (уақытында көмек көрсетілу) өледі.

273-жаттығу. Бағананың сол жағындағы және оң жағындағы сөйлемдерді салыстырыңыз.

Тәжірибесіздігінен лаборант құралды бүлдірді.
Балалар қорыққандықтан (из) әкесіне шындықты айтпады.
Қателескендіктен ол басқа автобусқа отырды.
Студент ұқыпсыздығынан (по) колбаны сындырып қойды.

Лаборанттың тәжірибесіздігінен құралдар қазір жұмыс істемейді.
Қалың орманда балалар қорқыныштан (от) дірілдеді.
Жолдасымыздың қателескендігіне бола біз поездан кешіге жаздадық.
Студенттің ұқыпсыздығы (из-за) үшін бізге тәжірибені қайталауға тура келді.

274-жаттығу. Себеп мәнді конструкцияны пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіздер. Оң жақта берілген ақпаратты пайдаланыңыз.

Үлгі: Жолдасым ұмытшақ болғандықтан журналды ұмытып кетті.

Сіздің жолдасыңыз неге журналды ұмытып кетті?
Неге жүргізуші жол тәртібін бұзды?
Ол бүгін сабаққа келмеді.
Ол емтиханды нашар тапсырды.

Жолдасым – ұмытшақ адам.
Жас жүргізуші тәжірибесіз болған.
Ол ауырып қалды.
Ол жақсы дайындалмады.

275-жаттығу. *Екі жай сөйлемді себебі жалғаулығымен жазыңыз.*

1. Адамды танымай, әлемді тануға болмайды. Адам - әлемнің бір бөлшегі, оның күрделі, ұзақ дамуының шыңы.
2. Кез келген мамандықтың адамы қоғамдық дамудың заңдарын білуі керек. Тек қана осы негізде мамандығын шығармашылықпен меңгере алады.
3. Өзіңді танымай, өзгені тани алмайсың. Ол үшін де үлкен таным керек.

Себептілік негіздің берілуі (выражение причинного действия)

276-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Себептілік негізді білдіретін конструкцияға назар аударыңыз. Осы конструкциялардың етістікпен тіркесін жазып алыңыз.*

Әкем оңтүстікке дәрігердің ұсынысымен кетті. Астанаға барғанымда жолдасымның өтініші бойынша мен оның ата-анасына кіріп шықтым. Әділқазылардың шешімімен жас кинорежиссер бірінші сыйлықты алды. Журналист газет редакциясының тапсырмасы бойынша іс сапарға шықты.

277-жаттығу. *Себептілік негізді конструкцияларды пайдалана отырып, сұраққа қысқа және толық жауап беріңіздер.*

Неге (қандай себеппен) сіз жиналыста болмадыңыз? (ауырдым) Неліктен (кімнің кеңесімен) студент осы курс жұмысын таңдады? (оқытушы кеңесі). Неліктен (кімнің өтінішімен) танымал әнді әнші екі рет орындады? (көрермендер өтініші). Қандай себеппен (ненің негізінде) аспиранттың оқуын бір жылға созды? (Ғылыми кеңес шешімі)

278-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыздар. Асты сызылған конструкцияларға сұрақ қойыңыз, жауап беріңіз.*

Халықаралық Нобель сыйлығы жыл сайын физика, химия, медицина, физиология, әдеби шығарма саласындағы жаңалықтары үшін, сондай-ақ бейбітшілікті нығайтудағы еңбектері үшін беріледі. Ол өзінің достарына көмектескендері үшін өте риза. Алматы шайы дәмді сапасы үшін көрмеде жақсы орындардың бірін алды. Ол білім беру саласындағы үздіксіз еңбегі үшін марапатталды.

Әділетсіздігі үшін жолдастары оны құрметтемейтін болды. Көп қателері үшін студент бақылау жұмысынан төмен баға алды. Жақсы оқығаны үшін ол алтын медальмен марапатталды.

279-жаттығу. *Екі сөйлемнің мазмұнының үшін жалғаулығын пайдалана отырып, жазыңыз. Жақша ішіндегі сөзді пайдаланыңыз.*

Студент өте ізденгіш. Оқытушы оны осы үшін бағалайды (ізденгіш). Жұмысшылар объектіні мерзімінен бұрын аяқтады. Осы үшін оларға сыйлық берілді (мерзімінен бұрын аяқтау). Шешей қызына өте риза. Ол шешесін ешқашан ұмытпайды (ұмытпағандық).

Салдардың берілуі (выражение следствия)

280-жаттығу. Сөйлемдерді *сондықтан* жалғаулығын пайдалана отырып, жазыңыздар.

Ағаш судан жеңіл, ол суға батпайды, қалқиды, жүзеді. Алюминий (Al) және қорғасынның (Pb) салмағы әр түрлі, әр түрлі температурада ериді, бұл металдардан құйма жасау мүмкін емес. Кез келген химиялық реакция кезінде атомдардың орны алмасады, олардың арасындағы ескі байланыстар жоғалып, жаңасы пайда болады.

281-жаттығу. *Өзіңіздің мамандықтарыңыздың материалы негізінде жалғаулықтарды (сондықтан, нәтижесінде, салдарында т.б.) пайдалана отырып, салдар мәнді сөйлемдер жазыңыздар.*

282-жаттығу. *Екі жай сөйлемнің мазмұнын бір сөйлеммен жазыңыз.*

1. Сынап (H₂) 70° C нөлден төмен температура кезінде қатады. Сынапты термометр төмен температураны өлшеу үшін жарамсыз.

2. Натрий (Na) – жылуды жақсы өткізеді. Натрий кейде 450-600° мөлшерінде бір қалыпты жылыту қажет болған кезде пайдаланылады.

3. Голографиялық әдіс әлемде кең қолданыс тапты. Ол ғарышты, есептеу техникасын, медицинаны және ғылым мен техниканың басқа салаларын зерттеу үшін өте маңызды.

283-жаттығу. *Өз еліңіздің, ауданыңыздың қызықты маңызды жерлері туралы әңгімелеңіздер. Әңгімеде ол не үшін маңызды, қызықты көрсетіңіз. Себеп-салдарлық қатынасты білдіру үшін әр түрлі тілдік құралдарды пайдаланыңыз. Әңгімеңізді жазыңыз.*

12. Шарт мәнді қатынастың берілуі. Шынайы шарттың берілуі

284-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Шарт мәнді конструкцияға назар аударыңыз.*

Егер суды 0° - дейін мұздатсақ, ол мұзға айналады. Егер біз дизельдік жағармаймен жұмыс істейтін көліктердің санын көбейтетін болсақ, қалада ауа қатты ластанады. Егер біз қоршаған ортаны қорғау бойынша дер кезінде шаралар қолданбасақ, онда қалада экологиялық жағдай төмендейтін болады. Егер біз суды 100°-қа дейін қыздырсақ, ол қайнайды. Егер біз алюминийдің (Al) ұнтағын қыздырсақ, ол жана бастайды. Егер біз металды балқытсақ, ол өзінің формасын жоғалтады.

285-жаттығу. Өтініш немесе кеңесті орындаудың шарты болып табылатын ақпараттарға сүйене отырып, өтініш немесе кеңес айтыңыз. (Выразите какую-либо просьбу или совет, опираясь на данную информацию, которая является условием выполнения просьбы или совета).

Менің досым «Эврика» кітап дүкеніне Қазақ халқының мақалдары мен мәтелдері кітабын сатып алу үшін барады. Біздің оқытушымыз университет кітап дүкенінде Абайдың өлеңдері кітабы сатылғанын айтты. Менің осы кітапты сатып алғым келеді. Маған көне зергерлік бұйымдар ұнайды. Ертең мен «Өнер» мұражайына тағы да барғым келеді.

286-жаттығу. а) Мәтінді оқыңыз. Шарт мәнді құрылымды пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз. Мәтіндегі фактілерді өзіңізге таныс мысалдармен нақтылаңыз, дәлелдеңіз.

Адам қоғамда дамиды, өседі. Егер жаңа туылған баланы адамдар мекендемейтін аралға

апарып тастасаңыз, егер ол тірі қалса, ол тамаша жүгіреді, секіреді, ағаштарға өрмелейді, өзіне тамақ таба алады, бірақ ол сөйлемейтін болады. Сөйлеуді ешкімнен үйренген жоқ, ешкіммен ол сөйлесе алмайды. Егер адам қоғамнан тыс қалса, ол адамша өмір сүруден, адамша ойлау, сөйлеуден қалады. Егер ол адамдарға қайта оралса, оның ойлау қабілеті пайда болады, ол сөйлей бастайды.

287-жаттығу. а) Қазақ мақал-мәтелдерін оқыңыз, мағыналарын қалай түсіндіңіз, айтыңыз, түсіндіргенде егер сөзін пайдаланыңыз.

Көзің ауырса, қолыңды тый,

Ішің ауырса, аузыңды тый.

Досыңмен көп сөйлеспе – жолынан қалар,

Дұшпаныңмен көп сөйлеспе – сырыңды алар.

Бір тал кессең, он тал ек.

Аз жұмысты қиынсынсаң, көп жұмысқа тап боларсың. Еліңді сүйсең, ерлік істейсің.

б) Қандай жағдаяттарда берілген мақал-мәтелдерді пайдалануға болады?

Назар аударыңыз!

Шарт мәнді конструкцияның үш түрі бар:

1) реалды шарт мәнді құрылым

2) потенциалды шарт мәнді құрылым

3) ирреалды шарт мәнді құрылым.

Реалды шарт мәнді құрылымда **шарт орындалуы мүмкін**, оны жүзеге асыруға болады. Мысалы: Егер менің басым ауырып тұрса, мен сабаққа бармаймын.

Потенциалды шарт мәнді құрылымда шарт **таңдауға** негізделген. «Егер жаңбыр басталса, біз экскурсияға бармаймыз» деген. Сөйлемде екі мүмкіндік бар: *жаңбыр басталады – жаңбыр басталмайды. Жаңбыр басты сөйлемдегі экскурсияға барамыз – бармаймыз* деген әрекеттің жүзеге асуы нақ осы жағдай-шартқа байланысты.

Үшінші түрі – ирреалды шарт мәнді құрылымда сөйлеуші баяндаған оқиға орындалмайды. Бұл түрінде қолданылатын егер де жалғаулығы оқиғаның, құбылыстың, әрекеттің ирреалды екендігін көрсетеді. *Егер де біз Маржанға көмектескенімізде, ол барлық емтиханын тапсырар еді, -* деген сөйлемдегі басты бөлігіндегі әрекет орындалмай қалды. *Маржан емтихан тапсырмады*, шарт орындалған жоқ: Маржанға ешкім көмектескен жоқ.

Шарт мәнді қатынас жай сөйлемде де зат есімнің септік жалғаулары тұлғаларымен беріледі. Шарт мәнді жай сөйлемдерді *егер* сөзін қолдана отырып, күрделі сөйлемге оңай алмастыруға болады. Мысалы: *Сіздің көмегіңізсіз мен курс жұмысын жаза алмас едім. – Егер сіз маған көмектеспегеніңізде, мен курс жұмысын жаза алмас едім. Жай сөйлемде зат есім бір нәрсенің жоқтығы, бар екендігі әрекеттің жүзеге асуының шартын білдіреді. Мысалы: Еңбексіз мал таппайсың, Деканның рұқсатынсыз мен емтихандарды алдын-ала тапсыра алмаймын.*

Өрт болған жағдайда 01-ге звондаңыз. Самолет кешіккен жағдайда жолаушыларға қонақ үйден орын беріледі. Қажет болған жағдайда маған хабарласыңыз.

288-жаттығу. Сөйлемді толықтырыңыз.

Егер ауаны ластандыру жалғаса берсе Егер біз мұхиттан тұщы суды алуды үйренсек Егер самолеттер жер сілкінуді алдын ала болжай алса,... Егер адамдар орманды кесе беруге осылайша жол берсе Егер мұхитты ластандыру жалғаса берсе Егер қалада ескі автомобильдер көбейе берсе

289-жаттығу. *Сол жақта және оң жақта берілген сөйлемдерді салыстырыңыз. Асты сызылған конструкциялардың синонимдігіне назар аударыңыз.*

Егер планетада атмосфера жоқ болса, онда органикалық өмір жоқ.

Егер сенде қажетті әдебиеттер, анықтамалықтар, сөздіктер болмаса, курс жұмысын жаза алмайсыз.

Егер есеп шығарғанда калькулятор қолданбасақ, онда есеп шығару көп уақытыңды алады.

Атмосферасыз планетада органикалық өмір болмайды.

Қажетті әдебиетсіз, анықтамалықсыз, сөздіксіз сен курс жұмысын жаза алмайсың.

Калькуляторсыз есеп шығару көп уақытыңды алады.

290-жаттығу. *Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сұрақтарға жауап беріңіз.*

Қандай жағдайда дене қызады? (қозғалыс). Қандай жағдайда кактус өседі? (топырақта аз су). Қандай жағдайда жану мүмкін емес? (оттегі) Қандай жағдайда жақсы маман болуға болады? (терең білім) Қандай жағдайда су қатты буланады (жоғары температура)

291-жаттығу. *а) Сөйлемдерді аяқтаңыз.*

Егер де жердегі мұздықтар (ледники) ерісе Егер де адамзат қалдықсыз технологияны пайдаланса Егер де ғалымдар жерден тыс өркениетті ашса, Егер де ауру тудыратын бактериялар болмаса

б) реалды емес шарт мәнді құрылымды ұқсас мысалдар құрастырыңыздар.

292-жаттығу. *Сұрақтарға жауап беріңіз.* а) Егер де сіз ЖОО-ның (Вуз) бірінші басшысы болсаңыз, бірінші кезекте қандай өзгерістер жасар едіңіз? б) Егер де бір адам мекендемейтін аралға тап болсаңыз, не істер едіңіз?

293-жаттығу. а) Мәтінді оқыңыз, *егер, егер де* жалғаулықтарын пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.

Жер астромферасындағы озонның үлесі көп емес. Алайда, егер озон болмаса, жердегі өмір мүмкін емес болар еді. Озон аралға өте қажетті, бірақ оттегінен айырмашылығы – ол өте аз мөлшерде керек. Адам өзін жақсы сезінуі үшін ауадағы озонның миллионнан бір бөлік пайызы жеткілікті. Егер де озон концентрациясы процестің мыңнан бір бөлігіне ұлғайса, онда адамға қиын болады. Бір жағынан, егер атмосфераның ластануы озон мөлшерін азайтатын болса, онда мұның салдары күрделі болуы мүмкін. Озон қабаттары Күннің өткір сәулелерін тежейді. Егер де озонсфера болмаса, осы өткір сәулелер Жердегі өмірді жояр еді.

б) Сұрақтар:

Қандай жағдайда адам өмірі жерде мүмкін болмас еді? Адамға озон қандай мөлшерде керек? Қандай жағдайда озон концентрациясы кемиді? Қандай жағдайда сіз өзіңізді нашар сезінесіз? Қандай жағдайда жердегі өмір жойылар еді?

294-жаттығу. *Сол және оң жақ бағанадағы сөйлемдерді салыстырыңыз.*

Атмосфера болмаған жағдайда күндіз жерде өте ыстық, ал түнде қатты аяз болар еді.

Атмосферасыз күндіз жерде өте ыстық, ал түнде қатты аяз түсер еді.

Жердің магниттік өрісі болмаған жағдайда біздің планетамыздың үстіңгі жағы тіршіліксіз кеңістікке айналар еді: ғарыштық сәулелер жанды нәрсенің бәрін күйдіріп жіберер еді.

Егер де адамдар орманды бақылаусыз қырқа берсе, жерді сусыз қалдырады.

Егер де адамдар ормандарды қырықпаса, олар жер үшін суды сақтар еді.

Жердің магниттік өрісінсіз біздің планетамыздың үстіңгі жағы тіршіліксіз кеңістікке айналар еді: ғарыштық сәулелер барлық жанды нәрселерді күйдіріп жіберер еді.

Адамдар ормандарды бақылаусыз қырқа берсе, жерді сусыз қалдырады.

Орманды, ағаштарды кеспесе, адамдар жер үшін суды сақтар еді.

13. Болымсыздықтың берілуі (выражение отрицания)

295-жаттығу. Диалогты оқыңыз. Болымсыздық мағыналы конструкцияның мағынасын айтыңыз.

I. – Дастан менің хатымды Айнұрға бердің бе?

- Жоқ, бүгін ол лекцияда болмады.

- Ол ауырып қалған жоқ па? Оған кіріп шығу керек.

- Мен үйіне барғанмын, ол үйде де жоқ.

II. – Астана қаласының қандай көрнекі жерлерінде болдың?

- Президент жанындағы мұражайда болдым. Ұлттық кітапханада болдым. Ал «Думан» ойын-сауық отауында әлі болмадым.

296-жаттығу. Сұрақтарға жауап бере отырып, аталған жерлерде әлі болмағаныңызды айтыңыз.

Үлгі: Бүгін лабораторияға бардыңдар ма? – Мен бүгін әлі лабораторияға барған жоқпын.

Бүгін сіз оқу залына бардыңыз ба? Сіз асханаға бардыңыз ба? Сіз К.Байсейітова атындағы театрға бардыңыз ба?

297-жаттығу. Диалогты толықтырыңыз. Сол сәтте айтылған адамның аталған жерде болмағанын хабарлаңыз.

Үлгі: - Сіз бүгін лекцияда Айжанды көрдіңіз бе?

- Жоқ, ол бүгін лекцияда болмады.

Кеше кешке сен үйде болдың ба? Сіз бүгін кафедрада өзіңнің ғылыми жетекшіңізді көрдіңіз бе? Сен театрда Мақпалды кездестірмедің бе? Ол сонда барамын деген. Жазда сіз демалыс кезінде Алматыда қалдыңыз ба? Дастан мен Дәурен экскурсияда болды ма? Олардың барғысы келгенін білемін.

298-жаттығу. Сөйлемдерді болымсыздық конструкциясын пайдалана отырып, аяқтаңыз.

Үлгі: 1) Өкінішке қарай, мен ешқашан Ақтауды көрмедім... - Өкінішке қарай, мен ешқашан Ақтауды көрмедім, Мен Ақтауда болмадым. 2) Кеше Рахия менің үйіме келіпті, бірақ – Кеше Рахия менің үйіме келіпті, бірақ мен үйде болмадым.

1. Мен бұл мұражай туралы ештеңе айта алмаймын ... 2. Мен бүгін Мақпалды оқу залында көрмедім, Бүгін менің кафедра меңгерушісімен кездесудің сәті түспеді, ... Менің К.Байсейітова атындағы театрдың спектакльдерімен танысқым келеді, ...

299-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Болымсыз тұлғадағы етістіктерге назар аударыңыз.

1. Дәптер орнында жоқ болып шықты. Қорқынышты ештеңе болмады. Сұраққа жауап болмады. Бүгін жауын-шашын болмайды. Апат болмады, оны тоқтатудың сәті түсті. Шығарманы тексеруге уақыт қалмады. Ешкімнен оқулық табылмады, кітапханаға баруға тура келді.

300-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Асты сызылған сөздерге назар аударыңыз. Бұл сөйлемдер қандай мағына беріп тұр?

Жексенбіде менің оқитын ештеңем болмады. Мен бәріне өзім кінәлімін, менің ешкімге өкпем жоқ. Ақылдасатын ешкім жоқ, шешімді өзімнің қабылдауыма тура келді. Залда орын болмады, отыратын жер жоқ. Сұрақ түсінікті, оған нақтырақ тоқталудың реті жоқ.

301-жаттығу. Сұрақтарға болымсыздық есімдігі мен үстеуді пайдаланып, жауап беріңіз.

Үлгі: Театрға бірге баратын адамыңыз бар ма? – Мен ешкіммен бара алмаймын.

Сізге көмектесетін адам бар ма? Хат жазысатын адамыңыз бар ма? Бүгін баратын жерлеріңіз бар ма? Мына сирек кездесетін кітапты қоятын жеріңіз бар ма? Ғылыми жетекшіңізден сұрайтын сұрақтарыңыз бар ма? Жексенбіде неге ешқайда бармадыңыз? Маңызды істер бойынша кіммен кеңесуге болады? Сіз неге менің адресімді ешкімнен сұрамадыңыз? Неге киноға жалғыз бардыңыз?

302-жаттығу. Сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз.

Сіз бүгін телефонмен кімге хабарластыңыз? Сіз кіммен хат жазысасыз? Жолдасыңызбен не туралы дауластыңыз? Сіз неге ерекше көңіл аудардыңыз? Жолдасыңыз сіздің алдыңызда не үшін кінәлі? Жазда қайда демалдыңыз? Жексенбіде қайда барып келдіңіз? Мәжілісте кімнің сөйлеген сөзі ұнады?

303-жаттығу. Сөйлемдерді болымсыздық есімдігі мен үстеулерді пайдалана отырып, аяқтаңыз, жақша ішіндегі етістіктерді болымсыздық мағынада пайдаланыңыз.

Кеше мен күні бойы демалдым, ... (істеу). Маған бәрі түсінікті болды ... (күмәндану). Ол бүгін бәрін істеуге тырысады ... (қалдыру). Жаз айларын мен Алматыда өткіздім ... (кету).

304-жаттығу. Болымды сөйлемдердің мазмұнын болымсызға өзгертіңіз.

Үлгі: Болған оқиғаны бәрі біледі. – Ешкім болған оқиғаны білмейді.

Сұраққа бәрі дұрыс жауап берді. Бәрі сырғанаққа кетті. Мен біздің әңгімеміз туралы бәріне айттым. Сіз бәріне кінәлісіз. Келуші бәріне көңіл аударды. Досым бәріне қызығады.

305-жаттығу. Берілген сөйлемдердің мазмұнын болымсыздық есімдігін, етістігін жақша ішіндегі сөздерді пайдалана отырып, болымсыз сөйлеммен жазыңыздар.

Жиналысқа бәрі уақытында келді (кешігу). Бәрі концертке қатысуға келісім берді (бас тартты). Барлығы осы кездесу туралы есіне алды (ұмыту). Осы кеште бәрі көңілденді (іші пысу).

306-жаттығу. Берілген сөйлемдерді болымсыз сөйлемге өзгертіңіз.

Үлгі: Олардың бәрі менімен келісті. – Олардың ешқайсысы менімен келіспеді.

Біз бәріміз бұл әнді білеміз. Біздің топтың барлық студенттері бақылау жұмысын қатесіз жазды. Мектептегі дәстүрлі кеште мен барлық бұрынғы достарымды кездестірдім. Біз бәріміз емтиханға дайынбыз. Үзіліс кезінде студенттердің бәрі аудиториядан шығып кетті.

Еселенген болымсыздықтың берілуі (болымсыздықтың күшейтіле берілуі)

Еселенген болымсыздық үшін

1) болымсыздық есімдігін пайдаланамыз: ешкім, ештеңе, ешқандай, еш жерде, ешқайсысы тағы басқа;

2) бір ре те құрылымын;

3) бір де біреуі құрылымын;

4) бір де бір (бір грам да , бірде бір грам)

306 - жаттығу (а) сұрақтарға болымсыздықты еселей, күшейте жауап беріңіз.

Үлгі: - Реакция кезінде тұз бөлінді ме?

- Жоқ, реакция кезінде бір грам да тұз бөлінбеді.

1. Қыздырған кезде метал қиыршықтарының массасы кішірейді ме?

2. Көлді құрғатқан кезде көп балықтар жоғалған, өлген болар?

3. Мыс ауада тотыға ма?

4. Реакция кезінде тұздың кристалдары тотыға ма?

307-жаттығу. Сол жақтағы және оң жақтағы сөйлемдерді салыстырыңыз. Болымсыз сөйлемге біреуін де (ни один), бірде бір сөз тіркесі қандай мағына қосады, көрсетіңіз.

Мен барлық есепті шығардым.
Біздің топтың барлық студенті емтиханды мезгілінен бұрын (досрочно) тапсырды.
Ол Ш.Айтматовтың барлық шығармаларын оқыған.

Мен бірде бір есепті шығармадым.
Біздің топтан біреуі де емтиханды мезгілінен бұрын тапсыра алмады.
Ол Ш.Айтматов шығармаларының біреуін де оқымаған.

307 а - жаттығу. Мәтінді оқыңыз. Аргон мен басқа инертті газдар қасиетіне назар аударыңыз.

ИНЕРТТІ ГАЗДАР

XIX ғасыр соңына дейін ауа оттегі мен азоттан тұрады деп саналған. Бірақ 1894 жылы физиктер электр тогының әсерінен оттегімен бірікпеген ауадағы жаңа газды бөліп көрсетті. Сонымен ауада аргон деп аталған жаңа газ ашылды. Бұл газ ешқандай жағдайда бірде бір элементпен реакцияға түспейді.

Аргон ізімен тағы да ауа құрамында өте аз мөлшерде кездесетін төрт элемент ашылды: гелий, неон, криптон, кенон. Аргонмен бірге бұлар инертті газдар деген атау алды.

Инертті газдардың өз ерекшелігі бар: олар тек қана атомнан тұрады. Инертті газдар атомы молекулаға бірікпеген; олар электронды қоспайды да, бермейді де.

307 б - жаттығу. Сұрақтарға болымды, болымсыз түрде жауап беріңіздер.

Электр тогының әсерімен аргон оттегіге қосыла ма?

Аргон тым болмаса, бір элементпен реакцияға түсе ме?

Инертті газдар өз элементін бере ме?

Инертті газдар атомы өзіне басқа элементтердің электрондарын қоса ала ма?

308-жаттығу. Болымсыздықты күшейту үшін бірде бір, бірде біреуін, біреуін де (ни один) сөз тіркестерін пайдалана отырып, сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз.

Сіз барлық сөздерді жаттадыңыз ба? Жетекшіңіз ұсынған барлық мақалаларды оқып шықтыңыз ба? Ол барлық сұраққа дұрыс жауап берді ме? Барлық студент осыған ұқсас есеп-

тердің қалай шығарылатынын түсінді. Баяндамашы жиналыста сөйлегендердің бәрімен келісті.

309-жаттығу. *Сол жақта және оң жақта берілген сөйлемдерді салыстырыңыз. Бір ретте, бірінші рет емес сөз тіркесінің мағынасын салыстырыңыз.*

Мен Стамбулда *бір рет те* болған емеспін.
Осы әнді бер рет те естімеппін.
Мына студент бір рет те қазақ тілінен сабақ жіберген емес.

Менің Стамбулға келуім – бірінші рет емес.
Осы әнді естуім – бірінші рет емес.
Сабақ жіберуім – бірінші рет емес.

310-жаттығу. *Сөйлемдердің мазмұнын бір рет те, бірінші рет емес сөз тіркесін пайдалана отырып жазыңыз.*

Мен Астанада бірнеше рет болдым. Мен Көкшетауда ешқашан болған емеспін. Мен осы адамды жиі кездестірдім. Мен ешқашан бұл адамды кездестірген емеспін. Мәтінді аударып отырып, мен бірнеше рет қателестім. Мәтінді аударып отырып, мен бір де қате жіберген емеспін. Біз жолдастарымызбен осы туралы көп әңгімелескенбіз. Біз жолдастарымызбен осы туралы ешқашан әңгімелескен емеспіз.

311-жаттығу. *Бір рет те сөз тіркесін пайдалана отырып, сөйлемді жалғастырыңыз.*

Мен сіздің үйіңізді ұзақ іздедім, себебі Мен фильм туралы ештеңе айта алмаймын, себебі Менің Алматыдағы Ұлттық мұражайды көргім келеді, Шынымды айтсам, мен оны тани алмадым, себебі Менің бүгін осы әншіні тыңдағым келеді, себебі бұрын

312-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Болымсыздықты күшейтетін сөздерді табыңыз.*

Олардың ешқайсысының театрға ешқандай да қатысы болмады. Ол ешқашан ешкіммен өзінің қайғысын бөліспеді. Мен ешқандай да келісімге бармаймын. Ақынның тірі кезінде оның бірде бір кітабы жарияланбаған. Ол ата-анасымен де, достарымен де кеңеспеді. Мен біздің істеріміздің табысына ешқандай да күдіктенбеймін.

Назар аударыңыз!

Для усиления отрицания используется отрицательные местоимения (*ешкім, ештеңе, ешқандай*) и словосочетание (*бірде бір, бір де, бір рет те*), а также наречия степени (*мүлдем, тіпті, титтей де және т.б.*). Все эти средства служат только для усиления отрицания.

313-жаттығу. *Диалогты толықтырыңыз. Болымсыздықты күшейту құралдарын пайдаланыңыз.*

Үлгі: Осы жылдары ол өзгерген жоқ. – Иә, ол ешқандай да өзгерген жоқ (мүлдем, тіптен).

1. – Ол ағасына ұқсамайды.

-

2. – Гүлдер солмапты.

-

3. – Маржан үш алғанда ренжіді ме?

-

4. – Сізге кедергі жасаған жоқпын ба?

-

5. – Кешіккеніме ренжімедіңіз бе?

-

314-жаттығу. Сізбен әңгімелесушінің сөзін растаңыз. Болымсыз сөйлемде одан басқа (кроме него) конструкциясын пайдаланыңыз.

Үлгі: Ол қазір тек қана емтихан туралы ойлайды. – Иә, ол емтиханнан басқа ештеңе ойламайды.

1. – Ол тек қана өзінің курстас достарымен араласады.
2. – Ол бүгін тек қана компьютерлік ойынмен айналысты.
3. – Ол тек қана өзіне сенеді.
4. – Ол демалуға тек қана Сарыағашқы барады.
5. – Соңғы кезде ол тек қана тарихи романдар оқиды.
6. – Оған тек қана Дастан ұнайды.

315-жаттығу. Берілген сөйлемдерді растаңыз. Жақшы ішіндегі сөздерді және болымсыздық есімдіктерін пайдаланыңыз.

Үлгі: Онымен бәрі келісті (дауласу). – Иә, онымен ешкім дауласпады.

Ол бәріне қуанады (ренжімеу). Сабаққа бәрі уақытында келді (кешігу). Бәрі бірге жүгірді (қалу). Бүгін Айжанның туған күні екені бәрінің есіне түсті (ұмыту). Бәрі Дастанның саяжайына баруға келісті (бас тарту).

316-жаттығу. Сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз.

Үлгі: Сіздің таныстарыңыздың бәрі Көкшетауда болды ма? – Жоқ, менің таныстарымның ешқайсысы Көкшетауда болған жоқ.

Сіздің достарыңыздың бәрі футболды жақсы көре ме? Сендер бәрің емтиханды алдын-ала (досрочно) тапсырғыларың келе ме? Сендер бәрің оқуға төлейсіңдер ме? Сендердің туыстарыңның бәрі Астанада тұра ма? Олардың бәрі биыл (в этом году) сізге қонаққа келді ме?

317-жаттығу. Сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз.

Үлгі: Конфет, печенье алдың ба? – Жоқ, дүкен жабық, конфетте, печенье де (ни конфет, ни печенье) алмадым.

Бүгін не алдың? Кітап, дәптер алдың ба? Сен Дәуреннен кеңес, көмек аламын деп үміттендің бе? Мен түнде күннің күркірінен (гром), шудан ояндым. Ал сен күннің күркірегенін естідің бе? Сен ата-анаңнан хат алдың ба? Мүмкін жедел хат алған шығарсың? Бақтарыңда не өсіріп жатырсыңдар? Гүл ме, жидектер ме? Сен қандай аспапта ойнайсың? Роялда ма, сыбызғыда ма?

318-жаттығу. Сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз. Болымсыздықты күшейту үшін бірде бір, бірде біреуін тіркесін пайдаланыңыз (Для усиления отрицание употребите сочетание ни один в нужной форме).

Үлгі: Мына жинақтағы барлық мақаланы оқыдың ба? – Жоқ, мен жинақтағы бір де бір мақаланы оқымадым.

Сен мәтінде көп қате жібердің бе? Баяндамашыға көп сұрақ қойылды ма? Сен осы айда көп хат алдың ба? Осы айда көп спектакль көрдің бе? Сен келесі жылға көп журналға жазылдың ба? Сен «Жалын» журналының екінші номерін алдың ба?

319-жаттығу. Диалогтарды оқыңыз. Болымсыз мағыналы сөйлемдерге назар аударыңыз. Ұқсас диалогтар құрыңыз.

- Сіздің соңғы әңгімеңізді қайдан оқуға болады?
- Ол әлі жарияланған жоқ (жарияланбады).

- Сіздің соңғы әңгімеңіз «Жұлдыз» журналына шықты ма?
- Жоқ, ол «Жұлдызға» емес, «Жалынға» шықты.
- «Гауһар тас» фильміндегі Тастан рөлін Құман Тастанбековтің ойнағанын көрдіңіз бе?
- Ол Тастанның рөлін ойнаған жоқ, сен шатастырып тұрсың.
- Меніңше, ол «Бандыны қуған Хамит» фильмінде ойнаған сияқты.
- Тағы да қателесіп тұрсың. Бұл фильмде Құман емес, Жолжақсынов ойнады.
- Бұл баяғыда болды ма?
- Баяғыда, сен ол кезде әлі дүниеге келген жоқсың.
- Сіздің ата-аналарыңыз да актер ме?
- Жоқ, мен мүлдем актерлер отбасынан емеспін.

320-жаттығу. Диалогты толықтырыңыз. Сізбен әңгімелесушінің ұсынысы дұрыс еместігін айтыңыз, дұрыс мәліметті хабарлауыңызға болады. (Дополните диалоги. Скажите, что предложение вашего собеседника неверно. Можете сообщить правильные сведения).

Үлгі: - Саған кім звондады? Айжан ба?

- Жоқ, маған Айжан емес, Гүлжан звондады.

- Сен қашан Астанаға барасың?

-

- Үшіншіге алманың шырынын аламыз ба?

-

- Сен кіммен кеңескің келеді? Дастанмен бе?

-

- Дүкенге не үшін барасың? Нанға ма?

-

- Бөлмеңе қандай стол алғың келеді? Жазу столы ма?

-

- Айжанға қандай сыйлық алдың? Сақина ма?

-

**ТЕСТ ТАПСЫРМАЛАРЫН ОРЫНДАҢЫЗ: БОЛЫМСЫЗДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ
ДҰРЫС ЖАУАБЫН ТАҢДАҢЫЗ**

1. Мен бүгін хабарласпадым.

- A) ешкім
- B) ешкіммен
- C) кіммен
- D)

2. Мәжілісте сөйлеген сөзі ұнамады.

- A) ешкім
- B) ешкімнің
- C) ешкімге
- D) кім

Сөйлемді жалғастырыңыз.

3. Мен бүгін жұмысты аяқтауға тырыстым, ертеңге

- A) қалдырдым
- B) қалдырамын
- C) қалдырдым
- D) қалдырмадым

4. Жаз айларын мен Алматыда өткіздім, ешқайда.....

- A) кету
- B) кетпедім
- C) кеттім
- D) кетпе

5. Кеше мен күні бойы демалдым, ештеңе

- A) істемедім
- B) жұмыс істедім
- C) істеме
- D)

Қанша дұрыс жауап бар, соны белгілеңіз:

6. Мына есептер мүлдем түсініксіз, мен шығара алмадым.

- A) біреуін де
- B) біреуін
- C) бәрін де
- D) түк те
- E) барлығын да

Қанша дұрыс жауап бар, соны белгілеңіз:

7. Ол барлық сұраққа дұрыс жауап берді ме?

- A) бәріне
- B) бірде біреуіне
- C) біреуіне де
- D) ешқайсысына
- E) ешкімге

Сөйлемді аяқтаңыз:

1. Мен сіздің үйіңізді ұзақ іздедім, себебі....

- A) бірнеше рет болғанмын
- B) бір рет те болмағанмын
- C) жақсы білемін
- D) есімде жақсы сақталған

Сәйкесін таңдаңыз

2. - Ол ағасына тіпті ұқсамайды.

- Иә, ол ұқсамайды

- A) мүлдем
- B) егіздің сыңарындай
- C) егіз қозыдай
- D)

10. Ол достарынан ... ешкіммен араласпайды.

- A) басқа
- B) бәріне
- C) барлығына
- D) ешкімге

11. Ол тек өзіне ғана сенеді, өзінен сенбейді.

- A) басқа
- B) басқаға
- C) әркімге
- D) ешкімге

12. Оған Дастаннан ешкім ұнамайды.

- A) басқаға
- B) басқа
- C) адамдар
- D) басқалар

Қанша дұрыс жауап бар, таңдаңыз:

13. Менің таныстарымның футболда жоқ. Бұлар қайда жүр екен?

- A) ешқандай
- B) ешқайсысы
- C) ешкім
- D) біреуі де

Берілген жауапқа сәйкес жауап таңдаңыз:

14. - Сіз келесі жылға көп журналға жазылдыңыз ба?

- Жоқ, ешқандай журналға жазылмадым.

- A) Бір де бір журналға жазылмадым
- B) Бір журналға жазылдым
- C) біреуіне жазылдым
- D) бірнешеуіне жазылмадым

Берілген жауапқа сәйкес жауап таңдаңыз:

15. - Бұл оқиға баяғыда болды ма?

- Баяғыда. Сен әлі ол кезде дүниеге келген жоқсың.

- A) Ертеде болған, сен әлі туылмағансың
- B) ертеде, сен бұл өмірде барсың
- C) Ертеде, сен туылған кезде
- D) сенің туған күніңде

14. Қарсылық мәнді қатынастың берілуі

(выражение уступительных отношений)

Назар аударыңыз!

Қазақ тілінде қарсылықты мәнді салалас құрмалас сөйлемдер бірақ, сонда да, дегенмен, алайда, әйтсе де, сөйтсек де, сөйткенмен жалғаулықтары арқылы байланысады, жалғаулықсыз да байланысады.

321-жаттығу. *Екі жай сөйлем мазмұнын тиісті жалғаулықтарды пайдалана отырып, күрделі сөйлемге айналдырыңыз.*

- 1. Тірі организмге операция жасау күрделі. Ол мүмкін.
- 2. Атмосфера құрамындағы кейбір газдар белгілі бір мөлшерде Жердің қызуына әсер етеді. Ауадағы бұл газдардың мөлшері көп емес.
- 3. Экологиялық жағдаяттар жиі пайда болуда. Ғылым мен техниканың жетістіктері өндірістің қоршаған ортаға зиянды әрекеттерін төмендетуі мүмкін.
- 4. Кварц жерде өте көп. Оның жетілген түрі – тау хрусталі сирек кездеседі.
- 5. Ғылыми-техникалық прогрестің табыстарын шексіз айта беруге болады. Олардың кейбірі экологиялық мәселелермен тығыз байланысты.

322-жаттығу. *Сол жақта және оң жақта берілген мағынасы жақын сөйлемдерді салыстырыңыз. Олардың құрылымындағы айырмашылыққа назар аударыңыз.*

Кейбір тұстарына келіспесем де, мақала мазмұнды жазылған.
Бар болғаны бір жыл істегеніне қарамастан, режиссер жас актерді басты рөлге шақырды.
Дауласу әлі жалғасып жатса да, шындық біздің жаққа бұрыла бастады.

Мына мақала өте қызық, алайда кейбір түсініксіз жерлері бар.
Актердің кейіпкерлермен сыртқы ұқсастығы жоқ, бірақ бәрібір оны осы рөлде ойнауға шақырды.
Біз әлі дауласып отырмыз, бірақ ешқандай күдік қалмады.

323-жаттығу. *Берілген сөйлемдерді қарсылықты мәнді жалғаулықтарды пайдалана отырып, біріктіріңіздер.*

- 1. Оның жұмысы көп. Ол оқуға үлгеріп жүр.
- 2. Ол тура ештеңе айтқан жоқ. Мен оның риза еместігін байқадым.
- 3. Олар шындығында, өте жас болатын. Олардың тәжірибесі жеткілікті.
- 4. Ол ол кезде бала болатын. Ақылды еді.
- 5. Айдана сымбатты қыз. Басқалар оған назар аудармайтын.

324-жаттығу. Сұраққа болымды түрде жауап беріңіз. Оң жақта берілген ақпаратты пайдаланыңыз.

Жұмысыңыз табысты жүріп жатыр ма?
Қазақ тілінде көркем әдебиетті оқу қызықты ма?
Сізге жатаханада тұру ұнай ма?
Сізге Астана қысы ұнай ма?
Көршілеріңізбен тату тұрасыз ба?
Мұражайға бармайсыз ба?
Диссертацияға өзгерістер енгіздің бе?

Аяқтауға әлі ерте.
Көптеген таныс емес сөздер кездеседі.
Басында көп нәрсеге үйрену керек.
Өте суық.
Біздер әр түрлі адамдармыз.
Уақытым жоқ
Ғылыми жетекші ұсыныстар айтпады.

325-жаттығу. а) Берілген күрделі сөйлемді оқыңыз. Құрылымына назар аударыңыз.

Менікі дұрыс болмай-ақ қойсын, бірақ сіздің мені тыңдауыңыз керек. Мейлі, жемісін жемей-ақ қой, ағаш отырғызу ешқашан кеш болмайды. Саған қауіп төнбей-ақ қойсын, бәрібір жамандыққа немқұрайды қарауға болмайды. Мейлі, бұл гипотеза, бірақ болашақта шынға айналады.

б) Сөйлемдерді жалғастырып көріңіз:

Мейлі, сен жеңілсең де, ... маңызды. Мейлі, бұл кеш болса да, бастысы Мейлі, бұл саған тікелей қатысты болмай-ақ қойсын, бірақ (Пусть, тебя это прямо не касается, но ...).

в) Сөйлемнің бірінші бөлігін жазып көріңіз:

..., қазір мен өзімше жасаймын.

..., барлық шындықты естіген жақсырақ (лучше услышать всю правду).

..., мен сізбен келісе алмаймын.

..., мен өз жұмысыммен мақтанамын.

326-жаттығу. Оң жақта және сол жақта берілген сөйлемдерді оқыңыз. Олардың құрылымындағы айырмашылықты түсіндіріңіз.

Біз қанша даулассақ та, әркім өз пікірінде қалды.
Біздің тіліміз қанша бай болса да, кейде әсеріміз бен сезімімізді жеткізу үшін сөз таппай қаламыз.

Қанша даулассақ та, біз ешқашан келісімге келмейміз, біздің ойымыз тым алшақ.
Біздің тіліміз қаншалықты бай болса да, музыканы сөзбен жеткізу мүмкін емес (невозможно передать музыку словами, как бы ни был богат наш язык).

327-жаттығу. Берілген сөйлемдердің мазмұнын **қаншалықты сөзін пайдалана отырып, жазыңыз.**

Ол өнермен өте көп айналысса да, оның өміріндегі басты жұмысы медицина болып қалды. Біз өте көп ұқсамасақ та бізді бәрібір көп нәрсе біріктіреді. Біз одан бірнеше рет өзі туралы айтуды сұрасақ та, ол үндемеді. Ол осы есеппен ұзақ отырса да, ештеңе шықпады. Мен өзімнің таңдауымның дұрыстығына толық сенемін, бірақ бәрі бір күдіктендім, толқыдым.

328-жаттығу. Берілген сөйлемдерді оқыңыздар. Сөйлемдердің мағынасына назар аударыңыз.

Біз қанша тырыссақ та, ешкім бізге көңіл аудармады. Ол қанша ойланса да, ешқандай маңызды ой басына келмеді. Балалар қанша жылы киінсе де, олар далада көп жүре алмады, сыртта аяз қысып тұр. Әңгіме қанша тартымды болса да, менің кетуіме тура келді. Ол туралы қанша айтылса да, ол жаман адам емес. Ол қайда жұмыс істесе де, ол адамдармен ылғи жанжалдасып қалатын. (Где бы он ни работал, он всегда конфликтовал с людьми). Оған қандай сұрақ берілсе де, оның жауабы әрқашан дайын.

15. Мақсат мәнді құрылымның берілуі

(выражение целевых отношений)

329-жаттығу. Оң жақта берілген сөйлемдерді пайдалана отырып, іс-әрекеттің мақсатын айтыңыз.

1. Біздің отанымыз бізді шет елге оқуға жібереді.

2. Ғылыми жетекшім маған әдебиеттер тізімін берді.

Мен осы әдебиеттерді келесі консультацияға дейін оқуым керек.

3. Каникул кезінде біздің университетте шетелдіктер үшін экскурсиялар ұйымдастырады.

4. Мен көптеген қызықты суреттер түсірдім, оларды ініме салып жібердім.

Біз жақсы маман болып оралуымыз керек. Біздің еліміз маманданған кадрға ие болады.

Ол менің тезірек менің мамандығымның мәселелерін түсінсін деп ойлайды.

Біз оқитын университетіміз туралы жақсы білуіміз керек.

Бізді Қазақстан мәдениетімен, тарихымен тереңірек таныстырғысы келеді.

Мен оған Қазақстандағы өмірімді көрсеткім келеді.

330-жаттығу. Жақша ішіндегі сөйлемдердің мазмұнын пайдалана отырып, сөйлемдерді толықтырыңыз, іс-әрекет мақсатын айтыңыз.

Үлгі: Мен ... екі апта сайын кітапханаға барамын. (оқыған кітапты тапсырып, жаңасын алу керек. – Оқыған кітапты тапсырып, жаңасын алу үшін мен екі апта сайын кітапханаға барамын.

Мен екі апта сайын ... кітапханаға барамын. (оқыған кітапты тапсырып, жаңасын алу керек). Менің көршім ... маған кітаптар қалдырып кетті (мен оларды кітапханаға тапсыруым керек).

Қазақ тілінің оқытушысы ... белгілі жазушылардың еңбектерінің тізімін ұсынды (жазда осы еңбектерді оқып шығуымыз керек).

Қазір Қазақстанда ... мәдени мұраға қатысты тарихи әдебиеттер шығарылуда. (халықтың өткен тарихына қызығушылығын туғызу керек).

Апта сайын мен ... кітап дүкеніне кіріп тұрамын (жаңа кітаптарды қарап шығу керек және өзіме керек кітаптарды сатып алу керек).

331-жаттығу. Іс-әрекеттің мақсатын білдіре отырып, сөйлемді толықтырыңыз.

..... үшін мен бүгін ерте тұрдым.

..... үшін спортпен айналысады.

..... үшін радионы қостым. Радиодан күніне бірнеше рет ауа райы туралы айтады.

..... үшін кейбір радио және телехабарлар қайталанады.

..... үшін досым маған ескертті.

332-жаттығу. Қимыл есімі мен үшін шылауының тіркесін пайдалана отырып, сұрақтарға қысқаша жауап беріңіз.

Үлгі: Өзіңіздің досыңызға не үшін хабарластыңыз?

Бір мәліметті сұрау үшін.

1) а. Балаңызды не үшін математикалық мектепке бердіңіз?

б. Сіз бүгін қаланың орталығына неге келе жатырсыз?

- 2) Сіз не үшін осы кітаптың үшеуін сатып алдыңыз?
- 3) Сізге виза не үшін керек?
- 4) Студенттер қандай мақсатпен практикаға барады?
- 5) Емтихан қандай мақсатпен өткізіледі?

333-жаттығу. *Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, заттың неге арналғандығы туралы сұраққа жауап беріңіз.*

Виза не үшін керек? (шетелге бару) Паспорт не үшін керек? (өзіңді растау – удостоверение личности) Оқу билеті не үшін керек? (кітапханада жұмыс істеу) Фильтр не үшін керек (суды қалдықтардан тазарту) Мұнай не үшін керек? (бензин алу)

334-жаттығу. а) ЭВМ қолданылатын салаларды атаңыз және олардың қолданылу мақсатын берілген ақпараттарға сүйене отырып, айтыңыз.

Математика – теңдеуді шешу, есептеу; экономика – ақпаратты жеткізу, жинақтау; геология – нәтижелерді өңдеу, архив – ақпаратты сақтау, құжаттарды іздеу.

б) Сіздің мамандығыңыз бойынша сізге таныс барлық салаларда ЭВМ-нің қолданылу мақсатын айтыңыз.

335-жаттығу. а) Мәтінді оқыңыз. Ондағы мақсат мәнді конструкцияны табыңыз, оларға сұрақ қойыңыз, құрастырылған сұрақтарға сүйене отырып, физиктер туралы айтыңыз.

XX ғасырдың 30-шы жылдары ғалым-физиктер Ф.Жолио-Кюри Э.Резерфорд, Н.Бор және тағы басқа ғалымдар атомдық ғылымды жылдам дамыту мақсатында өздерінің күшін біріктірді. Физик ғалымдар адамдарға пайда әкелу мақсатында, бейбітшілікке, прогреске қызмет ету мақсатында жұмыс істеді. Хиросима, Нагасаки трагедиясынан кейін ғалымдар қауіпті қаруға тыйым салу мақсатында әр түрлі қалаларда қарсылық митингісін өткізе бастады. Адамзатты құтқару мақсатында ғалымдар өздерінің ойлап тапқандарын өздері жоюға шешім қабылдады.

1957 жылы атом энергиясын бейбіт пайдалану мақсатында халықаралық агенттік (МАГАТЭ) құрылды. (МАГАТЭ – международное агенство по атомной энергии).

336-жаттығу. Күрделі сөйлемдердің мазмұнын *мақсатында, мақсатпен* сөздерін пайдалана отырып, айтыңыз. Төменде берілген сөздерді пайдаланыңыз.

1. Ғалымдар қоршаған ортаның одан әрі қарай ластануын тоқтату үшін және қалдықтар мөлшерін азайту үшін жаңа технологиялар жасауда.

2. БҰҰ (Біріккен Ұлттар Ұйымы) Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін халықтар арасында ынтымақтастықты дамыту үшін және қауіпсіздік пен бейбітшілікті қолдау үшін құрылды.

3. Барлық прогрессивтік күштер Жерде бейбітшілікті сақтау үшін күштерін біріктіру керек.

4. Дау-жанжалдарды реттеуге жаңа жол табу үшін барлық күшті салу қажет.

5. Планетадағы соғыс ошақтарын жою үшін бейбітшіл күштер қажетті шараларды қолдануда.

(қолдау, дамыту, азайту, тоқтату, сақтау, жою)

337-жаттығу. *Мақсат мағыналы конструкцияларды пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.*

Экология және адам құқығы бойынша халықаралық конференциялар қандай мақсатпен өткізіледі? Теледидарда қандай мақсатпен «Жануарлар әлемі», «Саяхатшылар клубы» хабарлары беріледі?

338-жаттығу. *Мақсат мәнді құрылымдарды пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіз.*

Үлгі: *Сіз Қазақстанға не мақсатпен келдіңіз? Мен Қазақстанға білім алу үшін қазақ мәдениетімен, елімен танысу үшін келдім.*

Қазіргі жастар ұйымының мақсаты не? Баспасөздің, мерзімдік басылымның мақсаты мен міндеттері не? Абитуриенттердің мақсаты не? Сіздің ғылыми жұмысыңыздың мақсаты мен міндеті не?

339-жаттығу. а) БҰҰ-ның, ЮНЕСКО-ның мақсаттары, міндеттері, олимпиадалық қозғалыстың мақсаты мен міндеті туралы айтыңыз; б) Сізге белгілі, қызықты ұйымдардың мақсаты мен міндеті туралы айтыңыз.

16. Модальдық мағынаның берілуі

Назар аударыңыз!

Модальдылық терминінің грамматикада екі мағынасы бар. Осы терминмен ортақ белгілері бар әр түрлі құбылыстарды атайды: модальдылық өзін сөйлемде яғни синтаксис деңгейінде көрсетеді. Сөйлеуші сөйлем құрғанда өзінің ақпаратқа, ақпараттың шындығына қатыстылығын хабарланатын сөйлемде білдіреді. **Сөйлеуші тарапынан ақпарат шынайы** яғни қазір болатын, болған, болашақта болатын болса, онда сөйлем *ашық райда: осы шақта, келер шақта, өткен шақта* беріледі.

Егер де **ақпарат сөйлеуші тарапынан шынайы емес**, яғни ол шындығында әлі болмаған, қазір де болмайтын, болашақта да болмайтын болса, онда сөйлем *бұйрық райда, қалау райда* құрылады. Модальдылық бірінші мағынасы бойынша объективтілік модальдылық деген атау алды.

Субъективті модальдылық.

Модальдылық терминінің екінші мағынасы сөйлеушінің айтатын сөйлеміне қатынасын білдіреді. Бұл үшін сөйлеуші модальді деп аталатын арнайы сөздерді пайдаланады.

Модаль сөздер *тиістілікті, қажеттілікті, керек еместікті, мүмкіндікті, мүмкін еместікті, қалағандықты, қаламағандықты, рұқсатты, тыйым* салғанды білдіреді. (модальные слова указывают, насколько достоверным является сообщение; представляется ли сообщаемая информация как желательная, возможная, или невозможная и т. д.)

Тиістіліктің, керек, қажеттіліктің берілуі

Түсініктеме

Қаз-ақ тілінде модальдылықты білдіретін сөздер тобы бар. Модаль сөздер субъектінің (S) әрекетке, қалып күйге, процеске қатысын білдіреді. Субъект Өзінің ситуацияға қатысын білдіруге бағалауға мүмкіндігі бар. Модальдық мағына әр түрлі болуы мүмкін: мүмкін, мүмкін еместік, қажеттілік, қажет еместілік, тағы басқа.

Салыстырыңыз			
Қимыл есімі +	тиістілік міндеттілік мәжбүрлілік	Қимыл есімі +	керек қажет лазым

I. Кім? қимыл есімі + тиіс 1) Мен күнде таңертең жаттығу жасауға тиістімін. (іс әрекет нормасы, бірақ субъект іс әрекет жасауды қаламауы да мүмкін) 2) Ол келуге тиісті (бірақ келмеді, жоспарланған әрекет болмай қалды).	Кімге + қимыл есімі + қажет, керек 1) Маған күнде таңертең жаттығу жасау керек . 2) (субъект іс әрекетке мүдделі, менің күнде таңертең жаттығу жасағым келеді) Оған уақытында келуі керек болатын. (субъектінің мүдделілігі бар)
II. Кім ? қимыл есім + міндетті 1) Профессорға кездесу үшін университетке баруға міндеттімін (іс-әрекет жоспар бойынша, келісім өтіп жатыр) 2) Дәрігер Гиппократ антын орындауға міндетті. (қажеттілік, бастарту мүмкін емес)	II. Кімге? қимыл есімі + тура келеді 1) Маған ерте тұруға тура келеді. (бірақ ерте тұрғым келмейді) 2) Дәрігерге демалыс күндері кезекшілікке баруға тура келеді. (субъект еркіне қарсы)
III. Кім? қимыл есімі + мәжбүр Үйге таксимен баруға мәжбүр болып тұрмын. (іс-әрекет сонша қалаулы емес, бірақ қажет)	III. кімге? қимыл есімі + керек III. Кімге ? қимыл есімі + тура келеді. Сенің туыс туғандарыңмен сөйлесуіңе тура келеді. (кеңес, өтініш мағынасында. Туғандарыңмен сөйлесші!).

340-жаттығу. *Керек, қажет модаль сөздерін тиіс модаль сөзімен алмастырыңыз.*

1. Менің Астанаға тамызда қайтуым керек.
2. Сіздің тіс дәрігеріне баруыңыз қажет.
3. Асқарға сіздің пікіріңізді тыңдауына тура келеді.
4. Сіздің деканатқа баруыңыз қажет.
5. Менің бүгін үйге ертерек қайтуым қажет.
6. Мен шаршадым, бірақ досымды вокзалға дейін шығарып салуға мәжбүрмін.
7. Маған жылырақ киіну қажет.
8. Маған ағылшын тілінен көбірек дайындалу қажет.

341-жаттығу. *Осы жағдаятта не қажет екенін айтыңыз. (жақша ішіндегі сөздерді пайдаланыңыз)*

Үлгі: Тәжірибе үшін не қажет? (ас тұзы; алдын ала тұз ерітіндісін тазалау) – Тәжірибе үшін ас тұзы керек. Тұз ерітіндісін алдын ала тазалау қажет.

1. Экскурсия үшін не қажет? (автобус; автобуска ертерек тапсырыс беру)
2. Ауруға не керек? (жедел ота, барлық анализдерін тапсыру)
3. Тұмаумен ауырғанда не керек? (дәрігер шақыру, дәрі және витаминдер қабылдау, сұйықтықты көп ішу)
4. Біздің денсаулығымыз үшін не істеу керек? (спортпен айналысу, жақсы тамақтану, витаминдер қабылдау, саламатты өмір салтын жүргізу)

342-жаттығу. *Сұрақтарға жауап беріңіз. Іс-әрекеттің болатындығын айтыңыз.*

Үлгі: - Емтихан сағат 11 - де бастала ма?
- Иә, емтихан сағат 11 - де басталуы керек.

1. Сенде ағылшынша - қазақша сөздік бар ма?
2. Біз бүгін кешке кездесеміз бе?
3. Мына вакцина гриппке көмектесе ме?
4. Жексенбіде ауа райы жақсы бола ма екен?
5. Астанадан самолет сағат 12 – де ұшып келе ме?

343-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Тиістілікті, қажеттілікті, керектікті білдіретін сөздерге назар аударыңыз. Өзіңіз сөйлем құрастырыңыз.

Қазақ тілін жақсы білуім үшін маған көп дайындалу қажет. Бүгін менің ата-аналарыма баруым керек, себебі әкем ауырып қалды. Әрбір азамат заңдарды сақтауы міндетті. «Сен жақсы оқуға тиіссің», – деп әкесі баласына ескертті. Менің осы еңбекті аяқтап шығуым керек, себебі жүйелі жазылған жаттығулар аз. Әкеме хабарласуым керек, себебі ол кісі мені үнемі іздеп отырады.

Назар аударыңыз!

Тиіс сөзі - тиістілікті, қажеттілікті білдіретін ең бейтарап сөз. *Міндет*, *міндетті* сөзінде қызмет көрсету немесе әлеуметтік міндет сипатының бар екендігін көрсетеді, сондықтан кітаби нұсқаларда жиі қолданылады: Үкімет жыл сайын бюджетті қалыптастыруға *міндетті*. Субъект жүзеге асыратын міндеттілік, керектілік, қажетті әрекет басқа да синтаксистік конструкциялармен де беріледі.

344-жаттығу. Жақша ішіндегі сөздерді пайдаланып, сөйлемді толықтырыңыз.

Оқытушының (міндет) – студенттерді жақсы оқыту. Студенттерді оқыту оқытушының (міндет) болып табылады. Әрбір студенттің (парыз) – жақсы оқу. Біздің (парыз) – ата-ана еңбегін ақтау. Біздің (борыш) – жас ұрпаққа жақсы аманат қалдыру.

345-жаттығу. Әрекеттің қажеттілігін білдіретін сөйлемдерді оқыңыз. Осыған ұқсас сөйлем құрастырыңыз.

Менің кітапханаға баруым керек. Желтоқсанның соңына қарай бізге лабораториялық жұмысты орындауымыз қажет. Далада, таза ауада көбірек жүру керек. Сіздерге қазақша көбірек сөйлеу керек. Сізге үлкен сөздік сатып алу керек. Бұл әнді жиі тыңдауың қажет. Балаларға көп қимылдау қажет.

346-жаттығу. Диалогты оқыңыз. Модаль сөзді (керек, қажет, тура келеді) конструкцияларды пайдалана отырып, сөйлемдердің мазмұнын айтыңыз.

1. – Сен әлі дайындаласың ба? – Иә, ертең семинарда баяндама жасау ...
2. – Сен бізбен бірге стадионға барасың ба? – Жоқ, менің әлі мақаланы аудару ...
3. – Сенің басқа елге кеткің келе ме? – Жоқ, мен осында дүниеге келдім, осында өмір сүру ...
4. – Менің жұмыс уақытым бітті. – Маған тек қана мөр басу ..., бір минут уақыт бөліңізші.

Назар аударыңыз!

Қажетті, керек әрекеттің семантикасы қосымша реңктермен толығыуы мүмкін. Кейбір жағдайда субъект әлдебір әрекетті орындауына, орындауға тиіс болады, оған осыны орындауға жағдай талап етіп тұр.

347-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Осы мысалдарға ұқсас сөйлемдер айтыңыз.

Жаңбыр құйып кетті, біздің үйге қайтуымызға тура келді. Ауылға қарай жолды табу үшін, біздің орманда ұзақ жүруімізге тура келді. Маған бірнеше күнге ауылға барып келуге тура келді. Декан бос емес, біздің оны жарты сағаттай күтуімізге тура келеді. Саған бәрін достарыңа айтуыңа тура келеді.

Қажет еместіліктің берілуі

348-жаттығу. Сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз.

Үлгі: - Сізге мына кітап өте қажет пе? - Жоқ қажет емес, өзімде бар.

1. Бүгін сізге 7 аудитория қажет пе?
2. Саған дәрілер керек пе?
3. Мына реакция үшін катализаторлар қажет пе?
4. Әлияға химия оқулықтары керек пе?
5. Дүкенге бара жатырмын, қант, нан керек пе?

349-жаттығу. Сұрақтарға болымсыз түрде жауап беріңіз.

Үлгі: - Сенің бүгін сабаққа баруың керек пе?

- Жоқ, бүгін сабаққа бармаймын, қажет емес.

1. Сенің аптекаға баруың керек пе?
2. Сенің кітапханадан араб - қазақ сөздігін алуың қажет пе?
3. Тәжірибе жасауың үшін саған катализатор қажет пе?
4. Мұраттың ата - анасына хабарласуы керек пе?
5. Мына құжаттарды бүгін тапсыруың керек пе?

350-жаттығу. Асты сызылған сөздерді синоним сөздермен ауыстырыңыз.

1. Сабаққа кешігуге болмайды.
2. Оттегісі бар пробиркаға отты жақындатуға болмайды.
3. Пробирканы отқа қоюға болмайды.
4. Баланы тым кеш жатқызуға болмайды.

351-жаттығу. Сол жақта берілген сөйлемдерден таңдап, ойды аяқтаңыз.

1) Әкеме телефон шалуым керек ...	А) мен ақшамды жоғалтып алдым.
2) Менің әкеме телефон шалуыма тура келді ...	Б) ... бүгін оның туған күні.
3) Әкеме телефон шалуға тиістімін ...	В)... бүгін кешке телефон шаламын деп келіскенбіз.
4) Маған әкеме телефон шалу қажет.	Г) ... мына мәселені қалай шешерімді білмеймін.

352-жаттығу. Мәтінді оқыңыз. А) қажеттілік , тиістілік әрекетті білдіретін сөйлемдерді табыңыз. Б) олар қандай модальділік мағына білдіріп тұр , айтыңыз.

Пастер жаңалығы

Микробиологияның ғылым ретіндегі пайда болу тарихын оқи отырып, біз көрнекті ғалым Луи Пастердің есімін еске түсіруге тиістіміз. Химияның керемет маманы (25 жасында екі докторлық ғылыми дәрежесіне ие болған) күтпеген жерден химиясын тастап, сол кездерде ғылым деп саналмаған микробиологиямен айналысып кетеді.

Жас ғалымға микроорганизммен бет пе - бет келуіне тура келді. Сол кездері ғылымда микроорганизмдер өздігінен пайда болады деген көзқарас болған. Осы идеяны жоққа шығару үшін Луи Пастер бірқатар тәжірибе жасауына тура келді. 1856 жылы Луи Пастер қызылша шырынының ашуын, божуын (органикалық заттардың бөліну процесі) зерттей бастады ашудың себептері микроорганизм екендігін мойындауға тиіс болды. Божу, ашу дегеніміз оның сөзі бойынша – оттегісіз өмір деген сөз. Микробтар божуды туғызады, бірақ олар қайдан пайда болады?

Луи Пастерге тірі ағзаның органикалық затқа байланыссыз өздігінен таралуы идеясын жақтаушыларға осы идеяның мүмкіншілігі жоқ екенін, дәрменсіздігін дәлелдеуге тура келді. Осы мақсатта ол тәжірибелер жасады. Оған колбаға сора құйып оны қайнату керек болды. Колбаны пробкамен жаппау керек, ауа еркін барып тұру үшін. Колбаға микробтар түскен жоқ, қалтарыс, иілімдерінде шөгіп қалды. Микробтардың өздігінен пайда болуы болмады. Луй Пастер жеңіске жетті. Оның табыстары көп жағдайда оның химик болғандығынан деп түсіндіреді. Ол микробиологияға математикалық есеп пен нақты тәжірибе жасау біліктілігін алып келді.

Уақыт та Пастерге көмектесті: оның ғажап талантын XIX ғасыр техникасы мен ғылыми жетістіктерінде пайдаланылды.

<https://surak.baribar.kz/367659/>

353-жаттығу. *Дұрыс жауабын таңдаңыз. Өз таңдауыңызды түсіндіріңіз.*

1) Луи Пастер білімі бойынша ...

- А) микробиолог
- Б) химик
- В) биолог

2) ашу, божу ...

- А) химиялық жолмен болады
- Б) жоғары температураның әсерінен болады
- В) микроорганизмдерді қолдану нәтижесінде болады.

3) Луи Пастер өздігінен пайда болудың мүмкін еместігін ... дәлелдеді.

- А) тәжірибелік жолмен
- Б) теориялық жолмен
- В) ғылыми пікір талас көмегімен

4) Пастердің ғылыми табыстары ... нәтижесі.

- А) оның дарындылығының
- Б) өзгеше еңбекқорлығының
- В) сол кездегі ғылымның табыстарының

354-жаттығу. *Қажет еместілікті білдірген сөздердің астын сызыңыз.*

Мұнша толқуға тұрмайды. Бүгін жұмысқа барудың қажеті жоқ.. Уайымдамау керек. Лекция кезінде сөйлеуге болмайды. Мына адаммен дауласудың керегі жоқ. Сізге осы кісіге барып керегі не? Сізге осы жанжалға араласу керек пе еді? Екеуімізді бірге көрмегені жақсы (нежелательно). Менің бүгін университетке бармауым керек. Өзіңмен бірге көп зат алып керегі жоқ. Бүгін далаға шығудың керегі жоқ, себебі өте суық. Сізге мына кітаптарды алып керегі не, сіз оларды кітапханадан ала аласыз ғой. Ұсақ-түйек нәрсеге (по пустякам) бола осылайша күйіп-пісу керек пе еді? Сіздің ұқыпсыздығыңыздан адамдар зардап шекпеу керек. Мына лекция маған керек емес, мен оны көшіріп алдым. Маған ешкім керек емес, мен өзім орындаймын.

Мүмкіндіктің берілуі
(выражение возможности)

Іс-әрекет мүмкіндігінің, мүмкін еместігінің берілуі

Қимыл есімі + болады, болмайды
Қимыл есімі + мүмкін / мүмкін емес

Түсініктеме. Қимыл есімі + болады, болмайды

а) Қимыл есімі + мүмкін / мүмкін емес құрылымы белгілі бір жағдаятқа байланысты Мына фильмді теледидардан сағат 17. 30 - да көруге болады. (осы уақытта аталған фильм бағдарламада бар). Жатақханадан университетке дейін 28 автобуспен баруға болады.

Мысалы: (университетке дейін осы автобус жүреді.)

Қысқы олимпиадалық ойындарды тропикалық елдерде өткізуге болмайды, қар аз.

б) іс әрекет объектісінің сапасына байланысты

Мысалы: мына формула қарапайым екен, еске сақтауға болады. Дәрілердің аптекалық дәрілер технологиясы оқулығы өте үлкен, оны бір күнде оқуға болмайды. (бір күнде дәл осындай оқулықты оқуға болмайды).

Етістік + алу / алмау құрылымы (жүзе алады / жүзе алмайды ... ойнай алады, ... сөйлей алады, ... көре алады).

а) Егер іс әрекетті орындау мүмкіндігі / мүмкін еместігі нақты адамның мүмкіндігі , қабілетіне байланысты болса, осы құрылым қолданылады.

Мысалы: Студенттің еске сақтау қабілеті тамаша, ол күрделі химиялық формулаларды есіне сақтай алады. Оған ойлану керек, ол осы сұрақтарға дайындықсыз жауап бере алмайды.

б) заттың қасиетін көрсететін болса, осы құрылым қолданылады.

Мысалы: Ауада қараңғыда фосфор өздігінен тұтана алады.

в) құбылыстың , заттың квалификациясы берілсе, осы құрылым қолданылады.

Мысалы: Әр түрлі тау жыныстары біртекті емес қоспаларға мысал бола алады.

Болады / болмайды, мүмкін / мүмкін емес құрылымы іс-әрекеттің мүмкіндігін / мүмкін еместігін жалпылай білдіру керек болса, қолданылады: іс-әрекеттің орындалуы нақты тарапқа байланысты емес, объективті жағдайға байланысты.

Мысалы: Сұрақ күрделі емес, оған дайындықсыз жауап беруге болады. (= мүмкін). Сұрақ қиын, оған дайындықсыз жауап беруге болмайды (= мүмкін емес).

а) Егерде іс - әрекеттің жүзеге асуы кеңес, ұсыныс ретінде айтылса,

Етістік + алу / алмау құрылымы бірдей қолданылады.

Мысалы: - Менде анатомия атласы жоқ.

- Осы атласты «Абай» кітап дүкенінен сатып ала аласыз.

б) Егер әңгіме бір ғылыми пайымдаулар, қорытындылар туралы болса, осы құрылым қолданылады. Мысалы: Менделеев кестесіндегі элементтер орнын білсеңіз, оның қасиеттерін нақты сипаттап беруге болады. (біз сипаттап бере аламыз).

355-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Ақпаратты пайдаланып, жауап жазыңыз.*

Үлгі: Мына автобус автовокзалға барады, ал циркке бара алмайсыз.

Осы автобуспен автовокзалға бара аламын ба? – Иә, осы автобуспен автовокзалға бара аласыз, Ал циркке бара аламын ба? – Жоқ, циркке бара алмайсыз.

1. Кітапханада ботаника оқулықтары бар, ал микробиология оқулығы жоқ. Кітапханадан ботаника оқулығын, микробиология оқулығын алуға бола ма?

2. Аудиторияда тек қана 12 орын бар. Осы аудиторияда аз ғана топпен сабақ жүргізуге бола ма? Ал барлық курс үшін лекция оқуға бола ма?

3. Осы үйдің жоғары қабаттарынан университет аумағы жақсы көрінеді, ал Республика алаңы көрінбейді. Осы үйдің жоғарғы қабаттарынан университет аумағын жақсы көре аламыз ба? Ал республика алаңын көруге бола ма?

356-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Ақпаратты пайдаланып, жауап жазыңыз.

Үлгі: Есептің бір ғана шешімі бар. Бұл есепті тек былай ғана шығаруға болады. - Иә, бұны тек қана осылай шығаруға болады. Басқаша шығаруға бола ма екен. Жоқ, басқаша шығаруға болмайды.

1. Мына металл жоғары қысымда ғана балқиды. Осы металды жоғары қысымда балқытуға бола ма? Ал төмен қысымда оны балқытуға бола ма?
2. Мына элемент тек оттегімен реакцияға түсе алады. Осы элемент азотпен реакцияға түсе алар ма екен? Ал оттегімен ше?
3. Мына зат тек спиртте ғана ериді. Осы затты спиртте ерітуге бола ма? Оны суда ерітуге бола ма?

357-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Асты сызылған құрылымдардың қолдануын түсіндіріңіз. Өзіңіз де сөйлемдер қосыңыз.

1. «Кез келген теорияны ойлап табуға болады, бірақ фактіні ойлап таба алмайсың».
2. Маңызды деген жұмысты кейінге қалдыруға болмайды.
3. Рентген сәулесіне көптеген минералдар жарқылдай алады.
4.
5.

358-жаттығу. Сөйлемдерді толықтырыңыз.

1. Сұйық ауаны оттегімен байыта отырып, қайнау температурасын көтеруге
2. Құрғақ көмір төмен температура кезінде газды жақсы сіңіре
3. Ауадан алынған азотты азот қышқылын, тыңайтқыш, жарылғыш заттарды алу үшін пайдалануға
4. Термометрді еріп жатқан суға батырып, мұздың еру температурасын анықтауға

Назар аударыңыз!

Мүмкіндік мағынасы әлде бір іс-әрекеттің, оқиғаның, фактінің жүзеге асуы немесе ықтималдылығы деп түсіндіріледі.

(Говорящий сообщает в предложении: о наличии у субъекта **возможности для совершення действия**, о способности субъекта к реализации действия, о потенциальной возможности совершения действия, о вероятности действия.)

359-жаттығу. а) Мүмкіндік мағыналы сөйлемдердің мазмұнын оқып, түсініңіздер, осыған ұқсас сөйлемдер құрастырыңыздар.

Ол университетке түсе алады. (Он может поступать в университет). Менің қызым өзінің достарымен Интернет жүйесі арқылы қатыса алады. Біз емтиханды жақсы тапсыра аламыз. Сіз тапсырманы орындай аласыз. Мүмкін біз кездесе алатын шығармыз. Менің балам компьютердің алдында сағаттап отыра алады. Біз жазда оңтүстікке бара аламыз. Біздің лингафон залында дайындалу мүмкіндігіміз бар. Кейбір ата-аналардың балаларын шетелде оқытуға мүмкіндігі бар.

Тауда жер сілкінуі мүмкін. Сіздің конференцияға баруыңыз мүмкін.

Бұл адам өзін-өзі қорғай алады. Мен саған тек қана кешке хабарласа аламын. Жақсы дайындалған студент кез-келген сұраққа жауап бере алады.

б) сұрақтарға жауап беріңіз.

Машина жүргізе аласыз ба?

Бір шет тілінде еркін сөйлей аласың ба?
Ән айта аласыз ба?
Компьютерде жұмыс істей аласыз ба?
Шахмат ойнай аласың ба?
Мына жұмысты бүгін бітіре аласың ба?
Бағдарлама құра аласың ба?
Домбыра тарта аласың ба?
Гитарада ойнай аласың ба?

360-жаттығу. Іс-әрекетті жүзеге асыруға мүмкіндіктің жоқтығы мағынасын білдіретін сөйлемдердің құрылымына назар аударыңыз. Мысал жазыңыз.

Біз оқу үшін қазір төлей алмаймыз. Мұнда дайындалу *мүмкін емес*, студенттер шулап отыр. Біз әлі интернет жүйесіне *шыға алмаймыз*. Студенттер алмасу жуық арада *мүмкін емес*, себебі құжаттар әлі түгел емес. Пікір-таласты жалғастыру *мүмкін емес*, шешім қабылданып қойды. Бала әлі *жүре алмайды*.

Ол емтиханды тапсыра алмайды, себебі көп ауырды. Ол лабораториялық жұмысты *орындап үлгермеді*. Мен бүгін саған хабарласа алмаймын.

Менің бүгін ата-анама барып келудің *мүмкіндігі болмады* (сәті түспеді, не удалось). Бөлме сондай ыстық, демалу *мүмкін емес*.

Мұнда темекі тартуға болмайды. Бөлмеге кіруге болмайды. Басқа біреудің хатын оқуға болмайды. Оқу залынан кітапты алып кетуге болмайды.

Қалағандықтың – қаламағандықтың берілуі (*выражение желательности – нежелательности*)

Назар аударыңыз!

Қалағандық – қаламағандық семантикалық категориясы сөйлеушінің қалау, ұмтылыс, ниетін немесе іс-әрекет етуші субъектінің әлде-бір әрекетті жүзеге асыруы, асырмауын білдіретін субъективті модальдылық категориясына жатады. Бұл категория қалау мәндегі етістіктердің лексика-семантикалық тобын құрайтын синтаксистік конструкциялар арқылы беріледі.

361-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Қалау мәнді сөйлемдердің құрылымына назар аударыңыз. Өз сөйлемдеріңізді жазыңыз.*

Менің театрға барғым келеді. Баланың ұйықтағысы келді. Ол бар жан-тәнімен сізге көмектесем, – деп тілейді. Мені дұрыс түсінуге тырысыңыз. Атасы немересіне кіріп шығуға жиналды. Ол өзінікін дәлелдеуге ниеттенді. Менің сізді көргім келеді. Оның оқығысы келеді. Мен сізбен сөйлесем бе деп едім, бірақ сіздің уақытыңыз болмай ма деп қорқамын. Сіздің менімен карта ойнағаныңызды қалаймын. Бізді бүгін жұмыстан ертерек жібергенін қалар едім. Біз сіздің тезірек сауығып кеткеніңізді қалаймыз. Оқытушы студенттердің сабақтан кешікпеуін талап етті. Бәріміз балалардың аман-сау өсуін қалаймыз.

Ол сізге көмектесер еді, өкінішке қарай үйде жоқ. Қазір аздап ұйықтап алсақ қой. Бір жаққа барып келсек-ші! Театрға барып келсек қой! Бір апта емделіп алсам ғой.

Назар аударыңыз!

Осыған ұқсас конструкциялар кеңес беру үшін іс - әрекетке бұйыру кезінде қолданылады. Мысалы: *Сен бір апта емделіп алсаң ғой. Ол жақсырақ дайындалса ғой. Достарымызға бәрін дұрыстап айтсақ қой, мүмкін олар бізге көмектесер еді.*

Мен сіздермен бірге қуана-қуана барар едім, бірақ менің ертең емтиханым бар. Қандай сүйкімді бала, сүйіп алғың келеді, оянып кете ме деп қорқамын.

362-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Қалау – тілек мәнді сөйлемдердің мазмұнына назар аударыңыз. Осыған ұқсас сөйлемдер құраңыз.

Тауға кешігіп қалмасақ екен. Жаңбыр жаумаса екен. Күні бойы үйде отырмын. Тым болмаса біреу-міреу звондаса екен. Осы фильмді көрсек қой, шіркін! Оларды үйден тапсақ, жақсы еді.

Қаламау, қаламағандықтың берілуі (выражение не желательности)

363-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Қаламағандықты білдірген конструкцияға назар аударыңыз. Өзіңіз сөйлемдер құраңыз.

Менің сізбен сөйлескім келмейді. Менің мына фильмді көргім келмейді. Сіздің шарттарыңызға ол келіскісі келмейді. Сіздің кеткеніңізді қаламаймын. Ол менімен сөйлескісі де келмеді. Сен ертең келмесең болар еді, менің жұмысым көп.

Назар аударыңыз!

Қаламағандықтың бір түрі қауіптену (одной из разновидностей нежелательности является опасение).

Қауіптенуді білдіру үшін негативті семантикасы бар етістікті синтаксистік конструкциялар қолданылады: ұмыту, кешігу, түсіріп алу, ауыру, жоғалту, құлау, қателсу.

364-жаттығу. Қауіптену мағыналы сөйлемдерді оқыңыз. Осыған ұқсас сөйлемдер құраңыз.

Ол өзінің паспортын ұмытып кетпесе екен. Сен поезға кешікпесең екен. Ертең ұйықтап қалмасаң екен. Бала тым жеңіл киінген, ауырып қалмаса екен. Поезға кешігіп қалмасақ екен. Мына жер тайғақ: құлап қалмасаңыз екен.

Іс-әрекетке бұйырудың берілуі (выражение побуждения к действию)

365-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Осыған ұқсас бұйыру мәнді сөйлемдерді құраңыз.

Айтыңыз! Жаз! Жазыңыз. Қараңыз. Оқыңыздар! Аяқтаңыздар.

Барайық. Дауласпайық. Ән айтайық. Ол сөйлесін! Ән айтсын! Бастасын (пусть начинают). Билесін!

Назар аударыңыз!

Іс-әрекетке бұйыру тек қана бұйрық рай формасында ғана емес, бірқатар басқа грамматикалық, лексикалық, интонациялық құралдармен де беріледі.

366-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Іс-әрекетке бұйыру мәнді сөйлемдердің мағынасына назар аударыңыз. Сөйлемдер құраңыз.

- өтініш мағыналы:

Маған сөздігіңізді бересіз бе?

- *кеңес, ұсыныс мағыналы:* Дәрігерге барсаңшы. Мүмкін саған аздап демалу керек шығар.
- *шақыру мағыналы:* Сіз бізге жиі келіп тұрсаңызшы.
- *талап, бұйрық, өкім мағыналы:* Сен тура қазір бәрін ата-анаңа айтып бересің. Көп сөйлегенді қой.
- *өтінішті орындамауға, кеңесті, ұсынысты тыңдамауға, шақырудан бас таратуға бұйыру мағыналы:* Түрің жақсы емес, мектепке бармай-ақ қой. Мына адамда мұнда шақырма. Ендігі жолы бұлай істеме.
- *тыйым:* Мұнда кіруге болмайды.

Назар аударыңыз!

Іс-әрекетке бұйырудың үш түрі бар:

- іс-әрекетті жүзеге асыруға бұйыру;
- үзілген іс-әрекетті жалғастыруға бұйыру;
- іс-әрекетті бастауға бұйыру.

367-жаттығу. Берілген сөйлемдерді жоғарыда аталған үш түрі бойынша айқындаңыздар.

Кімге көмектесе аласыңдар, бәріне көмектесіңдер. Маған осы мәтінді аударуға көмектесеңіші. Сөзді мұқият көшір. Менімен отыр. – Не болды? Неге үндемей қалдыңыздар? Айтыңыздар! Айтыңыздар! – Оқылған мәтінді бәріңіз түсіндіңіздер ме? Енді әңгімелеңіздер!

Назар аударыңыз!

Өтініштің де семантикалық категория ретінде үш түрі бар:

- *нақ өтініш;*
- *ескерте айтылған өтініш (подчеркнутая просьба) сыпайы өтініш.*

368-жаттығу. Берілген сөйлемдерді жоғарыда аталған өтініштің үш түрі бойынша анықтаңыздар.

- Мына мәтінді оқыңыз.
- Ертең маған шығармаңызды алып келіңіз.
- Бүгін маған хабарласуды ұмытпа!
- Досыңды туған күнімен құттықтауды ұмытпа!
- Сіз маған қазақ тілі оқулығыңызды көрсетесіз бе?
- Көмектессең, жақсы еді, ештеңеге үлгіре алмай жатырмын.
- Бірқатар сұрақтарға жауап беруіңізді өтінемін.
- Сізге бүгін хабарласуға бола ма?
- Сізге өтінішпен бара аламын ба?
- Жылдам жиналсаңыз болмас па екен?

Назар аударыңыз!

Кеңес, ұсыныс, рекомендацияның өтініштен айырмашылығы – оның мазмұнында нұсқау болады. Өтінішке сөзбен немесе іспен жауап беру қажет, ал кеңесті тыңдауға болады, немесе оны орындау міндетті емес. Кеңес, ұсыныс II жақпен беріледі.

369-жаттығу. Берілген сөйлемдерді оқыңыз. Осы мысалдарға ұқсас, өзіңіз сөйлем құрастырыңыз.

- Жұмысыңызды қойсаңызшы. Демалатын уақытыңыз болды.
- Әрірек жылжыңызшы. Сізге қолайлы болады.
- Өзіңнің әке-шешеңе бәрін айтсаң болар еді.
- Құрбыңмен сөйлесеңші, мүмкін бәрін кешірер.
- Бәрін ата-анаңа айтсаң болмас па?
- Құрбыңмен сөйлесең болмас па?
- Мен сізге Сарыағашқа баруға кеңес беремін, суы жанға шипа, ем.
- Маған дәріні күніне үш рет ішу керек деп дәрігер ұсынды.
- Бәріңізге таңертең жаттығу жасау ұсынылады.
- Бәріңіздің семинарға қатысуыңызды ұсынамын.
- Мүмкін, сізге аздап демалуға барып келу керек пе еді?

Назар аударыңыз!

Үзілді-кесілді бұйрық (категоричное побуждение) – талап, бұйрық, өкім, команда түрінде болады.

370-жаттығу. Берілген сөйлемдерді оқыңыз. Осы сияқты мысалдарды әдебиеттен, әңгімеден табыңыз.

- Балаларды жылдам далаға шығарыңыздар!
- Тұрындар! Жылдам бөлмеден шығындар!
- Бір сағаттан кейін бәрің жататын болындар!
- Бұдан кейін мына сөзді естімейтін болайын!
- Дауласқаныңыз жетеді!
- Сөйлесуді тоқтатындар!
- Өрт! Тездетіндер! – Маған! – Мұнда! – Су!
- Айғайлама! – Дауласуды тоқтат!
- Мұнда кіруге болмайды!
- Бұлай істеуге болмайды!
- Сөйлемеңдер!

Іс-әрекетке рұқсаттың бар / жоқ екендігінің берілуі

Егер рұқсат немесе тыйым салу біреуге, топқа қатысты болса мына құрылым қолданылады:

Қимыл есімі + барыс септігі + кімге болады; қимыл есімі + кімге болмайды.

Қимыл есімі + барыс септігі + кімге болады / болмайды құрылымы тек қана рұқсат немесе тыйым салуда қолданылады.

Егер рұқсат немесе тыйым салу кеңес, ұсыныс сипатында болса, тек қана қимыл есімі + барыс септігі + кімге болады / болмайды құрылымы қолданылады.

Мысалы: Дастан жақында тұмаумен ауырды. Оған тек қана жақсы ауа райында қыдыруға болады. Оған далаға бас киімсіз шығуға болмайды.

371-жаттығу. Берілген ақпаратты пайдалана отырып, кеңес беріңіз.

Үлгі: Ол темекіні тым көп шегеді. - Саған темекіні көп шегуге болмайды.

1. Ол ұйықтауға тым кеш жатады.

2. Ол сабаққа тым көп дайындалады, шаршайды.
3. Ол күні бойы теледидар көреді.
4. Ол күнұзаққа компьютерде отырады.

372-жаттығу. *Сұхбатты толықтырыңыз. Аталған іс-әрекет міндетті емес, оны жүзеге асыруға болатыны хабарлаңыз.*

Үлгі: Мына кітапты сатып алу керек пе? – Жоқ оны сатып алмаса да болады.

1. Бақылау жұмысын қайта көшіру керек пе?
2. Сабаққа анықтамалықты әкелу керек пе?
3. Мына есепті шығару керек пе?
4. Мына тамақты мұздатқышқа қою керек пе?
5. Мына приборды өшіру керек пе?

Бір іс - әрекетке рұқсат сұрау, өтініш құрылымы

Кімге + қимыл есімі + бары септігі + бола ма / болмай ма

Мұндай өтінішке жауап бұйрық рай формасында жиі кездеседі.

Мысалы: Біздің мына журналды қарауымызға бола ма? . – Жақсы көріңдер!

Менің досымның мына кітапты алуына бола ма? - Жарайды, алсын.

373-жаттығу. *Берілген жағдаятта қарай бір нәрсе істеуге рұқсат сұраңыз.*

Үлгі: а) Сіздің осы оқытушымен сөйлесуіңіз керек. – Сізбен сөйлесуіме бола ма?

1. Сіздің телефон шалуыңыз керек.
2. Сіздің бірнеше минутқа сөздікті алуыңыз керек.
3. Сіздің мына оқулықты көргіңіз келе ме?
4. Сіздің сабақтан 10 минут ертерек кетуіңіз керек.
5. Сіздің құрбыңызды концертке шақырғыңыз келеді.

б) Сіздің терезені ашқыңыз келеді. – Терезені ашсам бола ма?

1. Сіздің теледидарды қосқыңыз келеді.
2. Сіздің темекі шеккіңіз келеді.
3. Сіздің достарыңызбен қала сыртына шыққыңыз келеді.
4. Сізді мына журналды оқуға алғыңыз келеді.
5. Сіздің суреттерді қарап шыққыңыз келеді.

Іс-әрекет мүмкіндігінің *білу, үлгеру және жолы болу, сәті түсу* етістіктерімен берілуі

Түсініктеме. *Кім + үлгеру, білу, жолы болу* құрылымы іс-әрекет мүмкіндігінің сапаға жағдаятқа қатысты екендігін көрсетеді. Осы етістіктердің қосымша да мағынасы бар.

Салыстырыңыз:

Сен жүзе білесің бе?
Оның даусы жақсы, бірақ қазақ тіліндегі көп әндерді білмейді.

Сен өзеннен жүзіп өте аласың ба? (мұнда әңгіме біліктілік туралы, өзеннен жүзіп өтуге батылдығы жете ме, жетпей ме)
Ол бүгін ән айта алмайды, оның тамағы ауырып тұр. (мүмкін бұл адам ән айта алады, бірақ ол қазір бұл әрекетті орындай алмайды.

374-жаттығу. *Сөйлемдерді толықтырыңыз. Көп нүктенің орнына қажетті сөзді жазыңыз (білу, ... алу)*

1. Есіңе түсірдің бе, фильмнің аты қалай еді? Жоқ, есіме түсіре... . 2. Ол өз ойын жақсы баяндайды. – Иә, ол өз ойын жақсы баяндай 3. Сіз неге билемейсіз? – Билей ... ? – Жоқ, шаршап тұрмын.
4. Сен шаңғыға тебе аласың ба? – Жоқ, мен бұрын тіпті қарды да

көрген емеспін. 5. Сен неге осы уақытқа дейін бақылау жұмысын тапсырмағансың? - Соңғы есепті шығара 6. Сурет салу керек мына плакатқа. - Кім сала ... ? 7. Сіз коньки тебе аласыз ба? Иә, аздап үйрендім. – кешке сырғанауға барайық. – Жоқ, бара ... бізде ертең бақылау жұмысы болады, дайындалу керек.

17. Заттың, құбылыстың пайда болуы/жоғалуы фактісінің берілуі (обозначение факта возникновения/исчезновения предмета, явления, состояния)

• Бір нәрсенің пайда болу, шығу фактісінің берілуі.

375-жаттығу. Пайда болу фактісін білдіретін етістіктерге назар аударыңыз. Өзіңіз мысалдар жазыңыз.

Органикалық заттар Күн энергиясының негізінен *пайда болады*. Лингвистикалық университет шет тілдері институты негізінде *құрылды*. Бұлт судың булануынан *пайда болады*. Күлтегін жазуы ІҮ ғасырда *пайда болды*. Есіктен таныс біреу *көрінді* (появился). Аспанда ай *көрінді* (появилась). Шахмат ең алғаш Индияда *пайда болды* (появились). «Білім және ғылым» журналында дельфиндер туралы қызық мақала шықты (появилась). Көптеген ғалымдар тірі материя ең алғаш сулы ортада *пайда болды* деп санайды. Сәуірдің соңында ағаштарда алғашқы жапырақтар *пайда болады*. Еуропада картофель ХҮІ ғасырда *пайда болды*.

376-жаттығу. а) Жақша ішіндегі ақпараттарды пайдалана отырып, сұрақтарға жауап беріңіздер.) Өздеріңіз осыған ұқсас мысалдар жазыңыз.

«Варшава шарты» атауымен белгілі шығыс-еуропа мемлекеттерінің Одағы қашан құрылған? (1955 жыл) Франция қашан республика болған (1792 жыл). Еуропада шай қашан пайда болды? (ХҮІ ғасыр) Аккардеон қашан, қайда пайда болған? (Германия, 1829 жылы). Акробатика қашан, қайда пайда болған? (б.э.б. шамамен 2300 жылы, Ежелгі Египет, Грекия, т.б. елдер). Интернет қашан пайда болды? (ХХ ғасыр).

377-жаттығу. Энциклопедияларды пайдалана отырып, осы құрылыммен өзіңіз мәтін жазыңыз.

Назар аударыңыз!

Пайда болу фактісі *пайда болу, көріну, құрылу, қалыптасу, орнау* (глаголы обозначающие факт возникновения) сияқты етістіктерімен беріледі. Субъектінің (көңіл күйінде, ойында бір нәрсенің пайда болуы *пайда болды, ой туды, оянды, орнады, қалыптасты* т.б. сияқты етістіктерімен беріледі.

Мысалы: қызығушылық пайда болды, ой туды, сенім пайда болды, үміті оянды, күдік туды /пайда болды, пікір қалыптасты.

378-жаттығу. Диалогты толықтырыңыз. Жауап репликаларында пайда болу (глаголы возникновения) етістіктерін пайдаланыңыз.

Үлгі: - Сен Айжанның бізбен жұмыс істейтініне күдіктенетін сияқтысың?

- Иә, онымен сөйлескеннен кейін менде де бір күдік пайда болды.

1. - Греция тарихына қашаннан бастап қызықтың, мектепте ме?
2. - Сіздің баяндамашыдан бір нәрсе сұрағыңыз келді ме?
3. - Жұмысты уақытында тапсыратынымызға сенімдісіз бе?
4. - Жаңа жоба мазмұны бойынша сұрағыңыз, ұсынысыңыз бар ма?
5. - Сіз мына банкке сенімдісіз бе, жоқ әлде күдігіңіз бар ма?

• **Бір нәрсенің жоқ болуы, жойылуы, жоғалуының апат болуының берілуі.**

379-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Жойылу, жоғалу, құру, апат болу мағыналы етістіктермен берілген етістіктерді көрсетіңіз.*

Везувий вулканының атылуы нәтижесінде жер бетінен үш қала ғайып болды (исчезли). Қала жер сілкінісінен толықтай қирады. Өрт қаладағы ағаш үйлердің бәрін жойды. Кітапханадан құнды кітаптар жоғалды. Құрғақшылық егінді құртты (погубили). Самолет апатқа ұшырады, экипаж және жолаушылар қазаға ұшырады (погибли). Дауыл кезінде теңізде шомылып жүрген жас ғалым суға кетті (утонул). Барлық ескі хаттарды ол өрттеп жіберді (сожгла). Жүрек ауруынан жыл сайын мыңдаған адамдар өледі (умирают).

380-жаттығу. *Сөздіктен төменде берілген етістіктерді қараңыз:*

Исчезать, разрушаться, взрываться, погибать, сгорать, тонуть, умирать, терять, потеть, топить-утопить, взрывать-взорвать, разрушать-разрушить, уничтожать-уничтожить, истребить.

381-жаттығу. *Сөйлем мазмұнын растаңыз.*

Өрт орманның бірнеше гектарын жойды. Қала маңындағы аңдардың бәрін аңшылар құртты. Электр сымының ақауын тез жойды. Көпірді әскери әрекет кезінде жарған (взорвали). Берлин қабырғасын 1990 жылы қиратқан (разрушили). Бүкіләлемдік денсаулық сақтау ұйымдарының мәліметтеріне қарағанда, әлемде жыл сайын ауыз су сапасының тым төмендігінен 5 млн. адам өледі екен. Бұл дегеніңіз жыл сайын кішігірім бір мемлекеттің халқы жойылып отырады деген сөз.

382-жаттығу. *Сөйлемдерді жақша ішіндегі етістіктерді пайдалана отырып, толықтырыңыз.*

Мына қағаздар керек емес, оларды ... (жағу) болады. Колордо қоңызы картоптың бір бөлігін ... (құрту). Көл өте таяз, онда ... (бату) мүмкін емес. Осы аумақтағы орман жазда (өртену).

383-жаттығу. *Диалогты толықтырыңыз. Заттың мүлде жоқ екенін, жойылғанын айтыңыз. (Скажите, что предмет, состояния исчезли, уничтожены, более не существуют).*

- «Титаник» апатқа ұшыраған кезде, барлық жолаушылар құтқарылды ма?
- Сенің мектептегі оқулықтарың сақталды ма?
- Сіздің алғашқы түпнұсқа қолжазбаңыз сақталды ма?
- Мына орманда қояндар бар ма?
- Сенің Айдананы шетелге кетпеуге көндіру үшін үмітің әлі бар ма?
- Сен өзіңнің көзілдірігіңді таптың ба?

18. Оқиға, іс-әрекеттің әр түрлі фазаларының берілуі

(Обозначение различных фаз действия, события)

• **Іс - әрекеттің әр түрлі фазаларының берілуі.**

384-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Іс-әрекеттердің әртүрлі фазада (басталуы, жалғасуы, аяқталуы) берілуін білдіретін сөз тіркестерін көрсетіңіз.*

Осы мектепте шет тілін оқыту екінші сыныптан басталады. Ол мені мұқият тыңдады да, менің адамдармен жанжалдасу себептерімді түсіндіре бастады. Мен оған ескерту бердім,

бірақ ол сөйлеуін жалғастыра берді. Мен кешке таман хатымды аяқтадым. Ол өзінен ақын шықпасын білген соң, өлең жазуын тоқтатты. Айдын бірнеше рет темекіні тастады.

Назар аударыңыз!

Іс-әрекеттің әр түрлі фазалары *бастау, жалғастыру, аяқтау, тоқтату, тастау* сияқты етістіктермен беріледі.

385-жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Іс-әрекеттің әр түрлі фазаларын білдіретін сөз тіркестерін табыңыз.*

Мен сұрақтарды зерттей отырып, баяндамаға дайындала бастадым. Кішкене бала ерте сөйлей бастады, ол әлі бір жасқа толған жоқ. Апайым сабаққа дайындала бастады. Ол үзіліс болмай-ақ лекциясын аяқтады. Салтанат машина жүргізуді үйрене бастады. Түстен кейін жаңбыр жауа бастады. Дала тып-тыныш, жел басылды. Ол бір нәрсе есіне түсті де жазуын тоқтатты.

386-жаттығу. *Сұрақтарға жауап беріңіз. Сұраған нәрсені енді ғана бастағаныңызды, немесе аяқтағаныңызды айтыңыз.*

Үлгі: *Сен баяндама үшін материал жинап болдың ба?* – Жоқ, мен енді ғана жинай бастадым. // - Жоқ, мен әлі аяқтаған жоқпын.

1. – Журналды қарап шықтың ба?
2. – Мақаланы аударып қойдың ба?
3. – Мен берген кітапты оқып шықтың ба?
4. – Бағдарламаны жаздыңыз ба?
5. – Есепті тапсырып қойдыңыз ба?

387-жаттығу. *Сұрақтарға жауап беріңіз. Сұраған нәрсені әлі жалғастырып жатқаныңызды немесе оны істеуді қойғаныңызды айтыңыз (скажите, что вы продолжаете делать то, о чем вас спрашивает или перестали делать это).*

1. – Сен әлі ашық хаттар түрін жинайсың ба?
2. – Тамағың әлі ауырып жүр ме?
3. – Сен әлі лекциялардың бәрін жазып жүрсің бе?
4. – Сен әлі кактустарыңды өсіріп жүрсің бе?
5. – Сен әлі Айжанға өкпелеп жүрсің бе?

Назар аударыңыз!

• Орыс тілінде – начало действия может обозначаться глаголами с приставками *за* или *по* выделяются следующие семантические группы глаголов, в которых приставка *за* – передает значение начало действия: глаголы звучания: заговорить, закричать, занять, заплакать, зашуметь и другие.

Қазақ тілінде: сөйлей бастады, айғайлай бастады, ән айта бастады, жылай бастады, шулай бастады және т.б.

2. Қозғалыс мағыналы етістіктер: жүгіре бастады, секіре бастады, дірілдей бастады, қозғала бастады, тербеле бастады.

3. Физикалық немесе эмоциялық қалып-күйді білдіретін етістіктер: қалғи бастады, ауыра бастады, уайымдай бастады, қызыға бастады.

4. «Жарық пен от» мәнді етістіктер: жана бастады, жарқылдай бастады, жарқырай бастады.

388-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз, іс-әрекеттің басталуын, жалғасуын, аяқталуын білдіретін сөздерді атаңыз.

1. Қабылдау комиссиясы мамырда жұмысын бастайды.
2. Үзілістен кейін біз баяндаманы талқылауды жалғастырдық.
3. Журнал мен газетке жазылу тоқтады.
4. Қараңғы түсісімен жұмысты тоқтаттық.
5. Үзіліс ойымызды бөліп жіберді.
6. Жұмысшылар мекемені қалпына келтіруге тырысты.
7. Қараңғы түсісімен жұмыс тоқтады.
8. Үзілістен кейін баяндаманы талқылау жалғасты.

389-жаттығу. Жақша ішінде берілген сөздердің бірін пайдаланып, сөйлемді аяқтаңыз.

Мектепте ешкім жоқ, сабақ әлдеқашан ... (аяқталу, тоқталу). Гриппке бола белгілі бір уақытқа мектепте сабақ ... (тоқталу, аяқталу). Самолетпен байланыс ол апатқа ұшырағанға дейін бір сағат бұрын (аяқталу, үзілу). Жазушы жұмысын (аяқтау, тоқтату), кітабын баспаға тапсырды. Келіссөздер екі күнге (тоқтату, үзілу). Жобаны қаржыландыру құралдар жетіспегендіктен (аяқталу, тоқтатылу).

390-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз, іс-әрекеттің басы мен соңын білдіретін конструкцияны атаңыз.

Жиналыс «Не істеу керек?», «Кім кінәлі?» сияқты дәстүрлі сұрақтардан басталды. «Моцарт және Сальери» драмасы Сальеридің «Барлығы жерде шындық деп айтады», – деген сөзінен басталады. Оқу құралы «Ана тілі туралы» өлең сөзімен басталады. Сабақ сабақты қорытындылау тестісімен аяқталады. Ал мына оқу құралы сабақтарға қатысты сөздікпен аяқталады. Мазмұны екінші кітапта жалғасады.

391-жаттығу. Диалогты толықтырыңыз.

- Митингінің басында не болды? Әкімшілік басшысының сөзі ме? Мереке соңында не болды? Фейерверк пе? Концерт басында не болды? Сарыарқа күйі ме? Семинардың басында не болды? Оқытушы келесі сабаққа әдебиеттер берді ме? Интервьюдің басында не болды? Сайлау нәтижесіне министрдің көзқарасы ма? Мақала немен басталады? Тест туралы қоғамдық талқылаудан ба? «Қазақ солдаты» романы қандай сөйлеммен басталады? «Зытып келем, зытып келем бе?» – еді.

19. Қоршаған орта мен адамның қалып-күйінің берілуі (обозначение состояния лица и окружающей среды)

• Адамның эмоциялық және физикалық қалып күйінің берілуі.

392-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Қалып-күй конструкциясын көрсетіңіз.

Жеңіс күні әскери шеруді көрдік. Балалар таң-тамаша қалды. Қаладағы баласынан бір ай болды хат жоқ, ата-аналар уайымдап жатыр. Оқытушының көңіл-күйі жақсы, емтихан бірқалыпты тыныш өтті. Күйгелектеніп жүріп (в растерянности) ол қағаздарды ақтарып тастады, бірақ керегін таппады.

393-жаттығу. Берілген сөйлемдерді шағын мәтінге пайдаланыңыз. Қалып-күй себептерін түсіндіріңіз. Анықтама материалдарын пайдаланыңыз.

Ауыл түгел үрейленуде. Біздер не істерімізді білмей, сасқалақтап қалдық. Мен екі ойлы жағдайда қалдым. Ауыл тұрғындары қуануда. Әкем қатты ашуланды.

Анықтама материалдары:

а) Ауыл сыртында қасқырлар пайда болды деп айтады. б) Іздеген дәрімізді таба алмадық. в) Сессия әлі біткен жоқ. г) Каналға су жіберілетін болды. д) Ол жаңа ғана баласының оқуды тастап кеткенін білді.

394-жаттығу. Диалогты оқыңыз, ондағы адамның қалып-күйін білдіретін фразеологиялық тіркесті атаңыз.

1. – Мүмкін, сен келгенде бәрі ұйықтап жатқан шығар?
- Жоқ, бүкіл үй аяғынан тік тұрған.
2. – Сенің мазаң болмай тұр ғой? – Ертең қалай сөйлейсің?
- Ештеңе етпейді, кішкене ұйықтап алсам, сақадай сай боламын.
3. – Айдана, бір ән айтшы. – Жо-жоқ, бүгін даусым жоқ, даусым шықпай тұр.
4. – Сәуле біздің жоспарымызды көріп таң қалған шығар?
- Иә, қуанғаны сонша, төбесі көкке жетті.
5. – Кеше Алмастың үйінде көңілді болды ма?
- Жоқ, құлаққа ұрған танадай, тып-тыныш.
- Иә, ауыл хабарын естіп, жаным жадырап қалды.

395-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз, субъектінің қалып-күйін білдіретін сөздерді көрсетіңіз.

Самолет қона бастағанда, менің құлағым бітіп қалады. Ауру кісі қалтырап, қалшылдап жатыр, жылы көрпе жабу керек. Ащы бұрыштан аузым жанып тұр. Орманға кіргенімде, мүлгіген тыныштықтан маған қорқынышты болды. Жаным жай таппай тұр. Мына жер оған қолайлы, ыңғайлы екен, жайлы ұйықтап жатыр. Жайсыздау хабарды естіп, төбе шашым тік тұрды.

Назар аударыңыз!

Сонымен субъект қалып күйі мынадай құрылымдарда: оған ыңғайлы, қолайлы, ол ауырып тұр, оның ұйқысы келмей тұр, оның жолы болып тұр. Оның (менің, сенің) құлағы бітіп қалды, құлағы шыңылдап тұр, басы ауырып тұр, аяқ-қолы қақсап тұр, демі бітіп қалды, жүрегі орнына түсті, зәресі ұшты, оның жүрегі айнып тұр. Оған жел тиді/көз. Ол дірілдеп тұр, қалшылдап тұр т.б. осы сияқты тіркестермен беріледі.

396-жаттығу. Сөздіктен мына сөздерді қараңыз:

	весело грустно		шумит в голове звонит в ушах
кому	удобно больно нездоровиться	у кого	заложило уши ломит руки на сердце легко

кого

знобит
лихорадит
укачивает
продуло
тощнит
рвет

397-жаттығу. Сөйлемді толықтырыңыз. Субъектінің қалып-күй себептерін жазыңыз. Анықтама материалдарын пайдаланыңыз.

Үлгі: Мен мұнарадан төмен қарап едім, биіктіктен басым айналып тұр. Қолым қақсап тұр. Басым дыңылдап кетті. Шекем солқылдап тұр. Оның көзі қарауытып тұр. Аузым құрғап тұр.

Анықтама үшін: шөлден, суық судан, қатты музыкадан, шаршағандықтан, қорыққаннан.

398-жаттығу. Диалогты толықтырыңыз. Әңгімелесушінің сұрағына аталған қалып күй-ді сипаттау арқылы жауап беріңіз.

Үлгі: - Саған қайдан суық тиген? (простудился?)

- Есік те, терезе де ашық тұрған. Мүмкін, суықтап қалған шығармын. Маған ... ылғи мұңлы болатын. Оған ... қорқынышты болды. Оған ... ыңғайсыз болды. Маған ... оңай болмады. Маған ... көңілімді көтерді.

Анықтама үшін: қараңғыда орманмен жүру; жақын адамдармен қоштасу; өзінің қатесін мойындау; рухани жақын адамдарды табу; менің жұмысымның конкурстан өткенін білу; қатты диванда ұйықтау; таныс емес адамға өтінішпен бару.

399-жаттығу. Диалогты оқыңыз, қалып күй конструкцияларын атаңыз.

1. – Мен сені көптен бері көрмедім, көрінбейсің ғой.
- Жан-жаққа қыдыруға, қарауға мұршам болмай жүр, әкем ауырып жүр.
2. – Сен неге тым ерте тұрдың? Ұйықтай тұрмадың ба?
3. – Маған ұйқы қайда қазір. Әлі сынаққа бір нәрселер алуым керек.
4. – Менің сенімен кеңескім келеді.
- Кешір, дәл қазір мұршам болмай тұр.
- Досыма бірдеңе болған сияқты, мен соған барамын.

400-жаттығу. Диалогты толықтырыңыз.

1. – Сен мен берген журналды оқыдың ба?
- Иә, бастадым, бірақ бір түрлі оқи алмадым.
2. – Ол ылғи жүгіріп жүреді, бір минут отыра алатын емес.
- Иә, ол бір түрлі, байыз таппай жүр ғой, жүгіріп.
3. – Сен лекция жазып отырсың ба? Қалғып отырсың ғой.
- Иә, бір түрлі, қалғып отырмын.
4. – Сенесің бе? Біз бір күнде екі емтихан тапсыра аламыз ба?
- Жоқ, бір түрлі сенбеймін.
5. – Сендер демалыс үйінде көңілді тұрдыңдар ғой.
- Иә, көңілді болдық.

401-жаттығу. Диалогты толықтырыңыз. Фразеологиялық сөз тіркесін пайдаланыңыз.

1. – Дастан қайда, кешікті ғой? Әлі жоқ қой.
- Ол асықпайды, өгіз аяңмен келе жатқан шығар.

2. – Ол мына жаңалықты естіді ме?
- Жоқ, әлі қаннен қаперсіз, жайбарақат жүр.
3. – Немереңіз қатты қуанған шығар, кеше мен оған бір сүйкімді күшік әкеліп беріп едім.
- Иә, төбесі көкке жетті, күні бойы күшікпен ойнап жүр
4. – Мына мәліметтерді білесің бе?
- Иә, мына цифрларға қарап он ойланып, мың толғанып тұрмын.

402-жаттығуда берілген фразеологиялық тіркестерді пайдаланып, сөйлем құраңыз: ерні кезерді, таңдайы кепті, тілі аузына сыймады, қара сорпа болды, пора-порасы шықты, бебеу қақты, жаны көзіне көрінді, тісі тісіне тимеді, дірдек қақты, құты қашты, сай сүйегі сырқырады, таңды көзімен атырды, тұяқ серппей ұйықтады.

20. Іс-әрекет сипатының берілуі

Іс-әрекет сипаты

Іс-әрекетті сипаттау мынадай тұлғалармен беріледі:

◊ Іс-әрекетті сын есімнен жасалған қимыл сын үстеулері арқылы сипаттау – ескіше, жаңаша, қысқаша бұрынғыша, биылғыша, жаңаша, тез, жылдам, бірқалыпты, теңдей, жақсы, жаман, лезде.

◊ Өздік есімдіктерінен - өзімше, өзімізше

◊ Үстеулерден – зорға, босқа, жатқа, бірге.

◊ Туынды үстеу – шалқасынан, , етпетінен, кенеттен, қатеден, төтеден, қырынан, кезекпен, жайымен, ретімен, түйдегімен.

◊ Сөздердің қосарлануы арқылы жасалған үстеулер - әрең-әрең, қолма-қол, сөзбе-сөз, тектен-текке, бірте-бірте, сөйлей-сөйлей, көре-көре, айта-айта, он-ондап, мың-мыңдап, анда-санда, жылда-жылда, шек-шегімен, топ-тобымен, бостан-босқа.

◊ Туынды сын есімдер арқылы сипаттау: көңілді, көңілсіз, дайындықсыз, үнсіз, ұйқысыз

◊ Күшейтпелі сөздер арқылы: мүлдем, аздап жеткілікті, тіпті.

1. Қимыл-әрекетті сипаттайтын сөздерді табыңыз, сұрақ қойыңыз.

Ол оқиғаны қысқаша баяндады. Кешегі матч тең аяқталды. Соңғы ойында ұпайды теңдей бөлісті. Ол қатты қуанды. Осы Жуков тоқтай қалып менің бетіме тіке қарады. Үлкендердің алдында байқап сөйлеу керек.

403-жаттығу. Диалогты оқыңыз. Қимыл әрекетті сипаттаған сөздерді табыңыз.

- Соғыстың соңғы кездерінде жылаған сәттеріңіз болды ма?

- Болды, қарағым. Бір рет тағы да еңіреп тұрып жыладым. Басынан айтайын.

- Иван Михайлович, не болды? – деп, мен оның басын сүйей бердім.

- Бауыржан! Комдив! – деді ол сөздерін үзіп-үзіп әрең сөйлеп. – Соғыстың соңғы сағатының құрбаны мен-ақ болайын... өзгелер аман болсын...

Осылай деп ол көзін мәңгілікке жұмды. Радист солдат екеуіміз қосыла еңкілдеп жыладық.

(«Ақиқат пен аңыз» 313-бет)

404-жаттығу. Берілген сөз тіркестерін талқылаңыздар. Мысал келтіріңіздер.

Тең аяқталды, қысқаша баяндады, теңдей бөлісті, қатты қуанды, ерінбей жалықпай орындады, тіке қарады, байқап сөйледі, еңіреп жыладым, қосыла күлдік, қатты күлдік, ойлана жауап берді, ұршықтай үйіріліп, кейін бұрылдым, аяғымды дік-дік бастым, қуана құттықтаймын, маңғаз адымдады, жымия қарады, мүдірмей өтті, әрең айтты, жаяу жүгірді.

405-жаттығу. *Өлеңмен берілген мәтінді оқыңыз. Сарқырама сипатына назар аударыңыз, көсемше тұлғалы қанша сөз берілген?*

Қалай-қалай құлайды су айдынға

Бұрқылдай,
Сарқырай,
Сылдырап,
Былдырлай,
Шыр айналып,
Қосақталып,
Шошақтанып,
Жалтылдап,
Еркелеп, алқындап,
Жылыстап, кірігіп,
бөлініп, бірігіп,
өбектеп, шаншыла, шаттыға,
ойнақтай, асыға, аптыға,
жарқылдап, шашырай, бұлғақтап,
жиырылып, толқындап, сырғақтап,
аспандап, сыңғырлап, уілдеп,
тарсылдап, үйіріліп, гуілдеп,
атқақтап, көпірініп, гүрілдеп, дауылдап,
дірілдеп, төгіліп, күлімдеп, мылжыңдап,
сырғанап, қашқақтап еркіндеу кеуектің алдында,
осылай құлайды әр сулар ақжарқын айдынға.

*Р. Саунти (ағылшын ақыны)
(қазақшалаған Т. Рахман)*

406-жаттығу. *Өз еліңіздегі өзен, сарқырамаға сипаттама жазыңыз.*

Өзендеріңіз қалай ағады? Жазық жердегі өзен ағысы мен таудан басталған өзен ағысын салыстырыңыздар. Сарқырамалар туралы жазыңыз.

Іс-әрекет сипаты және көмектес септігі

407- жаттығу. *Сөйлемдерді оқыңыз. Іс-әрекетті сипаттайтын сөздерге назар аударыңыз. Астын сызыңыз, сұрақтар қойыңыз.*

Үлгі: *Генерал И.В.Панфиловтың дивизиясы және Л.М.Доватордың атты әскер тобы ерекше табандылықпен күресті.*

Мен оның ұсынысын жан-тәнімен қолдадым. Комиссар бәрімізге байыппен қарап шықты. Ол ширақ қимылмен ілгері ұмтылды. Ол әнді жіңішке дауыспен айтты. Олар бізді салтанатпен қарсы алды.

«Бұл қиын міндетті сіздерге тапсырамын. Деревняны санмен емес, санамен алыңыздар», – дегені. Оқытушы менің жауабымды ыждағатпен тыңдады. Мен «Мыс салт аттыны» түнімен оқып, таң атқанша тұтасымен жаттап алдым. (Б.Момышұлы). Ол өз командирінің үлгі-өнегесін ерекше бір жылы сезіммен баяндады. Жұмысқа бар ықыласыммен кірістім. Ол қолымдағы дәптерлерді оқыс қимылмен жұлып алды.

Назар аударыңыз!!!

Көмектес септігі іс-әрекеттің немен, қандай құралмен орындалғанын білдіреді.
(В форме көмектес септік употребляется название инструмента, который непосредственно служит для осуществления данного действия.)

408-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Көмектес септігіндегі сөздерді табыңыз.

Ол есікті кілтпен ашты. Токты вольтпен өлшейді. Шаңды шаңсорғышпен тазалады. Мына есік код құрылымы көмегімен ашылады. Өте күрделі өрнекті жіңішке инемен тікті. Жүннен тоқылған киімдерді сусабынмен жуамын. Астанаға поезбен барамын немесе самолетпен ұшамын.

Назар аударыңыз!!!

Іс-әрекеттің орындалу құралы мынадай құрылымдарымен де беріледі. Мысалы: Біз ол кісіні газет арқылы марапаттадық. Мен Астанаға бағдарламаларды таныс арқылы жібердім. Мен бұл жұмысқа жолдастарымның көмегімен орналастым. Бұл биіктерге оқу арқылы жеттім. Қақтығыстар көліссөздер арқылы шешіледі деп үміттенеміз. Үйді делдалдың көмегімен сатып алдық. Қазіргі кезде адамдар таныстарымен ұялы телефондар, электронды пошта, телефакс арқылы байналысады.

409-жаттығу. ... арқылы, ... көмегімен құрылымын пайдалана отырып, сөйлемдер құрыңыз.

Назар аударыңыз!!!

◇ Іс-әрекеттің орындалу амалы, құралы ...*бойынша* құрылымы (по чему) арқылы да беріледі.

Мысалы: Студенттердің фамилиясы алфавит бойынша жазылады. Конференция бұрыннан жасалған күн тәртібі *бойынша* өтті. Қазір біз тауарды индикативті жоспар *бойынша* дайындаймыз.

◇ Көмектес септігі ортақ іс-әрекетті білдіру үшін де қолданылады. (Көмектес септік в казахском языке используется для выражения совместного действия.)

Мысалы: *Мен әкеммен әңгімелестім. Кеше мен сіздің ескі танысыңызбен сөйлестім. Мен жақында қазақ ақынымен айтыстым.*

410-жаттығу. Берілген сөйлемдерді растаңыз.

Үлгі: Жерде тұрғындардың жылдам өсуі байқалады. – Иә, жерде тұрғындар жылдам өсіп жатыр.

Жануарларды жою нәтижесінде жануарлардың әр түрлілігінің апатты қысқаруы өтіп жатыр. Қышқылды жаңбырлар өсімдікке де, сәулет ескерткіштеріне де зиянды әсер етуде. Ірі қалаларда өмір жағдайы адам денсаулығына кері әсер етуде. Экологиялық мәселе демографиялық мәселемен тығыз байланыста болады.

411-жаттығу. Сұрақтарға жауап беріңіз. Анықтама материалдарын пайдалануыңызға болады.

Үлгі: Сіз өзіңіздің сәтсіздіктеріңізге қалай қарайсыз? – Мен оларға философиялық тұрғыда қараймын.

1. Кеше матч қалай аяқталды?
2. Арғы жағалауға қалай жеттіңіз?
3. Кафедра мәжілісі қалай өтті?
4. Достарың қалай қарсы алды?
5. Үңгір қараңғы болатын, қалай жүрдіңіздер?

Анықтама үшін берілген сөздер: бірқалыпты, қонақжай, тең, әрең, теңдей, сипалаумен).

Назар аударыңыз!

Іс-әрекеттің өту интенсивтілігі әр түрлі деңгейде беріледі (өте, мүлдем, әбден, аса, тым т.б.). Бұл сөздердің өзі тікелей іс-әрекеттің өзін сипаттай алады (*Ол әбден сасқалақтады*) немесе интенсивтілігін анықтайды. *Ол мүлдем өтірік айтты.*

412-жаттығу. а) орыс тілінде берілген үстеулерді келесі семантикалық топтарға бөліңіз: б) шамадан тыс қимыл-әрекетті білдіретін, іс-әрекеттің болмашы, болар-болмас интенсивтілігін білдіретін үстеу.

Вполне, излишне, довольно, чересчур, слегка, слишком, несколько, исключительно, крайне, совершенно, достаточно, относительно, сравнительно, чрезвычайно, совсем, немного, чрезмерно, очень; в) жоғарыда берілген сөздерді сөздіктен қарап, қазақша баламасын жазыңыз, үш топқа бөліңіз.

413-жаттығу. Әріптесіңіздің сөзін растаңыз, асты сызылған сөздерге мағынасы жақын сөздерді қолданыңыз.

Кеше саған сыйлық тапсырғанда *аздап* толқыдың-ау деймін. Ол адамдарға *шамадан тыс* талап қояды. Біз *жеткілікті* түсіндірдік қой деймін. Айсәуле өзінің жұмысын *жылдам* меңгерді ғой деймін. Келіссөздер *тым* шиеленіспен өтті.

- **Қимыл-әрекеттің өту амалының есімді конструкциялармен берілуі.**

414-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Іс-әрекетті жүзеге асыру амалы ретінде сипатталатын конструкцияны көрсетіңіз.

1. Бойжеткен маған әдемі күлкісімен жауап берді.
2. Ол маған танданыспен қарады.
3. Ол маған үлкен үмітпен қарады.
4. Салтанат сеніммен жауап берді.
5. Жауды табандылықпен жеңдік.

415-жаттығу. Берілген ситуацияны пайдалана отырып, сөйлемді толықтырыңыз.

Үлгі: (оның даусы төмен). Ол төмен дауыспен айтады.

(Ол ашуланып тұр). Ол маған ... қарады (Оның түрі алаңсыз болатын). Ол ... келе жатты. (Оның даусынан мақтанымш байқалып тұрды). Ол ... сөйледі (Оның даусы салмақты болатын). Ол ... жауап берді. Оның көзінде мұң тұрды. Ол ... қарады.

416-жаттығу. Өзіңіздің әңгімелесушіңізге қарсыласыңыз.

Үлгі: Меніңше, ол сенің ұсынысыңды *ынтамен* қабылдады ғой, – деймін. – Жоқ, қателесің, ол менің ұсынысымды *ешқандай ынтасыз* қабылдады.

1. – Айжан өзі қазақ па, меніңше, ол қазақша *акцентпен* сөйлейді.

2. – Мүмкін, сен мына билетті қиындықпен әрең алған шығарсың.

3. – Мүмкін Маржан біздің сапарымыздың болмайтындығы туралы хабарды ренішпен қабылдаған шығар.

4. – Меніңше, сенің бұл жаңалығыңды қуана қабылдаған шығар?

5. – Мүмкін, сен докторантура туралы ойыңмен өкінішпен қоштасқан боларсың.

Іс-әрекетті жүзеге асыру құралының берілуі

417-жаттығу. Берілген ақпараттарды пайдалана отырып, сөйлемді толықтырыңыз.

(Оның қолында *жіңішке ине* болды). Ол күрделі өрнекті ... тікті. (Қытайда тамақ ішу үшін *таяқшаларды* пайдаланады). Қытайлықтар тамақты ... жейді. (Оның қолында *луна* болды). Ол маркілерді ... қарап жатты. (Оның қолында *бинокль* болды). Ол сахнаны ... қарады. Бақшашының қолында *күрек* болды. Ол жерді ... қазды. (Екі *ескектің* біреуі сынып қалды). Бізге бір ... есуге тура келді.

21. Белгісіздіктің берілуі

(*выражение неопределенности*)

418-жаттығу. Сөлемдерді оқыңыз, әрекет субъектісі аталмаған сөйлемдерді көрсетіңіз.

Қазақстанда музыкалық аспаптарды көне замандардан бері жасап келеді. Орман, тоғайлардан аспапқа лайықты ағашты тауып алып, кептіреді. Осы ағаштардан домбыра, қобыз, сырнай, жетіген жасаған.

1. - Мына кітапты қайдан алдың?

- Туған күніме құттықтаған.

2. - Маған біреу телефон шалды ма?

- Иә, сөздік редакциясынан телефон шалған.

3. - Сенде мына хаттар сақталды ма?

- Жоқ, мұндай хаттарды сақтамайды, оларды тастайды.

Назар аударыңыз!

Әрекет субъектісі аталмаған, предикттары 3 - жақта берілген сөйлемдер

а) субъектінің нақты емес іс әрекетін;

ә) сөйлеушіге іс-әрекеттің субъектісі белгісіз немесе ұмыт қалған;

б) іс-әрекет субъектісі сөйлеушіге белгілі, бірақ әр түрлі себептермен аталмаған;

в) әрекет иесі сөйлем ішінде бар;

г) жалпыланған субъект әрекетін білдіреді.

419-жаттығу. Сөйлемдердің мазмұнын белгісіз жақты конструкциямен беріңіз. Анықтама үшін берілген материалды пайдалануыңызға болады.

Үлгі: Сізді факультет деканы шақырады. – Сізді деканатқа шақырады.

Сізге «Парасат» журналының қызметкері телефон шалды. Жаңа жылдық сыйлықты біз шыршаның түбіне қоямыз. Қонақтарды, әдетте, біз ресторанда қабылдаймыз. Институт қызметкерлері лазерді медицинада қолданудың әдістерін дайындап жатыр. Олардың үйінде тұратындар әрқашан айтысатын, көп сөйлейтін.

Анықтама үшін: бізде, редакцияда, біздің отбасыда, олардың үйінде, институтта.

420-жаттығу. Сұрақтарға белгісіз жақты конструкцияны пайдалана отырып, жауап беріңіздер, предикат ретінде жақша ішіндегі сөздерді пайдаланыңыз.

Үлгі: Қайда барасындар? Сіздерде тағы бір лекция бар емес пе? - Бізге лекция болмайтынын хабарлады.

Сіз симпозиумның сәуірге ауысқанын білесіз бе? (хабарлау) - Сіз бүрсігүні конференцияда боласыз ба? (іс сапарға жіберу) - Сіз вокзалдан қонақ үйге дейін қалай жеттіңіз. (машинамен жеткізіп салу) - Сіз факсты пайдалана аласыз ба? (түсіндіру) - Сіз бүгін кешке боссыз ба? (театрға шақыру) - Мынау сіздің журналыңыз ба?(бірнеше күнге беру).

421-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Қандай жағдайда белгісіз жақты конструкциялы сөйлемде белгісіздік есімдігі біреу субъектісімен алмастыруға мүмкін болатынын көрсетіңіз.

Қабырғаның ар жағында жәй, төмен дауыспен ән айтып жатыр. Маған бұл суреттерді көрсеткен. Сізді дәлізде күтіп тұр. Маған қызық жұмыс ұсынды. Саған гүл әкелді. Театрдың қасында артық билет сұрады.

422-жаттығу. Сіздерде қалай тойлайды әңгімелеңіз. Жаңа жыл немесе басқа мереке.

423-жаттығу. Қандай дәстүр әдетті білесіз, әңгімелеңіз. (сіздің елде немесе басқа елде) Мысалы: Бізде үйге кіргенде, міндетті түрде аяқ киім шешеді; малды теппейді; босағаны кермейді т.б.

Белгісіздік есімдігі және үстеу

424-жаттығу. Сөйлемдерді оқыңыз. Қай сөйлемде сөйлеушіге белгісіз адам, мекен, себеп айтылады, назар аударыңыз, өзіңіз де мысал жазыңыз.

- Мен сабақта болғанда, маған біреу келді ме? Мұнда әлдекім болған сияқты.
- Егер дүкенге барсаң, маған кешкі асқа бірдеңе ала кел. Дүкенге бармай ақ қой, Айжан кешкі асқа бірдеңелер алды.
- Егер сен бір себептермен келе алмасаң, маған хабарлас. Асылбек неліктен екені, келмеді.
- Менің қандай болмасын бір аралда демалғым келеді. Дастан бір аралға демалуға баратынын айтты.

425-жаттығу. Диалогты есімдікпен немесе үстеумен толықтырыңыз.

- Маған керек емес газет берші.
- Міне, мында керек емес ... газеттер жатыр. Соны ал.
- Егер ... жерден жасыл тушь көрсең, маған ала сал.

- Мен оны ... жерден көрдім, қай жерден көргенімді есіме түсіруім керек.
- Мына көлде теңіз жануарлары қайдан жүр?
- Мүмкінкездері мұнда теңіз болған шығар.
- Егер сен ... жаққа кететін болсаң, кілтті алып кет.
- Дастан үйде жоқ па?
- Жоқ, ол ...жаққа кеткен.
- Түскі асқа ... нәрсе дайындау керек.
- Дайындамай ақ қой. Елдана дайын тамақтар алып келді. Жегің келсе тәтті нәрсе пісірейін.
- Сабақта бізге карта керек болады.картаға барып келсін.
- Міне карта,әкеліпті.

Назар аударыңыз!

Бір белгісіздік есімдігі сын есімдермен, зат есімдермен жиі қоланылады: *бір қызық ай-тайын, бір тәтті нәрсе, бір мұңлы ән, бір ащы, бір сұмдық, бір ой, бір кем дүние* т.б.

426-жаттығу. *Берілген белгісіздік есімдіктерімен сөйлем құраңыздар.*

Біреу, кейбіреу, бірдеме, әрне, әлдекім, әлдене, әркім, кімде кім, бір, қайсыбір, кейбір, әр, қайбір, бірнеше, әлденеше, біраз, әрқалай, әлдеқайда, әлдеқашан, әрқашан.

Белгісіздіктің , болымсыздықтың берілуі, еселенген болымсыздықтың берілуі

1) Белгісіздіктің берілуі

Түсініктеме: белгісіздік құрылымы белгісіздік есімдігімен байланысты

Белгісіздік есімдіктері: біреу, кейбіреу, бірдеме, әркім, әрне, әлдекім, әлдене, кімде-кім, бір, бірнәрсе, қайсыбір, кейбір, қайсыбіреу, әр, әрбір, қайбір, бірнеше, әлденеше, біраз, әрқалай, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқашан, әлдеқайдан, әрқашан.

Белгісіздік есімдіктерінің мынадай ерекшеліктері бар:

1. *Біреу, кейбіреу, қайсыбіреу, бірдеме, әрне, кімде-кім, әлдекім, әркім, әлдене тәрізді белгісіздік есімдіктер зат есім орнына жұмсалады.*

2. *Қайсыбір, кейбір, әр, әрбір, қайбір деген сөздер сын есім орнына жұмсалады.*

Мысалы: Кейбір жігіт жүреді мақтап сөйлеп.

3. *Әрқашан, әрқалай, әлдеқашан, әлдеқалай, әлдеқайда, әлдеқайдан деген белгісіздік есімдіктері үстеу мәнінде мезгіл, мекен мағыналарын білдіреді. Мысалы: Көкшетау, оның маңындағы калың орман әлдеқашан артта қалған.*

427-жаттығу. *Қажетті белгісіздік есімдігімен толықтырыңыз.*

Үлгі: Өкінішке қарай, мен вокзалға қалай жетерімді білмеймін.

- *Басқа біреуден сұраңыз, мен де білмеймін.*

1. Аспирантураны бітірген соң, қай институтта жұмыс істейсіз?

- ... ғылыми зерттеу институттарына баратын шығармын деп ойлаймын.

2. Сен бұл мәселе бойынша ... кеңестің бе?

3. Бүгін гүлдерге ... су құйды ма?

4. Менің қарным ашып тұр, сен дайындашы.

428-жаттығу. *Көп нүктенің орнын тиісті белгісіздік есімдігімен толтырыңыз.*

1. Аудиторияға ... кірді, бірақ мен кім екенін байқамадым.
2. Өкінішке орай, менде бұл оқулық жоқ, мен ... берген едім.
3. Ол достарының хабарласты.
4. Мен бұл кітапты ... студенттерден сұрармын.

429-жаттығу. *Көп нүктенің орнын толтырыңыз.*

1. Мен дүкенге барып келдім. Саған да алдым.
2. Бір минут тоқтай тұршы, саған айтайын деп едім.
3. Менің сендерге ... сыйлығым бар.
4. Алдағы емтихан туралы ... анықтап алайын деп едім.

430-жаттығу. *Қажетті белгісіздік есімдіктерімен толықтырыңыз.*

1. Сіздің ағаңыз үйде болмаған кезде, оған сіз білмейтін, танымайтын жас жігіт келді. Ағаңызға қалай айтар едіңіз? Саған ... жас жігіт келді.
2. Сіздің әпкеңіз оған біреудің телефон шалатынын біледі. Ол жұмыстан келгенде не туралы сұрайды? - Маған телефон шалды ма?
3. Сізден Жанаттың қайдан келгені сұрады. Сіз оның оңтүстікте тұрғанын ғана білесіз. Қалай жауап бересіз? - Оңтүстіктің ... ауылынан келген сияқты.

22. Құбылыстардың арақатысының, байланысының салыстырыла, салғастырыла берілуі *(выражение сопоставительного значения)*

Салыстырмалы мағына дегеніміз екі құбылысқа қатысты фактілерді салыстыра отырып, олардың ұқсастығының, айырмашылығының берілуі

(Сопоставительное значение выражает такую связь двух явлений, при которой соотнося или сравнивая друг с другом два факта, явления, события говорящий устанавливает между ними различие или сходство).

Мысалы: *Менің досым көңілді, көпшіл адам, ал мен жалғыздықты жақсы көремін. Қыста біз шаңғымен жүреміз, ал жазда велосипедпен жүреміз.*

Назар аударыңыз!

Қанша ..., сонша..., қаншалықты... соншалықты..., жалғаулықтары ұқсас, өзара байланысты факт, құбылысты, оқиғаны олардың дәрежесін, санын көрсете отырып, **салыстыруын білдіреді.**

431-жаттығу. *Салыстыру құрылымдарын анықтаңыз.*

Сіз қаншалықты ашық болсаңыз, мен сізді соншалықты түсіне бастаймын. Қандай шикізат болса, сондай өнім болады. Жер бетіндегі ормандарды, көмірді, мұнайды, газдың жердегі барлық қорларын қанша жақсақ, сонша жылу мен жарықты бізге Күн үш-ақ күнде береді. Қозғалыс жылдамдығы қанша өссе, жүріп өткен қашықтық та сонша ұлғайды.

Назар аударыңыз!

Неғұрлым..., соғұрлым... құрылымы бір фактының, оқиғаның, құбылыстың өзгерісі басқа фактінің, оқиғаның, құбылыстың пропорционалды өзгерісіне әкелуін білдіреді.

432-жаттығу. Салыстыру құрылымдарын анықтаңыз.

Менің қайтуым неғұрлым жақындаған сайын, шешем соғұрлым уайымдай бастады. Неғұрлым көп дайындалсаң, соғұрлым емтиханды жақсы тапсырасың. Экспедиция шөлге жақындаған сайын, осы жақты мекендейтін жануарлар көбірек кездесе бастады. Ғалым неғұрлым табиғат құпиясына тереңдеген сайын, соғұрлым жұмбақтарға кездесе берді. Жұмысым неғұрлым көп болса, соғұрлым көп оқимын.

433-жаттығу. Сөйлемді қажетті етістіктерді пайдалана отырып, толықтырыңыз.

1. Мен мына жұмыспен неғұрлым көбірек ... сайын, соғұрлым ісім жылдам ... (айналысу – айналысқан; жүру – жүре бастау)
2. Топ орман түкпіріне сайын, соғұрлым жол ... түсті. (кіру; қиын, болу)
3. Біз неғұрлым сайын орман түсті. (төмендеу; қоюлану)
4. Адам неғұрлым көп ... сайын соғұрлым қоршаған орта туралы көп ... (көру; білу)
5. Жерден ... сайын, тартылыс күші ... түседі. (алыстау, азаю)
6. Есептеу техникалық құралдары сайын оны ... кеңейді. (жетілу; қолдану)

434-жаттығу. Құбылыстардың арақатынасын білдірудегі пропорционалдық байланысқа назар аударыңыз.

Қанша рет жылдамдық ұлғайса, сонша рет жол уақыты азайды. Анализ кезінде қандай спектр алсақ, заттың да химиялық құрамы сондай. Шикізат қандай болса, өнім де сондай. Ынта қандай болса, табыс та сондай. Қандай сұрақ болса, жауап та сондай. Жетекшісі қандай болса, ұжым да сондай. Не ексең, соны орасың.

23. Қарама-қарсы мәнді құрылымның берілуі (выражение противительных отношений)

Қарсылықты мәнді, немесе қарама-қарсы мәндегі құрылым қарама-қарсылықтың, екі құбылыстың, оқиғаның, фактінің және т. б. арасындағы қайшылықтың ненің нәтижесінде болғандығын көрсетеді. (Противительные отношения указывают на противоположность, контраст двух явлений, событий, фактов и т.д., в результате чего между ними возникают противоречие).

435-жаттығу. Қарама-қарсы қойып, салыстырылған сөйлемдерге назар аударыңыз.

Сіз мені білмейсіз, **бірақ** мен сізді білемін. Менің досым маған бірдеңе айтқысы келді, **бірақ** ойланды ма, ештеңе айтпады. Оның ақылға сымас махаббаты болды, **бірақ** отбасы болмады. Ол өте білікті маман, **бірақ** тым жас. Кеше ауа райы жақсы болған еді, **ал** бүгін жаңбыр жауып тұр. Ол маған ешқандай кедергі жасамайды, **керісінше** көмектеседі. Менің көңіл күйім жақсы, **тек қана** (в значении однако - алайда) кешке қарай аздап шаршадым. Ол менің жақын досым **болса да** менен көп нәрсені жасырды. Әкемнің істеген жақсылығы көп еді, **алайда** ол ұмытты.

436-жаттығу. Қарсылықты мәнді сөйлемдерге назар аударыңыз.

Алғашқы қар қарашада жауды, бірақ нағыз қыс кеш келді. Итмұрын дәмді жеміс, алайда оны жинау қиын, бұтақтары тікенекті. Күн ашық болды, алайда суық. Бүгін қатты аяз бол-

ды, бірақ мектепте сабақ тоқтамады. (Қатты аяз болса да мектепте сабақ тоқтамады). Ерте ояндым, бірақ тұрғым келмеді.

Назар аударыңыз!

- Қарсылықты мәнді құрылымда тек қана бірақ, алайда, ал жалғаулықтары ғана емес *бәрібір, әйтсе де, әйткенмен, қарамастан* сияқты лексикалық бірліктер де пайдаланылады. (идея уступительности подчеркивается употреблением таких лексических единиц как: все таки, все же, все равно, несмотря на то)

- Ерте ояндым, бірақ тұрғым келмеді. Бақылау жұмысы көп емес, бірақ қиын. Менің жұмысым көп болды, *бірақ бәрібір* достарыммен кездесуге уақыт таптым. Менің досымның мазасы болмай тұрды, *әйтсе де* ол емтиханға келді. Біз жеңіл атлетикадан бірінші орынға үміттенген жоқпыз, *бірақ бәрібір* осы жарыста жеңіске жеттік.

- *Бірақ, алайда*, ал жалғаулықтары шектеулі қарсылықты да білдіреді. Осы мақсатта *тек қана, тек, керісінше* лексикалық бірліктері қолданылады. Мысалы: Біздің қыдырғымыз келді, бірақ кенеттен жаңбыр басталып кетті. Түнге қарай бәрі тынышталды, *тек қана* анда - санда бала жылады. Біз кешке дейін сөзжұмбақ шештік, тек бәрін шеше алмадық. Бала жақсы оқи, жаза алады, *тек* жай оқиды, жай жазады. Сен маған көмектеспейсің, *керісінше* кедергі келтіресің.

Назар аударыңыз!

- *Есесіне, орнына* лексикалық бірліктері қарсылықты мәнді құрылымда орнын толтырушылық мағынасын білдіреді. Мысалы: Жазушы қыста көп жұмыс істеді, *есесіне* бүкіл жаз бойы отбасымен бірге ауылда дем алды.

Мынадай құрылымдарда да қарсылық мәнді мағына беріледі:

- **Екі жай сөйлем мағынасында қарама-қарсылық бар.** Мысалы, *Жылынайын-ақ дедім, жылына алмадым. Табиғаттың тамшылары өлмейді, тек бір-біріне ауысып, қайта жаратылады. Келіседі, кеңеседі, ертеңіне бар сөзінен танып шыға келеді.*

Шағым. Жоқ. Одан гөрі Есім лайық. Мейірбан кең. Шағым болсын. Өзі батыр, өзі ақылды. Жоқ, тым қатал. Бірақ қаталдық та керек-ау.

- Бірінші сөйлем шартты рай тұлғасында болып, мағыналары қарам-қарсы мәнде болады. Немесе шартты райдан кейін да, де жалғаулығының келуі арқылы да қарам-қарсы мәнді ұғым беріледі. Мысалы, *Ай-Шешектің алдында қандай кішік болса, қараша жұрт алдында сондай тәкәппар.* (М. Мағауин) *Қайысса да, қаймықса да, көтерді.*

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Нұртазина Р.Б. Продолжение урока... – Алматы, 1996.
2. Всеволодова М.В. Способы выражения пространственных отношений в современном русском языке. – М., 1992.
3. Серғалиев М.С. Синтаксис мәселелері. – Астана, 2006.
4. Исаев С.М. Қазақ тілі. – Алматы, 1993.
5. А. Алдашева, Қазақ тілі, 1997.

МАЗМҰНЫ

Алғы сөз.....	3
---------------	---

БІРІНШІ БӨЛІМ

Сұқбаттасу (диалог) грамматикасы. Қазақ тіліндегі септіктер жүйесі.....	4
Атау септігі.....	4
Ілік септігі.....	10
Барыс септігі.....	11
Табыс септігі.....	30
Жатыс септігі.....	37
Шығыс септігі.....	47
Көмектес септігі.....	53

ЕКІНШІ БӨЛІМ

1. Субъектілік-предикаттық қатынастың берілуі.....	58
Заттың субъективтік немесе шартты дәреже деңгейінің берілуі	
Зат (ұғым) атауының берілуі	
2. Әрекеттің квалификативтік сипаты.....	65
3. Объектілік қатынастар. Іс-әрекеттің адресат объектіге бағытталғанының берілуі.....	66
Сан есімді объектінің берілуі	
Объектілік қатынастың көмектес септігі арқылы берілуі	
Объектілік қатынастағы біреудің сөзі мен ойының берілуі	
4. Анықтауыштық қатынастың берілуі.....	71
Заттың сын-сипатын түсі бойынша сипаттау	
Заттың сын-сипатын өлшемі бойынша сипаттау	
Заттың неге арналғандығы бойынша сын-сипатының берілуі	
Заттың сын-сипатын оның сыртқы түрі, формасына қарай сипаттау	
Заттың сын-сипатын әлдебір белгісінің бар-жоғына қарай сипаттау	
Заттың немесе адамның сапа, қасиеттерінің бар екендігінің сын-сипаты	
Адам мінезін, қабілетін, мінез-құлқының өзгешелігін сипаттау	
Заттың меншіктілікке қатысы бойынша сын-сипаты	
Заттың мазмұны бойынша сын-сипаты Анықтауыштық қатынастың есімше арқылы берілуі	
Бір заттың, құбылыстың басқамен әр түрлі байланысын көрсететін белгісі бойынша сипаты	
Заттың сандық, салыстырмалылық, сапалық көрсеткіші бойынша сипаты	
5. Анықтауыштық-пысықтауыштық қатынастың берілуі. Іс-әрекетті жүзеге асыру амалының берілуі.....	84
6. Іс-әрекеттің сапалық сипаттамасы.....	86
7. Іс-әрекет сыны мен интенсивтілігі дәрежесінің берілуі.....	87
Жай сөйлем құрылымы	
Іс-әрекет сынының күрделі сөйлемде берілуі	
8. Кеңістіктік қатынастың берілуі.....	89
9. Мезгілдік қатынастар.....	92
Іс-әрекеттің ұзақтығының, созылыңқылығының берілуі	
Іс-әрекеттің басталу сәті мен аяқталуының берілуі	
Әлде-бір іс-әрекеттің басталатынының, бірнеше уақыт өтіп кеткенінің берілуі	
Іс-әрекеттің нәтижесіне жету үшін қажетті мерзім, уақыттың берілуі	

Іс-әрекет нәтижесі сақталатын мезгілдің берілуі	
Жоспарланған әрекет мезгілінің берілуі	
Оқиғадан бұрынғы, алдында болған мезгілдің берілуі	
Оқиғалар, іс-қимылдар аралығындағы мезгілдің берілуі	
Қайталанатын іс-әрекет мезгілінің берілуі	
Іс-әрекеттің бір мезгілділігінің берілуі	
Жуық мөлшерлі мезгілдің берілуі	
Фразеологизмдердегі мезгілдік мағынаның берілуі	
10. Салыстырылудың берілуі. Сапасы бойынша салыстырылу	121
Бірдейлікті білдіретін құрылымдар	
11. Себеп-салдарлық қатынастың берілуі	125
Себептілік негіздің берілуі	
Салдардың берілуі	
12. Шарт мәнді қатынастың берілуі. Шынайы шарттың берілуі	129
13. Болымсыздықтың берілуі	132
14. Қарсылық мәнді қатынастың берілуі	140
15. Мақсат мәнді құрылымның берілуі	142
16. Модальдық мағынаның берілуі	144
Тиістіліктің, керек, қажеттіліктің берілуі	
Қажет еместіліктің берілуі	
Мүмкіндіктің берілуі	
Қалағандықтың – қаламағандықтың берілуі	
Қаламау, қаламағандықтың берілуі	
Іс-әрекетке бұйырудың берілуі	
Іс-әрекетке рұқсаттың бар / жоқ екендігінің берілуі	
17. Заттың, құбылыстың пайда болуы/жоғалуы фактісінің берілуі	156
18. Оқиға, іс-әрекеттің әр түрлі фазаларының берілуі	157
19. Қоршаған орта мен адамның қалып-күйінің берілуі	159
20. Іс-әрекет сипатының берілуі	162
Іс-әрекет сипаты және көмектес септігі	
21. Белгісіздіктің берілуі	166
Белгісіздік есімдігі және үстеу	
Белгісіздіктің, болымсыздықтың берілуі, еселенген болымсыздықтың берілуі	
22. Құбылыстардың арақатысының, байланысының салыстырыла, салғастырыла берілуі	169
23. Қарама-қарсы мәнді құрылымның берілуі	170

З.С. КҮЗЕКОВА

ҚАЗАҚ ТІЛІ

Жаттығулар

Екінші басылым

Редакторы: Д. Жарылғасын

Техникалық редакторы: С. Тлемисов

Көркемдеуші дизайнер: С. Тлемисов

Пішімі 60x84¹/₈. Офсеттік басылым.
Шартты б.т. 20.3